

БАБАЛАР

СӨЗІ

ҒАШЫҚТЫҚ
ДАСТАНДАР

20



«MADENI MURA»
MEMLEKETTIK BAQDARLAMASYNYN
KITAP SERIYALARY
QAZAQSTAN RESPUBLIKASYNYN TUNQYSH PREZIDENTI
NURSUATAN NAZARBAEVTYN
BASTAMASY BOYYNSHA SHYFARYLDY

ASTANA
2005

«МӘДЕНИ МҰРА»

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ

КІТАП СЕРИЯЛАРЫ

БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*

Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*

Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*

Әбділдин Ж.М.

Әуезов М.М.

Байпақов К.М.

Зиманов С.З.

Кәлетаев Д.А.

Кекілбаев Ә.

Кенжеғозин М.Б.

Қасқабасов С.А.

Қойгелдиев М.Қ.

Қосыбаев Е.М.

Құл-Мұхаммед М.А.

Мағауин М.М.

Мәмбеев С.А.

Нұрпейісов Ә.К.

Нысанбаев Ә.Н.

Рахмадиев Е.Р.

Сұлтанов Қ.С.


Сүлейменов О.О.

Хұсайынов К.Ш.

БАБАЛАР СӨЗІ

ЖҮЗ ТОМДЫК

Ғашықтық дастандар



ББК 82.3 (2 Қаз)

Б12

**«Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасының
Фольклортану, әдебиеттану және өнертану секциясының мүшелері:**

Қасқабасов С. (*төраға*), Қорабай С. (*төрағаның орынбасары*),
Жұмасейітова Г. (*жауапты хатшы*), Әзібаева Б., Егеубаев А.,
Күзембаева С., Қирабаев С., Мамыраев Б.

Томды басуға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған

Томның редакция алқасы:

Әзібаева Б. (*жауапты редактор*), Елеукенов Ш.,
Қасқабасов С., Әуесбаева П. (*жауапты шығарушы*)

Томды құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындағандар:

Әзібаева Б., филология ғылымдарының докторы,
Алпысбаева Қ., Әуесбаева П.,
филология ғылымдарының кандидаттары

Б12 Бабалар сөзі: Жүз томдық. — Астана: «Фолиант», 2005.
Т. 20: Ғашықтық дастандар. — 2005. — 336 бет, суретті.

ISBN 9965-612-68-4

«Бабалар сөзі» сериясының жиырмамыншы томына «Қисса
Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы», «Қисса қожа Ғаффан», «Нұғыман —
Нағиманның қиссасы», «Қисса Баһрам» атты ғашықтық (романдық)
дастандар енді.

Б $\frac{4702250105}{00(05) - 04}$

ББК 82.3 (2 Қаз)

ISBN 9965-612-68-4 (т. 20)

© Әдебиет және өнер институты, 2005

ISBN 9965-619-60-3

© «Фолиант» баспасы, көркемдеу, 2005

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарияланатын «Бабалар сөзі» атты жүз томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты — халықтың рухани мұрасын сол күйінде өзіне қайтару, яғни қолда бар фольклорлық материалдарды түгел жарыққа шығару.

Оқырманға ұсынылып отырған аталмыш серияның жиырманшы томы, алдыңғы 17, 18, 19-томдары сияқты ғашықтық дастандарды қамтыды, олар — «Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы», «Қисса қожа Ғафған», «Нұғыман — Нағиманның қиссасы», «Қисса Баһрам».

Бұл шығармалар Шығыс әдебиетінен ауысқан аңыз, әңгіме, ертегілердің ізімен классикалық дастан поэтикасына сәйкес жырланған. Мұнда бір-біріне ғашық болған екі жастың махаббаты дәріптеліп жырланады, олардың аңсары үшін күресіп, сол жолда көрген сан қилы кедергі-қиындықтарды жеңіп қосылғаны баяндалады.

Томды дайындау барысында араб әрпінде жазылған қолжазбалар мен Қазан төңкерісіне дейін кітап болып шыққан дүниелерді дұрыс оқу үшін мәтіндерге мұқият талдаулар мен сараптау жұмыстары жүргізілді. Түпнұсқада қате жазылған сөздер қазақ тілінің жалпыға ортақ жазу нормаларына және контекске сәйкес өзгертіліп отырды, ал кейбір шумақтарда жекелеген сөздер мен жалғаулықтар түсіп қалған жағдайда қажетті сөздер тік жақшаға алынып берілді.


«Бабалар сөзі» сериясының қағидаларына сәйкес том ғылыми қосымшалармен толықтырылды. Оған томға енген нұсқаларға жазылған түсініктемелер, сондай-ақ сөздік, жер-

су атаулары, мәтіндерде кездесетін тарихи тұлғалар мен діни есімдерге арналған түсініктер, дастандардың жинаушылары мен жырлаушылары туралы деректер және ағылшын, орыс тілдерінде жазылған резюме кірді, пайдаланылған әдебиеттердің тізімі көрсетілді.


Томға енгізіліп отырған «Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» 1897 жылғы басылымнан, «Қисса қожа Ғафған» 1880 жылғы, «Қисса Баһрам» 1908 жылғы басылымнан алынып дайындалды. Ал «Нұғыман — Нағиманның қиссасы» Әдебиет және өнер институтының қолжазба қорында сақтаулы тұрған жазбадан еш өзгертусіз дайындалды. Араб әрпімен жазылған мәтіндерді кирилл әрпіне түсіргендер: Ақан А., Садықова Н.

«Қисса Баһрам» 1995 жылы «Батырлық дастандар» атты жинақта біраз редакцияға ұшырап жарияланған, томға кірген басқа мәтіндер алғаш рет жарияланып отыр.

Томның көлемі — 21 б.т.



M Θ T I H Δ E P



قیصہء جیہان شاہ طموز شاہ اوغلی

Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы

Атыңнан айналайын, Әуел Алла,
Асан қыл тұғыры жолны барша жанға.
Хикаядан тысқары сөз сөйлетіп,
Дозаққа шерменде қып бізні салма.

Құдай-а, тұғыры сөйлет тілімізні,
Өткізбе күнәменен күнімізні.
Иләһи, рақым қылып фазылың бірлән,
Сақтай көр жаман жолдан дінімізні*...

10 Бисмилла, сөз бастайын, иә, Рахман,
Дүниеде қанша мақұлық жаратылған.
Жамиғ, барша пірлер медет әйлап,
Қолдай көр, қырық шілтен, он екі имам.

Қолыма қалам алдым, жаздым хатты,
Ғарібің мұны жазған Ақыт атты.
Қыс ішінде Алтайдан Қобдаға асып,
Аз күні жамин үйге келіп жатты.

Атам аты Үлімжі, Алтай жерім,
Өр Керейде Молқы-дүр менім елім.
Датура Жуанғанның қол астынан
20 Шығып келіп, жаминде жатқан жөнім.

Миданда біз ғарібің аз күн тұрды,
Базарды тамаша әйлап көріп білді.

* Дастанның сюжеті мен мазмұнына қатысы жоқ 24 жол қысқартылды. Ол туралы мәтінге жазылған түсініктемені оқыңыз.

«Шығар, — деп, — бір әңгіме» еріккен соң,
Жолдастар біз ғаріпке әмір қылды.

Шарасыз жолдасымның тілін алдым,
Біле алмай не жазарым қайран қалдым.
Қалам менен қағазым қолға алып,
Таба алмай неш мәнісін қапаландым.

Хикая Жиһаншаһтың кітабы бар,
30 Ләззатты бұ қиссада сөздері бар.
«Мұны өлең қылайын» деп мен ойладым,
Бола көр, Рахым, Рахман Құдайым жар.

Өткелбай үлкен кісім берді бата,
Бар еді бір туғашым, аты — Қапа.
Аз ғана ғәһимымша бәйіт әйладым,
Сөкпендер, әй, жаранлар, көп-дүр қата.

Өткелбай әмір қылды үлкен кісім,
Жол тауып жасай бердім қалам ұшын.
Қиссасын Жиһаншаһтың алдым қолға,
40 Амалсыз жолдасымның көңілі үшін.

Бар Құдай жәрдем берсін жігіт жасқа,
Ақытжан, әурелігің енді таста.
Қалам менен қағазым қолға алып,
Мен жаздым осылайша әуел баста.

Иә, Алла, құдіретіңе зар жылайын,
Рузи қыл, иман, бақыт көп сұрайын.
Жамағат, құлақ салып тыңла кеңес,
Бұрынғы өткенлерден сөз қылайын.

Хат жазайын қолыма қалам алып,
50 Сөз тыңла, ағаларым, құлақ салып.
Кабил атты шаһарда Тамуз патша,
Қараған бір өзіне қанша халық.

Кабилде патша өткен Тамуз атты,
Бек әділ ел-жұртына, салтанатты.
Ғаріп бірлән пақырға қайыры көп,
Жан екен бек мейірбан, мархаматты.

Өзіне падишаның дәулет қонған,
Әлемге әділетпен аты толған.
Қараған үш жүз шаһар бір өзіне,
60 Бәріне сонша жұрттың патша болған.

Билеген талай шаһар, неше қала,
Сол күнде падишада жоқ-ты бала.
«Мал-мүлкім болса дағы балам жоқ» деп,
Көңліне падишаның түсті сәна.

Көңліне бала дерті болды түйін,
Баласыз қайғы деген қандай қиын.
«Көрмедім бір баланы, сүйе алмадым,
Не керек сансыз түмен, мал мен бұйым».

Патшаға қайғы берді Жаппар Ғалам,
70 Баласыз дәурен сүрді талай заман.
«Бір күні ажал жетіп өле кетсем,
Артымда таққа мінер жоқ, — деп, — балам».

Жүдеді енді патша қайғы басып,
Сарғайды зағыпырандай түсі қашып.
Зарынан бір баланың қайғылы боп,
Сүйегі ойлағанда кетті жасып.

Падиша бала үшін қайғы жеген,
«Жиһанда бір перзент қайтып көрем».
Сүйікті падишаның төлеңгіті,
80 Бар екен бір уәзірі Хажаж деген.

Бар Құдай падишаға қайғы берген,
Бір күні падишаға Хажаж келген.
Сарғайып зағыпырандай жүдегенін,
Қайғылы падишаны уәзір көрген.

Падиша қайғы жеген іштен тынып,
Уәзірі тағзым қылды тіке тұрып.
«Қайғыңыз, тақсыр, сіздің не болды» деп,
Сұрады падишадан құлдық ұрып.

— Қарасам, сипатыңыз қайғы басқан,
90 Патша жоқ осы күнде сізден асқан.
Жүдепсіз не қылса да мехнат шегіп,
Сөйлеңіз қайғыңызды әуел бастан.

Патша айтты: — Көңілімде бір қайғы бар,
Түскенде қайғым еске жылаймын зар.
Артымда өзім өлсем перзентім жоқ,
Ісіне Құдіреттің не шара бар.

Уәзірі үшбу сөзге қайран қалды,
Көп білген ғылым, хикмет, данышпан-ды.
«Перзент падишаға біте ме» деп,
100 Патшаның талиғына көзін салды.

Талиғын падишаның уәзір көрді,
Бал ашып бәрісіне көз жіберді.
«Хорасан патшасының қызын ал» деп,
Патшаға осылайша хабар берді.

— Әй, тақсыр, мен сөйлейін құлақ салсаң,
Айтайын бір жауапты тілім алсаң.
Бітеді еркек бала саған, патша,
Хорасан шаһар патшасының қызын алсаң.

Уәзірі падишаның құп дана-ды,
110 Падиша бұ сөзді естіп қуанады.
Уәзірге сүйіншіге көп мал беріп,
Хорасанға жібермек боп даярлады.

Хорасанның хат жіберді патшасына,
Сый қылды үлкендердің баршасына.
«Көп сәлем, үшбу қызын берсін бізге,
Хорасанның тағзым қылдық ханшасына».

- 120 Жүктетті неше түйе алтын-күміс,
Кез болған падишаға бұ да бір іс.
Бір қайла осы жолда бола алмаса,
Перзент падишаға бітпеді һеш.
- Жіберді төрт уәзірні басшы қылып,
Қасына неше кісі қосшы қылып.
«Хорасанның шаһарына барамыз» деп,
Бәрісі «иә, Алла» деп кетті жүріп.
- Төрт уәзір осылайша сапар етті,
Көп дария, неше тауды тамаша етті.
Жол жүріп неше күнлер осы кісі,
Хорасанның шаһарына барып жетті.
- 130 Он уәзір қарсы шықты алдарынан,
Неше жақсы би, төре барларынан.
Апарып берді хатты падишаға,
Таниды сөз белгісін аңғарынан.
- Апарып падишаға берді хатты,
Құрыпты қонақ әйлап алтын тақты.
Мәнісін оқыған соң қабыл алды,
О дағы падишаға берген бақ-ты.
- 140 Падиша үшбу сөзні алды қабыл,
Бақытның жақсы бенде затын таныр.
«Даярлап неше күнде жеткізің» деп,
Падиша осылайша қылады әмір.
- Падиша әмір қылды мұныменен,
Бұ сөзні алды қабыл шыныменен.
Жөнелтіп қанша малмен енді қызын,
Жол жүрді неше күні-түніменен.
- Кабилдің шаһарына жетті барып,
Жамағат, тыңлаңызлар, құлақ салып.
Алдынан қанша адам қарсы шығып,
Той қылды жұртын жиып, қабыл алып.

150 Той қылып неше күнлер болды тамам,
Қыз бірлән дәурен сүрді неше заман.
Қатыны падишаның буаз болып,
Көрсетті кеңшілігін Жаппар Ғалам.

Патшаға Тәңірі берген артық бақты,
Мінгізген Тәңірі қалап алтын тақты.
Қатынның мүддет хамлі тамам олып,
Жетті де ай, күніне, бір ұл тапты.

160 Падиша қуанады мұны көріп,
Сарғайған бала үшін тірі өліп.
Қырық күндей енді патша қылды тойды,
Жиылды елі-жұрты бәрі келіп.

Қуанып тойын қылды енді патша,
«Көп көрген бала үшін зарым қанша».
Қаратып молдаларға ғылым, хикмет,
Баланың атын қойды Жиһаншаһ.

Патшаның дәулеті асқан бір басына,
Сый қылды хан мен төре, би басына.
Баланы таза асырап аналары,
Тілі шығып, бала жетті бес жасына.

170 Баласы бес жасына енді келді,
Мектепке, молдаларға әкеп берді.
Баласы падишаның зерек болып,
Ғылымның неше түрлі бәрін білді.

Сөйлейін бір хикаят жамағатқа,
Көп ғылым зерек болды жазған хатқа.
Ол бала жас шағынан зерек болып,
Тауратты от төрт жаста алды жатқа.

180 Билеген Тамуз патша талай елді,
Неше хан, би мен төре қанша жерді.
Баласы он бес жасқа жеткеннен соң,
Әкесі баласына тағын берді.

Баласы патша болып мінді таққа,
Сый қылды орны-орнынша жамағатқа.
Патша болып бір жылы таққа отырды,
Жасаған не көрсетпес адамзатқа.

Бір күні патшазада аңға барды,
Қасына қанша ләшкер ертіп алды.
Бір киік сахарада душар болып,
Падиша ол киікке жақын барды.

190 Көрген соң падишаны киік қашты,
Сахара, неше қырқа, таудан асты.
«Киікті не қылса да алалық» деп,
Артынан баршалары қуаласты.

Падиша ол киікке жақын барды,
Жете алмай қалың әскер кейін қалды.
Ғайып боп Жиһаншаһ кеткеннен соң,
Әскердің қарай-қарай көзі талды.

200 Астында падишаның аты мықты,
Сыпырылып мың сан қолдан озып шықты.
Ол киік бір теңізге душар болып,
Ол судың ар жағына өтіп шықты.

Падиша қуалады жалғыз аңды,
Өте алмай әлгі судан тұрып қалды.
Жете алмай өзге әскер қалған екен,
Артынан жеті құлы жетіп барды.

Падишаға Тәңірі берген ол бір жолды,
Дарияны жағалады оңды-солды.
Жағалап өткел таппай жүргенінде,
Бір кеме су шетінде пайда болды.

210 Падиша ол кемеге мініп алды,
Дарияның ар жағына өтіп барды.
Болдырып әлгі киік жатыр екен,
Бауыздап, кемесіне салып алды.

Жөнелді кемесіне мініп алып,
Жамағат, таң қаласың қайран қалып.
Дарияға қайта жүріп түскен шақта,
Жел шығып, боран соқты айқай салып.

Кемені жел айдады оңды-солды,
Жел шығып, дария жүзі толқын болды.
Он бес күн, он бес түндей басылмады,
220 Дарияда біле алмады барар жолды.

Жөнелді ол кемені боран айдап,
Кемеде бұлар жатты «иә, Құдайлап».
Әскері еріп жүрген қайда қалды,
Жамағат, мен сөйлейін кеңес әйлап.

Жер жүзі топырақ басып, тұман болды,
Жер жүзі боран басып, шаңға толды.
Түсті де қалың әскер осы жерге,
Қуалап үңгір жерді напдид болды.

Көтерді жел басылғаш әскер басын,
230 Жамағат, бұ сөзіме таң қаласың.
Дарияға түрегеліп көзін салса,
Кеменің көре алмады неш қарасын.

Бұларды Құдай салды мұндай күйге,
Көп әскер бәрі қайтып келді үйге.
Баласын падишаға білдірместен,
Келді де хабар берді уәзір, бекке.

Аттанды қалың әскер тұс-тұс жақтан,
Іздеді неше күндер һәр тараптан.
Көп әскер неше күндей қараса да,
240 Патшаға хабар берді таба алмастан.

Падиша фаған әйлап қылды зары,
Жиылды би мен төре, жанның бәрі.
Ішіне сексен кеме адам толып,
Қарады һәр тараптан баршалары.

Жіберген қанша жандар қарады олар,
Жоғалған падишаны қайдан табар.
Неше ай, неше жылдай қараса да,
Таба алмай падишаға берді хабар.

250 Падиша амалы жоқ қылды сабыр,
Қайғыдан іші күйіп, оттай жанар.
Балшысын Хажаж уәзір шақырып ап,
Падиша «бал ашың» деп қылды әмір.

Сол жерде Хажаж уәзір бал ашады,
Ашып-ашып балына қарасады.
«Неше жылда ол балаң келеді» деп,
Жанынан падишаның тарасады.

— Әлі де табылмайды сенің балаң,
Көңліңді бала үшін қылма алаң.
Есен болса, өзінді бір табады,
260 Сақтаса есен-аман Алла Тағалам.

Падиша үшбу сөзге болады мат,
«Баламды аман сақта, Жаратқан Хақ».
Сөйтсе де жалғызы үшін шыдай алмай,
Төңірек төрт бұрышына жазыпты хат.

Бұл Ақыт білгенінше кеңес құрсын,
Майданда аз күн жатып дәурен сүрсін.
Кемеде Жиһаншаһтан сөз қылайын,
Падиша осылайша тұра тұрсын.

270 Жеті күн, жеті түндей боран соқты,
Бораннан құтылатын амал жоқ-ты.
Байлады сонда өлімге бұлар басын,
«Атты, — деп, — Тәңірі бізге қаһар оқты».

Басылды соққан боран сегізінші күн,
Кемеде білінбеген күн білән түн.
Қарайған судан басқа неш нәрсе жоқ,
Болады шаһзаданың жігері хұн.

Тағы да бір күн, бір түн бұлар жүрді,
Жел шығып, дарияны толқын қылды.
Жел айдап кемелерін келе жатса,
280 Алыстан бұлдыраған бір тау көрді.

Шықтылар кемесінен тауға барып,
Жамағат, таң қаласың қайран қалып.
Кемедегі киіктің етін асып,
Жеділер жеміс көп жиып алып.

Ағашы көп, миуасы алуан-алуан,
Пендеге не көрсетпес дүние жалған.
Шаһзада ол кемеңіз жанында отыр,
Құлдары оқ, жақ алып аңға барған.

Бір сайға құлдар барды киік аулап,
290 Тамаша су ағады тастан саулап.
Сахара, бір иенге бұлар кеткен,
Жиһанда адам жүрмес елден аулақ.

Екі жарты адам тұр осы жерде,
Сөйлесем деп, жетеуі жақын келді.
Қашады осылардан ыз-ыз етіп,
Еш жақын қастарына келмейді енді.

Құлдары мұны көріп таң қалады,
Ескермей ол не екенін аң қарады.
Сол уақытта жарты адаммен дүние толып,
300 Құлдардың жан-жағынан қамалады.

Жеті құл мұны көріп қатты састы,
Шаһзадаға қарата тура қашты.
Қолына өңшең жарты тас ұстаған,
Оғындай зеңбіректің атты тасты.

Төрт кісіні сол жерде қалды басып,
Жабылып көптігімен қамаласып.
Төртеуіне айланып жатқанында,
Үшеуі шаһзадаға келді қашып.

Келді де шаһзадаға хабар қылды,
310 Кемеге сасқанынан бұлар мінді.
Төртеуі кемесіне мініп алып,
Дарияға мұнан қашып тағы кірді.

Жел шығып және дағы боран болды,
Бар Құдай оңғармаған бұл бір жолды.
Кемені дарияда толықсытып,
Айдады ары-бері, оңды-солды.

Ол боран ол бес күнде басылады,
Жаңбыр кетіп, бұлты ашылады.
Білмейді ел-жұртының қайда екенін,
320 Қайғымен шаһизада «аһ» ұрады.

Көтерді жел басылғаш сонда басын,
Көзінің тия алмайды аққан жасын.
Бір шаһар жиегінде көрінеді,
Салыпты ақ мәрмәрдан айналасын.

Дарияның жиегіне бұлар барды,
Бір кісі барды дағы хабар алды.
Ішінде ол шаһардың тірі жан жоқ,
Бәрісі мұны көріп қайран қалды.

Шаһардың қапусы бар шыны болат,
330 Жан-жағын ақ мәрмәрдан салған орап.
Кемесін байлап қойып келді бәрі,
«Шаһарға болалық, — деп, — аз күн қонақ».

Шаһардың неше түрлі бақ-бақша,
Болғандай, әгар, сатса талай ақша.
Ішінде ол шаһардың тірі жан жоқ,
Бәрісі тамаша әйлап кіріп бақса.

Неше түрлі бар екен көшік сарай,
Келеді тамаша етіп қарай-қарай.
Төрінде үлкен тақыт құрулы тұр,
340 Шаһзада ол тақытқа келді жанай.

Отырды шаһизада келіп таққа,
Қарайды тамаша етіп һәрбір жаққа.
Құлдары тағзым бірлән тұрды алдында,
Құдайым не көрсетпес адамзатқа.

«Иесіз неткен шаһар мұндай болған,
Жан-жағын ақ мәрмәрдан қылған қорған».
Кеңесіп осылайша отырғанда,
Қараса, жан-жағына маймұн толған.

350 Толыпты төрт тарапын маймұн алып,
Отырды бұл төртеуі қайран қалып.
Ойы жоқ зиян қылар осыларға,
Тұрады тағзым бірлән көп жалбарып.

Өздері құрбан қылып бір қой сойды,
Қуанысып қайғының бәрін жойды.
Бұларға екі қойды әкеп беріп,
«Бауызда» деп, алдына пышақ қойды.

360 Бауыздап құлдар сойды осы қойды,
Айтады ишаратпен һәрбір ойды.
Әкелді ет пісіріп алдарына,
Тамақ жеп шаһизада етке тойды.

Бұл істі шаһзаданың көзі көрді,
Көп маймұн жиылысып бәрі келді.
Мінеді ат орнына үлкен итті,
Бұларға «мін» деп, итті алып келді.

Ерттеген мінді итке шаһизада,
Жаратқан сиынады бір Аллаға.
Бар Құдай салғаннан соң итке мінді,
Көнбеске Алла ісіне бар ма шара?

370 Жүреді итке мініп енді патша,
Жетпейді жүйрік ат та, әгар, шапса.
Бір тасқа шаһзаданы алып келді,
Ол тастың жазуы бар тұрып бақса.

Ит екен маймұндардың мінген аты,
Адамнан азған екен асыл заты.
Ол тасқа, жазуына қарап тұрса,
Сүлеймен пайғамбардың жазған хаты.

Жүдейді шаһизада қайғы, наздан,
Сүлеймен хақ пайғамбар мұны жазған.
Жазыпты әуел баста осы сөзді,
380 Халықы бұ диардың жолдан азған.

«Бір келген пайғамбарды шаһид етті,
Бұларға Хақ Тағала қаһар етті.
Бәрісін адамының бәддәл қылып,
Осылай бәрі маймұн болып кетті.

Әгар да келген адам осы жерге,
Қаласың патша болып маймұн елге.
Жан-жағы қаша алмайтұн бәрі тұйық,
Бұ жерден кетемін деп көңіл берме.

Алты айлық күн батыс дария бар,
390 Алты айлық күн шығыста ғұлибанлар.
Оңтүстікте диюлер бәрі толған,
Сол жақта үш айлық жер — құмырсқалар.

Осының бәрі дағы адамға қас,
Ғешбіріне адамның ұғылы бармас.
Бұларға, әгар, қарсы жүрген адам,
Құтылып осылардан аман қалмас».

Шаһзада мұны оқып есі кетті,
Бар Құдай әуел бастан ауара етті.
Бар екен ар жағында ғұлибаны,
400 Маймұндар бұларды алып соған жетті.

Секіріпті ғұлибанлар мұны көріп,
Анталап һәрбір жолдан кетті озып.
Осылар ғұлибанды көргеннен соң,
Бұларға сайман берді алып келіп.

Оқ атты ғұлибанға бұлар тұрып,
Атқан оғы бұлардың кетті қырып.
Ғұлибанлар адамды көргеннен соң,
Бәрі қашып үйіне кетті кіріп.

410 Маймұнның шаһарына келді бәрі,
Шаһзада құлы менен баршалары.
Патша болып тұрыпты біраз заман
Сонан соң, үй сағынып қылмай зары.

Шаһзада үй сағынып қылды зарлық,
Пендеге не көрсетпес дүние тарлық.
«Кеме орнында бар ма екен, көріп кел» деп,
Біріне құлдарының қылды жарлық.

420 Кемеге қашалық деп бұлар келді,
Кемені талқан болған көзі көрді.
Маймұндар сындырыпты «кетпесін» деп,
Амалсыз қайтып келіп тұрады енді.

Тағы да патша болды біраз тұрып,
Кеңесер ақыл ойлап, мәжіліс құрып.
Қашатұн һешбір қайла таба алмады,
Жылайды шаһизада зары қылып.

Назым шаһизада

— Аһ, дариға, хан едім,
Кабилстанның елінде.
Мұнда келіп қамалдым
Маймұндардың жерінде.
Бұрынғы өткен дәуренім,
430 Енді қайтып келер ме?

Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Шынтүменен тілесе,
Пендеге тілек берер ме?

- Аһ, дариға, арманда
Ата-ананың дидарын
Көре алмадым жалғанда.
Күндіз-түні жылаймын,
Көзімнің жасын бұлаймын.
- 440 Жәрдем берсін Иләһім,
Өзіңден медет сұраймын.
- Ел-жұртымды көре алмай,
Қайғыменен өле алмай.
Аһ, дариға, өкініш,
Енді қайтіп шыдаймын.
- Тұрыпты патша болып біраз заман,
Пендеге не көрсетпес Жаппар Ғалам.
«Бұл жерден өлсем дағы кетейін» деп,
Көңілі падишаның болды алаң.
- 450 Ойлады «осы жерден кетейін, — деп,
Бір жерге мұнан қашып жетейін, — деп.
Өлгенше қайғыменен күн-дүр — түні
Тентіреп, жолда жүріп өтейін» деп.
- Падиша осылайша ақыл қылды,
Бір түнде өңшең мықты итке мінді.
Үш жолдасы — төртеуі қашып шығып,
Құмырсақаға қарата енді жүрді.
- Жөнелді қашып шығып бір күн түні,
Маймұндар арттарынан құды мұны.
- 460 Таң атқанша төртеуі қатты жүріп,
Құмырсақаға кеп жетті осы күні.
- Құмырсақалар жабылды мұны көріп,
Маймұндар арт жағынан жетті келіп.
Падиша мен маймұнға жабылысып,
Құмырсақа қисабы [жоқ] кетті орап.
Үлкендігі құмырсақаның тазы иттей,
Көптігі, ашық жер жоқ, сірә, биттей.

Осылардың арасынан патша қашты,
Құмырсақа мен маймұндар жаман састы.
470 Көптігімен құмырсақа қатты қамап,
Артында екі адамға араласты.

Құмырсақа екі құлды қалды басып,
Жабылып, көп болған соң қамаласып.
Екеуіне айналып жатқанында,
Құтылды бір құлымен патша қашып.

Мінгені падишаның қиын мықты,
Жаны қалғаш, Аллаға шүкір қыпты.
Құмырсақалар артында қалғаннан соң,
Шаһзада бір төбеге келіп шықты.

480 Патша шықты төбеге аман барып,
Екі құлды құмырсақа қалды алып.
Екеуін дым қоймастан жеп қойыпты,
Тағы жүр маймұндармен соғыс салып.

Құйылып падишадан ағады тер,
«Иә, Рабби, һәр ғаріпнің тілегін бер».
Маймұндар мен құмырсақа өлгенінен,
Майданда аяқ басар қалмаған жер.

Падиша көзін салып тамаша етті,
Құмырсақадан құтылып, шүкір етті.
490 Соғысып екі мақұлық жатқанында,
Падиша онан ары қашып кетті.

Аң аулап иен жерде тамақ жеді,
«Жаратқан мың шүкірлік Құдай» деді.
Бір жерде көп құмырсақа ұясы екен,
Шаһзада осы жерге енді келді.

Құмырсақалар жабылып қамаласты,
Шаһзада мұны көріп тағы қашты.
Құлының астындағы иті жүрмей,
Құмырсақалар жетісіп оны басты.

500 Құтылды шаһизада жеке қашып,
Құлды жеп, құмырсқалар қалды басып.
Үш айдай бұ мехнатпен жүрді жалғыз,
Көңілі бейшараның кетті жасып.

Шаһзада бір дарияға енді келді,
Астында мінген аты және өлді.
Дарияның жағасына жетіп келсе,
Бір шаһар аржағында көрінеді.

Шаһзада дарияға келді жетіп,
Тамаша етіп қарайды келіп тұрып.
510 Ол күн жатып, таңертең тұрғанында,
Қалыпты дарияның суы құрып.

Тілегін шаһзаданың Құдай берді,
Дарияның құрығанын тұрып көрді.
Көргенге адамзатты қуаныш қып,
Шаһарға таң атқан соң енді келді.

Бір үйге кіріп келіп берді сәлем,
Жол жүрген мехнатпен неше заман.
Аш жүрген неше күндей шаһизада,
Әкеліп бергеннен соң жеді тағам.

520 Жиылды тамаша етіп қанша жанлар,
Сұрады Жиһаншаһтың халін анлар.
Не көрген бейнетінің айтты бәрін,
Есітіп қайран қалды бұл адамлар.

Шаһзада айта берсе бейнеті көп,
Неше күн мехнат шеккен уайым жеп.
Өз халін шаһизада айтқаннан соң,
Сұрады «үшбу шаһар қай шаһар?» деп.

Жаранлар, бұл — Ақыттың жазған хаты,
Алтайский Молқыда асыл заты.
530 Берісті шаһзадаға бұлар жауап,
«Уар деген шаһар, — деді, — мұның аты».

Шаһзада айтты: — Елім жоқ мен бір мұңдық,
Мехнатпен талай жерді сейір қылдық.
Дүниенің осы жер қай бұрышы,
Кабил шаһар бұл жерге неше жылдық?

Бұлар айтты: — Кабилді білгеміз жоқ,
Дүниенің кең ішіне кіргеміз жоқ.
Иамин деген бір шаһар екі жылдық,
Онан ары һешқайда жүргеміз жоқ.

540 Келеді керуендер екі жылда,
Сауда қып онан бері шықса қырға.
Керуен жүрсе, әгар да, барар едің,
Онан бері жетем деп көңіл қылма.

Шаһзада бұ сөзді естіп қайран қалды,
Шаһарға тамаша әйлап аралайды.
Қыдырып ары-бері жүргенінде,
Бір адам бір көшеде айғайлайды.

Сөзіне қарамайды көп жамағат,
Қышқырып айғайлайды бек қабағат.
550 «Беремін мың алтынды, — деп айтады,
Қызмет қып біреу берсе жалғыз сағат».

Ойлайды шаһизада «барайын, — деп,
Мың алтынды қойныма салайын, — деп.
Қандай қиын болса да жалғыз сағат,
Қызмет қылып алтынын алайын» деп.

«Қызметің мен қылам» деп жетіп барды,
«Болады» деп ол адам қабыл алды.
Қолынан Жиһаншаһтың жетектеп ап,
Үйдегі қожасына алып барды.

560 Қожаға сәлем берді жетіп келіп,
Сыйлады «төрге шық» деп қожа көріп.
Қонақ қылып құштырды бір сұлу қыз,
Мың алтын қойынына салып беріп.

Хаммамға таң атқан соң түсті барып,
Бұл іске шаһзада жүр қайран қалып.
Күн шығып, һәмма бәрі тұрғаннан соң,
Келтірді Жиһаншаһқа төрт ат алып.

Біріне Фәрзәнд қожа өзі мінді,
Бірісін Жиһаншаһқа ертлеп берді.
570 Бір атына бір құлы және мініп,
Біреуін бос жетелеп алып жүрді.

Сахараға бұлар шығып келе жатты,
Өткізді екі ортада үш сағатты.
Бір таудың етегіне келді дағы,
Бауыздады қолында жетек атты.

Терісін осы аттың алды сойып,
Қарнын жарды кеудесін бітеу қойып.
«Не үшін үшбу атты соя-дүр» деп,
Тұрады шаһизада көңлін жойып.

580 Қожа айтты Жиһаншаһқа: — Бұған кір? — деп,
Ішіне жатып ұйықтап бір түс көр, — деп.
Бір уақиға көресің бұған кірсең,
Тұр дағы не көргенің хабар бер, — деп.

Киімің қан болар, — деп, қойды шешіп,
Қызметің бар қылатын осы десіп.
Кіргізді де қарынын махкам тікті,
Болады шаһзаданың халі нешік.

Жиһаншаһ ол кеудеге кіріп жатты,
Қожа мен құл анадай кетіп қапты.
590 Бір уақытта бұ жемтік тебіреніп,
Көтергендей болады сойған атты.

Бір-бірге қойғандай боп білінеді,
Бір нәрсе тартқандай боп ілінеді.
Ішінде қайран қалып патша жатса,
Бір жері ашық болып тілінеді.

Көтерді шаһизада сонда басын,
Жарандар, бұ сөзіме таң қаласың.
Қараса бас көтеріп жан-жағына,
Тамам құс қамап алған айналасын.

600 Көтерді түрегеліп сонда басты,
Не күйге Тәңірі салмас жігіт жасты.
Жиһаншаһ ол жемтіктен шыққаннан соң,
Құстардың мұны көріп бәрі қашты.

Бар Құдай бейнет берген мұндай ерге,
Ол құстар жемтікті алып шығыпты өрге.
Жиһаншаһ тау басында көрді өзін,
Қалыпты қожа Фәрзәнд төмен жерде.

Қожа Фәрзәнд айғайлап сөз айтады,
Өтірік қайла сөзді көп айтады.
610 «Ортақпыз, жауһар тас бар, бері құлат,
Көрсетем түсер жолды» деп айтады.

Құлатты Жиһаншаһ жауһар тастан,
Қайласын қожа Фәрзәнд байқамастан.
Жауһарды қожа Фәрзәнд артып алып,
Жөнелді шаһзадаға қарамастан.

Жауһардың басындағы қисабы жоқ,
Қылады кімге опа дүние боқ.
Айғайлап Жиһаншаһ тұрып қалды,
Қараса, түсетұғын неш жолы жоқ.

620 Қор болды тұрып қалып ғазиз басы,
Құрыды жылай-жылай көзінің жасы.
Ұшқан құстан өзге жан бара алмайтын,
Диюлардың бұл екен қазынасы.

Білмейтін ғаріп адам көнеді екен,
Алданып ол қожаға келеді екен.
Түсетұғын жолы жоқ бұ қияның,
Басында қалып аштан өледі екен.

Басында шаһизада тұрып қалған,
Келгенге пұшайман боп қылады арман.
630 «Кеніш жауһар» деген тау осы тұрған,
Диудың қазынасы екен иен қалған.

Жүгірді Жиһаншаһ ары-бері,
Біл тұйық жан жүрмейтін жүрген жері.
Ұшқан құстан басқа һеш бармайтын,
Диудың тастап кеткен мекен жері.

Жүгірді Жиһаншаһ олай-бұлай,
Ғаріпке қатты бейнет берді Құдай.
Аттың етін бұ құстар жеп түгесті,
Отырды ақыл таппай патша жылай.

640 Отырды ақыл таппай патша жылап,
Алладан зар еңіреп жәрдем сұрап.
«Қазам жетсе өлермін бұ жерден» деп,
Аласарақ бір жерден кетті құлап.

Бір жерден домалап кеп жерге түсті,
Аласарақ бір жерден келіп ұшты.
Ақылы кетіп жатыпты биһұш болып,
Көрсетті Тәңірі бұған һәрбір істі.

Патшаның қол, тырнағы талқан болған,
Киімдері дал-дал боп таста қалған.
650 Бас-аяғы бәрі де тасқа тиіп,
Шаһзада есі кетіп биһұш болған.

Шаһзада есін жиып көзін ашты,
Не күйге Тәңірі салмас жігіт жасты.
Есін жиып, бір түзге шығып кетіп,
Сахараға қарата қадам басты.

Жаранлар, құлағың сал сөздеріме,
Бір кеңес тыңлатайын өздеріңе.
Бір күн, бір түн шаһзада жүргеннен соң,
Бір шаһар көрінеді көздеріңе.

660 Шаһарға Жиһаншаһ келді жетіп,
Көрмеген көп ғажайып тамаша етіп.
Төңіректен бұрышты қорған салған,
Келеді қайран болып һұшы кетіп.

Ішіне ол шаһардың келді еніп,
Жамағат, сөз тыңлаңыз тілге сеніп.
Киінген құстың жүнін бір шал отыр,
Жанына патша келді сәлем беріп.

Сәлемін бұл шал көріп әлейік алды,
Көрген соң шаһзаданы қайран қалды.
670 — Жөніңді айт, қайдан келген бейшарасың,
Көрмедім мұнда келген һешбір жанды.

Һеш пенде бұ диарға жүргені жоқ,
Мұнда тұрып һеш адам көргенім жоқ.
Келмесе желге мініп, сумен ағып,
Бұ жерге адам ұғылы келгені жоқ.

Жиһаншаһ көргенінің айтты бәрін,
Не көрген жақсы-жаман баршаларын.
Бейнетін бастан кешкен айтқаннан соң,
Шал естіп есіркеді қылған зарын.

680 Шаһзада бәрін айтып зар еңіреді,
«Бейнетпен қандай жерде қалам» деді.
Шал айтады: — Мен болдым ата сізге,
Ахиреттік сен болсаң балам, — деді.

Бейнет көріп, жүдепсің беңізің қашып,
Отырсың Құдай айдап амандасып.
Тұрыңыз бала болып аз күн маған,
Барарсың ел жұртыңа болса нәсіп.

Жиһаншаһ осы шалдан жауап сұрды,
Екеуі біразырақ кеңес құрды.
690 — Атыңыз кім, бұ бақша неткен нәрсе?
Айтады немене деп осы жерді?

Шал айтады: — Марғышаһ менім атым,
Шешем пері, адам-дүр атазатым.
Сүлеймен патша қылып қойып кеткен,
Күтемін пайғамбардың аманатын.

Құстарға патша қылып қойды мені,
Сонан бері адамнан көрдім сені.
Сүлеймен пайғамбардың жарлығымен,
Атаңның патша болып тұрған кебі.

700 Жеті күн құс жиылар жылында бір,
Патша болып тұрамын құстарға пір.
Құстан басқа өзге жан келе алмайды,
Менімен бірге тұрып дәуренің сүр.

Жеті күн құс жиылып келіп тұрар,
Келуге қанатты құс болар құмар.
Әуелі жиын-той қылып жеті күндей,
Рухына Сүлейменнің дұға қылар.

Қыламын бұ қызметті әліге дейін,
Кетеді құстар тарап сонан кейін.
710 Біз тұрамыз үш халифа осы жақта,
Бәрісін хикаят қып мен сөйлейін.

Арамыз һәрбіріміз алты айлық,
Патша болып билейміз осы жайлық.
Һәрбіріміз алты айлық жер билейміз,
Һәрбірін мен сөйлейін бәрін айырып.

Біз тұрамыз үш халифа патша болып,
Бұл жерге құс жиылар жылда толып.
Қиямет қайымғаша біз тұрамыз,
Дұғасы Сүлейменнің қабыл болып.

720 Билейміз үш халифа осы жерді,
Сүлеймен осы жерді құсқа берді.
Көрсетті Жиһаншаһқа сарайларын,
Шаһзада ғажайыптың бәрін көрді.

Шаһзада ғажайыптың көрді бәрін,
Не түрлі жақсы-жаман баршаларын.
Бір есіктен басқаның бәрін ашты,
Шаһзада оған болды көңлі жарым.

Айрылғалы Жиһаншаһ алтын тақтан,
Тамаша көрді қызық шар-тараптан.
730 Марғышаһтан сұрады шаһизада:
— Ашпайсың бұл есікті не себептен?

Марғышаһ шаһзаданың көңліне тоқ.
Қылады кімге опа дүние боқ.
Халифа жауап беріп: — Ашпа, — деді,
Ол үйде саған жарар һешнәрсе жоқ.

Түн болып осы күні бірге қонды,
Таң атып ертеңгі күн сабах болды.
Құстардың жиын күні болған екен,
Марғышаһ құсқа таман бармақ болды.

740 Кілтiнiң Жиһаншаһқа бәрiн бердi,
«Тамаша етiп кез, — дедi, — һәрбiр жердi,
Жетi күнде келемiн мұнда қайтып,
Тұра тұр сабыр қылып, балам, — дедi.

Патша болып тұрамын осы тұста,
Сабыр қылып бұл айтқан сөзiмдi ұста.
Үйiме барамын деп талап қылсаң,
Жеткiздiрiп салайын үлкен құсқа.

Келе алмаймын құс қайтып жөнелгенше,
Тамаша етiп тұрыңыз мен келгенше.
750 Тiл алмай темiр үйге, әгар, кiрсең,
Тартарсың қиын қайғы өле-өлгенше».

Бұлай деп Марғышаһ қалды кетiп,
Қалады шаһизада әлде не етiп.
Бәрiн де сарайлардың ашып көрiп,
Жүредi Жиһаншаһ тамаша етiп.

Көреді шаһизада бәрін ашып,
Жүреді тамаша етіп көңлі тасып.
«Не себептен бұл үйді ашпады» деп,
Келеді темір үйге қадам басып.

760 Есікті ашты дағы үйге кірді,
Азырақ тамаша етіп сейір қылды.
Ол үйдің ішінде бар алтын сарай,
Ішінде жемісі бар бұлақ көрді.

Ол судың кенерінде алтын тақыт,
Не көрмес адам пенде берсе бақыт.
Ғауадан үш көгершін келді ұшып,
Тұрады тамаша әйлап көзін сатып.

Жиһаншаһ қарап отыр көрінбестен,
Әдейіге тамаша етіп ерінбестен.
770 Көрмеді шаһзаданы, келді ұшып,
Отырды жасырынып білінбестен.

Үшеуі ол тақытқа келіп қонды,
Қарады жан-жағына оңды-солды.
Тақытқа келіп қонған үш көгершін,
Үшеуі сілкінді де үш қыз болды.

Үшеуі үш қыз болып түсті суға,
Мас болып шаһзада отыр буға.
«Өміріңше тартарсың, — деген, — бейнет»,
Айтқаны Марғышаһтың келді тура.

780 Шаһзада мұны көргеш, қалды қайран,
Қараса ақ етіне көзі тойған.
Жаһанда мұндай сұлу көрген емес,
Нұры артық жүздерінің толған айдан.
Ғашық боп кіші қызға болды биһұш,
Жігіттер, бейнет деген осындайдан.

Көргенде кіші қызды һұшы кетті,
Ғашықтық шаһзаданың жанына өтті.

Жиһаншаһ биһуш болып жатқанында,
Киініп қыз жайына ұшып кетті.

- 790 Жөнелген киінісіп қыздар ұшып,
Шомылып сарайдағы хауыздан ішіп.
Көрмеді Жиһаншаһты үшбу қыздар,
Қалыпты шаһизада талып түсіп.

Шал келді жеті күнде қайта айланып,
Сахара жапандағы қосқа барып.
Қыдырып қарап жүріп тауып алса,
Шаһзада есі кетіп жатыр талып.

- 800 Талыпты шаһизада есі кетіп,
Марғышаһ ойбай салып келді жетіп.
Жүзіне су сепкен соң көзін ашты,
Тірілтті Марғышаһ адам етіп.

Су бүркіп Марғышаһ тұрғызды тез,
Әбден есін жиған соң сұрады сөз.
Шаһзада қызды айтып зар жылады,
«Осындай бір бейнетке келдім, — деп, — кез».

Жылады қайғы бірлән талып түсіп,
Аяғын Марғышаһтың алды құшып.
— Сіз кетіп қалғаннан соң, осы жерге
Үш бірдей ақ көгершін келді ұшып.

- 810 Үшеуі осы таққа келіп қонды,
Сілкініп ол үшеуі үш қыз болды.
Судан шығып кетіпті қайта ұшып,
Айрылған осылардан мен бір сорлы.

Назым шаһзада

— Үшеуі келді, сілкінді,
Үш қыз болып құлпырды.
Нұр дидарын көргенде,
Шомылып суға кіргенде,

Он төртінде көрінген
Толған айдай сықылды.

- 820 Үш көгершін келген соң,
Ең кішісін көрген соң,
Махаббатын Құдайым
Көңіліме берген соң,
Ғашықтықпен қайғырдым,
Бір Аллаға зар қылдым.
Ғашық қыздан аһ, дариға,
Арманда болып айрылдым.

- Қыздар мені көрмеді,
Қасыма жақын келмеді.
830 Бір қайланы қылмасаң,
Аһ, дариға, балаңыз,
Ғашықтықтан меңдеді!

Бұ дүниені көздесем,
Жер-жиһанда іздесем,
Табармын ба жалғанда.

Қызды ұстап ала алмай,
Қасына жақын бара алмай,
Аһ, дариға, өкініш,
Қалдым енді арманда!

- 840 Шаһзада бұлай зарлап айтты зарын,
Қайғының көңліндегі айтты барын.
Марғышаһ үшбу қызды хикаят қып,
Айтады Жиһаншаһқа баршаларын:

— Перінің патшасының қызы солар,
Жылында осы жерге келіп қонар.
Осы үйге сені кірме дегенім сол,
Оларға көрген адам ғашық болар.

Жылында бір келеді осы жерге,
Шомылып бір түседі үшбу көлге.

850 Оларды һешбір пенде тұта алмайды,
Ғашықтық от түседі көрген ерге.

Үшеуі қызы болар бір патшаның,
Дидарын жан көрмеген ханышаның.
Үлкені Дамшат пенен Қамарбану,
Кішісі Шәмсібану болады оның.

Шәмсіге ең кішісі болдың ғашық,
Сарғайдың фирақ бірлән қайғы басып.
Оларды бұ жиһанда тұта алмайсың,
Болмаса, әгар, шын ырыс, нәсіп.

860 Сөйледі Марғышаһ осылай деп,
«Мәнісі бұ қыздардың осындай» деп.
Шаһзада бұ сөзді естіп зар еңіреді,
«Шәмсіге ғашық болған басым-ай» деп.

Шаһзада ғашықтықтан беңізі солды,
«Аһ» әйлап көкірегіне қайғы толды.
Жылайды атын естіп фаған әйлап,
«Жиһанда көрем бе, — деп, — мен бір сорлы».

Шаһзаданың жылағаны

Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
870 Ғашығымды көре алмай,
Қайғыменен өле алмай,
Жыламай қайтіп шыдайын.

Шәмсі алды ақылды,
Шаһизада «аһ» ұрды,
Шәмсіні, әгар, көрмесем,
Өлім маған жақын-ды.

Шәмсіге бердім көңілді,
Көре алмасам өлім-ді.

880 Атам-анам, жиһанда
Көре алмадым елімді.

Мен ойлаймын Шәмсіні,
Ғашық жарым қалқаны.
Бұрынғы өткен қайғыны,
Шәмсі еске түскен соң,
Қайғы суын ішкен соң,
Тәрік қылдым баршаны.

Көремін бе, дариға,
Бұ дүниенің жүзінде
Шәмсідейін ханшаны.

890 Ғашық үшін қайғырдым,
Ақылымнан айрылдым.
Атыңды естіп, қарағым,
Аһ, дариға, зар қылдым.

Өзің көлге келген соң,
Жалаңаш хауызға кірген соң,
Ақ етіңді көрсетіп,
Ішімді менім өртетіп,
Ғашық болмай нетейін.

900 Мен жылаймын налынып,
Бір Аллаға жалынып.
Бір Аллаға жылайын,
Өз мінәжат қылайын,
Ғашығым, сені сағынып.

Қол жетпейтін болған соң,
Ұшып кетіп қалған соң,
Көзіме түсті нағылып
Шаһизада басыңыз,
Жібектейін шашыңыз,
Қап-қара болып қиылған,
910 Қаламдайын қасыңыз.

Әгар сені ойласам,
Қайғыменен зарласам,
Тыйылмас көзден жасымыз.
Қайғы отымен жанармын,
Бұ жалғаннан қалармын.
Жер жүзінде бар болсаң,
Мекеніңе, қарағым,
Тірі болсам барармын.

920 Қайғы суын ішемін,
Қай уақытта қанармын.
Ғашық жарым көрмесем,
Бір күн өліп қалармын.

Падиша мұны айтып еңіреді зар,
Құдай-а, рақым қылсаң үмітім бар.
Рақым-а, Рахыман атты Падишаһым,
Қоса көр ғашығыма, Пәруардигар.

930 Шаһзада осы жерде тағы тұрды,
Өткізді Марғышаһпен бүтін жылды.
«Ендігі жыл келгенде көремін» деп,
Бір жылы онда тұрып ғұмыр сүрді.

Тыйылмас жылағанда көзден жасы,
Жүрмейді қайғы бірлән ішкен асы.
Бір жылы үшбу жерде сүрді өмір,
Болады қайта айналып жылдың басы.

Құстар келіп жиылды және тағы,
Жыл басы қайта айланып болған шағы.
Қайғыменен падиша бір жыл тұрды,
Құдайдың оған дағы берген бағы.

940 Жиылып барша құстар келіп қонды,
Ғаламнан үшбу жерге құстар толды.
Құстардың жиын күні болғаннан соң,
Марғышаһ құсқа таман жүрмек болды.

Оңтайланды құстарға барамын деп,
Шаһзада айтты «бұл үйде қаламын» деп.
«Қайта айланып ол қыздар және келсе»,
Ойлайды «қайтіп ұстап аламын» деп.

Құстардың жыл басында келді бәрі,
Қайғымен шаһзаданың беңізі сары.
«Қызды ұстарға бір қайла бола ма» деп,
950 Жалынып Марғышаһқа қылды зары.

Халифа айтты: — Түспейді олар қолға,
Жүз кісі қойсаң дағы оң мен солға.
Мың кісі болсаң дағы ұстатпайды,
Қолыммен ұстаймын деп әуре болма.

Шаһзада қайғыменен жылайды енді,
«Бере көр өзің медет, Құдай» дейді.
— Ұстайтын һешбір қайла болмай ма? — деп,
Қайырып және дағы сұрайды енді.

Халифа айтты: — Сөзіме нансаң, — деді,
960 Қасына, әгар, жақын барсаң, — деді.
Адамға сонда айланып қалар, — деді,
Көйлегін қолға түсіріп алсаң, — деді.

Көйлегін тастап кетіп қалмас, — деді,
Көйлексіз һешбір жаққа бармас, — деді.
Көйлегін ұстай алмай қалсаң, әгар,
Һеш адам ұстап оны алмас, — деді.

Шаһзада айтты: — Ол үйде тұрып көрсем,
Шәмсінің жаным құрбан жолында өлсем.
Олар келіп шомылып жүргенінде,
970 Көйлегін ұстар едім, рұқсат берсең.

Халифа рұқсат беріп: — Ұста, — деді,
Мен барайын далада құсқа, — деді.
Көп жалынар, көйлегін бере көрме,
Өзіңнен һеш шығарма тысқа, — деді.

Халифа енді құсқа кетіп қалды,
Жиһаншаһ осы жерде жалғыз қалды.
Темір үйдің ішіне кіріп алып,
Бір жерде жасырынып жатып алды.

980 Жасырынып жатыпты темір үйге,
Құдайым жолықтырды мұндай күйге.
Жеті күндей күзетіп қарап жатты,
Үш қызлар енді келді жеті күнде.

Үш көгершін ол жерге қонды келіп,
Сілкінді ол үшеуі үш қыз болып.
Үшеуі даң-даң болып сөйлеседі,
Сыртынан Жиһаншаһ жатыр көріп.

Үлкені айтты: — Бұл үйде жан болмасын,
Мұнда жүрген бір адам бар болмасын.
Кішісі үлкеніне жауап берді:
990 — Бұ жерде адам ұғылы қайдан болсын.

Не қылар адам мұнда тұрғанымен,
Ұстатпаймыз неш жанға қуғанменен.
Бізні ұстап құшақтап сүйе алмайды,
Ұстаймын деп қайланы қылғанымен.

Сөйлейді бұлай десіп әуел бастан,
Шаһзада тыңлап жатыр қозғалмастан.
Көрмейді шаһзаданы үшбу қызлар,
Жан-жағына бұрылып болжамастан.

1000 Бұлай деп енді қызлар суға түсті,
Көйлекке шаһизада тұра-ақ ұшты.
Ол қызлар сумен ойнап жүргенінде,
Көйлегін кіші қыздың келіп құшты.

Шаһзаданы көрген соң қызлар қашты,
Шәмсібану көйлегін патша басты.
Көйлекті қолға түсіріп алғанына,
Қуанып шаһзаданың көңлі тасты.

Көйлегін екі үлкен қыз киді барып,
Аспанға ұшып жөнелді киіп алып.
Көйлегін шаһизада алып қашқан,
1010 «Аһ» ұрды Шәмсібану жалғыз қалып.

Қайтадан Шәмсі кірді ол суға кеп,
Шаһзада жақындады қасына кеп.
Шәмсібану «аһ» ұрып қайғырады,
«Сөйлегенім келді ғой басыма» деп.

Жалынды Жиһаншаһқа көргеннен соң,
Қасына шаһизада келгеннен соң.
Бекінді жалынса да патша бермей,
Құдайым өзі қолға бергеннен соң.

Падиша айтты: — Ғашықпын, қалқам, саған,
1020 Көйлекні Тәңірі бүгін берді маған.
Көйлегің жалынсаң да бере алмаймын.
Шықсаңшы судан бері маған таман.

Ғашығыңның бұлайша тұрған кебі,
Шүкір Алла Құдайға, көрдім сені.
Көзім нұры, көңлімнің қуанышы,
Бір жылдай ғашық отың жақты мені.

Шәмсібану сөз таппай тұрды бұғып,
Отырды көйлегінен көңлі суып.
«Кейінірек тұр» деді шаһзадаға,
1030 «Өзге киімім киейін, судан шығып».

Кейін тұрғаш, киімін алды киіп,
Шаһзада ғашық отқа жүрген күйіп.
Киім киіп қасына келгеннен соң,
Бетінен шаһизада алды сүйіп.

Мойнына шаһизада қолын салды,
Бетінен қуанғаннан сүйіп алды.
«Сені тастап кетпеймін һешбір жаққа,
Көйлегімді берші» деп жалынады.

1040 Қыз жалынды «көйлегім берсеңші, — деп,
Жалынған кәдірімді көрсеңші, — деп,
Марғышаһ құстан қайтып келгеннен соң,
Некахынды қидырып алсаңшы» деп.

Осылайша осы қыз жалынды көп,
Берместен шаһизада бекінді бек.
«Ғашығыңмен, қарағым, күйіп жандым,
Көйлегің қайтіп сенің беремін» деп.

Екеуі осылай деп сөйлеседі,
Көйлектің жайын айтып кеңеседі.
Жалынып Шәмсібану сұраса да.
1050 Көйлекні шаһизада бермес еді.

Марғышаһ сол арада жетіп келді,
Келген соң Шәмсібану оны көрді.
«Осындай бір адамға кез болдым» деп,
Жалынып Шәмсібану тілейді енді.

Шәмсіге Марғышаһ жауап берді:
— Бір жылдай мынау саған ғашық еді.
Кез болдың падишаға адамзаттан,
Қылмайсың бұған неге шүкір?! — деді.

1060 Патша қызы, қылсаңшы бұған шүкір,
Тимеймін деп осыған қылма пікір.
Хақ бұйрығы, көніңіз сөзім тұтып,
Падиша мен ханыша жолықтың бір.

Шәмсібану отырды сөзді тыйып,
Отырды амалы жоқ сөзге ұйып.
«Мұнан артық сен кімге тиесің» деп,
Тастады Марғышаһ неках қиып.

Шаһзада Марғышаһқа сөйледі сөз:
— Шәмсіге Құдай айдап келтірді кез.
Әй, ата, енді маған рұқсат берсең,
1070 Бұл жерден ел-жұртыма жөнелсем тез.

Әй, ата, мен жүрейін рұқсат берсең,
Дидарын ата-анамның барып көрсем.
Шәмсіге және дағы ақыл салды:
— Айтайын саған бір сөз тілге көнсең.

Бұл жерден сені алып үйге барсам,
Айрылған ел-жұртымнан мен бір сарсан.
Ата-ана жүзін көріп рұқсат алып,
Ұлы жиын, той қылып сені алсам.

1080 Қалам алдым қолыма сөз жазғалы,
Шығамын тамашаға көріп алғалы.
Бұлай деп шаһизада айтып салды,
Марғышаһ Шәмсіменен қабыл алды.
Марғышаһ шаһзадаға рұқсат беріп,
Қазынадан киімдер алып берді.

Екеуіне киімді киіндірді,
Жиһаншаһтың көңілін сүйіндірді.
«Көйлекті өз бойыңнан айырма» деп,
Мәнісін бәрін айтып біліндірді.

1090 — Көйлекті бере көрме өлгеніңше,
Көңліне әбден байқап сенгеніңше.
Көйлекті, әгар, берсең қашып кетер,
Өзінен бала туып көргеніңше.

Бұ жерден, әгар, барсаң елге, — деді,
Көйлегін бала таппай берме, — деді.
Көйлектен оқыс болып айрылып қалып,
Өлгенше қиын қайғы көрме, — деді.

1100 Насихат шаһзадаға айтты қанша,
Қор болмас шаһизада ұғып алса.
Марғышаһпен екеуі амандасып,
Шаһзадамен жөнелді енді Шәмсі.

Шәмсі айтты шаһзадаға: — Елің қайда?
Баратын мұнан ұшып жерің қайда?

Осындай жерде тұрған күнімізде,
Әбден болжап алалық осындайда.

Шаһзада айтты: — Шаһарым күн шығыста,
Айтайын жерді болжап осы тұста.
Шәмсі айтты шаһзадаға: — Көзің жұм, — деп,
Маған мініп, қорықпастан мықтап ұста.

Шаһзада арқасына алды мініп,
1110 Отырды мықтап ұстап көзін жұмып.
Көтеріп Жиһаншаһты Шәмсібану,
Жөнелді аспан — көкке ұшып шығып.

Шәмсібану бірқатар ұшыпты көп,
Шаһзада мықтап ұстап жабысты бек.
Ғауада, аспан — көкте шығып тұрып,
Сөйледі «елің қайсы, көзіңді аш» деп.

Аш дегеш, шаһизада ашты көзін,
Аспан — көкте тұрғанын көрді өзін.
Көрсетті «Кабил шаһар бұ тұрған» деп,
1120 Болжады әбден байқап жердің жүзін.

Көрсетті Кабил шаһар тұрған тұсты,
Шәмсібану көрген соң шаһарға ұшты.
Таңертең Марғышаһтан ұшқан екен,
Түс уақытында Кабилге келіп түсті.

Отырды анадай бір жерге түсіп,
Шәмсібану келтірді алып ұшып.
Күн ыстығы басына өткеннен соң,
Отырды қыздың шытын бүркенісіп.

Есіткен бұ хикаят сөзімні ұқсын,
1130 Баласы қайғыменен патшамысын.
Әкесі Жиһаншаһтың Тамұз патша,
Аң аулап сахараға енді шықсын.

Аң аулап сахараға патша келді,
Бар Құдай падишаға тілек берді.
Сахарада тамаша етіп жүргенінде,
Алыстан бір қарайған нәрсе көрді.

Жіберді бір жолдасын «оған бар, — деп,
Қарайған ай далада неткен жан, — деп,
Сахарада отырған неткен адам,
1140 Тез барып сол адамнан хабар ал» деп.

Құл жөнелді шапқылап атын жанып,
Патша айтқаш, жөнелді қамшыланып.
Жақындап Жиһаншаһқа барғаннан соң,
Жүгірді жаяу түсе құлы танып.

Аяғын шаһзаданың құшты барып,
Көрісті шаһизада тұра салып.
Амандасып болған соң қайта аттанып,
Патшаға хабар берді шауып барып.

Падиша мұны естіп қуанды көп,
1150 «Шүкірлік бір жаратқан Құдайым» деп.
Жылайды қуанғаннан Тамұз патша,
Сарғайған жалғызы үшін уайым жеп.

Есіткеш, патша шауып келіп жетті,
Биһұш боп жылағанда есі кетті.
«Айналайын қарағым, жалғызым» деп,
Қуанғаннан әкесі зар еңірепті.

Қуанғаннан ол құлды азат қылды,
Бір елге төре қылды осы құлды.
Патша мінген аты мен киген киім
1160 «Сүйінші» деп бәрін де құлға берді.

Падиша қуанғаннан зар еңіреді,
«Жаратқан мың шүкірлік Құдай» деді.
Бір адам шешесіне хабар берген,
Шешесі зар еңіреп о да келді.

Шешесін көргеннен соң барып құшты,
Баласын бауырына келіп қысты.
«Айым, күнім, қарағым, жалғызым» деп,
Зар еңіреп баласының мойнын құшты.

1170 Еңіреп, боздап бәрісі қылды зары,
Жылады о да зарлап балалары.
Көрісті ел-жұртымен қойдай шулап,
Шаһарға келіп кірді баршалары.

Сұрады Жиһаншаһтың олар халін,
Шаһзада көргенінің айтты бәрін.
Не көрген бейнетінің бәрін теріп,
Айтады Шәмсібану ахуалларын.

1180 Падиша мұның бәрін естіп білді,
Жалғызы табылған соң шүкір қылды.
Шәмсібану ахуалын есіткен соң,
Той қылып, ұлы жиын жұртын жиды.

Падиша қырық күндей қылды тойды,
Әкеліп төрт түліктен көп мал сойды.
Аямай жалғызы үшін шашты малын,
Ойлаған «жалғызым» деп һәрбір ойды.

Той қылып сойды малды неше мың көп,
«Шәмсіні балама алып беремін — деп,
Келінім мен баламның қызықтарын
Өлгенімше көзіммен көремін» деп.

1190 Көбіне жамағаттың қылды сыйды,
Көзінің зар еңіреген жасын тыйды.
«Той болғанша бір сарай жасаңдар» деп,
Шаһзада ұсталардың бәрін жиды.

Бәрін де ұсталардың жиды тамам,
Шаһардағы бар, жоғы, жақсы-жаман.
«Бір сарайды Шәмсіге жасаңдар» деп,
Бұйырды баршасына шаһизадаң.

Жасады бір сарайны жиылысып,
Көп дүкен жан-жағынан құрылысып.
Әйбатлап бір көшікні жасадылар,
1200 Көйлекні бір темірге қашадылар.

Ұсталарға соқтыртты темір сандық,
Бәріне ұсталардың қылып жарлық.
Мәрмәр тасқа ойдырып оны салды,
Шеберлеп жасадылар бәрі де аңдып.

Көйлекні ол сандыққа қойды салып,
Сандықты ойған тасқа қойды апарып.
Ұсталар қырық күнде тамам қылды,
Шәмсіні ол көшікке келді алып.

Ішіне бұл көшіктің Шәмсі барды,
1210 Көйлекнің кірген жерде иісін алды.
Қолымен тас темірні талқан қылып,
Шығарып ол көйлегін киіп алды.

Ол Шәмсі иен үйде жалғыз қалған,
Шығарып өз көйлегін киіп алған.
«Шәмсімен бүгінгі күн ойнаймын» деп,
Шаһзада ол көшікке енді барған.

Көшікке шаһизада келіп кірді,
Шәмсіні көйлек киген көзі көрді.
Көйлегін киіп алып жоғары отыр,
1220 Көрген соң шаһизада «аһ» ұрды енді.

— Аһ, дариға, рахмат ет, қалқам, маған,
Неше жыл ғашық болып өлдім саған.
Қолымнан, ғашық қалқам, кетіп қалсаң,
Кез қылды бір күйікке Алла Тағалам.

Қыз айтты: — Әй, сұлтаным, сөзім тыңла,
Кетпе деп мені, патшам, әуре қылма.
«Рұқсат ата-анамнан аламын» деп,
Жанынан Марғышаһтың келдің мұнда.

1230 Біз келдік Марғышаһтан осы жаққа,
Ата-анаң, мағлұм болды жамағатқа.
Мұратқа сол арада жеткен болсаң,
Мен дағы кетпес едім һешбір жаққа.

Рұқсат сенің атаң берді [с]аған,
Берген жоқ маған рұқсат атам-анам.
Рұқсат өз атамнан мен де алып,
Сонан соң қосыламын, патшам, саған.

1240 Мен де рұқсат аламын бәрілерінен,
Құтылайын ата-ана қаһарынан.
Табыңыз, әгар, мені іздесеңіз,
Қалға Гауһарникин шаһарынан.

Бұлай деп Шәмсібану кетті ұшып,
Жылады шаһизада жерді құшып.
«Қош тұр!» деп Шәмсібану ұшқанында,
Шаһзада биһұш болды талып түсіп.

«Аһ» деген даусын естіп құлдар келді,
Шаһзаданың талғанын бұлар көрді.
«Биһұш болып шаһзада жатыр» десіп,
Келді де әкесіне хабар берді.

1250 Падиша мұны естіп жүгірді енді,
Баласының талғанын келіп көрді.
Шәмсіні қашып кеткен білгеннен соң,
Қайғырып ата-анасы зар еңіреді.

Ойлады «Шәмсі мұнан кеткен екен,
Опасыздық осы қыз еткен екен.
Жасынан әуре қылған Жаппар Құдай,
Бір мехнат және бұған жеткен екен».

1260 Су бүріккен соң баласы көзін ашты,
Зар еңіреп ғашығы үшін қайғы басты.
Есін жиып алған соң зар жылады,
Көзінен қатыра-қатыра төкті жасты.

Шаһзаданың жылағаны

Жиһаншаһ жылайды,
Көзінің жасын бұлайды.
— Ғашық жарым кеткен соң,
Арманда қалған мен сорлы,
Жыламай қайтіп шыдайды,
Аһ, дариға, өкініш!

Қолымнан кетті никарым,
Қан болды жылап жігерім.
Бұ жиһанда болар ма,
1270 Ғашық, қалқам, көрерім.

Мұрадыма ере алмай,
Қызығыңды көре алмай,
Арманда болып қалғаным,
Жыласам естен танғаным.

Қасыңа сенің бара алмай,
Мақсұдымды ала алмай.
Табылмасаң, қарағым,
Таусылмас менім арманым.

Іштегі арман таусылмас,
1280 Жиһанда қайғың басылмас.
Әгар сені көрмесем,
Қазам жетіп өлмесем,
Қайғыңменен қан жұтып,
Басымнан тұман ашылмас.

Ғайып болды қасымнан,
Қайғысы кетпес басымнан.
Бұ жиһанда көрмесем,
Жылағанмен пайда жоқ,
Көзден аққан жасымнан.

Іштегі отым сөнер ме,
1290 Сөн дегенге көнер ме.

Қолымнан ұшқан сұңқарым
Енді қолға келер ме.

Бір Құдайға жыласам,
Нияз айтып сұрасам,
Тәңірі тілек берер ме.
Ғашық болып өлгенім,
Өлгенімде көргенім.
Жылағанда, Құдайым,
Өзің тілек бергенің.

1300 Марғышанның жанынан
Бұл жерге алып келгенім.
Дауылдап жанған шырағым
Бүгінгі күн сөнгенін.

Көрген күнім зар ма екен,
Кең дүнием тар ма екен.
Қара таудай қайғы артқан,
Жасынан күйік көп тартқан,
Менен сорлы бар ма екен.

1310 Тұғырдан ұшты ақ сұңқар,
Ішім толған дертім бар.
Шәмсібану кеткен соң,
Жаныма ғашық өткен соң,
Күндіз-түні қылдым зар.
Ғашықтық жанға өтеді,
Жаныма ақыр жетеді.

Табылмасаң, қарағым,
Сабырым менім кетеді.
Таба алмасам әгар да,
Жалғанда халім нетеді.
1320 Қарағым, менім ғашығым,
Қайғың бірлән жасимын.
Ғашығым, Шәмсі, сен едің,
Саған ғашық мен едім.
Айрылып сенен қалған соң,
Басыма қайғы салған соң,

Ғашық оты жарыңның
Ішін өртеп жанған соң,
Сені ойлап қайғырдым,
Ақылымнан айрылдым.

- 1330 Сені, қалқам, сағынып,
Күні-түні налынып,
Бір Аллаға зар қылдым.
Жете алмаған мұрадым,
Сені ойлап жыладым,
Сені, қалқам, көрсет деп,
Мінәжат Хаққа қыламын,
Көрсетер деп Құдайым.
Ішім толған уайым,
Рахматынан Алланың
1340 Үмітті болып тұрамын.

Шаһзада зар еңіреді осылай деп,
«Қайғырған ғашық дертім осындай» деп.
Жылайды зар еңіреп барын айтып,
«Айрылған арманда боп басым-ай» деп.

— Жеріңе Гауһарникин қалдың кетіп,
Ғашығыңа қарамай зар еңіретіп.
Жылаймын күндіз-түні ғаріп басым,
Жаныма ғашықның заһары өтіп.

- Патша айтты баласына осы жолда:
1350 — Пері қызы ол, қайтып келмес қолға,
Іздеген пері қызы табылмайды,
Ол қызны іздеймін деп әуре болма.

Шаһзада мұны естіп зар еңірепті,
Шәмсіні ойлағанда есі кет[іпті].
Жылайды зар еңіреп һешбір болмай,
«Шыдаймын нағып ойбай енді» депті.

— Айналайын, Құдайым,
Ішім толған уайым,

- 1360 Ғашық жарым көрмесем,
Қайтіп, ойбай, шыдаймын.
Үшбу жолда өлермін,
Өлмесем оны көрермін.
Шәмсібану жолында
Менім жаным құрбандық,
Жолында басым берермін.
Бұ дүниені кезейін,
Тәж-тақыттан безейін,
Жер дүниені қарайын,
Қайғыңменен жарайын.
- 1370 Тірі болсам, қарағым,
Мекеніңе барайын.
- Құрбандық қылдым жанымды,
Жаным бірлән тәнімді.
Тілегім қабыл болар ма,
Шәмсі, қалқам, жолында.
Құрбандық қылдым малымды,
Жаратқан, Кәрім Жаппарым,
Қабыл қылғыл зарымды.
Шәмсіге, әгар, қосылсам,
- 1380 Ғашық қалқам жолында
Құрбандық қылдым барымды.
Ғашықтық түсті басыма,
Шәмсі келмес қасыма.
Рақым қылсын Құдайым
Көзімнен аққан жасыма.
- Қызыл алма жүзіңнен,
Балшекердей сөзіңнен,
Айналайын, қарағым,
Жаудыраған көзіңнен.
- 1390 Қарағым, қарап кетейін,
Мекенін тапсам жетейін.
Табылмаса ғашығым
Бұ дүниені нетейін.

- Бұ қасіретті көргенше,
Қайғың кетпес өлгенше,
Іздеп жүріп өтейін,
Іздейін, қалқам, еліңді,
Табайын сенің жеріңді.
Іздеп жерің таппасам,
1400 Бірігіп, әгар, жатпасам,
Таянған маған өлім-ді.
- Таба алмасам өлермін,
Жолыңда жаным берермін.
Мекеніңді, дариға,
Қай уақытта көрермін.
- Һай, дариға, заманым,
Ғашық жардан айрылып,
Құрыды менім амалым.
Қалға Гауһарникинге
Қай уақытта барамын.
- 1410 Айрыламын сен үшін
Ата бірлән анадан.
Мейірбанды атам-анам,
Айрыларсың баладан.
- Білермін бе бір хабар
Гауһарникин қаладан.
Һай, дариға, арманда
Өлемін бе жалғанда
Қайғы бірлән сәнадан.
Бұ дүниеден қарармын,
1420 Мекенің қайдан табармын.
Мекеніңді естісем,
Жалған дүние жүзінде
Тірі болсам барармын.
- Шаһизада басым-ай
Тыйылмас көзден жасым-ай.

Бұ жерден кеткен ғашығым
Енді келмес қасыма-ай.

1430 Үшбу жерде тұра алман,
Ғешбір мәжіліс қыла алман,
Шәмсібану болмаса
Ғешбір қарар қыла алман.
Шәмсіні іздеп алмасам,
Мекеніне бармасам,
Ойнап-күліп жүре алман.
Диуана болып ақтасам,
Шәмсіні іздеп таппасам,
Қайғыдан ақыр өлемін,
Ғеш те дәурен сүре алман.

1440 Шаһзада бұ сөзді айтып еңіреді зар,
«Бере көр өзің жәрдем, Пәруардигар».
Жалғызы бұ сөзді айтып зарлаған соң,
Кең дүние падишаға көрінді тар.

Падиша айтты: — Әй, балам, сабыр әйла,
Немене жылағанмен түсер пайда.
Берсем де тәж-тағымды апарайын,
Шаһары білінсе оның бұ маңайда.

1450 Бар болса ізденейін бұ жиһанда,
Хат жазып жіберейін һәрбір жанға.
Жалғаннан елші салып іздетейін,
Көп жылап қайғыменен болма арманда.

Жұбатты осылай деп жалғыз ұлын,
Шақыртты онан шығып көп ұлығын.
Бәрінен үш жүз ақлим сұраса да,
Ғеш адам есітмеген онан бұрын.

Падиша айтты: — Қылыңлар бұған қайла,
Ойлаңдар бұл ақылды осындайда.
Еп қылып бір қайламен тоқтатпасақ,
Қанша сөз бекер айтқан болмас пайда.

1460 Билер айтты: — Бір жылы кеңдік берсін,
Жан-жақтан қанша адам іздеп келсін.
Табылар қанша адам іздеген соң,
Азырақ сабыр қылып, тілге мінсін.

Табылса, осы қызды әперерміз,
Берсек те қанша нәрсе әкелерміз.
Табылмаса, айланар осыларға,
Қырық сұлу қасына қоялық біз.

1470 Бәрісі осылай деп қылды кеңес,
Осындай қайла қылмай тұрар емес.
Қырық жариа, екі жүз сұлу қызға
Айланса, Шәмсібану ойға келмес.

Жиылып Жиһаншаһқа келді бәрі,
Сарғайған шаһзаданың беңізі сары.
Кеңесіп ақыл қылған әлгі сөзді
Айтады Жиһаншаһға баршалары.

— Әй, Жиһаншаһ, тұра тұр сабыр қылып,
Біз табалық сол қызны іздеп жүріп.
Қырық жариа, игі жүз қыз біз қоялық,
Тұра тұр соларменен ойнап-күліп.

1480 Бұлайша Жиһаншаһқа ақыл қылды,
Қырық жариа, екі жүз қыз мұнда тұрды.
Көңілі иланбайды шаһзаданың,
Қыздар ойын қылса да неше түрлі.

Шаһзада ғашығы үшін қайғы жеген,
Бендеге бейнет деген әлденеден.
Патшаның бір дұшпаны Һүндістанда,
Бар екен кәпір патша Киғал деген.

1490 Жауласқан Тамуз патша бастабында,
Қуыпты кәпірлерні қашқанында.
Һүндістанға көп әскер жиып барып,
Әкесін өлтіріпті жас шағында.

Жас бала Киғал һүнді ер жетіпті,
Өзіне қанша кәпір селбесіпті.
Әскер жиып әкесінің қанын іздеп,
Тамұзға хабар салып теңдесіпті.

Тамұзға Киғал һүнді хабар салды,
Үш жүз мыңмен бұл патша қарсы барды.
Айтпады Жиһаншаһқа жау келгенін,
Жиһаншаһ, әскер кетті, үйде қалды.

1500 Шаһзада айтты шешесіне: — Ана, — деді,
Көрінбес әкем менім, қайда? — деді.
Анасы айтты соғысқа кеткен жайын,
«Кәпірге қарсы кетті, балам» деді.

Баласы айтты естігеш: — Һай-һай, анам,
Атам оны айтпады неге маған.
Жанның бәрі соғысқа кеткен екен,
Соғысқа артларынан мен де барам.

1510 «Кетпе» деп көп жалынды мұңлы анасы,
Тыйылмас жылағанда көзден жасы.
Екі жүз кісіменен кетті жүріп,
Бұ дағы бір Алланың ирадасы.

Бір күні бұлар жатты айдалада,
Көңілі толған уайым, ой, сәнаға.
Жөнелді әскер жатып түн болған соң,
Қарамай ел жұрты мен ата-анаға.

Жөнелді Жиһаншаһ жеке қашып,
Сарғайған зағыпырандай түсі қашып.
«Тәуекел» деп бет қойды шыған түзге,
Жиһанда іздегені Шәмсі ғашық.

1520 Таң атқаш, орнынан әскер тұрды,
Ішінде шаһзада жоқ, көзі көрді.
Қанша іздеп таба алмастан бұлар барып,
Патшаға даладағы хабар берді.

Падиша зар жылады мұны естіп,
«Аһ» ұрды қайғы бірлән һұшы кетіп.
«Атқа мініп баламны ізлеймін» деп,
Сал қылды көп адамды әуре етіп.

Жиылды падишаға уәзірлері,
Әскердегі би, төре, ханның бәрі.
«Сіз кеткен соң бұ кәпір жеңеді» деп,
1530 Жалынды сол арада баршалары.

Бәрісі падишадан тіледі көп:
— Елді тастап кеткенің бола ма еп?
Дұшпан кеткеш, ізделік балаңызды,
Сабыр қылып, әй, тақсыр, тұра тұр, — деп.

Мұны естіп патша тұрды сабыр қылып,
Соғысты екі әскер майдан құрып.
Мұсылманға Құдайым жәрдем беріп,
Кәпірнің әскерлерін кетті қырып.

Жеңілген соң жеріне кәпір қашты,
1540 Ләшкері падишаның мұны басты.
Падиша үйге қайтып келгеннен соң,
Қаратып һәр тарапқа хабар шашты.

Падиша мұнда іздетіп тұрсын жылай,
Көп адам қанша қарап жүрсін сұрай.
Жиһаншаһ[ты] жөнелген түнде қашып,
Салады не мехнатқа патша Құдай.

Әкесі іздетіпті һәрбір жақтан,
Іздеген қанша елші һәр тараптан.
Бұлай жылап әкесі тұра тұрсын,
1550 Сөйлейін енді кеңес Жиһаншаһтан.

Жиһаншаһ үшбу түні қашып кетті,
Бар Құдай шаһзаданы әуре етті.
Неше күндей сахарада жалғыз жүріп,
Бір күні бір шаһарға келіп жетті.

Бағдадның шаһарына барып кірді,
Он жеті күн шаһарға келіп тұрды.
«Қалға Гауһарникин көрдің бе?» деп,
Саудагердің бәрінен хабар сұрды.

1560 Мысырға онан кетіп тағы барды,
Шаһарның бәріне де хабар салды.
Ол шаһарны білмеді һешбір адам,
Есіткен жан бәрі де қайран қалды.

Онан шығып барыпты Қағбаға,
Жоқ шаһар іздегенмен табыла ма.
Сұрады тауап қылған барша жаннан,
Біле алмай қайран болды шаһизада.

1570 Ойлайды «Марғышаһқа барайын, — деп,
Мұнан кетіп сол жақтан қарайын, — деп.
Марғышаһның жанына мұнан барып,
Бір хабар сол патшадан алайын» деп.

Онан барды Йеменнің шаһарына,
Шаһардың сұрау салды баһарына.
Жылайды шаһизада аһы ұрып,
«Құданың жолықтым, — деп, — қаһарына».

Йеменнен Наһруан шаһарына енді кетті,
Жеткенінше екі жыл арада өтті.
Керуенмен жолдас боп екі жылдай,
Наһруан шаһарына барып жетті.

1580 Сұрады ол шаһарның бәрісінен,
Ұлық-кішік жамағат, кәрісінен.
Бір адам және дағы айқайлайды,
Жөнелді шаһизада танысымен.

Шаһзада айтты: — Қызметің мен қылайын,
Жұмысың қандай қиын мен сұрайын.
Мың алтының қолыма берсең менім,
Қылам деген уағдада мен тұрайын.

Үйіне Фәрзәнд қожа алып барды,
Қойнына бір сұлу қыз түнде салды.
«Қызметің бұйырған қыламын» деп,
1590 Мың алтынды Жиһаншаһ қолына алды.

Жүрегін шаһзаданың қайғы алады,
Түндегі сұлу қызға қарамады.
Таңертең моншасына бекер түсті,
Шәмсінің қайғысынан зарланады.

Әкелді баяғыдай үш-төрт атты,
Өткізді екі ортада үш сағатты.
Ол таудың етегінде атты сойып,
Кеудесіне шаһзада кіріп жатты.

Олар айтты «қан болар, киімің шеш»,
1600 Киімін Жиһаншаһ шешпеді һеш.
Қарынына кіріп алып патша жатыр,
Бір уақыт тебіренді және дәмеш.

Құстар және ап шықты тау басына,
Биікке алып ұшып бармасына.
Шаһзада ол кеудеден шығып алып,
Қарайды жерде тұрған қожасына.

«Жауһар тасты құлат» деп қожа айтады,
Жиһаншаһ ол қожаға сөз айтады.
«Бұ қияда сен мені алдап едің,
1610 Жауһарды құлатпаймын» деп айтады.

Сөйлейді өз қылғанын әуел бастан,
Отырды лақтырмай жауһар тастан.
Қожа Фәрзәнд жалынды жерде тұрып,
Жөнелді шаһизада қарамастан.

«Әуелде сен бір қайла қылдың, — деді,
Мен қияның басында тұрдым» деді.
Ол қожаны бұлай деп тастады да,
Түсетін жерге таман жүрді дейді.

Ол жерден домалап кеп және де ұшты,
 1620 Көп көрген мехнат бірлән һәрбір істі.
 Үсті-басы тағы да сам-сам болып,
 Неше түрлі бәлемен жерге түсті.

Есін жиып алған соң тағы жүрді,
 Мехнатпен үшбу жолда өмір сүрді.
 Шаһарға өзі көрген барып жетіп,
 Үйіне Марғышаһның барып кірді.

Барды да Марғышаһқа сәлем берді,
 Барған соң Марғышаһ оны көрді.
 — Шәмсіден айрылғандай келдің нағып,
 1630 Жүрмісің есен-аман, балам, — деді.

Жылады Жиһаншаһ зарын айтып,
 Мұңының көңліндегі бәрін айтып:
 — Қашып кеткен Шәмсінің жерін таппай,
 Әй, тақсыр, сізге жылап келдім қайтып.

Жылағаны

— Һай, дариға, нетейін,
 Тұрмады Шәмсі қолыма.
 Мен ғарібнің сорына,
 «Гауһарникин жерім, — деп,
 Пері жұрты — елім» деп,
 1640 Мені салды жолына.

Қолымнан ұшқан лашын,
 Қайтып қолға қонар ма.
 Жерін іздеп Шәмсінің,
 Табар күнім болар ма.
 Мехнат көрдім неше жыл,
 Ғашық болған жар үшін.
 Көңілде қайғы бар үшін,
 Екі жыл тұрдым қасыңда.
 Жүректе қайғы-сәна үшін,
 1650 «Алып қаш» деп көйлегін,

Сырын айттың Шәмсінің
Біздей ғаріп бала үшін.

Шәмсіге мен ғашық ем,
Көйлегін алып қашып ем.
Зорлықпенен көндіріп,
Неках қылып қосып ең.

Атамнан рұқсат алам деп,
Ел жұртыма барам деп,
Рұқсат алып кетіп ем,
1660 Еліме барып жетіп ем.
Қырық күндей той қылып,
Көшік сарай жасатып,
Мәрмәр тасты ойдырып,
Темір сандық қылдырып,
Көйлекті оған салдырып,
Ала алмас деп ой қылып,
Көп тамаша той әйлап,
Неше түрлі тас темір,
Көп қиынға қойдырып,
1670 Шәмсіні оған ап келдім,
Сандықты қиын көп көрдім.

Бір уақытта артынан
«Бірге жатам» деп келдім.
Сарайға Шәмсі кірген соң,
Көйлектің иісін білген соң,
Тас темірді қырыпты,
Қолыменен темірді
Ойран-талқан қылыпты.
Ішіндегі көйлегін
1680 Шығарып алып киіпті.
«Маған бір сөз айтам, — деп,
Амандасып кетем» деп,
Азырақ тосып тұрыпты.

Бір уақытта мен бардым,
Шәмсіні көріп таңғалдым.

«Мені тастап кетпе» деп,
Өз жалынып зарландым.

Шәмсі берді жауапты:
«Мен де еліме барам, — деп,
1690 Атамнан рұқсат алам, — деп,
Маған ғашық сен болсаң,
Менім жерім іздесең
Гауһарникин — қалам» деп,
Шәмсі кетті, мен талдым.
Есімді жиып зарландым,
Шәмсіні іздеп табам деп,
Мекеніне барам деп,
Неше жылдай сандалдым.

Сізден себеп болар деп,
1700 Бәрін ойлап аңғардым.
Сізге қарай жөнелдім,
Қиядан түсіп мен келдім.
Бір қайланы қылмасаң,
Қайғыменен мен өлдім.
Неше түрлі қасірет,
Аһ, дариға, мен көрдім!

Жиһаншаһ бұ сөзді айтып зар еңіреді,
Көп көрген мехнат бірлән талай жерді.
Айтады шаһзадаға «жылама» деп,
1710 Марғышаһ жөнін айтып жауап берді.

Не көрмес тірілікте бұ ғаріп бас,
Тыйылмас шаһзаданың көзінен жас.
Халифа айтты: — Ол өзі — пері қызы,
Оларға керек емес темір мен тас.

Оларға тас пен темір жүндей, — дейді,
Бойыңнан шығарыпсың білмей, — дейді.
Көйлекті өз бойыңнан шығармасаң,
Кетпейді ол көйлегін кимей, — дейді.

1720 Немене неш амал жоқ айтып айтмай,
Мекенін неше жылдай жүрсін тапмай.
Бір шошып үшбу қызлар кеткеннен соң,
Келген жоқ сонан бері үшбу жаққа-ай.

Гауһарникин қалғаны білгенім жоқ,
Өмірімде ондай жерге жүргенім жоқ.
Білмесе сұраған соң келген құстар,
Құлағыма бұ шаһар тигені жоқ.

1730 Жыл басы болған кезде құстар келді,
Құстардан ол шаһарды сұрайды енді.
Марғышаһ сұрады баршасынан,
Бар құстар «білмедік» деп жауап берді.

Шаһзада қайғы бірлән жылады көп,
«Медет бер, жаратқан Құдайым» деп.
Марғышаһқа жылады және дағы,
«Не шара енді бұған қылайын» деп.

Марғышаһ шаһзадаға жауап берді,
— Ортаншы менен үлкен Шаһбаз, — деді,
Хат жазып Шаһбазға жіберейін,
Қайғырма уайым қып, балам, — деді.

1740 Марғышаһ Шаһбазға жазды хатты:
«Тапсырдым мына сізге адамзатты.
Балам болған адам-дүр өзі маған,
Қылыңыз бұл адамға мархаматты.

Іздеген Шәмсібану пері қызы,
Ғашық боп оны іздеген жазы-күзі.
Шаһарын білген болсаң мұны жеткіз,
Біздейін құрметтесең ініңізді».

1750 Мінгізіп жөнелтіпті үлкен құсқа,
«Мін дағы үшбу құстан бекем ұста».
Амандасып Марғышаһ дұға қылды,
«Сақтасын Тәңірі есен һәрбір тұста».

Арасы Шаһбаздың алты айлық жер,
Жаранлар, шаһзаданың ахуалын көр.
Алты айлыққа барыпты алты күнде,
Жаратқан қандай мақұлық Пәруардигар.

Жалғыз құс шаһзаданы алып ұшты,
Құданың жаратқаны қалай күшті.
Алты айлыққа алты күн ұшып жетіп,
Шаһбаздың мақамына барып түсті.

1760 Шаһизада Шаһбазға сәлем берді,
Шығарып Марғышаһның хатын берді.
Жиһаншаһ айтады өз кеңесін,
Хатында Марғышаһның сөзін көрді.

Хатында «Шаһбазға сәлем, — депті,
Бұл барған қияметтік балам, — депті.
Іздегені қалға Гауһарникин,
Періге ғашық болған адам, — депті.

1770 Ғашық болған періде сұлу қызға,
Бұл барған мархамат қыл баламызға.
Еш хабар ол шаһардан білмесеніз,
Жіберің Тайрулмәлік ағамызға».

Оқыды осылайша жазған хатын,
Есітеді Жиһаншаһтың хикаятын.
Шаһбаз шаһзадаға жауап берді:
«Есіткем жоқ бүй деген шаһар атын».

Сұрады құстарынан Шаһбаз дағы,
Қайта айланып құстардың келген шағы.
Білмеді қанша құстар бұ шаһарды,
Бұ дағы шаһзаданың берген бағы.

1780 Жиылды қанша құстар бәрі бірдей,
Таңғалды Гауһарникин жерін білмей.
Тайрулмәлік үлкені халифаның,
Басылмас енді көңлі оған жүрмей.

Шаһбаз шаһзадаға берді рұқсат,
Көңілі шаһзаданы көрмеді жат.
Үлкен құсқа мінгізіп қоя берді,
Тайрулмәлік үлкенге жазыпты хат.

1790 Үстіне ұшқан құстың патша мінді,
Алты айлыққа алты күнде барып кірді.
Тайрулмәлік патшаға амандасып,
Қолына Шаһбаздың хатын берді.

Берген соң Шаһбаздың көрді хатын,
Таныды шаһзаданың асыл затын.
Тайрулмәлік сол жерде жауап берді,
«Есіткем жоқ осындай шаһар атын».

Сөйледі Тайрулмәлік жүрген ізін,
Өткізген сахарадағы жазы-күзін.
— Сүлеймен пайғамбармен желге мініп,
Көп кездім бұ жиһанда жердің жүзін.

1800 Сүлеймен өткеннен соң жүргенім жоқ,
Сонан соң қайтып желге мінгенім жоқ.
Онан кейін бұ шаһар жасалмаса,
Бұ қаланы, тіпті, естіп білгенім жоқ.

Сұрайын бәрін жиып құстар келсе,
Бұ шаһарды ол құстар, әгар, көрсе.
Сені құсқа мінгізіп жеткізейін,
«Білемін» деп ол құстар хабар берсе.

1810 Осылай деп көңілін жақсы қылды,
Сөздерін шаһзаданың естіп білді.
«Тайрулмәлік құсынан сұраймын» деп,
Шаһзада құсты тосып біраз тұрды.

Тайрулмәлік — басы құс, кеудесі адам,
Һәртүрлі жан жаратқан Жаппар Ғалам.
Жиылып бар құстары келді бәрі,
Жиылатын уақыты болған заман.

Сұрады ол құстардың баршасынан,
 Жиылған сияпатқа қаншасынан.
 Бір-бірлеп Тайрулмәлік сұрады көп,
 Санап тұрып сұрады құс басынан.

1820 Сұрады баршасынан бір-бірлеп бас,
 Марғы Архан дейтұғын құстарға бас.
 Бәрісінен сұрады — неш білмеді,
 Осы құс сүрген екен көп өмір жас.

Ол құс айтты: — Көп өмір сүрдім, — деді,
 Жиһанда қанша жерге жүрдім, — деді.
 Мұнан былай жүргенде бір жылдық жол,
 Зұлағырақ деген жер көрдім, — деді.

1830 Яғмус деген бір адам анда тұрған,
 Яғмусны Нұх пайғамбар патша қылған.
 Билейді сол жақтағы қанша мақұлық,
 Халифа болып тұрыпты неше жылдан.

Ақ сақалды халифа Яғмус деген,
 Хайуанды неше түрлі көп билеген.
 Төрт аяқты хайуан, қанатты құс,
 Бәрі де сол Яғмустан қорек жеген.

Билеген айдаһар мен қанша жылан,
 Сұрасаң, әгар, өзің барып мұнан.
 Білмесе әгар бұлар жан білмейді,
 Мұның бәрін хикаят саған қылам.

1840 Айтады Марғы Архан осылай деп,
 Мәнісін Зұлағырақтың осындай деп.
 «Тақсыр, мені жібер, — деп, — Зұлағыраққа»,
 Халифаға шаһзада жалынды-ай көп.

Мінгізді шаһзаданы үлкен құсқа,
 Хат жазды сәлем қылып Яғмусқа.
 Шаһзаданы жөнелтті дұға қылып,
 «Мін дағы үшбу құстан махкам ұста».

- 1850 Мінді де үлкен құсқа жүріп кетті,
Айналды он екі күн аспан — көкті.
Бір жылдыққа ұшыпты он екі күн,
Шаһизада Яғмусқа барып жетті.
- Яғмусқа он екі күн барып кірді,
Қолына амандасып хатын берді.
Тайрулмәлік қолына хатын алып,
Яғмус патша ол хатның сөзін көрді.
- Яғмус айтты: — Осынша өмір сүрдім,
Мақұлықтың бұ диарда бәрін білдім.
Бұ шаһарды, тіпті, естіп білгенім жоқ,
Неше жыл патша болып мұнда тұрдым.
- 1860 Бұ шаһар құлағыма тиген емес,
Адам ұғылы бұл жерге жүрген емес.
Сүлеймен осы жерге келіп кеткен,
Ғеш бенде сонан кейін келген емес.
- Жауап берді «құстардан сұрайын, — деп,
Бір мәжіліс құстар үшін құрайын» деп.
«Бір хабар ол құстардан бола ма», — деп,
Ойлады «сабыр қылып тұрайын» деп.
- 1870 Шаһизада құсты тосып анда тұрды,
Қыс уақты болғанда құс жиылды.
Қанша мақұлық сұрады ғеш білмеді,
Іздегені шаһизада бек қиын-ды.
- Мақұлықтың бір жиыны болады екен,
Бір таяқ Яғмус тігіп қояды екен.
Арпа, бидай, қан менен сүт төгіліп,
Бар мақұлық қорек қылып тояды екен.
- Айдаһарлар сүт ішер, құс бидай жер,
Арпа жейді төрт аяқты шөп жейтіндер.
Жыртқыш, ет жейтіндер қан жейді екен,
Ғәр түрлі жан жаратқан Пәруардигар.

- 1880 Бұ мақұлықтың бәрі де білмеді неш,
Шаһардың табылуы бір қиын күш.
Яғмус алып келді шаһзаданы,
Бар екен бір арада көп патша құс.
- Мың құс екен сол жерде өңшен дана,
Мәлік Марған тұрған жер екен дала.
Һәр біреуі мың түрлі ғұмыр сүрген,
Жаратқан һәр түрлі жан Алла Тағала.
- 1890 Бәрінен бұ құстардың сұрады көп,
Қанша көп құс, нешбірі білмеді бек.
Жалғыз-ақ құс ішінен жауап берді,
«Ол шаһарды естідім, көрмедім» деп.
- Алты айлық жол жүргенде мұнан былай,
Таба алмай ол шаһарды жүрсің сұрай.
Халқының басы жылан, кеудесі адам,
Һәр түрлі жан жаратқан патша Құдай.
- Зөлхаия осы жердің аты дейді,
Неше түрлі ғажайып халқы дейді.
Биллурдан жаратылған сонда бір тау,
Жаралған бұ шаһарға жақын дейді.
- 1900 Осы тау күн түскенде от боп жанар,
Ол тауға мақұлық қайтіп жақын барар.
Әгар да осы таудан ары өтсе,
Ар жағында бір қия сахара бар.
- Оның орта жерінде бір қия бар,
Ол төбенің басында бір ұя бар.
Ол ұяда тауыпты анам мені,
Баршасын мен айтайын, құлағың сал.
- 1910 Асырайды ата-анамыз анда бізні,
Өткіздік сол ұяда жазы-күзні.
Бір күні «тамақ іздеп келемін» деп,
Кезіпті ата-анамыз жапан түзні.

Тамақ іздеп көп жерді сейір еткен,
Қуаһ, Қылзам теңізге барып жеткен.
Екеуін көп перілер ұстап алып,
Гауһарникин қалғаға алып кеткен.

Перілер ата-анамды байлап алған,
Гауһарникин шаһарға алып барған.
«Асыраған екі балам бар еді» деп,
Періге ата-анамыз көп зарланған.

1920 Перілер жылағанын қабыл көрген,
Үш күн байлап екеуін қоя берген.
Байланған ата-анамыз халас болып,
Дәл жеті күн дегенде бізге келген.

Ата-ананы көрген соң жыладық көп,
«Кешіктің, — деп, — көп неге» сұрадық көп.
«Балаларым, бәлеге кез болдық» деп,
Бізге айтты ата-анам осылай деп.

1930 Ол ұяны қорыққаннан тастап кеттік,
Арада неше үлкен таудан өттік.
Періден шошығаннан онан қашып,
Келдік те үшбу жерге мекен еттік.

Осы құс осылай деп жауап берді,
Сөйледі көп ғажайып қанша жерді.
Шаһзада бұ хабарды есіткен соң,
Тағы да Яғмусқа жалбарды енді.

— Жеткізсін бұ құсқа айт анда мені,
Кез қылды Тәңірі маған, тақсыр, сені.
Құдайға шүкір қылды шаһизада,
Білініп іздеп жүрген шаһар жөні.

1940 Яғмус шаһзадаға рақым етті,
«Жеткіз» деп осы құсқа әмір етті.
Ол құстың арқасына мініп алып,
Яғмуспен амандасып жүріп кетті.

Шаһзада құспен ұшып кетті бірге,
Алыпты алты айлық жол алты күнде.
Күн түссе, Биллур тауы от боп жанар,
Күн батты, қараңғы боп өтті түнде.

1950 Патша кезді құс мініп һәрбір жерді,
Ғажайып көп мақұлықтың бәрін көрді.
Және екі күн екі айлық жерге ұшып,
Қиядағы ұяға енді келді.

Үшбу құс «қайтам, — деді, — үшбу жерден,
Қорқамын мұнан былай перілерден».
«Тым болмаса Қылзамға жеткізсең» деп,
Жалынып шаһизада зар еңіреген.

Жалынған соң құс және алып ұшты,
Көріпті мехнат бірлән һәрбір істі.
Және екі күн ұшыпты екі айлық жер,
Етегіне Қылзам тау барып түсті.

1960 — Бұ Қылзамның ар жағы — пері, — деді,
Перілердің жүретін жері, — деді.
Пері көрмей қайтайын өз жеріме,
Өз күніңді өзің көр енді, — деді.

Жөнелді бұ құс қайтып амандасып,
Жөнелді шаһизада таудан асып.
Ар жағында бір жарық көрінеді,
Түседі соған қарай қадам басып.

1970 Майданда Ақыт аз күн жүре тұрсын,
Аз күні тұз бен суын іше тұрсын.
Пері қызы Шәмсіден сөз қылайын,
Ол таудан шаһизада түсе тұрсын.

Сарайдан Шәмсібану ұшып кетті,
Артында Жиһаншаһты қайғылы етті.
Кабилдан қашып шығып еліне кеп,
Алдына әкесінің барып жетті.

Айтыпты әкесіне көргенлерін,
Неках қып Марғышаһның бергенлерін.
Еліне шаһизада алып барып,
Өзінің онан қашып келгенлерін.

1980 Айтады қойнына да жатпағанын,
Той қылып шаһзаданың баптағанын.
Көйлекті өзі киіп қашып кетіп,
Зар қылып шаһзаданың қақсағанын.

«Зар қылып ғашықтықтан өлсе керек,
Тірі болса, бізді іздеп келсе керек.
Әгар да бұ жиһанда тірі болса,
Бұ шаһарды бір келіп көрсе керек».

1990 Айтады атасына аның бәрін,
Өзінің неше түрлі көргенлерін.
Атасы Шаһлас патша мұны есіткен соң,
Жидырды перілердің һәммаларын.

Шаһластың билегені пері дейді,
Перілерге хабарды көп жіберді.
«Көрсендер Жиһаншаһ деген адам,
Алдыма әкеліңдер менім» дейді.

Бұ хабар көп періге тарайды екен,
Шаһласты көп перілер жанайды екен.
Жарлығын Шаһлас патша екі қылмай,
Перілер күнде іздеп қарайды екен.

2000 Перілер осылайша іздеп тұрсын,
Жиһаншаһ таудан түсе енді жүрсін.
Перілер Жиһаншаһты тауып алып,
«Қай жақтан келесің?» деп жөнін сұрсын.

Перілер іздеп жүрген жолықты кез,
Іздейді неше айлықтан, жүруі тез.
— Не мақұлықсың, атың кім, қайдан жүрсің?
Бұлай деп Жиһаншаһтан сұрады сөз.

- 2010 Шаһзада айтты: — Адам-дүр асылзатым,
Сұрасаң, Жиһаншаһ-дүр менім атым.
Гауһарникин шаһарын іздеймін, — деп,
Айтады өзі көрген көп мехнатын.
- Пері айтады: — Іздейміз сені, — дейді,
Үшбу жарық — шаһарның жөні, — дейді.
Талап қып падишамыз сені іздеген,
Апаралық патшаға, келің, — дейді.
- Шаһзада айтты: — Шаһарың қанша жер, — деп,
Апарып патшаңызға мені бер, — деп.
Алдымыздың жап-жарық бәрі дағы,
Көрінген осы жарық немене? — деп.
- 2020 Олар айтты: — Шаһардың жарығы сол,
Бұл жерден Гауһарникин үш айлық жол.
Үш айлық жерге дейін жарық болар,
Шам-шырақтай асыл тас шаһарда мол.
- Шаһзада ол періге енді мінді,
«Жұм» деген соң сол жерде көзін жұмды.
Гауһарникин бұл жерден үш айлық жер,
Жарты сағат ішінде барып кірді.
- 2030 Шаһардан тысқа түсіп отырды енді,
Перілер патшасына хабар берді.
Алдынан көп перілер қарсы шығып,
Шаһзадаға ат, киім алып келді.
- Жөнелді шаһизада атқа мініп,
Үстіне неше түрлі киім киіп.
Сұрайды перілерден ол шаһарды,
Ішіне шаһизада барып кіріп.
- Шаһзада айтты: — Бұ шаһар неден салған?
Шұғыласы жарық болып оттай жанған.
Жан жағында үш айлық жерге шейін,
Шыққан күндей шұғыласы жарық болған.

- 2040 Пері айтты: — Үшбу шаһар — қызыл жақұт,
Шаһластың мінгені алтын тақыт.
Өзінің мың жеті жүз бұрышы бар,
Айтады осылай деп келе жатып.
- Һәр бұрышында інжу бар жеті дана,
Перілер осындай қып салған бина.
Һәр інжудың үстінде шам-шырақтай
Құрылған бір-бір көшік дағы және.
- 2050 Атырабы — алтын пенжере, күміс шынжыр,
Үш айлық жер жарық боп болады нұр.
Жарығымен перілер түнде кезер,
Сол үшін Гауһарникин қалғасы дер.
- Бұ кеңеспен шаһарға кірді барып,
Патшаға сәлем беріп тұрды барып.
«Аман-есен, әй, балам, келдің бе» деп,
Амандасты жанына шақырып алып.
- Әкелді шаһзадаға түрлі тағам,
Не көрмес тірілікте ғаріп адам.
Патша таққа отыртып сұрады сөз,
«Сөйле, — деп, — хал-ахуалың енді, балам».
- 2060 Жиһаншаһ Шаһласқа сөз сөйледі,
Ішінде енді айтпаған сөз жимады.
Сөйлейді әуел бастан падишаға,
Айтқанын шаһзаданың жұрт тыңлады.
- Айтады падишаға бар мұңыны,
Не көрген жақсы-жаман өткен күніні.
Не көрген бірін қоймай айтты бәрін,
Падиша мұны тыңлап естіп білді.
- 2070 Патша айтты: — Афарин, балам, — деді,
Жол берген Хақ Тағалам саған, — деді.
Жігіттікпен келіпсіз үшбу жерге,
Болмасын енді көңлің алаң, — деді.

Бұл шаһар Сүлейменнен соң жасалған,
 Құдайым сені тура жолға салған.
 Бәрі де сол мақұлықның көрген емес,
 Бұ шаһарны һешбірі білмей қалған.

Әй, балам, болма қапа, мехнат кетті,
 Мехнат кетіп, өзіңе рақат жетті.
 Үшбу сөзді патшадан есіткен соң,
 Қуанып шаһизада шүкір етті.

2080 Бір үйге шаһзаданы алып жүрді,
 Ол көшікке шаһзада барып кірді.
 Киініп неше түрлі һәйбатланып,
 Қасына Шәмсібану енді келді.

Бір-бірін екі ғашық барып құшты,
 Мехнатпен патша көрген һәрбір істі.
 «Шәмсі қалқам, қарағым, көрдім бе» деп,
 Биһұш боп шаһизада талып түсті.

2090 Шәмсібану тізеге алды басты,
 Су сепкеш, шаһизада көзін ашты.
 Көрмегелі неше жыл арада өткен,
 Сағынып екі ғашық зар жыласты.

Көрісіп ғашығына бек зарланды,
 «Қаштың» деп шаһизада өкпе салды.
 Көңілін шаһзаданың хош қылуға,
 Айтады Шәмсібану бұ ғазалды.

Шәмсібанудың газалы

Шәмсібану жырлайды,
 Көңілін бөтен бұрмайды.
 — Бұ жерге келмей, падишам
 Көңлім қарар қылмады.
 Ғашықтық деген бәле-ді,
 2100 Көңілге қайғы салады.

- Ойладым елге барсам деп,
Атамнан рұқсат алсам деп.
Маған ғашық падишам
Елімні іздеп барад [деп],
Осылайша ой қылдым,
Сол жерде мені алад деп.
Қырық күн қызық той қылдың,
Ойладым елге барам деп,
Атамнан рұқсат алам деп,
2110 Падишам іздеп барса деп,
Сол жерде мені алса деп,
Қадірлі сізге болам деп.
- Ғашық болып, падишам,
Мені іздеп келіпсің,
Көп мехнат көріпсің.
Шаһарымны табам деп,
Құсқа мініп жүріпсің,
Бейнетпен ғұмыр сүріпсің.
- 2120 Хақ Тағала жар болып,
Бұ жерге жетіп тұрыпсың.
Енді, патшам, қайғырма,
Көп өкпелеп зар қылма.
- Құдай тілек берген соң,
Бұ жерге өзің келген соң,
Іздеп жүрген ғашығың
Қосылып көзің көрген соң,
Шүкір қылмақ нетеді.
- 2130 Жалған дүние өтеді,
Жақсылық дәурен сүргізсе,
Кейінгі күн жетеді.
- Сөйлейді шаһзадаға осылай деп:
— Мәнісі кеткенімнің осындай, — деп,
Шаһзада, өкпелемей көңлің хош қыл,
Екеуміз жақсы болып қосылай, — деп.

Бұл екеуі сөйлесіп сұхбат құрсын,
 Екеуі бір көшікте бірге отырсын.
 Хошлықпен шат болысып көп қуанып,
 Қырық күндей Шаһлас патша тойын қылсын.

2140 Қырық күндей Шаһлас патша қылды тойды,
 Неше түрлі төрт түлік көп мал сойды.
 Той қылып болған соң, бұл екеуін
 Ішіне бір сарайдың алып қойды.

Шаһзада Шәмсіменен бірге жатты,
 Қанша іздеген ғашығының дәмін татты.
 Зар болып қосылысқан екі ғашық,
 Алыпты бір-бірінен тәтті ләззатты.

Екі ғашық қосылғаны

2150 Екі ғашық зар болып,
 Жаппар Құдай жар болып,
 Бір-бірімен қосылып,
 Тілегі қабыл бар болып.

Қаршыға құсты қайтарып,
 Кекілікке салғандай.
 Кекілікті ұстаса,
 Жүнін жұлып тастаса,
 Іші-қарны жарылып,
 Қаны жерге тамғандай.

2160 Тәңірі рақым еткен соң,
 Мұрадына жеткен соң,
 Мейірлері қанғандай.
 Іші-бауыры елжіреп,
 Құшақтасып қысқанда,
 Қызуы от боп жанғандай.

Екі ғашық қосылды,
 Мехнаты рақат боп,
 Ақырында тосылды.

Қосылып ғашық жатқанда,
Алмас қылыш шапқанда,
Қаны шығып жосылды.

2170 Ғашық бірге жатысты,
Көп ләззатты татысты.
Мұрадына жетісіп,
Мерекеге батысты.

Сұхбат бірлән кеңесіп,
Көргендерін айтысты.
Әуелі жүрді қосылмай,
Мехнат кетпес тосылмай.
Хан, ханыша қосылып,
Қызық көрді осындай.

2180 Екеуі көрді қызықты,
Рақат мәжіліс түзіпті.
Рақым қылды Құдайым,
Әуелден көңлі түзік-ті.

Дүниенің ләззаты бар, міне, осындай,
Жалғандан кім кетеді бір тосылмай.
Жеткізгіл һәр мүмінді мұрадына,
Фазылыңмен ғаріптерді, патша Құдай.

2190 Бұлайша Шәмсіменен қызық етті,
Бұл ортада рақатпен екі ай өтті.
Әкесі үйде қалған еске түсіп,
Шаһзада және дағы зарлық етті.

Ел-жұрты падишаның еске түсті,
Қайғысы және дағы болды күшті.
«Жауда қалған ол әкем не болды» деп,
Ойлады қайғы бірлән һәрбір істі.

Қайғырды шаһизада уайым жеп,
Ойласа, көкірегінде қайғысы көп.

«Аһ» ұрғанын есітіп Шәмсібану,
Сұрады «қайғырғаның немене?» деп.

2200 Шаһзада қайғысының айтты барын,
Ойлаған көңілдегі қайғыларын.
Өзінің жалғыз түнде қашып кетіп,
Әкесі жау ішінде қалғандарын.

Шәмсібану бұл сөзді есітті енді,
Қайғысын шаһзаданың көзі көрді.
Қайғырғанын білдіріп шаһзаданың,
Барды да әкесіне хабар берді.

2210 Шаһлас патша мұны естіп қылды жиын,
Кигізді шаһзадаға қанша киім.
Жұртына жүргізбек боп даярланды,
«Болған, — деп, — әкеңіздің ісі қиын».

Жидырды Шаһлас патша перізатты,
Тамұзға сәлем әйлап жазды хатты.
Он мың дию, жиырма мың пері беріп,
Мінгізді шаһзадаға алтын тақты.

Және берді қызметкер бір мың құлды,
Бек құрметлеп сый қылды һәрбір түрлі.
Бір Шәмсіге бергені мың кәнизак,
Һәр күнге жүз сандықтан жасау қылды.

2220 Құл-кәнизак бәріне жауһар таққан,
Ханыша Шәмсі қандай нұрға батқан.
Көтеріп қанша дию шаһзаданы,
Жөнелді амандасып пері жақтан.
Күңі мұндай болғанда Шәмсі қандай,
Сөзі бар сөйлегенде шекер балдай.
Алма мойын, ақ жүзді, қиғаш қабақ,
Еті бар қарап тұрсаң жауған қардай.

Шәмсібану еліне амандасты,
Көзінен қара нәркес төкті жасты.

2230 Шаһласқа шаһизада амандасып,
Өз еліне қарата қадам басты.

Ол күні Марғышаһқа келіп жетті,
Қонақ болып ол түні кеңес етті.
Таң атты, Марғышаһқа амандасып,
Өз еліне қарата ұшып кетті.

Шаһзада осылайша келе тұрсын,
Тамаша орта жолда көре тұрсын.
Әкесі алдындағы не болады,
Бұл Ақыт оны дағы кеңес қылсын.

2240 Әуелде Жиһаншаһ қашып кетті,
Әкесі жауын қырып қайтып кетті.
Қаратты жалғыз ұлын һәр тараптан,
Жаранлар, бұл ортада төрт жыл өтті.

Ол кәпір өз еліне қашып барар,
Қырылып мұсылманнан сасып барар.
Арада төрт жыл өтіп кеткеннен соң,
Бір күні өз-өзінен намыстанар.

2250 Бір күні және Киғал ашуланды,
Хан, сұлтанын шақырып қасына алды.
Неше мың әскер жиып неше күндей,
Жұртына Жиһаншаһтың тағы барды.

Барды да мұсылманға хабар салды,
Мұсылмандар жиылып қарсы барды.
Екі әскер сап тұтып қарсыласып,
Екі ортада ұрыс қып майдан салды.

Ғайынзар мұсылманның палуаны бар,
Қылады кәпірлерге дүниені тар.
Кәпірлер қайла бірлән шынжыр тастап,
Патшаның балуанын байладылар.

2260 Кәпірлер балуанды байлап алды,
Патшада Сарһиң деген ғаяр бар-ды.
Ол ғаяр қайла бірлән барды дағы,
Ғайынзарны ұрлап ап кетіп қалды.

Ол ғаяр Ғайынзарны ұрлап алды,
Өзінің патшасына алып барды.
«Батырын ұрлап алып кетіпті» деп,
Патшаға осылайша хабар барды.

2270 Мұны естіп Киғал кетті ашуланып,
Ыза болып шыдамай күйіп-жанып.
Аттанып шоғырымен ат қойысып,
Мұсылманға кәпірлер тиді барып.

Соғысып кетті екі жұрт араласып,
Бөгелді мұсылмандар жаман сасып.
Кәпірлердің әскері басым болып,
Жөнелді ләшкерімен патша қашып.

Шаһарына мұсылман кірді барып,
Кәпір жатты шаһарды қамап алып.
Тағы да шамасынша әскер жиып,
Соғысты тағы бір күн шығып алып.

2280 Екі әскер бек қатты соғыс салды,
Ағызды бір-бірінен қызыл қанды.
Кәпірлердің ләшкері көптігімен,
Тағы да Ғайынзарны байлап алды.

Падиша шаһарына тағы кірді,
Жеңерін Киғал кәпір енді білді.
Мұсылмандар жиылып таң атқанша,
Падиша уәзірлермен кеңес қылды.

2290 Падиша айтты хан, төре, уәзірлерге:
— Біздерге жәрдем берсін Жаппар Алла.
Соғыс деп таң атқан соң бірің қалмай,
Амал жоқ, соғыспайтын шара бар ма?

Орнынан таң атқан соң әскер тұрды,
Екі әскер бек қатты соғыс қылды.
Сансыз көп кәпірлердің қисабы жоқ,
Мұсылманның әскерін тағы қырды.

Екі жұрт соғысумен араласты,
Падишаның әскері енді қашты.
Кәпірлер падишаны тұтпақ болып,
Қол қойып жан-жағынан қамаласты.

2300 Бағына Жиһаншаһ шығып еді-ау,
Марғышаһта бір түні тұрып еді-ау.
Таңертең алтын тақпен ұшып шығып,
Өз еліне қарата жүріп еді-ау.

Өз шаһары Кабилге келіп кірді,
Әкесін қашып жүрген көріп білді.
«Кәпірлердің әскерін қырындар» деп,
Пері менен диюға әмір қылды.

2310 Дию, пері кәпірге енді тиді,
Жиһаншаһ тамаша етіп қарап тұрды.
Мың мәртебе қырыпты мың-мың кәпір,
Және отыз мың кәпірді жесір қылды.

Диюлар перілермен қырды барып,
Патша жарлық қылған соң тұрсын нағып.
Бір сағаттың ішінде ойран қылды,
Қиғал һүнді патшасын ұстап алып.

Кәпірді дию, пері қырды-ау енді,
Сол жерде жалғыз ұғылын патша көрді.
Көрген соң жалғыз ұғылын мұңлы патша
Зар жыласып, көрісіп зар еңіреді.

2320 Падиша қуанғаннан еңіреді зар,
«Не керек сенсіз маған тақ пенен мал».
Құдайға сәжде әйлап қылды шүкір,
Көрсеткен мағрифаттық Пәруардигар.

Көрісті ел-жұртымен аналары,
Жылады зар еңіресіп балалары.
Жылады қойдай шулап көп жамағат,
Қураған ойлай-ойлай саналары.

Падиша шүкір қылды Алла Хаққа,
Кез болды жалғыз ұғылы бүйткен шақта.
Шаһзада шаһарына барып кіріп,
2330 Отырды енді мініп алтын таққа.

Алдына ол Киғалды алып келді,
Мойнына зінжір темір салып келді.
«Мұсылман бол» деген соң шаһизада,
Мұсылман Киғал патша болды-ау енді.

Кәпірлердің мұсылман бәрі болды,
Қуанып шаһзаданың көңлі толды.
Қайтарып ол Киғалды шаһарына,
Жұртына Жиһаншаһ патша болды.

Той қылды неше күндей халқын жиып,
2340 Көз жасын қабыл көріп Құдай иіп.
Шаһзада, Шәмсібану — екі ғашық,
Қосылған бір-біріне көңлі сүйіп.

Періге тағы барар және дағы,
Сағынып көретұғын болған шағы.
Кей күн анда барады, кейде мұнда,
О да болса Алланың берген бағы.

Ары-бері шаһзада өстіп жүрді,
Осындай тамашамен дәурен сүрді.
Таққа мінсе, диюлар көтереді,
2350 Ат орнына шаһзада пері мінді.

Иә, Алла, жәрдем әйла ғаріп құлың,
Ғешбір қисса жазғам жоқ мұнан бұрын.
Жиһаншаһ, Шәмсібану — екі ғашық,
Өткізді осылайша пәни ғұмырын.

Жаранлар, осылайша ғашық өтті,
Жиһаншаһ мұрадына ақыр жетті.
Ойлама өлмеймін деп, әй, жаранлар,
Ақыры оларға да зауал жетті.

2360 Енді жазар сөзім жоқ мұнан былай,
Сөзімнің енді аяғын тамам қылай.
Жеткізгіл һәр бендені мұрадына,
Фазылыңмен біз ғаріпті, патша Құдай.

Құп көрдім жолдастарым ілтимасын,
Құдайым қылсын ұзын өмір жасын.
Мен ғаріп бір қиссаны шығарам деп,
Азырақ әуре қылдым ғаріп басым.

2370 Бірқатар ғаріп басым әуре қылдым,
Сол уақыт майдан үйге келіп тұрдым.
Азырақ бұ қиссаға алаң болып,
Жеті сағат ішінде жазып тындым.

Мен тұрмын хатшы болып жамин үйге,
Жұмысы жоқ хаттан басқа сынық ине.
Ағалар, тірілікте қамшылап бақ,
Қылады кімге опа жалған дүние.

Мың үш жүз сегізіншіде жаздым мұны,
Мұхаммедтің үмбеті, Хақтың құлы.
Тәржіма бұ кітапты өлең қылған,
Қарымсақбай немересі Үлімжіұғылы.

2380 Ақытың бұ қиссаны жазып тынды,
Қоймаған жолда сәлем осы құрды.
Тамам қып бұ қиссаны жазып алып,
Алдында үлкендердің баян қылды.

Сөз жаздым білгенімше қағазыма,
Бата бер мендей ғаріп сабазыңа.
Аз ғана фаһимымша жаздым мұны,
Разы ма жолдастарым, наразы ма.

Жаранлар, разы болсаң, берші бата,
Өткелбай ағамыз бен және Қапа.
Қата болса сөкпендер, әй, жаранлар,
Бар шығар байқалмаған сөзде қата.

Өткелбай бата берді қолын жайып,
Жазылды аз ғана сөз жоқтан ғайып.
Қояйын тамам қылып енді сөзім,
2394 Қорқамын кетем бе [деп] жолдан тайып.

قصة خوجه عفان

Қисса қожа Гаффан

Әуелде сөз айтайын «бисмилладан»,
Өлмей қалмас анадан туған адам.
Өлмей тұрып бір қисса сөйлейін мен,
Туған жан бәрі де айрылар ата-анадан.

Сөйлейін бұрынғы өткендерден,
Бенде болып дүниядан кеткендерден.
Ғашығынан басқаға көңіл берген,
Ахир Құдай тілегін бергендерден.

10 Тыңлай көр, бұл сөзіме құлақ салып,
Дүнияда ғаріптердің бәрін теріп.
Көрген соң бұ қиссаны қызық көріп,
Мен ғаріп жаза салдым тілім алып.

Бұрын бір дәулетті бай болған екен,
Дәулет перзент, уммаға қорған екен.
Басра деген шаһарда, жамағаттар,
Бір үлкен, дәулетті бай болған екен.

20 Аты екен ол байдың қожа Гаффан,
Құдай берген дәулетті алуан-алуан.
Ғаріп менен пақырға қайыры көп болған,
Дүниядан келер ме екен ондай адам.

Ол Гаффанның алхоры бар,
Бәрне қылса бендеге Тәңірімқылар.
Күнше малы көзіне көрінбейді.
Перзент үшін Аллаға қылады зар,

Ол қожаның дүниядә дәулеті көп.
Құдай мұңсыз бендені жаратпайды.
Арманы дүниядә — баласы жоқ.

«Малды ал да бала бер, бір Құдайым.
Перзент үшін көңілім тулады дайым,
Бір күні өлсем алдымда бала қалар,
30 Иесіз бұ малны не қылайым».

Қожа Ғаффан Құдайға жылап жүрді,
Ақыры бір күн тілегін Құдай берді.
Бендеге шын тілесе Тәңірі берер,
Малына күнен-күнге науқас кірді.

Дәулеті күнден-күнге кетті кейін,
Дәулеті судай ақты күн-күн сайын.
«Перзентім жоқ бұ малым кетпес» деп,
Бейшараға тағы да түсті уайым.

Бұрынғы дос бәрі де безіп кетті,
40 Дәулет кетіп, қожаға мехнат түсті.
Қолындан дәулеті кеткен кезде,
Хатуны күмәнді болып, бала бітті.

Біреуге мал менен перзент те берұр,
Біреуге перзент берсе, малын алұр.
Біреуді бай, біреуді жарлы қылар,
Кей адамның басына қайғы салұр.

Қожаның танып кетті алмақтары,
Қожадан безіп кетті жұрттың бәрі.
Қожаға келе жатып кез келгенде,
50 Таныған соң бұрылып кетті әрі.

Бұл қожа мұны көріп наза болды,
Қожаның көкірегіне қайғы толды.
Бұрын қорлық көрмеген қожа Ғаффан,
Сарғайып бұ қайғыдан жүзі солды.

Қожаға теріс қарар көрген адам,
Қолынан тілеп қайыр берген адам.
Құдай салса, көрмейтін халің бар ма,
Еркі бар не қылса да ол Құдайым.

60 Қожа Ғаффан ойлайды «қайтемін — деп,
Енді кімге сырымды айтамын» деп.
Зар илеп, ой ойлайды қожа Ғаффан,
«Құдайым, маған болды не кесір?» деп.

Бендеге дәулет бітсе, әуел бітер,
Адамдан дәулет кетсе, ақыл кетер.
Болғанда ақылы болған адам,
Жарлы болса Құдайым әуара етер.

70 Қожа Ғаффан ойлайды һәрбір ойды,
Бар дәулеті қолынан кетіп қойды.
«Хатуным есен-аман бала тапса,
Немді сойып той қылайым енді.

Қуанып тойға келсе ағайыным,
Немене анда менім көрген күнім.
Бұ шаһардан кетейін басымды алып,
Тұрғаным жарамайды мұнда менім».

Қожаға ғаріпшілік жаман батты,
Жарлы болсаң, жігіттер, жанға қатты.
«Бұ қорлықты көргенше өлейін» деп,
Бір күн қожа хатунға ақылдасты.

80 — Хатуным, мен кетейін басымды алып,
Хатуны зар илейді онда қалып.
— Бұ қорлыққа шыдамай сен кетесің,
Мен байғұс күн көрермін қайда барып?

Қожа Ғаффан жөнелді жұрттан безіп,
«Жүрмейін бұ шаһарда көзім сүзіп.
Бүйтіп жүріп қорлықты көргенше,
Дым болмаса жүрейін жаһан кезіп».

Жылай-еңірей жұртынан безіп кетті,
Хатунға ғаріпшілік жаман түсті.
Үйінде түгел малы бәрі бітті,
90 Баланың туар күні енді жетті.

Хатунның үйінде бар жалғыз көнегі,
Құлақ салып, жақсылар, тыңла мұны.
Үстіне киетұрған киімі жоқ,
Ғарібнің қиын болды көрген күні.

Ғарібнің көрген күні болды қиын,
Үйінде қалған жоқ-ты жалғыз бұйым.
Күңіменен екеуі зар илейді,
Пақырлар таба алмайды тамақ, киім.

Хатунның күні бітіп туды бала,
100 Туғызды артық қылып Алла Тағала.
Күні бітіп хатуны бір ұл тапты,
Құдайдың құдіретіне қара-сана.

Үйінің іші, бәрі де нұрға толып,
Бала туды хатундан айдай болып.
Күң екеуі баланы көргеннен соң,
Қайран болып балаға қалды талып.

Есін жиып қараса, бала жатыр,
Баласын қолына алды хатун пақыр.
Жаңа туған күн мен айдай болып,
110 Толықсып сары алтындай бала турур.

— Құдайым, көрсеттің ме мұны маған,
Мен разы болайын, Ием, саған.
Баланы көргеннен соң шыдай алмай,
Жылайды ғаріп хатун қуанғаннан.

Құдайға шүкір қылды күң мен хатун,
Ғаріп патша баланың қойды атын.
Бұндай болып адамдан жан туар ма,
Баланың көрер болуң салтанатын.

120 Бір күні бала тапты ғаріп хатун,
Таң қаларсыз, көріңіз салтанатын.
Атасы ғаріп болып кеткен үшін
Баланың Ғаріп патша қойды атын.

Ол бала қараңғы үйді жарық қылар,
Үйінің іші бәрі де нұрға толар.
Сейфүлмәлік, Бәдіғұлжамал көркі сонда,
Көрген жан бәрі де қайран қалар.

130 Бұлардың ішіп-жейтін тамағы жоқ,
Адамзат тамақ ішпей болмайды тоқ.
Бес-алты күн аш жүрді бейшаралар,
Екеуі зар илейді «қайтеміз» деп.

Емдірсе, сүт шықпайды баласына,
Хатунның құлағың сал дәмесіне.
«Себеп бер» деп жылайды бір Аллаға,
Аштықтан қайғы түсті анасына.

Мұны көріп жылайды ғаріп күні,
Неше күндер аш болып күні-түні.
Хатунға жылайды күң бейшара:
«Базарға алып барып сатшы мені».

140 Мұны көріп жылайды күң бейшара:
— Аштан өліп қалмасын Ғаріп бала.
Сатсаңыз менім саған пұлым қалар,
Өзіңе бірқатар күн ауқат болар.

Хатун мұны есітіп төкті жасын:
— Сен едің менің жалғыз жан жолдасым.
Сенен басқа ғаріп басым не болады,
Не болар сенсіз маған жеген асым.

150 Мен саған ашулансам қатты айтамын,
Көңілім мойып, шырағым, жақсы айтамын.
Әр жаман күнімде мұндасым сен,
Сені сатып, шырағым, не қылайын.

Не болар сені сатып алған пұлым,
Құлағыма кірмейді сенің мұның.
Мен кімге мұңдасамын сен болмасаң,
Қайтіп өтер дүниядан менім күнім.

Дүниядә ғаріблерден жаман бар ма,
Дүнианың ғаріблерге бәрі тар ма.
Күң менен хатун екеуі кеңеседі,
«Енді біз[дей] ғаріблерге амал бар ма».

160 Аш болған соң жылайды Ғаріп бала,
Аны көріп жылайды ғаріп ана.
Енді бұ бейшаралар «қайтеміз» деп,
Пақырларға бірталай болды сәна.

Ғаріпшілік бұларға болды дайым,
Бұларды ғаріп қылған бір Құдайым.
«Осы күнде қасымда болмады» деп,
Ойына алып жылайды кеткен байын.

170 Қожа Ғаффан жұртынан кетіп қалды,
Хатунға бір Құдайым ақыл салды.
Күңін соған жұмсады: — Барып кел, — деп,
Ерімнің Құдай дескен досты бар-ды.

Сәлем айтты дегейсің барып аңа,
Достыңыздың хатуны ғаріп сізге.
Көп сәлем дегейсің ғаріп бізден,
Біраз пұл керек болды берсін бізге.

Күң жөнелді достысын көңіліне алып,
Хатунның ақылына қайран қалып.
— Достыңыздың хатуны жіберді, — деп,
Бибінің сол сәлемін барды айтып.

180 Сәлемін көңіліне алып қайран қалды,
Досты мұны естіп аң-таң қалды.
— Әлі достым келгені жоқ баян, — деп,
Жүз діллә алды да алып салды.

— Бер, — деді, — жүз ділләні алып барып,
Бұрын неге келмедің маған ғаріп.
Бір жүз діллә достыма бермегім бар,
Келіп тұр керегіңді менен алып.

«Бар енді» деп, бірқатар тамақ берді,
Күн көтеріп үйіне алып барды.
Қуанғаннан жүгіріп үйге келді,
190 Естіген жауаптарын айтып келді.

— Достыңыз сәлем, — деді, — бибі, сізге,
Көп тамақ, бір жүз діллә берді сізге.
Қып-қызыл жүз ділләні алып келдім,
Бірқатар ауқат болұр енді өзімізге.

Ғаріп хатун Құдайға шүкір қылды,
Жақсы-жаман һәр істі Хақтан білді.
Енді хатун жылайды қуанғаннан,
Көзінен аққан жасқа алды толды.

Күн менен хатун екеуі кеңеседі,
200 Ғаріптер бірге отырып мұңдасады.
«Базардан жібек алып, кесте тігіп,
Сатып ауқат қылайық біз» деседі.

Базардан күн барды да жібек алды,
Хатун тігіп һәр түрлі өрнек салды.
Күн базарға сатарға алып барды,
Көрген адам баршасы қайран қалды.

«Базарға сатайын» деп тұрып барды,
Жұрт жиылды, көрген соң қайран қалды.
Жиылған жұрт бәрі де тамаша етіп,
210 Сұрағанын берді де, кетті алып.

Шәл орамал жібектен тігеді алар,
Бұл шәліні көрген адам қалып қайран.
Ғаріптер жақсы ауқат қылды дейді,
Ақыры Құдай тілеуін берді дейді.

Жалғыз ұлды екеуі таза күтіп,
Баласы екі жасқа келді дейді.

Баланың тілі шықты шекердейін,
Тал шыбықтай бойы өскен жыл-жыл сайын.
Қуаныш қылып ойлайды ғаріп хатун,
220 Енді мұны молдаға оқытайын.

Молдаға баланы оқытпақ парыз екен,
Оқытпаса, мойнына қарыз екен.
«Баламыз оқу оқыр жасқа келді,
Оқытпаққа молдаға берсек екен».

Молдаға хатун ұлын алып жүрді,
Өзі қайтты, баласы оқып қалды.
Көрген адам балаға аң-таң қалды,
«Бисмилла» деп молдадан сабақ алды.

Бала оқыр молдадан сабақ алып,
230 Жұрт қарайды балаға қайран қалып.
«Періште ме, пері ме бұ бала» деп,
Медресе халқы бәрі де қалды талып.

Тұрдылар бір заманда есін жиып,
Кетті енді балаға іші күйіп.
Аң-таң болып отырды бәрі тұрып,
Баладан кете алмайды көзі қиып.
Баладан көз айырмас бала-шаға,
Кәрі-жас, кіші іні, үлкен аға.

Баланың көркіне қайран болып,
240 Жұрт жиылып қарайды тамашаға.
Бала оқыды сабағын «бисмилла» деп,
Қандай қылып айтса да болады деп.

Жарқырап күндей болып отыр бала,
Көз айырмай қарайды жиылған көп.
Мұндай бала туар ма адамзаттан,
Екі көзі қап-қара қарақаттан.

Баланың көркіне ғашық болып,
Тырнақтай есі қалмады жамағаттан.
Тал шыбықтай бойы бар, белі нәзік,
250 Мұнан артық тағы да не мақтайын.

Жүз жазсам баланың көркін жазып,
Мыңнан бірін қағазға жазып болмас.
Қастары қара болып сызылып-дүр,
Тістері меруеттен тізіліп-дүр.
Кірпіктері оқтай болып сүзіліп-дүр,
Қылдан белі жіңішке үзіліп-дүр.

Адам беті көрінер жан-жағынан,
Ішкен асы көрінер тамағынан.
Қызыл алма секілді иегі бар,
260 Гүл төгіліп тұрады-ай қабағынан.

Сөйлесе, бал секілді сөзі тәтті,
Сөйлесе, күйдіреді жамағатты.
Тұлымшағы жағында салбырап тұр,
Тырнағы — алтын, қамыстан бармақтары.

Көрмеген соң болмайды мақтағаным,
Не болар мұнан аяп сақтағаным.
Мыңнан жаза алман уасифын аның,
Лұқман Хакім секілді болса жасым.

Енді бала сабағын оқып болды,
270 «Қайт, балам» деп молда рұқсат берді.
Қол қусырып медреседен шықты дағы,
Ғаріп бала үйіне қайтіп келді.

Балаға жұртның бәрі еріп келді,
Ол бала қайтып келіп үйге кірді.
Бала қайтып үйінен шыққанынша,
Жұртның бәрі есікте қарап тұрды.

Бала қайтып медреседен үйге кірді,
Тосып тұрған адам бәрі көрді.

280 Балаға шыққан соң қуаныш қылып,
Қойдай шулап артындан бірге жүрді.

Ішпек-жемек қайғысы ойдан кетті,
Сөйтіп жүріп бірқатар заман өтті.
Әрі-бері балаға еріп жүріп,
Құдайым қанша жұртты әуре етті.

Сабаққа бала барып жүреді екен,
Жұрт жиылып баланы көреді екен.
Жұрт жиылып есікте тұрады екен,
Бәрі еріп артынан жүреді екен.

290 Шаһарда ғашық болмай жан қалған жоқ,
Жасы-кәрі қалмайды көз салмаған.
Жасы-кәрі, бала, қатын-қыздың бәрі,
Шаһарда жыламаған жан қалмаған.

Жұрт жабылып тұрады мойынсұнып,
«Бала қашан шығар» деп үйіне алып.
Жемек-ішпек қайғысы ойдан кетті,
Зар болып бейшаралар қайран қалып.

300 Қайғыда жұртның бәрі зар қылады,
Зар еңіреп тұрады жас мен кәрі.
Бір күн хатун іңірден көзін салды,
Халайықты көрді де қайран қалды.

Барша мойын салып көрді жасты,
«Бұлар неге келген?» деп ойына алды.
Ойлайды «Қожа Ғафған өлген шығар,
Ғаріпке қиын іс болған шығар.

Хатун күңін шақырды: — Мұнда кел, — деп,
Жиылған халайықты көрдің бе? — деп.
Қайғылы адам секілді көрінеді,
Бұлар неге жиылған, біліп кел, — деп.

— Бұлардың бәрі ғашық балаңызға,
310 Көзің нұры, қуаныш, данаңызға.
Шаһар халқы баршасы қайран болып,
Айтуға бата алмайды мұны сізге.

Баланы дана қылған бір Құдайым,
Баланың ақылы бар дайым-дайым.
Зар болды бір көруге көп халайық,
Көрмекке баланы жейді уайым.

Хатун енді баласын жібермеді,
Баласын үйден тысқа шығармады.
«Баламның оқығаны болады» деп,
320 Зейінімен таныды бір Құдайны.

Хатун енді балаға: — Шықпа, — деді,
Көкірегіме көп қайғы жақпа, — деді.
Баланы «шықпайды» деп жұрт қарап тұр,
Хатун ғаріп баласын сақтайды енді.

Ұстаз байғұс балаға қарап отыр,
Құран оқып баладай шулап отыр.
Жіберді екі бала «барып кел» деп,
«Неге келмейді бала, біліп кел» деп.

Сәлем беріп үйіне кірді алар:
330 — Жолдасымыз[ды] тез алып барайық біз.
Хатун айтты: — Жұмысыңды айтыңызлар,
Не жұмысқа келдіңіз, жаным, сізлер?

Хатун айтты: — Жұмысыңды айтыңызлар,
— Жолдасымыз[ды] алғалы келдік бізлер.
— Сәлем айт молдаңызға сізләр барып,
Медресеге енді бармас біздің Ғаріп.

Ораза, намаз, иманды таныды енді,
Молдадан енді жүрмес сабақ алып.
Балалар молдасына қайтып келді,
340 Анасының айтқанын айтып келді.

— Анасы оқуға жібермеді,
Сабаққа жолдасымыз келмейді енді.
Молдасы мұны естіп тұрды дейді
Амалы халфенің құрыды енді.
«Өзім барып оны алып келейін» деп,
Аяңдап бала үйіне келді енді.

Аны қарап тұр екен жиылған көп,
Қуанды бұ молданы бұлар көріп.
Қуанысып тұрдылар бұлар қарап,
350 «Молда барып баланы әкелер» деп.

Рұқсат алып үйіне молда кірді,
Ұстазын бала көріп, сәлем берді.
Алып келіп төрінде отырғызып,
Сәрпай жауып молдаға қызмет қылды.

— Жаным, неге сабаққа сен бармайсың,
Анасы, мұны неге жібермейсің?
Оқуынан қалдырып бейшараны,
Жауабын ақыретте ойламайсың.

Әлі мұны күтіп тұр жолдаслары,
360 Бірге сабақ оқыған мұңдаслары.
Бәрі де «келмейді» деп жылап отыр,
Өзінің ойнап жүрген құрдаслары.

— Сабаққа енді балам бара алмайды,
Енді барып сабақты ала алмайды.
Жолдаслары сабақты оқи жүрсін,
Менің балам сабақтас бола алмайды.

— Бибі, жібер сабаққа шәкіртімді,
Ұстатымын, ренжітпе, жаным, мені.
Сауап болар жіберсең балаңызды,
370 Данышпанды ұрғашыда көрдім сені.

— Баламның оқығаны болар сізге,
Енді шәкірт болмайды балам сізге.

Сәрпай ки де, балама батаңды бер,
Хазірет, қайтыңыз үйіңізге.

— Балаңызды көрген адам қайран қалар,
Құдайымның құдіретін көңіліне алар.
Балаңызға жұрт бәрі дұға қылса,
Ғұмыры перзентіңнің ұзын боғлар.

— Тіліңді қанша айтсаң да мен алмаймын,
380 Көңлімнен сөзіңе көз салмаймын.
Ер бендесін Құдайым өзі сақтар,
Сізден қорқып баламды жібермеймін.

Молда шықты үйінен ашуланып,
Іші күйіп қайнайды оттай жанып.
Баланың шықпағанын көргеннен соң,
Жұрт жалынды молданы ұстап алып.

— Тақсыр, келің бізлердің қасымызға,
Тәраххам қыл көзден аққан жасымызға.
Әй, молда, естіп кет мұнымызды,
390 Қатты қайғы іс түсті басымызға.

Сөйлесіңіз хатунға қайтып барып,
Өлерміз бұ қайғыдан біз сарғайып.
Сұрағанын берейік бізлер аның,
Аны бізге көрсетсін алдына алып.

Молда тағы хатунға қайтып барды,
Жұрт айтқан сөзлерін айтып барды.
— Әй, хатун, балаңызды бір көруге,
Ер басына берелік бір ділләдан.

Көнді хатун насихат еткен сөзге,
400 — Баламды көрсетейін енді сізге.
Енді түктен баламды көрсетпеймін,
Алып келіп алтынын берсін бізге.

Әуелгі күн бір алтын беріп көрді,
Бір діллә берген кісі үйге кірді.
Қуанғаннан он екі алтын берді,
Пұлы жоқтар көшеде жылап жүрді.

Көшеде жұрт тұрдылар кезек күтіп,
Ер басына бір-бір дана діллә беріп.
Кейін тұрған жандарға кезек тимей,
410 Жәмағат бірін-бірі кетті басып.

Бұрын кеткен дәулеті қайтып келді,
Хатун тұрып Құдайға шүкір қылды.
Кеш болған соң алтынды санадылар,
Қанша болған екен күнгі қарадылар.
Бір күнде жиылған жүз мың алтын,
Құдайға шүкір қылды енді бұлар.

Ертең хатун базарға барды дейді,
Қайтарып көз базарға салды дейді.
Керек-жарақ нәрсесін бәрін алып,
420 Қырық күң, құл қызметкер алды дейді.

Сатып алған құлының бәрі нұрлы,
Бұларға киім алды түрлі-түрлі.
Үстіне түрлі киім киіндіріп,
Алтындап күндерінің шашын өрді.
Өз күңін қылды күңнің басы,
Ғаріптің көл болды көзі жасы.

Құлының бәрін нөкер қылып,
Таңдап бірін қылыпты қазынашы.
Хатун тағы алып керек-жарақ,
430 Қазынашы базарға келді барып.

Көңілі түскен нәрсенің бәрін алып,
Киім, аспап керегінің бәрін алып.
Енді хатун алтыннан сарай қылды,
Шаһардағы ұстаның бәрін жиды.

Дүниядағы өрнектің бәрі сонда,
Біреуге хараж қылды сансыз пұлды.
Алтын, күміс ол үйдің көшелері,
Маржан, меруерт ол үйдің діңгеклері.

440 Шегелері гауһар тас, алтын жаққан,
Істеген қандай екен ұсталары.
Балаға салды және бір көк күмбез,
Кеңдігі сұрасаңыз жүз алпыс кез.
Алтын, жақұт, гауһардан зейнеттеген,
Көз көрмей осы сөзді айтып болман.

Көк күмбезге енеді күнде-күнде,
Ойнап-күліп отырды күнде-түнде.
Домбыра мен өлеңші, ойын-күлкі,
Ондай қызық болмайды осы күнде.

450 Шамшырақтайын қанадил асулы тұр
Ғаріп падиша қызбенен ойнап отыр.
Өлеңшілер қасында домбырашы,
Нұрын һәммасы билеп отыр.

Кірді бала үйді істеп болған соң,
Ел жиылып ішіне толған соң.
Алып келіп алтын-күміс безендірді,
«Көрем» деп жүзін көңіл қиылған соң.

460 Ғаріп хатун баласын жуындырды,
Беліне алтын-күміс буындырды.
Басына тәж кигізіп, шашын өріп,
Үстіне түрлі киім киіндірді.
Баланы отырғызды алтын таққа,
Құдайның кім таласар берген баққа.

Ондай бала туар ма адамзаттан,
Нұры балқып көрінді назар шындан.
Бала тағы нұрланды бұрынғыдан,
Көрсен бәһа қыларсың шамшыраққа-ай ...

Құлдары алдында тұрар қол қусырып,
Жаның пида қыларсың аны көрсең.

Жамағат барды кезек-кезек,
470 Тағы да бала отырды бойын түзеп.
Көрсең пида қыларсың жаныңызды,
Тағы да бала отыр бойын түзеп.

Екінші күн, үшінші күн, төртінші күн,
Бәр күнде беріп жатыр бір-бір алтын.
Шаһардың кедей қылды тамам халқын,
Сыймайды сарайларға күміс-алтын.

Алтын қисап болмайды малы барға,
Мұның аты жайылды тамам елге.
Пақыр, міскін көрмесе шыдамайды,
480 Бұл қайғы қиын болды пақырларға.

Бәрбір елге баланың даңқы кеткен,
Шаһар халқы бәрі де келген екен.
Баршасы ғашық болды бір көрерге,
Шаһар халқы бәрі де келген-кеткен.

Алып келіп алтынды берген екен,
Баланы бір көруге ғашық болған екен.
Адамдар бұ шаһарда болды кедей,
Кете алмай сол шаһарда жүрген екен.

Үлкен шаһар бар екен жақын жерде,
490 Жүз мың жүһүд бар екен ол шаһарда.
Жүһүдтерден балаға ғашық болып,
Падишаһы бас болып келді бірге.

Жүз мың үйлі жүһүдтің ерді басы,
Қожа Ғария патша еді аның аты.
Аның жұрттан көп еді қазынасы,
Өзі ақыл[ды], халыққа дана еді.
Ғаріп, міскін, пақырға қайырлы еді,
Бұлардың өздері бәрі де табиб еді.

- Бұл сөзді құлақ салып есітілер,
500 Іздейді бұ баланы бұлар дағы.
«Көрелік» деп ойлайды бейшаралар,
Жүз мың жүһүд бәрі де атқа мінді.
- «Тамаша етіп келелік барып аны»,
Бұлар бәрі атқа мініп жүрді дейді.
Бұлар бәрі атқа мініп жүрді дейді,
Аз заманда шаһарға келді дейді.
Баланың есігіне нұр төгіліп,
Хатунға бала хабар берді дейді.
- Қожа Ғария келіп тұрар есігінде,
510 Жіберді «хабар айт» деп енді бізге.
Бұған қызмет қылыңыз жақсы күтіп,
Мұнан артық бала жоқ осы күнде.
- Бұларды түсіріп үйге кіргізділер,
Патшасын алтын таққа мінгізділер.
Құлдары мұнда келіп қызмет қылып,
Түрлі тағам әкеліп жегізділер.
- Бала келіп бұларға қызмет қылды,
Жүз мың жүһүд баланың жүзін көрді.
Қалың қара бұлттан шыққан күндей
520 Үйінің іші бәрі де нұрға толды.
- Жүз мың жүһүд бәрі де қайран қалды,
Балаға жамағаттар көзін салды.
Ішпек-жемек қайғысы ойдан кетті,
Табаққа салған асының бәрі қалды.
- Туар ма мұндай бала адамзаттан,
Қызмет қылып бала жүрер салтанатпен.
Қожа Ғария бибіні шақырады,
«Анасы қандай екен мұны тапқан».
- Шақырған соң бұл үйге келді хатун,
530 Қожа тысқа шығарды жамағатын.

— Қожа Ғария патша мен болармын,
Есіткенің бар ма еді менім атым.

Қол астымда жүһүд бар жүз мың елу,
Есіткенің бар ма еді бұрын мені.
Дәулетім бар, мүлкімнің қисабы жоқ,
Ақыл айта шақырдым мұнда сені.

Тыңласаң ақылымды құлақ салып,
Сен көнсең, ақылыма тілім алып.
Жұрт бәрі балаға ғашық болып,
540 Балаңды алып кетер бұлар тартып.

Көбінің беріп көрер пұлы да жоқ,
Баласын көре тұрған күні де жоқ.
Біреу тартып балаңды алып кетер,
Бұл ақылды айтамын тілімді алсаң.

Тілімді алсаң айтайын, сен сабыр қыл,
Ойласаң менің сөзім бола мақбұл.
Бұл шаһардың байынан жарлысы көп,
Балаңнан айрыларсың, хатун пақыр.

Балаңды маған тапсыр бір-екі жыл,
550 Сөзімді менің еткен көрсең мақбұл.
Жаным ашып айтамын сенің үшін,
Бұны қалай айтты деп болма мәлүл.

Бала қыла тұрайын берсең маған,
Ақыл қылып айтамын, жаным, саған.
Жұрт баладан көңілдерін үзгеннен соң,
Өзіңе тапсырайын есен-аман.

Қызығын аз ғана күн көр енді,
Тілеуін медет тілеп жүрейін де.
Алтын тақтың үстіне отырғызып,
560 «Балам» деп қуаныш қылып жүрейін де.

Бермесен, бұ саған болмас бала,
Ақ сұңқар қолдан ұшса, қайтып қонбас.
Арғымаққа мінгізіп киіндіріп,
Үйіме алып барайын жолдас қылып.

Мен ойлаймын, әй, хатун, заман жаман,
Сапардан ерің келсе есен-аман.
Күнде көріп тұрарсың балаңызды,
Қауіп қылмай, бейшарам, берсең маған.

570 Сөзімді менің айтқан ойлағайсың,
Енді мұнда балаңды қоймағайсың.
Маған қиып балаңды бермесен де,
Қауіпсіз енді, байғұс, болмағайсың.

Хатун байғұс, бейшара ой ойлайды,
«Бермесем де баламды жұрт қоймайды.
Құдайға тапсырайын мұған беріп,
Ұрғашылық қылғаным жарамайды».

580 Ой ойлайды «баланы берейін деп,
Құданың не салғанын көрейін деп.
Мен аманат баланы тапсырайын,
Бәр күнде барып көріп мен тұрайын».

Ойлап-ойлап баласын берді дейді,
Аның айтқан сөзіне инанды дейді.
Баланың ауырлығындай алтын беріп,
Баланы үйіне алып жүрді дейді.

Баланы алып жүрді қызық көріп,
Нұрына баланың көңілі толып.
Алтын, күміс, гауһардан, жақұт, асыл
Баланың ауырлығы[дай] алтын беріп.

590 Меруерт, маржан бәрін де берді алып,
Анасы баласына көңілі ауып.
Қайыр дұға қылып тұр «бейшара, — деп,
Байғұстың сүті емген ақың бар» деп.

Баланы қожа Ғария алып жүрді,
Қуанысып баланы алып келді.
Баласын алтын таққа отырғызып,
Жұртына «той қылам» деп хабар берді.

Қожа Ғария көп елді шақырдылар,
— Көп жұрт мұнда келсін, мұсылманлар.
Ертең қалмай келіңіз біреуің қалмай,
600 Қырық күн-түн қылатұғын тойымыз бар.

Қожа Ғария жұртына қылды тойды,
Һәр түрліктен мол қылып барын сойды.
Жарлыға алтын-күміс қайыр қылып,
Бұл тойда жарлы байғұс майға тойды.

Жұрт тарқайды қырық күн өткеннен соң,
Тамашаның бәрі де біткеннен соң.
Тарқаған соң жұртына жарлық қылды,
Уағдалы айтқан күні біткеннен соң.

Баланың қарап тұрсаң ақылы кең,
610 Дүниядә адам болмас аныменен тең.
Қожа Ғария сұрайды баласынан:
— Шырағым, не оқуды оқисың сен?

— Үмметпін Мұхамедке, Құдайға құл,
Ислам дінін білмеген болмайды құл.
Мұсылманның оқуын мен оқимын,
Менің айтқан сөзімді қылсаң мақбұл.

Балалар бәрі келді атасына,
Қарашы ақылының данасына.
«Мұсылманның оқуын оқытың» деп,
620 Бір молда қосып қойды баласына.

Баласын қожа Ғария жақсы күтті,
Қасынан һеш кетпейді өзі тіпті.
Һәрбір жұрттан қасына молда қосып,
Жетпіс екі, балаға тіл оқытты.

Енді бала сабағын оқып жүрді,
Енді жұрт көре алмай еңіреп жүрді.
Хатунға «балаңды қайда еттің» деп,
Жиылған көп есікте зары қылды.

630 Пақыр қожа бұларға ақыл салды,
— Сізлерге менім айтқан сөзім бар-ды.
Есен-аман келген соң көрсетейін,
Сапарға барып келсін енді, — депті.

Барып келсін бір жұртқа зауық қылып,
Жол жүріп, сауда қылып, ел аралап.
Сізлер мұнда тілекте тұрыңыздар,
Баршаңыз келгеннен көрің келіп.

640 Ойнап-күліп асан жасырмайын,
Аман сақтап келтірсе бір Құдайым.
Мен сіздің пұлыңызды не қылайын,
Алтын алмай мен сізге көрсетейін.

Бұл сөзді естіген жұрт жылайды,
Баршалары жад қылып зар еңіреп.
— Балаңызды бұ елден бөтен елге
Не себептен жібересіз, тақсыр? — дейді.

Астық сатып бір елге барып келсін,
Жол жүріп, жұрт аралап танып келсін.
Қырық дүкен толып-дүр астығым бар,
Мұны сатып, мал қылып алып келсін.

650 — Қырық дүкен толып тұрса астығыңыз,
Баланы астық сата жібермеңіз.
Таразының бір жағына алтын салып,
Теңеріп осы жерде алайық біз.

Астығыңды алтынға теңгерейік,
Астық алып, алтынды біз берелік.
Балаңыз өз қолынан өлшеп берсін,
Жұрт жиылып балаңды біз көрелік.

Қожа Ғария бұ сөзге көнді дейді,
Таразыны балаға берді дейді.
Қырық дүкен кілтін қолына алып,
660 Ғаріп падиша дүкенге кірді дейді.

Бала келіп дүкенге кірді дейді,
Жұрт жиылып дүкенге келді дейді.
Таразының бір жағына алтын салып,
Өлшеп бала бұ көпке берді дейді.

Қуанғаннан келді бұлар алтын алып,
Өлшеп берді бір жағына алтын салып.
Нұрына бұл баланың қайран қалып,
Бұрынғы көргендер қалды талып.

Таразының бір жағына алтын салып,
670 Астықтың алды бәрін алтын қылып.
Екі күнде түгел салды қырық дүкен,
Астық жұртының көбіне жетпей қалып.

Байлар көрді, жарлылар көрмей қалды,
Пұл жоқтар неш нәрсе бере алмайды.
Жылағанын көрген соң рахымы келіп,
Қожа Ғария баласын жасырмайды.

— Енді сізлер көріңіз бата беріп,
Бір жиылып көріңіз қайда барып.
Көргеніне жалпың дұға қылып,
680 Күнде келіп жүріңіз ойнап-күліп.

Жұрт бәрі ойнап-күліп жүрді дейді,
Күнде келіп баланы көрді дейді.
«Құдай сені саламат сақтасын» деп,
Балаға көп батаны берді дейді.

Ғаріп патша құрады салтанатын,
Күнде келіп тұрады бибі хатун.
Көп астықты сатқан соң Ғаріп патша,
«Сақар» деп баланың қойды атын.

- 690 Балаға қойды енді Сақар атты,
Жетпіс екі тілменен жазды хатты.
Айдай-күндей балқыды нұры аның,
Құдайым оған берді көп салтанат.
- Бұ кеңес осы жерде тұра тұрсын,
Көңіл ашар аз ғана кеңес келсін.
Қожа Ғаффан бейшара жұрттан безіп,
Құрып жүрген шығар енді келсін.
- Қожа Ғаффан жұртындан безіп кетті,
Бұ ортада бірқатар заман өтті.
Екі айлық жол бар екен екі ортасы,
700 Мысыр деген шаһарға барып жетті.
- Ғаріптің жейтін тамағы жоқ,
Үстінде киетұғын киімі жоқ.
Һәркімге тамақ үшін қызмет қылып,
Ғаріптікте ғұмыры өтті жасын төгіп.
- Шаһарды олай-бұлай аралайды,
«Кімсін» деп бұған адам қарамайды.
«Қайдан жүрген бейшара ғаріпсің» деп,
Һеш адам бұның халін сұрамайды.
- 710 Құдайым жігітлікте бейнет берме,
Аның көрген бейнетін айта көрме.
Әуелде бай, ақырда кедей қылып,
Ғаріп қожа тілегіне бір жетер ме.
- Әй, жақсылар, тұра тұр дат қылайын,
Көреді қызмет қылып бейшара күн.
Жаман-жақсы һәр істі Хақтан біліп,
Ғаріптікпенен өткізді көп өмірден.
- 720 Көз жасы, көкірегіне қайғы толып,
Ғаріпке Тәңірім өзі жәрдем беріп.
Ем болмас ғаріптердің айтқан сөзі,
Һәркімге тамақ үшін қызмет қылып.

Жат жерде жүреді екен мұның өзі,
Ғаріптің жаудырайды екі көзі.
Ғаріптің көрген күні заманақыр,
Бір жерде қызмет қылып жүрді өзі.

Бір адам болыпты жолдас мұған,
Жолдасының сарғайып жүзі жеткен.
Бейшара өлетұғын халге жеткен,
Қожа Ғаффан сұрайды жолдасынан:

— Ғарібім, аурумысың саған неткен?
730 Жалғыз сағат екеуі ойнап-күлген.
— Бейшара жүре алмайсың қызмет қылып,
Қайғы адам секілді аһ ұрарсың.

Шаһарда сен қайдан келіп,
Шаһарыңнан келесің не тағы біліп?
Сен сырыңды айтсаңшы, замандасым,
Не қайғың бар, жүресің нелер көріп?

— Көріп сені бейшарам күйді жаным,
Аһ, дариға қайғы салма, бар Құдайым.
Көрмеген соң айтқан бәрі жалған,
740 Басра деген шаһарда бір бай едім.

Дүнияда ғаріп бар ма мұңды болған,
Құдайым, қайғы салма өзің маған.
Жаным күйді көздегі жасыңызға,
Басрада азырақ едім тұрған.

Сөйлеші мұнда келіп, замандасым,
Басрада азғана тұрған едім.
Біз кеткелі көп заман, жетуің қалай,
Кім жақсы, кім жаманын білсем едім.

Аралап сол шаһарды жүріп едім,
750 Жұртның айтшы, кім жақсы, жаманлар кім?
Енді сенен сұрайын жұрттың жайын,
Сен сырыңды айтсаңшы, мұсылманым.

— Сұрасаңыз сырымды айтайын мен,
Басрада жарлы кім, дәулетті кім.
Бір баланың дертінен диуана мен,
Жұрттың бәрі кедей болды естіген соң.

Басраның ғаріп болды адамдары,
Қайғылы, баршасының жүзі сары.
Бір балаға баршасы ғашық болған,
760 Қожа Ғаффан секілді болды бәрі?

— Тәңірі айдап кез келдік сіз мен біз,
Дәм бұйырып қосылдық екеуміз.
Сен, маған сырыңды айтшы, жақсы қылып,
Қожа Ғаффан дегенің не деген сөз.

Қожаның не көрмейді ғаріп басы,
Ғаріптік менен ағады көзден жасы.
Жолдасынан бұл сөзді естіген соң,
Қатра-қатра көзінден ағады толы жасы.

Балаға естіген соң ғашық болды,
770 Сарғайып зағыпырандай жүзі солды.
Дертінден бұ баланың диуана болып,
Көзінден аққан жасқа алды толды.

Естіп ғашық болды бұ балаға,
Зар илеп шығып кетті айдалаға.
«Жылағанға жұмырық бар» деген сөз бар,
Бұл қайғы қиын болды бейшараға.

Құдіретін Құдайымның көріп қара,
Сарғайды ғашықтықтан бара-бара.
Естіген соң балаға ғашық болып,
780 «Бір көрсем» деп тұрады ол бейшара.

Шаһарда бір бала бар жүзі нұрлы,
Үстіне киім киген түрлі-түрлі.
Ғарлі заты ма бұ бала, пері заты ма,
Айтарсың көрсеңіз бәһәшт жүзлі.

Шашын тарап, беттерін жуындырған,
Беліне алтын кәмар буындырған.
Ай-күндей балқыр жүзі аның,
Ғәмма жұрт көрген соң ғашық болған.

790 Көрген адам мал-жанын пида қылған,
Көрмеген соң, жамағат, бәрі жалған.
Көрген соң пида қылды жанын, малын,
Көргенімді сыйлайын енді саған.

Көрген, мал беріп түгесілген,
Мен де малым түгесіп соған бергем.
Малым кеткеш, басымды алып кеттім,
Түгесіліп бар малым, жасым жеткен.
Мал бітсе, тағы барып көрер едім,
Кетпейді, замандасым, һеш ойымнан.

800 Қожа Ғаффан естіп ғашық болды,
Күнен-күнге сарғайып жүзі солды.
Сонша жүріп тапқан малы бес діллә екен,
«Мен де барып берейін тапқан пұлды».

Қожа Ғаффан ойлайды «Барсам екен,
Бір барып сол баланы көрсем екен.
Мұнда жүріп арманда өлгенімше»
Жөнелді «барайын, — деп, — енді оған».

810 Көрмесем бұл дерттен өлем тақ,
Азығы жоқ ғаріп — ғаріптің тамағы жоқ.
Келе жатыр қолында жалғыз таяқ,
Енді халі ғаріптің кетті тым-ақ.

Бұл ортада көп заман өтті дейді,
Тағдыр жетпей, ажалсыз кісі өлмейді.
Бір заманда Басраға жетті енді,
Арып-шаршап шаһарға жетіп келді.

Һәр үйден келеді хабар сұрап,
«Хатуным мен перзентім қайда екен?» деп.

Соларды көңіліне алып жылап келді,
Қоржын алып, қолына таяқ алып.

820 Күпісі бар үстінде, қолда таяқ,
Көзіне шашы түскен, сақалы ақ.
Тырнағы өскен, көргендер бәрі аяйды,
Табандары ойылған, халі біткен-ақ.

Ғаріп жанын бала үшін пида қылып,
Бейшара шашы менен мұрты өсіп.
Өз үйінің алдына келді жетіп,
Үйіне көзін салды тоқтап тұрып.

830 Ол үйге қайран қалып, есі кетті,
Адам қайран қалғандай үй салыпты.
Бұл үйге аң-таң қалды,
Іші күміс, сыртына алтын жағыпты.

Ұсталар істеген мұны нағылып,
Қарайды бұл үйлерге қайран қалып.
Көркіне бұл үйінің қайран қалып,
Өзінің тұрғандарын ойына алып.
Бейшара жылай-жылай қалды талып,
Үйлерінің жан-жанын енді қарап.

840 — Бұл жер менім жерім, біз бейшара,
Мен кеткен [соң] орнына үйін салды.
Әлде кімге бұйырды Алла Тағала,
Зар-зар жылап төмен салды басын.

Көзінден қатра-қатра жасын төгіп,
Дарбазаға жазулы хатты көріп.
Һәрбіреунің үйі бар замандасының,
Көз жасын төгеді зары қылып.

Есіктегі жазуды оқып жылап,
«Тойсаң, тобаң жаңылма» деген сөз бар.
Көзде жасы, көкірегіне қайғы толып,
Қожа Ғаффан жылайды түсі кетіп.

Күзетші келді бұлардың қатарларына,
850 Таң қалды көзден аққан жастарына.
Жастық қойды күзетші бастарына,
Есін жиып көтерді бейшара бастарын.

Көзінден қан аралас ағады жас,
Дарбазаның ішіне алып келді.
— Бейшара, қарның аш па, берелік ас,
Көп жылайсың, бейшара, не мұның бар?
Мұныңды бітіретұғын шамамыз бар,

Бибіміздің жарлығы сондай бізге,
Керегіңді берелік, жаным, сізге.
860 Оңаша үйге, бейшарам, алып барып
Қалағаның берейін сізге.

— Келемін Мысыр жақтан мен бір ғаріп,
Өзім аш, жаяу келдім мұнда арып.
Көзінден жасын төгіп, төмен қарап
Мейманхана үйіне барды кіріп.

Алдына қызмет қылып келді алар,
Қызмет етіп тұрады бұған құлдар.
Көп салтанат көрген соң ойына алып,
Ғаріп, міскін тағы да жылайды зар.

870 Хабар берді бибіге бір құл барып,
«Бір мейман келді бізге міскін, ғаріп.
Аты жоқ, киімі жоқ, тамағы жоқ
Жаяу келді бейшара таяқ алып.

Жаяу жүріп табаны біткен екен,
Үстіне жаман шекпен киген екен.
Арқасында торсық бар, қолда таяқ,
Сөйтіп жүріп күндері жаман екен».

Бибі хатун жылайды естіп аны,
Көзінің бұлады енді жасын төгіп.

880 «Ғаріп болып бейшара жүр ме екен» деп,
«Қандай адам екен?» деп сұрайды енді.

Бибі хатун жылайды мұны көріп,
«Бізлер мұнда отырамыз алтын тақта.
Ғарібімді, Құдайым, өзін сақта,
Бү кісі ғаріп болып жүреді екен,
Қожа Ғаффан жүреді екен қайсы жақта».

— Шақыр мұнда ғаріпті мен көрейін,
Үстіне киім, астына ат берейін.
Бейшараның көңілін аулап, халін сұрап,
890 Қуандырып бейшараны жіберейін.

Бізге дүния тілеуін берер ме екен,
Жыласақ, көзінің жасын аяр ма екен.
Бибі хатун қожаны үйіне алып,
«Қожа Ғаффан бұ жерге келер ме екен».

Ғаріп хатун қожаны көңіліне алды,
Бейшара жылай-жылай талып қалды.
Мейманға бір оңаша үй даярлап,
Жорған мамық төсек ішіне салды.

Шақырғалы біреу кетті ғаріп жаққа,
900 Хатун мініп отырды алтын таққа.
Жылай-жылай олтырды ғаріп хатун,
«Құдайым, ғарібімді өзін сақта».

Шақырған соң аяңдап ғаріп жүрді,
Құлменен барып екеуі үйге кірді.
Шымылдықтың ішінде хатун отыр,
Кірді де қожа Ғаффан сәлем берді.

Батпады отыруға қорқып жаны,
Төсекке келмейді отырғалы.
Алтын таққа отырған бибі хатун,
910 Айтайын таң қалсаңыз сізләрге аны.

— Құдай-а, шақырғаным өзім байым,
Жаныңа пида болсын малым-жаным.
Дүниядә аш, жалаңаш кезіп,
Ажал жетпей шықпайды ғаріп жаным.

Отырды сәлем беріп қожа Ғаффан,
Таныды хатун көріп байы екенін.
— Қай жерден, қайсы елден жүріп келдің,
Ғаріп? — деп шақырады өзі байын.

— Құдайым, осы көрген өз байым ба,
920 Жүгіріп келіп құшақтайды ол бейшара.
— Күні-түні сенің үшін зар иледім,
Мұны есен көрсеткен Құдайым ба?

Құдайым, көрсеткенің байым ба екен,
Құдайым бұл көргенім өңім бе екен?
Жүгіріп келіп хатуны құшақтайды,
«Көрісер күн бізлерге болады екен?»

Шыдай алмай бибі келіп бетін ашты,
Жүгіріп келіп қожаменен құшақтасты.
— Танымайсың, мен сенің қатының-ды,
930 Жылай-еңірей бейшаралар көріседі.

Бірін-бірі жылайды солар танып,
Құлдары тұр бұларға қайран қалып.
Көзінен қан аралас жас ағады,
Ғаріптер жылай-жылай қалды талып.

Қайран қалды бұларды көрген кісі,
Бендеге һәрне қылса Құдай ісі.
Екеуі есін жиып жылағанда,
Сел болды көзіндан аққан жасы.

Көрісіп жыладылар екі зарлы,
940 Бұрын жалғыз болса да енді байлы.
Көрмегенлі талай жыл болып кеткен,
Табысты бір-біріне зарлы екеуі.

Бір-бірінің сұрайды халін бұлар,
Көптен бері көрген жоқ бейшаралар.
Бибі хатун күйеуін танығанға,
Құл, кәнизак баршасы қуандылар.

Суға барып қожаны жуындырды,
Алтын кәмар беліне буындырды.
Алтын тақтың үстіне отырғызып,
950 Торғын маңлық киімдер киіндірді.

Екеуі хатунменен сөйлестілер,
Ғаріптер мұңын айтып жыластылар.
Көп заман бейшаралар көріспеген,
Бір-біріне мұңын айтып білістілер.

— Бұ дәулет қайдан бітті, хатун, сізге,
Жылап-еңіреп көрістің ғаріп бізге.
Үлкен байға жетіпсіз, хатун бибі,
Көп құл қызмет қылады өзіңізге?

Жақын келсе бізлерге күн болар,
960 Көзден аққан жасына алды толар.
Енді сен бізге немахрұмсың,
Байын көріп бізлерге азап қылар.

— Ғарібім, бізлер келдік елу жасқа,
Ерім жоқ бұ дүниядә сізден басқа.
Сенің үшін күні-түні жылап жүрдім,
Бүгін қонды дәулет құсы басымызға.

— Ғарібің Мысыр жақтан жаңа жетті,
Әй, хатун, бұ дәулет қайдан бітті.
Бастан-аяқ сөйлеші көргенінді,
970 Не себептен бұ дәулет саған бітті?

— Сіз барында ішіме бала бітті,
Сізден соң туатұғын күні жетті.
Туатұғын мезгілі болғаннан соң,
Толған айдай бір бала Құдай берді.

Құдайым ұғыл берді айдай қылып,
Үй іші бәрі де нұрға толып.
Таң қаларсың бір көрсеңіз балаңызға,
Көрген адам баршасы қалды талып.

980 Бір-бір алтын беріп көрді келген адам,
Халайықтың бергенін ала бердім.
Бұ қисап мал жиылды сол себептен,
Сіз жоқ болғаш, бізлерге болды уайым.

— Бізлерге ұғыл берді бар Құдайым,
Құдайдан тілеп алған күн менен айым,
Не берсе де Құдайдың құдіреті бар,
Шақыр мұнда, ұғылымды мен көрейін.

990 Құлдар алып жүрді бала жаққа,
Құдайның кім таласар берген баққа.
Тазаланып, шашын тарап, тырнақ кесіп,
Құлдары алып жүрді сарай жаққа.

Алып келіп құлдары сәрпай жапты,
Іздеп келген дәулетін жаңа тапты.
Бибі хатун қожадан бата алып,
Тапсырды қожасына алтын тақты.

— Ғам кетті, рахат келді бұ басыма,
Рахым қылды Құдайым көз жасыма.
Құдайдан тілеп алған ұғылым қайда,
Екеуің ұғылымменен кел қасыма.

1000 — Ұғылым таудай болғансын тырнағы алтын,
Бүшің кетер көрсеңіз салтанатын.
Дәулеті сізден де артық, әй, ғарібім,
Көрген кісі береді бір-бір алтын.

Жеті жыл осы іспенен алтын алдым,
Алланың құдіретіне қайран қалдым.
Неше сандық алтыным толып жатыр,
Қырық құл, қырық күн базардан сатып алдым.

- 1010 Балама ойған-дүр алтын сарай,
Келе ме деп жолыңызға қарай-қарай.
Сіз жоқта ұғылымды жүһүд алды,
Күнде көріп келемін жылай-жылай.
- Ұғылыңды алтын таққа Сақара деп,
«Патша қылып етсем де бола ма» деп.
Ұғылы, қызы жоқ екен ол ғаріптің,
Жанын пида қылады «перзентім» деп.
- Сақараны ұғыл қылып жүрмек болды,
Тірі сақтап бала қылып тұрмақ болды.
Есен-аман өзіңіз келген шақта,
Таза күтіп баланы бермек болды.
- Ұғылымды шақыртшы бір кісіден,
1020 Аллаға шүкір қыламыз мен бір надан.
Атасы қожа Ғаффан келді аман,
Ғаріп болып жүр екен есі жолдан.
- Сүйіншіге жіберді екі құлды,
— Атаң келді, Сақара, жолың болды.
Сақара, ғаріп болған қожа Ғаффан
Келді де, үйіңізге дәулет қонды.
- Сүйіншіге келіпсің, құлым, бізге,
Қуансаң, азаттық бердік сізге.
Азат қылды екеуін көп мал беріп.
1030 «Дұға қылып жүріңіз енді бізге».
- Қожа Ғария қуанды хабар біліп,
Жүрмек болды екеуі ойнап-күліп.
Алтын жабдық , арғымақ мініп алып,
Жолдастыққа тағы да мың құл алып.
- Мың құл жолдас алды қастарына,
Кәмшат киіп, тәж орады бастарына.
Атасына жеткенше жылап барды,
Үстінің бәрі көл болды жастарына.

- 1040 Жаяу келді ата менен анасына,
Парасына ақылының данасына.
«Айналайын, шырағым, қарағым» деп,
Жылай-еңірей көрісті баласына.
- Ғарияға көрістірді қожа Ғаффан,
Сәрпай жапты үстіне алуан-алуан.
— Ұғыл, қызым жоқ еді бұ дүнияд,
Біреп күн ұғыл болды балаң маған.
- Отырып сөйлестілер енді бұлар,
Көп жылап көрісті бейшаралар.
Мехнатты көргендерін бәрін айтты,
1050 Естіген жан бәрі де жыладылар.
- Амандаса жиылды барша жанлар,
Басрада қожа, молда, мұсылманлар.
Кісілерге сөйлейді көргенлерін,
Кеш болған соң үйіне қайтты бұлар.
- Қожа Ғария үйіне қайтты енді,
Қожа Ғаффан бар мұңын айтты дейді.
Сақара «ұйқым келді ұйықтаймын» деп,
Барады сарайына енді дейді.
- 1060 Мұны берген уммунның ақылы мол,
Алтын таққа құрдылар алтын шатыр.
Көңілі тынып Сақара ұйықтап жатыр,
Жақсылық пенен жамандық бәрі Алладан.
- Жақсы менен жамандық бәрі Алладан,
Жолықты бейшараға екі кәпір.
Құдайның құдіретіне көзі жетпей,
Сақара ғапылдық менен ұйықтап жатыр.
- 1070 Басында келіп тұрды екі шайтан,
Құдайым жолықтырды әлде қайдан.
Ұйықтап жатқан баланың жүзін көріп,
Екеуі тамаша етіп қалды қайран.

Бұрыннан адамзатқа шайтан қас-ты,
Ұйықтап жатқан баланың бетін ашты.
«Мұндай бала дүниядә көрдің бе» деп,
Екеуі қайран қалып ақылдасты.

— Мұндай болып жан тумас һеш анадан,
Бір адам мұндан артық қандай болсын.
Сұрайды біреуі жолдасынан:
— Көргендерің болса айтшы маған.

1080 Екі шайтан ұрысты қарап тұрып,
Бетін ашып баланың түрін көріп.
— Бұ жаһанда мұндайды көргем жоқ,
Жердің жүзін білсең де кезіп жүріп.

Шын-Машын шаһарында бар бір патша,
Оған бір қыз беріпті Алла Тағала.
Аның көркі баладан көп зиада,
Сөзіме құлақ салып мұны тыңла-сана.

1090 Шын-Машын патшаның бір қызы бар,
Оған бір қыз беріпті Қадір Жаппар.
Аның уасифын айтайын саған енді,
Мынау сөзге есітіп құлағың сал.

Беті айдай болғанда, көзі қара,
Саған уасифын айтайын пара-пара,
Оған теңдес болмайды һешбір адам,
Көрсен мен айтайын тыңлап қара.

Бойын көрсен ол қыздың рахаты,
Жаһанда жоқ патша салтанаты.
Беті айдай болғанда, белі қылдай,
«Мүштарай» деп қойылған аның аты.

1100 Сызылған қаламдайын қастары аның,
Меруерттей тізілген тістері аның.
Шашы сүмбіл болғанда, даусы — бұлбұл,
Һеш хабары қалмайды көрген жанның.

Жақұтқа ұқсар аның жақтары,
Қызыл алма секілді иектері.
Шамшырақ гауһар тастай нұры аның,
Неше мұндай жаралған соң бәрі.

Жаңа өскен шыбықтай бармақтары,
Гауһардан жаратылған тырнақтары.
Мойыны аның алманың сабағындай,
1110 Ғеш көргенім жоқ еді мұндай жанды.

Бұған ғашық болып-дүр көп бейшара,
Өлділер ғашық болып пара-пара.
Нұры балқып шығады үйден тысқа,
Жүзін көрген жағасын қылар пара.

Қайсы бірін айтайын аның нұрын,
Айталман таң атқанша мыңда бірін.
Жасың үлкен болса да сен көрмеген,
Мұндай жан көргенім жоқ мұнан бұрын.

Бір шайтан тұр бұл сөзге құлақ салып,
1120 Дұшпандықты сол жерде ойына алып.
«Қызға мұны сынайын қосып барып,
Құп тамаша қылайын бірге салып».

Алып ұшты ұйықтаған бұл баланы,
Тамаша етіп келейік барып аны.
Көзін жұмып-ашқанша алып ұшып,
Қыз қасына жатқызды бейшараны.

Екеуі қарадылар тамаша етіп,
Нұрына бұ баланың нүші кетіп.
Қызды ұйықтатып, жігітті ойғаттылар,
1130 Ғаріптерге шайтан қастық етіп.

Көзін ашса, қасында бір қыз жатыр,
Мойнына қолын салды бала пақыр.
Жүзік менен орамал қолына алып,
Тағы да ұйықтап кетті бала пақыр.

Жігіт ұйықтап, сол жерде қыз ойғанды,
Сақараны көрді де қайран қалды.
Құшақтап қыз бейшара оны сүйді,
Сол сағат тілге келмей ұйықтап қалды.

1140 Шайтандар Сақараны алып кетті,
Бір сағатта Басраға алып жетті.
Орнына баланы жатқызды да,
Ол жерден екі шайтан қашып кетті.

Ойғанғанда ұйқысындан бала байғұс,
«Ұйықтап жатқан жерімде көрдім бе түс?
Түсім десем, қолымда белгісі бар».
Жарын ойлап Құдайға қылды налыс.

1150 «Көргенім түсім бе екен, өңім бе екен,
Көрген жерім, Құдайым, қай жерде екен.
Перизат бұ көргенім, адамзат па,
Барсамда мекені қай жерде екен?»

Жылап-еңіреп оянды жарым түнде,
Түнде көрген қызына болып бенде.
Ата-анасы есітіп зар қылады,
Зар қылып Сақара жатыр сонда.

Ата-анасы көрген соң қылды зары,
Құл, кәнизак таң қалды бұған бәрі.
Шақыруға Ғарияға кісі кетті,
«Алланың болды бізге бір қаһары».

1160 Анасы құшақтайды келіп жетіп,
«Қарағыма бір шапағат қалды нетіп».
Ата-анасы зар қылып жылайды,
Қожа Ғаффан жылайды есі кетіп.

Ешбір жауап бермейді атасына,
Көз салып қарамайды анасына.
Бибі хатун құшақтап зар илейді,
Жанын пида қылады баласына.

- Анасы бетін жыртып, шашын жайды,
Құлына пида қылды мал менен жанды.
«Маған тиген бұл менің сорым ба» деп,
1170 Қожа Ғаффан бейшара жанын қиды.
- Қожа Ғария естіп жүгіріп жетті,
Сақараны көрді де есі кетті.
Бұ көріп құшақтап алдына алды,
— Шырағым, баршаға дерт айтсаң, — деді.
- Сақара ойбай салып жылап отыр,
Ата-анасы қасында неғып отыр.
Сұрайды қожа Ғаффан: — Көз тиді ме,
Шырағым, саған не болды? — деп жылап отыр.
- Бет-аузын топырақ жуып, жар басып,
1180 Аһ, дариға, зар қылып түсі қашып.
Баладан жүз ойланып, жүз толғанып,
Қожа Ғария бейшара қалды сасып.
- Қожа Ғария Құдайға жанын қиды,
Дәрігер менен табибнің бәрін жиды.
Жас орнына көзінден қан ағады,
Жүрегі оттай жанып, іші күйді.
- Табиб келді баланың қастарына,
Рақым қылды көзіндегі жастарына.
Тамыршылар, табиблер аң-таң қалды,
1190 Ғашықтық түсіпті бастарына.
- Сақара, не түсті екен басыңызға,
Атаң-анаң біз келдік қасыңызға.
Ғашық болған жарыңды бізге айтшы,
Іздеп табып берелік, жаным, сізге.
- Қожа Ғария жылайды шашын үзіп,
— Іздеп табып берелік жаһан кезіп.
Бұ жаһанда бар болса мен табайын,
Бұ дүниядан сен кетпе күдер үзіп.

Сақара, атқа мін де ойнап-күліп,
1200 Жарыңды мен табайын сұрап жүріп.
Ит жүгіртіп, құс салып, ауға шықшы,
Бәр жерге бар шапқылап атқа мініп.

Не көрдің, жан шырағым, түсіңізде,
Қандай нәрсе жолықты, жаным, сізге.
Жасырмай айт, шырағым, көргенінді,
Бастан-аяқ сөйлей көр енді бізге.

— Түсімде бен көрдім аппақ қызды,
Көріне түсіп ол жарым қайда кетті.
Түсім десем қолымда белгісі бар,
1210 Тілі шекер секілді, сөзі бал-ды.

Шекер, балдан көрінер сөзі тәтті,
Сипаты тамам қыздан салтанатты.
Тал шыбықтай бойы бар, жүзі көркем,
Соны көріп бұл дертім болды қатты.

Жылаймын соны көріп күнде-күнде,
Зар қыламын Құдайға күнде-түнде.
Түсте көріп мен соған армандамын,
Көзіме бір көрінсе осы күнде.

Құдайым, бір көрсетші күн менен айым,
1220 Бұ дүнианың қызығын не қылайын.
Дүнияда сол жарыма қосылмасам,
Тірі жүріп дүнианы не қылайын.

Ғашық жардан айырылып болды уайым,
Жалынамын зар қылып бір Құдайым.
Ит жүгіртіп, құс салып баяғыдай,
Бұ суретті көрсетті бар Құдайым.

Бұ суретті көрсетті бір Құдайым,
Еңіреп жүріп ғашығымды мен көрейін.
Ғашығымды көрмесем бұ дүнияда,
1230 Атқа мініп жүрмеспін, мен өлермін.

Жарымның білерім бе бір хабарын,
Жолына тарқатайын малым бәрін.
Алыс емес бұ дүния жоқ жетер,
Көрмесем бұ дүнияда ғашық жарым.

— Бізлер іздеп табармыз жарыңызды,
Жылай жүріп күйдірме бәрімізді.
Бұ дүнияда бар болса, біз табалық,
Уайымменен күйдірме жанымызды.

1240 Ғарияның бағы бар зейнеттеген,
Ол бағының үйі бар алтындаған.
Алтыны бар, ішінде жұпар да бар,
Топырағы ғұд ғинбар, шөбі бар алуан-алуан.

Дүниядағы жандардың бәрі сонда,
Ұстап кезіп жүреді барша жандар.
Мұндай бақ бола бермес тірі жанда,
Дүнияда кәпір, орыс, мұсылманда.

— Бір түс көріп басыма болды уайым,
Дүнияда көрсетер ме бар Құдайым.
Бәһәштқа барсам да қайғы кетпес,
1250 Баққа барып сайрандықты не қылайын.

Іздегелі жіберді екі-үш кісі,
Бендеге һәрне қылса Құдай ісі.
Қожа Ғария іздетті елден елге,
Һәмма жұртқа тарап болды көрген түсі.

Келген-кеткен кісіден сұрайды екен,
«Бір аман ол балаға болар ма екен».
Қанша іздеп жүрсе де қожа Ғария,
Хабарын һеш адамнан білмейді екен.

1260 Табалмай келді іздей кеткен кісілер,
Аралай кеткен кісілер келді бәрі.
Табалмағанын Сақара есіткен соң,
Бейшараның жүздері болды сары.

Мұндай сөздер естiттi ғарiп бала,
Зар қылды «мен — пақыр, Хақ Тағала».
Адамзаттың баласына не келмейдi,
Құдайның құдiретiне қарасына.

Сақара мұны көрiп фаған қылды,
«Маған бұл жарық дүния тұман болды».
Ғашық жарын бейшара ойына алып,
1270 Көзiнде аққан жасқа алды толды.

— Құдайым, сабыр бергiл, мейiл болса,
Дүнияда Мүштарай қыз, өңiм болса.
Гүл жүзiм зағыпырандай сарғайды,
Не шараң бар, бендеге Құдай қылса.

Түсiм десем қолымда белгiсi бар,
Қашан болұр Мүштарай маған жар.
Сақара ғашық жарын жадына алып,
Көңiлiне алып, Аллаға қылады зар.

«Халiн сұрай алмадым бұрын соның,
1280 Қай жерде екен, бiлмеймiн жерiң соның.
Тым болмаса жүзiңдi бiр көрмедiм,
Арманда өтiп барады көрген күнiм».

Ас iшпейдi, көзiнде қанды жасы,
Қор болды бейшараның ғарiп басы.
Сақара зар қылып жылағанда,
Қалмайды жыламаған қардашы.

Ата-анасы жылайды бетiн жыртып,
Жалғыз үшiн бейшара жанын қиып.
Қазынаның есiгiн ашып қойды,
1290 Көп мал қайыр қылдылар жұртын жиып.

Қожа Ғария бейшара жылайды екен,
Көзiн жасын көл қылып бұлайды екен.
Орамал менен жүзiктi қолына алып,
Келген-кеткен кiсiден сұрайды екен.

Басраға бір керуен келді дейді,
Қожа Ғария керуенге жүрді дейді.
Керуенге қожа Ғария келіп жетіп,
Келді де керуенге сәлем берді.

— Бұл болса аламысың, қожаларым,
1300 Екеуі сөйледілер сөзнің бәрін.
— Шыққан жерім Шын-Машын шаһары еді,
Басып келдім Шам, Құдыс шаһарларын.

— Әй, керуен, келіпсіз елімізге,
Мейман — қонақ болыңыз енді бізге.
Бір ұғылым бар еді қатты дертті,
Мұңым бар айтатұғын өзіңізге.

— Құп болар, біз баралық мейман болып,
Сізге барып қайталық ойнап-күліп.
Қырық саудагер бәрі де жөнелділер,
1310 «Бірге барып қайталық көңіл көріп».

Мейманлар келіп түсті бақ-шарбаққа,
Олтырды керуенлер алтын таққа.
Құлдары қызмет қылып, қол қусырып,
Керуенлер таң қалды салтанатқа.

Мейманға ас келтірді алуан-алуан,
Баршасы мүсәпірлер болды қайран.
Түрлі-түрлі тағамның бәрі келді,
Мейманға қылады пида жандан.

Ас ішіп, тамақтары болады тоқ,
1320 Тамақ тойғаш, мейманның уайымы жоқ.
Қызмет қылып тұрады қожа Ғария,
Бұндай қызмет дүнияда көргені жоқ.

— Мейманлар, хош келдіңіз, тыңла сөзім,
Патша едім бұ шаһарға менім өзім.
Бір ұғылым бар еді қатты дертті,
Жаның пида қыларсың көрсең жүзін.

- 1330 Ұғылым тақта жатып түс көріпті,
Түсінде бір наздайын қыз көріпті.
Қыздан белгі жүзігі, орамал бар,
Сөйдеп жатып шаршап ояндылар.
- Түс десек қолында белгісі бар,
Көріпті түсінде сұлу қыз бар.
Оянса, неш нәрсе жоқ қастарында,
Күні-түні Аллаға қылады зар.
- Алып келді жүзігі менен орамалды,
Бұны көріп баршасы қайран қалды.
Тасы аның тағдырдың тауқыметінден,
Мүсәпірлер бұларды қолына алды.
- 1340 Көрділер мүсәпірлер қолына алып,
Бәрі бірдей қарайды қайран қалып.
«Шын-Машын патшаның бір қызы бар»
Біреуі жауап берді мұны танып.
- Қожа Ғария естіді мұның сөзін,
Алмайды Сақарадан екі көзін.
— Мұны қайдан табайын, мұны сен айт,
Қуандырдың бізлерді сенің өзің.
- 1350 Біз білмедік бұрыннан мұның өзін,
Құлағыма құп тиді сенің сөзің.
Жері қайда, ол қыздың жөні қайда,
Жолына пида болсын жаным менің.
- Сұраған соң айтайын, сіз тыңлаңыз,
Ұғылы жоқ, патшаның перзенті — қыз.
Мүсәпір Шын патшаның атын білсең,
Сөзіме құлақ салып естіңіз.
- Мен айтайын сөзіме құлақ салсаң,
Өтірік сөз айтпайын меңга инансаң.
Жүзік менен орамал сол қыздікі,
Атын да айтайын іздей қалсаң.

- 1360 Мүштарай — патшаның қызының аты,
Ол қыздың жоқ адамда бой сипаты.
Фағфуршын патшаның бір қызы бар,
Болмайды адамзаттан салтанатты.
- Ол қызға көп патша ғашық болды,
Ғашықтықтан бәрінің жүзі солды.
Лайық көріп бермеді неш адамға,
Ол қызға берген бақты дая қылды.
- 1370 Хан бермейді неш ханға лайық көріп,
Ғашықтары зар қылды жаны күйіп.
Үйден балқып шығады тысқа нұры,
Көп адам қайран болып набут болды.
- Ол қызға дарияда мекен қылған,
Кәрі кемпір қасында жолдас екен.
Он ай барады екен қара жерменен,
Баласын барып патша көреді екен.
- Он ай барады қара жерменен,
Дариядан өтеді екен кеме бірлән.
Патшаға жолдастары қызмет қылып,
Патша ол мекенге барады екен.
- 1380 Жеті күн кешеді дарияменен,
Қыздар бар қасында ойнап-күлген.
Ойыншылар бәрі де анда болар,
Бәрін де алып барып жолдас қылған.
- Ол жүзікті істеткен ғарібің мен,
Көп нәрсе алайын барып онан.
Жалғыз тасын он екі мың ділләға алған,
Соның атын, баршасын есіт менен.
- 1390 Ол қызбенен жүргенмін жолдас болып,
Қайтушы едік ол қыздан инғам алып.
Керек-жарақ аспабын істеп беріп,
Патша барды «Мүштарайны көрейін» деп.

Патша барды Мүштарайны көрейін деп,
Керек-жарақ аспабын берейін деп.
«Шырағым, — деп, — перзентін жақсы көріп,
Біраз күн тұрып, көріп келейін» деп.

Кеме бірлән біз бардық бес мың кісі,
Білмейміз ол қыздың көрген түсі.
Біз барғанда диуана болыпты қыз,
Бендеге һәрне қылса Құдай ісі.

1400 Ата-анасы сұрайды мұны көріп,
Перзенті қарамайды көзін бұрып.
«Көзім нұры, перзентім, не болды?» — деп,
Ата-анасы зар илеп қарсы тұрып.

Қызы жауап бермейді аузын ашып,
Сарғайып зағыпырандай түсі қашып.
Перзенті һешбір жауап бермеген соң,
Ата-анасы бейшара қалды талып.

— Көзім нұры, не болды бүгін саған,
Көрелік деп біз келдік атаң-анаң.
Не дертің бар, шырағым, не мұңың бар,
1410 Керегінді табалық, айтшы маған.

Ата-анасы қасындан жылап шықты,
Екі көзден аралас жасы ақты.
— Қарағым, не ауруың, не дертің бар,
Бір түнде, жан шырағым, саған нетті?

Көп табибны қасына алып барды,
Табиблер мұны көріп қайран қалды.
Ата-анасы жандарын құрбан қылып,
Жолына пида қылды бас менен малды.

1420 Табиблер біле алмайды мұның дертін,
Ата-анасы аямайды шыбын жанын.
Қазынаның есігін ашық қойды,
Дәрігерлерге аямай берді малды.

Дәрігерлер[ге] мал салса да біле алмайды,
Бұ қызға һешбір айла қыла алмайды.
Табиблер, дәрігерлер дәрмен тапмай,
Дертiнен бейшара қыз оңалмайды.

Ата-анасы сұрайды қызын сүйiп,
Жалғыз үшiн ғарiптер жанын қиып.
Күн-күн сайын қыз дертi жаман болды,
1430 Жылайды ата-анасы аны көрiп.

Күн-күн сайын ол қызның халi кеттi,
Бұл ортада бiрқатар заман өттi.
Түнде ол қыз оянды жалғыз шошып,
Дарияның жағасына барып жатты.

Күзетшiлер кеткенiн көрген екен,
Патшаға барып хабар берген екен.
Қыз дарияның жағасына барғанында,
Екi адам балық аулап жүрген екен.

Қызды көрiп үйiне алып келдi,
1440 Бендеге һәрне қылса Тәңiрiм еттi.
Балықшылар екеуi ұстап келдi,
Құтылмастай бәлеге олар қалды.

Аның бiрi — жас жiгiт, бiрi — кәрi,
Мұны көрiп таң қалды жұрттың бәрi.
Патша ойлайды «Бұл — кәрi, екiншi екен» деп,
«Мынау жiгiт — қызымның ғашық жары».

Бұларды ұстап байлап алды дейдi,
Бейшаралар бәлеге қалды дейдi.
«Қызымның ғашық жары бұл екен» деп,
1450 Қылыш менен бастарын алды дейдi.

Падиша барды қызына ашуланып,
«Мұнда жүр» деп хатунын қасына алып.
«Түнде жүрiп не сұмдық қылып жүрдiң,
Қылыш менен өлтiрейiн сенi шауып».

Хатунын қыз қасына шықты тастап,
Оңаша қыздан сұрады сөзін бастап.
— Бұ не деген бізлерге масқаралық,
Екеуіңді өлтірейін бүгін кесіп.

1460 Анасы айтты: — Перзентім, сөйлер сөзің,
Жылай-жылай көр болды екі көзім.
Көңліңде не сөзің, не мұңың бар,
Жасырмай айт, шырағым, білген сөзің.

— Атаң сенің ашуланды, балам, саған,
Не мұңың бар, шырағым, айтшы маған.
Қызын құшып жылайды ғаріп ана
«Көрмеймісің атаңның реңі жаман».

1470 Анасы сөз айтады баласына,
Қызының құлақ сал данасына.
«Ғамише дертім жоқ» деп қыз айтады,
«Қайғым жоқ» деп айтады анасына.

— Атам бекер өлтірді ол екеуін де,
Күнәһсі жоқ бейшара ғаріп құлды.
Бір күні суға түсе барғанымда,
Орамал менен жүзігім суда қалды.

Екі құлдың үлкені болды уайым,
Соның үшін шығамын күн-күн сайын.
Сол жерге іздеп бардым үйден шығып,
Сол менің түнде шығып барған жайым.

1480 Анасы естіді мұны тыңлап,
Перзентін құшақтайды үйге кіріп.
«Қызым соған қапа болып жүреді екен,
Қызның сөзін есіт мұнда келіп».

— Орамал, жүзік табылар онан асыл,
Бұрын неге айтмадың, байғұс басым.
Құшақтап перзентінің бетін сүйіп,
Қуанғаннан төкті көзден жасын.

Бір зергерді шақыртып алып келді,
 «Қызыма жүзік істеп берші» деді.
 Алып келді істетіп шамшырақ тас,
 1490 «Бұрынғыдан жақсырақ болсын» деді.

Бізлер бердік ол қызға жүзік істеп,
 Орамалды берділер алып келіп.
 Ата-анасы қуанды мұны көріп,
 Сонда да қыз жүрмеді ойнап-күліп.

Қыз тағы күн-күн сайын жаман болды,
 Сарғайып бұл қайғыдан жүзі солды.
 Бұған ылаж һеш адам қыла алмайды,
 Патша әскерменен кеңеседі.
 Ақыры алып келді елге қызын,
 1500 Һешбір сөз адамға сөйлемейді.

Патша жар шақырды жұртын жиып,
 Шыдамай жалғыз өзі іші күйіп.
 Қазынаның есігін ашып қойды,
 Табибларға мал берді барын жиып.

«Мал — жанымды берейін жазған жанға,
 Жар қылды кәпір, орыс, мұсылманға.
 «Жалғызыма бір айла бола ма» деп,
 Бар малын аямайды жиылғанға.

Бір дәрігерге жолықтым, сұрадым мен:
 1510 — Жазбадыңыз ол қызды не себептен.
 Не дерті бар, ол қыздың не мұңы бар,
 Не себептен оны мұнша дәрігер жаза алмаған?

— Ол қыз ғашық болған бір адамға,
 Шақырып сөйлемейді тірі адамға.
 Ғашығын көрмейінше жазылмайды,
 Біз дертін айта алмаймыз, жаным, ханға.

Біз мұны ғашық десек, басны алур,
 Барша табиб, дәрігернің жанын алур.

1520 Соның үшін қыз дертін айта алмаймыз,
Барша табиб, дәрігерді қырып салур.

Ол қыздың күнден-күнге халі кетті,
Бейшара өлетұғын халге жетті.
Дәрігерлер дертіне дауа таппай,
Қорыққанынан баршасы қашып кетті.

Сөйтсе де патша бір күн ашуланды,
Бар дәрігерді шақырып жиып алды.
«Бұ қызыма бір қайла қылмадың» деп,
Жеті жүз дәрігерді қырып салды.

1530 Осы күнде хан қызы жазылмаған,
Бар мәнісін айтайын енді саған.
Жөн-жобарын қожаға айтып берді,
«Дәрігерге айт мұнымызды» қуанғаннан.

Керуен жөнін айтып жөнөп кетті,
Бәрін біліп, қожаның көңілі тынды.
Ат, түйесін, азығын әзірлетіп,
Қожа Ғария іздеуге ниет қылды.

1540 Қожа Ғария білген соң енді жүрсін,
Сақара дұға қылып тұра тұрсын.
«Бұ дүнияда бар болса, мен табайын,
Қосармын Мүштарай менен екеуісін.

Пида қылдым жолыңа жан, малымды,
Аямаймын осы жерде мал-жанымды.
Жәбір қатпа көңліңді, жан шырағым,
Іздеп тауып келейін сол жарыңды.

Үйде тұр, жан шырағым, ойнап-күліп,
Жалбарып, бір Құдайдан мені сұрап.
Мал-жаным баласы үшін пида қылдым,
Заманмен жүре тұр ойнап-күліп.

1550 Меңга, әй, жамағат, батанды бер,
Жақын емес, Шын-Машын бірқатар жер.
Қырық нарға артайын алтын-күміс,
Бірқатардай дәрмен алайын дер.

Қырық құл алайын қасымызға,
Мұндай қатты іс түсті басымызға.
Іздеуге қожа Ғария жүрмек болды,
«Құдай-а, тәраххам қыл басымызға».

1560 Қожа Ғария іздеуге жүрмек болды,
Құдайның бұйырғанын көрмек болды.
Қырық нарға жүк артады алтын-күміс,
Қырық кісі қасына жолдас болды.
Жолдастары арғымақ мініп алды,
Алтын жабдық үстіне тұрман салды.

Қырық құлдың қолына гауһар жүзік,
Үстіне торғын маңлық киіп алды.
Қожаның өзі арғымақ мініп алды,
Басына алтын тәжін киіп алды.

1570 Не десең де өзінде табылғандай,
Шын-Машын шаһарына жүрмек болды.
Алтын шатыр үстіне тікпек болды,
Қожаменен қырық жолдас жүрмек болды,
Патша салтанатын тамам алып,
Шын-Машын шаһарына жетмек болды.

Орамал менен жүзігін алады енді,
Шын-Машын шаһарына барады енді.
«Бір болғанда осылардан бола ма» деп,
Қыз алдына жүзікті салады енді.

1580 — Жан шырағым, мен енді жөнелейін,
Мың діллә, Құдай үшін, мен берейін.
Құдайға тапсырайын енді сені,
Алланың не салғанын мен көрейін.

Қожа Ғария жұртына амандасты,
Жұртменен амандасып көп жыласты.

Бір күні жөнелді қожа пақыр,
Бибі, екі қожа, Сақара кейін келе жатыр.
Бір сыпыра жер одан бар еді күндік жерде,
Сол жерге келді дағы тікті шатыр.

1590 Сулары ағып жатыр, ағашы көп,
Қанша мақтап айтсам да болады айып.
Бұлбұл, сандуғаш сайрап тұрған,
Үш күн жатты сол жерде есін жиып.

Үш күн жатты тамаша етіп анда,
«Аһ» ұрады жамағат анда-санда.
«Күйеу қашан алур» деп жадына алып,
Қан ағады көзінден жылағанда.

— Әй, ұғылым, көп жылама қапа болып,
Көп жыласаң, қаларсың өзің өліп.
Жан шырағым, жылама жарыңды ойлап,
Мен келгенше жүре тұр ойнап-күліп.

1600 Үш жүз алпыс күн болғаш келемін деп,
Мен келгенше жүре тұр күліп-ойнап.
Сенің үшін жанымды пида қылып,
Жарыңды қолға алсам Құдай оңдап.

Құдай оңдап жарымды қолыма алсам,
Күн-түн қатып, шырағым, есен жүрсем.
Қожа Ғаффан үшеуі жылағанда,
Қалмайды жыламаған жалғыз адам.

1610 «Иә, Алла!» деп сапарға жүрді бұлар,
Жылай-еңірей айрылып бейшаралар.
Қожа Аффан, Сақара, бибі хатун,
Бір-біріден айрылды енді бұлар.

Қожа Аффан, Сақара келді жылай,
Мүштарайды қауыштырсын Жаппар Құдай.
— Ғашығымды көзіме көрсетпесең,
Атқа мініп жүрмеспін олай-бұлай.

Қалқам-ау, сағындым жүзіңізді,
Тал шыбықтай бұралған өзіңізді.
Естімей арманда кетермін ме,
Балдан тәтті сөйлеген сөзіңізді.

1620 Аһ, дариға аппақ қардай бетің,
Қызыл алма секілді бетіңіз бар.
Зифа бойың алманың сабағындан,
Көзіне түсіп біздерді қылдың қуар зар.

Екі емшегің төсінде қандай екен,
Қарасы қолаңдай шашың, қылдай белің.
Күйдірді ғой ішімді оттай жанып,
Уай, жарым, жылай-жылай мен жатайым.

1630 Әй, жарым, жылай-жылай мен жатайын,
Көрінбесең көзіме мен нетейін.
Тірлікте көзіме бір көрсетіп,
Құдайға мал-жанымды мен етейін.

Бұ дүниядә жарымды көрсем екен,
Армансыз бір көріп өлсем екен.
Жай намаздың үстінде зар илейді,
Құдайға зар қылып жылайды екен.

Сақара зар илейді күнде-түнде,
Ұйқысы жоқ, ас ішпес күнде-түнде.
Бір күн өтсе, ағашқа кертiк жонып,
Жылай-еңірей Құдайға жатты сонда.

1640 «Мүштарай менiм халiм бiле ме екен,
Қараңғылық өзіне болды ма екен».
Ата-анасы айтады: — Екі көзім,
Дертiңнiң түбi қандай болар екен?

Ата-анасы айтады: — Екі көзім,
Мехнатсыз жар табылмас, сен, тыңла сөзім.
Өзін аштан өлтірген жаман, — дейді,
Аштан өліп қаларсың сенің өзің.

Сақара сегіз күнде бір дәм татты,
Құдайға зары қылып, жылап жатты.
Адамға сөйлемейді, жоқламайды,
1650 Күннен күнге бұл дертні қатты болды.

Аз әңгіме айтайын құлағың сал,
Айтқан соң бұл сөзіме бір пікір сал.
Құдайдың құдіретіне иман келтір,
Бұ қиссадан, жамағат, ғибраттар ал.

Тыңлайтұғын аңа жаңа келді,
Қожа қырық құлменен жөнеледі енді.
Неше күндер жүрді де қожа Ғария,
Бір әңгіме шаһарға жаңа келді.

Қожаға аң-таң қалды көрген адам,
1660 — Жүрісін қырық құлменен сен неткен жан?
Патшамысың бір жүрген жаһан кезіп,
Не жұмысқа келіпсін, айтшы маған?

— Мен бір дәрігер жаһанда кезіп жүрген,
Ауру адам бар болса жазып жүрген.
Құдай үшін ауруды мен бағамын,
Аурудың баршасына дәру берген.

Мұны естіп аурулар келді дейді,
Мұның дәрігер екенін білді дейді.
Біреуді бағып алар үш жүз діллә,
1670 Қожаға Құдай берді жақсы жолды.

Бұ шаһардан көп ауру жазып кетті,
Андан соң бір шаһарға барып жетті.
Неше-неше шаһарды кезіп өтті,
Көп шаһардың ауруның жазып кетті.

Неше айлар жаһанды кезіп өтті,
Шын-Машын шаһарына барып жетті.
Ол шаһарда қожекең жатып алып,
Бір дарияның түбіне шатыр тікті.

1680 Түскенін бір адам көріп тұрды,
Ұлығына келді де хабар берді,
«Алтын шатыр тіктілер дарияға, — деп,
Арғымақ мінген» деп сөйлеп келді.

— Алтын менен торғыннан тіккен шатыр,
Осы жолдан мүсәпір келе жатыр.
Не патшадай өзлері, не елшідей,
Өзлерін көрер болса, өңкей батыр.

1690 — Барып келші, кім екен бұ адамлар,
Қай жақтан сапар шегіп келді алар?
Бұлардың салтанатын көргеннен соң,
Аң-таң қалды бұларды көрген жанлар.

Біреу барды шақыруға аяқ басып,
Сәлем беріп қожаға амандасып.
Салтанатын көрген соң қайран қалып,
Не айтарын білмейді енді сасып.

— Әй, жігіт, неге келдің қадам басып,
Не айтарың білмейсің өзің сасып?
Не жұмысқа келіпсің сөзіңді айт,
Енді неге тұрасың өңің қашып?

1700 — Мен сізге келіп едім көрейін деп,
Сізлерден сұрағаным бола ма деп.
Көрген адам бар еді патша дейді,
Ұлығымыз жіберді «біліп кел» деп.

— Атымды сұрасаңыз, өзім — дәрігер,
«Патша екен» деп кетеді көрген жанлар.
Һәммә жұртқа дәрігерлік қылып жүрмін,
Дүнияда дәулетім көп, құлдарым бар.

Ойладым мен дәрігерлік қылайын деп,
Құдай үшін жанымды бұлайын деп.
Ауруды мен бағамын ақы алмай,
1710 Дүнияда жаһан кезіп жүрейін деп.

Ол жігіт мұны естіп қайтып кетті,
Ұлығының алдына барып жетті.
Бастан-аяқ сөйлейді есіткенін,
Бұл сөзлерді ұлығқа мағлұм қылды.

Бар еді ол ұлығтың жалғыз ұлы,
Он жылдан бері сыздайды аяқ-қолы.
— Алып барып баламды көрсетейін,
Кім жазса да болар едім аның құлы.

Ұлығ келіп қожаға сәлем берді,
1720 Аттан түсіп шатырға ұлығ кірді.
Амандасып екеуі есендесті,
Қожаның дәрігерлігін енді білді.

— Әй, дәрігер, ауырып жатқан бір балам бар,
Көп табиб жаза алмайды көп дәрігер.
Он үш жыл аяқ-қолы мешел болды,
Аяғын бір басуға болады зар.

Бағамысың ұғылымны дәрі бірлән,
Бір жақсылық қылсаңшы, дәрігер, маған.
Құдай ондап бұ бала тұрып кетсе,
1730 Бар малымды берейін енді саған.

— Ауруың мен бағамын ақы алмай,
Балаңды қарайын һешбір нәрсе алмай.
Балаңды қарайын Құдай үшін,
Алтын менен күміске көзім салмай.

Бір жүз діллә берсең оны да алмай,
Есіткен соң қожаға құлдық қылған.
Баласын барды да алып келді,
Дәрі беріп, балаға бәлен бата берген.

- 1740 Құдай ондап, баласы тәуір болды,
Тәуір болып, енді бала атқа мінді.
— Құдай үшін һешнәрсе мен алмаймын,
Науқас болса шаһарда, келсін, — деді.
- Науқас болса, жиылып келсін, — дейді,
Шаһарда екі жүз ауру жазды дейді.
Қожаға баршасы құлдық қылып,
Қожаның аруағын жұртқа шашты дейді.
- 1750 Ұлығының ағасы уәзір екен,
Патшада уәзір болып тұрады екен.
«Бір қызы ауру екен Фағфуршынның»,
Ойлайды «бір хабар берсем екен».
- Фағфур ханға ол бала жүрді дейді,
Барып уәзір ағасын көрді дейді.
Өзінің жазылғанын барып айтып,
Патшаға «сүйінші» деп хабар берді.
- Бір арғымақ мінді де жүре берді,
Ара қонып шаһарға жетіп келді.
«Ініңнің ұғылы кірейін» деп,
Бір жасауыл келді де хабар берді.
- 1760 Уәзір шақырып жасауылды қолына алды,
— Неге бізге күлесің? — деп ашуланды.
— Он үш жыл ауырып жатқан менің інім,
Қайдан келсін мұнда? — деп ашуланды.
- Әй, уәзір, сен меңа ашуландың,
Не себептен сен бізге жаман бақтың?
— Ғұмырымда ашуланып көргенім жоқ,
Уәзір айтты: — Мен саған аң-таң қалдым.
- 1770 Уәзір айтты: — Жасыңыз ұзын болсын,
Дәулет құсы басындан һеш ұшмасын.
Ауруымды келді деп хабар бердің,
Ашулантып саған күлкі қылған үшін.

Айт, баланы жасауыл алып келсін,
Осы тұрған жамағат бәрі көрсін.
Айтқаны ол жігітнің шын бола ма,
Уәзір көріп інісін танып білсін.

Жасауыл ол жігітті алып келді,
Есіктен кірді дағы сәлем берді.
Сәлем беріп патшаға кіргеннен соң,
Өз інісі екенін танып білді.

1780 Інісі менен екеуі амандасты,
Таң қалып інісі менен құшақтасты.
— Қашан, інім, жазылдың, қарағым? — деп,
Зар еңіреп екеуі құшақтасты.

— Бір дәрігер біздің елге келді жаңа,
Осы сөзім құп есіт, ғаріп аға.
Сол дәрігерден жазылдым менің өзім,
Хабар айта мен келдім халифаға.

1790 Фағфуршын есітті бұл хабарды,
— Барып шақырып кел, — деді бір адамға.
Бала айтады: — Патша салтанатты,
Шақырғалы жіберме жаман жанды.

Фағфуршын жіберді бір адамды,
— Барып шақырып келің сізлер аны.
Жақсы құрмет қылыңыз келгенімше,
Тез барып, алып кел, шақырып аны.

Ара қонып ол уәзір жетіп келді,
Көрген соң салтанатын тамаша қылды.
— Патшамыз сізлерді келсін дейді,
«Келе ме деп» сізлерге есі кетті.

1800 Патша шақырады қастарына,
Дадан үлкен іс түсті бастарына.
Сіздерге айтатұғын бір мұңы бар,
Ойпаң жерлер көл болды жастарына.

Айтатұғын сізлерге бір мұңы бар,
Перзенті үшін Аллаға қылады зар.
Қанша табиб, бақсылар жаза алмады,
Дүнияда кәпір, орыс, мұсылманлар.

Қожа айтады: — Патшаға біз барамыз,
Хан шақырса, бармайтұғын не шарамыз.
Әмір, патша бізлерге не бұйырса,
1810 Не қылса да патша ықтиярмыз.

Түйенді арт, жігітлер, біз баралық,
Мұңын, зарын патшаның біз сұралық.
Фағфуршын — Шын патшаға бізлер барып,
Патшаның жүздерін біз көрелік.

Мініп алып аттарына жөнеледі,
Екі-үш күнде патшаға бұлар барды.
Мұндай шаһар дүнияда көргені жоқ,
Сонда тұрып қожалар аң-таң қалды.

Барып уәзір патшаға хабар берді:
1820 — Шақырған соң бізлерге дәрігер келді.
Алтын шатыр тіккені Топшақ аты,
Салтанатты көрмедім мұндай ерді.

Уәзір шақырып дәрігерді, қылды мейман,
Дәрігерді көрділер жиылған жан.
Тақтына отырды тәжін киіп,
Патшамыз олтырды салтанатпенен.

Уәзір барып шақырып алып келді,
Дәрігер келіп патшаға сәлем берді.
Тақытқа жүзін сұртті дәрігер барып,
1830 Жанына патшамның енді отырды.

— Жол болсын, қайдан жүрсің, мейманларым,
Сөйлеші, дүнияда көргендерің.
Шаһарың қайда, мейманым, жерің қайда,
Қалдырмай айт, бізлерге сөзің бәрін.

— Шаһарым — Басра, Ғария — атым,
Патшадан кем емес салтанатым.
Мал, аспап, алтын, күміс не қисапсыз,
Көп дүнияға кім қарайды, жамағатым.

1840 Гауһар, жақұт, асыл тас қисабы жоқ,
Құл, кәнизак көп еді һеш мұңым жоқ.
Құдайдан тілеп алған бір ұғылым бар,
Андайын басқа қолда перзентім жоқ.

Перзент деген қолымда бір балам бар,
Дүнияға келе бермес андай жандар.
Көркін көрсең қыларсың жаның пида,
Құдайдан тілеп алдым мен қылып зар.

1850 Жетпіс екі құлменен оқыттылар,
Данышпанның ақылы, жұрттан асар.
Жұрттан асқан мұндайын данышпаным,
Өзім де дәрігерліктің бәрін білдім.

Жұрттан асқан мен болдым үлкен,
Бала берді бізлерге бір Құдайым.
Атқа мініп дүнияны аралайын,
Құдай үшін дәрігерлік мен қылайын.
Жалғыз перзент Құдайым беріп еді,
Қайыр беріп малымды мен болайын.

1860 Бұл ниетменен мен шықтым жаһан кезіп,
Хатун, бала, жұртымдан шықтым безіп.
Һәр шаһардан ауруды бағып жаздым,
Келемін жұрт аралап, жұртты кезіп.

Жүріп келіп жолықтым кезіңізге,
Шақырған соң мен келдім енді сізге.
Жөн-жобарым сұрасаңыз осы менің,
Мұндан басқа сөзім жоқ енді сізге.

Патша ас келтірді алуан-алуан,
Не көрмейді дүнияда бейшара жан.

Асын ішіп болған соң патша байғұс:
— Бір мұңым бар айтайын, дәрігер, саған.

1870 Дәрігер, мен айтайын тыңла сөзім,
Тілеп алған бар еді жалғыз қызым.
Андай көркем дүниядә жан келмейді,
Жаным пида қылушы едім менің өзім.

Андай көрікті көрмедім бұл жаһанда,
Дүниядә кәпір, орыс, мұсылманда.
Перзенттен артық-ды аның көркі,
Жаның пида қыларсың көрсең анда.

1880 Жанымның рахаты көргенімде,
Нұрын көрген адамдар болар пенде.
Құдайым сол қызыма бір дерт берген,
Табиблер білмейді бұ жаһанда.

Жалаң бас, жалаң аяқ жылап жатыр,
Ас ішпес, сөз сөйлемес болды пақыр.
Ауырғалы жеті жыл болды оған,
Басыма түсті маған заманақыр.

Сол қызыма бір дәрмен қылып қара,
Қызым үшін жүрегім болды пара .
Жарым мүлкім берейін қызым жазсаң,
Бұйрығыңдан шықпайын мен бейшара.

1890 — Ақы алып бақпайын жалындырып,
Менің ақы алғаным болмай айып.
Құдай үшін қызынды мен бағайын,
Баққаным ем болса, Құдай ондап.

Дүния малы, әй, тақсыр, бар өзімде,
Құдай айдап келдірді мені мұнда.
Құдай ондап қызынды жаза қалсам,
Бір мұңым бар айтайын, тақсыр, сізде.

- Есітейін мұңыңды, айтып қара,
Қуанғаннан көңлім болды пара.
Жарым пұлым берейін бөліп саған,
1900 Жазама қожа аңа қыз бейшара.
- Мен қызыңды бағайын аяғандан,
Мұңым бар айтайын, тақсыр, саған.
Құдай ондап, қызыңыз жазыла қалса,
Келіндікке берсеңіз, тақсыр, маған.
- Бұл сөзді не деп айттың, ақымақ надан,
Қорықпай, нағып сен айттың маған!
Қазынадан бермек болдым жарым пұлым,
«Қыз берем» деп мен саған айттым қашан.
- Ашуланды дәрігерге патша отырып,
1910 Уәзір келді патшаға қол қусырып.
— Арызым бар, әй, тақсыр, дат қылыңыз,
Тыңлаңыз бұл сөзіме құлақ салып.
- Берсеңіз, бермесеңіз сіз білесіз,
Өлсе қызды қабірге сіз қоясыз.
Қара жерге қойғанда қызыңызды,
Ерге бермей, әй, тақсыр, не қыласыз.
- Қызыңыз сіздің көркем көрер көзге,
Ұғылын мақтап айтады ол да бізге.
Екеуі бір-біріне лайық болса,
1920 Ашуменен көңліңді қылма өзге.
- Әй, тақсыр, осы сөзім болса мақбұл,
Осы күннен сізлерге келсе ақыл.
Құдай ондап, қызыңды жаза қалса,
Берейін деп қызыңды уағда қыл.
- «Уәзірнің бұл кеңесі мақұл екен,
Осы қызым қара жерде жатады екен.
Екеуі бір-біріне лайық болса,
Қызны бермек болғаным жарайды екен».

- 1930 Патша қызын дәрігерге бермек болды,
Аққан жасқа көзінен алды толды.
— Қыз жазылса, балаңа берейін, — деп,
Патша дәрігерге уағда қылды.
- Патшаға құлдық қылды тұра келіп,
— Әй, жамағат, бұл ісім бола ма айып?
Құдай оңдап жазылса перзентіміз,
Хат берді қолдарына мөһр басып.
- Құдай өзі береді оңдар жанды,
Қызыңды маған көрсет, тақсыр патша.
Құдіретіне Құдайымның шек келтірме,
1940 Құдай өзі береді оңнан сонда.
- Патша айтады: — Әй, уәзір, көрсет қызым,
Құлақ салып тыңлай көр менің сөзім.
Не қылса да дәрігерге ықтиярмыз,
Келін болды өзіне нұрлы қызым.
- Уәзірменен жүрділер қожа батыр,
Қыз үйіне екеуі келе жатыр.
Екеуі үйге кірсе, анасы бар,
Қызмет қылып тұрады қыздар пақыр.
- 1950 «Аһ» ұрады қыз пақыр көзі жасты,
Жүзі нұрлы ол қыздың қара қасты.
Жалаң бас, жалаң аяқ жылап жатыр,
Тал шыбықтай бұралып ұзын шашы.
- Көрді де қыз пақыр[ды] аң-таң қалды,
Айдап үйден шығарды біткен жанды.
Қожа айтқан соң қыз-қатын шығып кетті,
Қыз-қатында қожекең жалғыз қалды.
- Қожа айтады: — Пақыр қыз, көтер басың,
Сабыр қыл, төге берме көзден жасың.
Ғашық жарың сізлерге сәлем айтты,
1960 Өзіңнің түсте көрген жас жолдасың.

Қыз басын көтерді, көзін ашты,
 Ұялып қолыменен бетін басты.
 Қожаны көрген соң қатты ұялды,
 Бар денесін көрсетпей, шашын жапты.

Қыз көтерді бастарын қайран қалып,
 Жүзікті көрсетеді қолына алып.
 Орамал менен жүзікті көргеннен соң,
 Қыз пақыр жылай-жылай қалды талып.

1970 — Өңім бе, түсім ме екен бұ көргенім,
 Бар мекен бұ дүнияда ғашық жарым.
 Орамал менен жүзікті көргеннен соң,
 Кім едің алып келген хабарларын?

— Әй, қалқам, көрем бе жүзіңді,
 Қарақаттай қап-қара көзіңізді.
 Жолына пида болсын, шыбын жаным,
 Балдан тәтті айтсам сөзіңізді.

1980 Ғашық болдым бұралған бойыңызға,
 Уайымды түсiрдiң ойымызға.
 Ғеш армансыз дүнияда болар едiм,
 Бiр көрiп, мен жатсам қойныңызға.

Өлгенше хабар сiзден мен күтермiн,
 Үмiтiм бар келер деп ендi сiзден.
 Ғеш арманым бұ дүнияда болмас ердi,
 Құшақтап, сүйiп жатсам тiлiңiзден.

Әй, жарым, тұтып жатсам белiңiздi,
 Осы қайғы басымнан кетер едi.
 Тал шыбықтай белiңнен құшып жатсам,
 Бұ дүнияда тарқатсам құмарымды.

1990 — Жүзiң көркем, әй, жарым, замандасым,
 Ұрғашымын қайтейiн байғұс басым.
 Жiгiт болып, ел кезiп мен жүрмейiн,
 Келмедiң менi iздеп ғашық жарың.

Ғашық жарым, көрмедің мені келіп,
Қыз қарайды көзін салып.
Орамал менен жүзікті көргеннен соң,
Пақыр қыз есі кетіп қалды талып.

— Жүзікті көрген соң көзім тойды,
Қуанғаннан аяғын құшақтады.

— Жаным кірді сөйлеген сөзіңізге,
2000 Қайдан алдың, қожеке, айтшы енді.

— Алып барып қосайын жарыңызға,
Хабар айта мен келдім, жаным, сізге.
Құдай қосса, жарыңа мен қосайын,
Көңліңді қыла көрме менден өзге.

Түсте көрген жарыңыз менім балам,
Хабар айта мен келдім сізге, жаным.
Құдай оңдап, дертіңнен жазылған соң,
Ұғылыма бермек болды атаң, балам.

Атаң маған хат берді мөһр басып,
2010 Көрсетті қыз балаға хатты алып.
Біреуі — ата, біреуі — келін бала,
Екеуі тұрады көп кеңесіп.

— Мен саған жүрейін дәрі беріп,
Сен жазыл күннен-күнге тәуір болып.
Жазылған соң уағданы хилаф қылмай,
Жөнелеміз жарыңа ойнап-күліп.

Жөнелсек, тез барамыз бір-екі айда,
Қожа сөзі тиеді қызға пайда.
«Олай болса, жазылып жүрмек керек,
2020 Осы ақыл өзіме болды пайда».

Қыз жазылды дәріден жеті күнде,
Қожа келіп жүреді күнде-түнде.
Қыз жазылды дәрігерден айдай балқып,
Енді тумас мұндай жан осы күнде.

Қыз жазылды дәрігерден тәуір болып,
 Үйінің іші бәрі де нұрға толып.
 Сүйінші алды патшадан біреу барып,
 Ата-ана жүгірді қуаныш қылып.

2030 Қуанып ата-анасы келді де,
 Қыз байғұс құшақтап жылайды енді.
 Ақыл нұры артыпты бұрынғыдай,
 Әкелді Құдай Жаппар бұл дәрігерді.

— Ақыл нұры артыпты бұрынғыдан,
 Бұл дәрігерді келтірді бізге Құдай.
 Сенің қайғы дертіңден біз қартайдық,
 Екі көз көрмес болды жылай-жылай.

2040 — Әй, ата, мен жазылдым бұ дәрігерден,
 Қадірін білмейді кейбір надан.
 Не берсең де дәрігерді риза қыл,
 Көңілім жақсы болды ғой бұрынғыдан.

— Жазып берген дәрігерге, қызым, берем,
 Көзім нұры, қуанышым, шүкір пендем.
 Сен бара алсаң ұғылына бермек болдым,
 Ал, не деп айтасың, әй, перзентім?

Қыз қуанды бұ деген сөздеріне,
 Ұялып, орамал тұтты жүздеріне.
 Үндемей ғашық жарын ойына алып,
 Жас толды қан аралас көздеріне.

2050 — Бұ дертті басыма Алла салған,
 Баласы дәрігердің үйде қалған.
 Баласы адамзаттан артық екен,
 Иншалла, айтқаны болмас жалған.

Не болса да, әй, балам, бермек болдым,
 Алланың бұйрығына мойынсұндым.
 Өлсең сені, әй, балам, қайтер едім,
 Уәзірлер айтқан соң мен де көндім.

- Баласы лайық дейді өзіңізге,
Ұялып, орамал тұтпа жүзіңізге.
Алла бұйрық қылған соң халің бар ма,
2060 Құлағың сал, перзентім, сөзімізге.
- Тағдыр жетсе, бұ сөзден өлер ме едім,
Ауырмасам, сөзіңе көнер ме едім.
Бәр не болса мен көндім айтқанға,
Өлсем, бәнен айрылып көмер едің.
- Жақсы қылып мен сені ұзатайын,
Тағдыр болса Құдайдан мен қайтейін.
Қырық нарға қазына артып, қырық құл берейін,
Көп мал менен өзінді жөнелтейін.
- 2070 Жар шақыр, тамам жұртқа білсін, — деді,
Жұрт жиылып бұ тойға келсін, — деді.
Қырық күндей қызыма той қылайын,
Қызық, қызмет жамағат көрсін, — деді.
- Жеті күндей Фағфуршын малын сойды,
Сырнай, керней тарттырып қылды тойды.
Ішкені арап-шарап жамағаттың,
Өңкей кедей байғұстар майға тойды.
- Бұ тойда ішкендер, жегендер-жегендер тоқ,
Қызық, қызмет той көрді жиылған көп.
Қазынаның есігін ашып қойды,
2080 Мұндай тойлар жаһанда болғаны жоқ.
- Жеті мың мейманхана қойды салып,
Енді тойға жиылмас мұндай халық.
Дастарханы салулы, ас қоюлы,
Жұрт керегін сұрамай кетті алып.
- Кей адамдар ат мініп, шапан киді,
Патша «шапан жабам» деп жұртын жиды.
Қырық күнден той қылып ойын салып,
Аямай жалғызы үшін малын қырды.

- 2090 Той тарқап, жөнелді жұрттың бәрі,
Жиылған үлкен-кіші, кәрілері.
Жұртына бастан-аяқ сәрпай жапты,
Ат мініп, шапан киді қызметкері.
- Жөнелтуге қызына жарлық қылды,
Шаһардағы қатын-қыз бәрі келді.
Ішкені арап-шарап, ойын-күлкі,
Үш күнгеше ортада ойын болды.
- 2100 Қырық нарға артыпты жабдықтарын,
Аямай алтын-күміс берді малын.
Қырық құлды мінгізді арғымаққа,
Жалғызындан аямай берді малын.
- Қырық күні маңлық торғын киіп алды,
Алтыннан асыл тас жүзік салды.
Көрсеніз һәрбірсі берер заттан,
Көрген жанның бәрі де аң-таң қалды.
- Қырық құл үстіне шатыр тікті,
Алтын қортырып көңілі тынды.
Торғын маңлық үстіне төсек салып,
Қызмет қылып қасына қырық қыз кетті.
- 2110 — Перзентім, бір Аллаға тапсырайын,
Малды аяп, мен сенден не қылайын.
Құдай қосқан жарыңа жеткеніңше,
Есен-аман сақтасын бір Құдайым.
- Жалғызымыз кеткен соң біз нетерміз,
Көрмей жүрсек біз сені сағынамыз.
Хор қызындай нұрларың еске түссе,
Һәр күнде үш уақыт зар қыламыз.
- 2120 Ата-анасы келді де қастарына,
Киімдері су болды жастарына.
Артында ұлы да, қызы да жоқ.
Мұндай үлкен іс түсті бастарына.

— Мүштарайжан, қашан көрем енді сізді,
Бір кісіге біз бердік баламызды.
Тым болмаса қасында күйеуі жоқ,
Көз қуанышым, шырағым, баламызды.

— Ата-анам, аман бол, қалдың кейін,
Хабар біліп тұрғайсыз жыл-жыл сайын.
Патшаларға жат па екен менім басым,
Дәрігердің баласы болды байым.

2130 Ата-анам, есен бол менен қалып,
Жүзін көрген адамдар қалды талып.
— Құдай қосқан жарыма мен жүрейін,
Жыл-жыл сайын тұрғайсыз хабар алып.

Хабар алып тұрғайсың жыл-жыл сайын,
Патшаларды мен өзім не қылайын.
Сақараны көрсетеді кешіктірмей,
Кешікпей мен енді жөнелейін.

2140 Ата-анасы зар қылды кешке дейін,
— Амандасып, шырағым, жөнелейін.
Артымда ұғылым да жоқ, қызым да жоқ,
Сондайын соң патшалықты не қылайын.

— Әй, ата, менің сөзім тыңлап қара,
Бұ қайғыдан жүрегім болды пара.
Бала берсе, Құдайға қиын емес,
Қайыр беріп, Құдайдан тілеп қара.

— Көзім нұры, шырағым, шүкір бендем,
Сенсіз қайтіп жүрейін, әй, перзентім.
Ата-анаңның хақны құрмет қылып,
Күйеуіңді құрмет қыл енді, балам.

2150 Үшбу қызым, әй, қожа, тапсырайын,
Хабар жазып тұрғайсың жылда маған.
Баламды бір Аллаға тапсырайын,
Құдай өзі сақтасын есен-аман.

Мүштарай тәж оранды бастарына,
Ойпаң жерлер су болды жастарына.
Жөнелді аттарына мініп алып,
Қырық жолдас алды қастарына.

2160 Қыз жөнелді піліне мініп алып,
Амандасып жыласты тамам халық.
Жылап-еңіреп жұртменен қыз жөнелді,
Айырылып ата-анасы қалды талып.

Амандасып қыз, қожа жөнеледі,
Жол ортада бірқатар заман өтті.
Екі ортада ғаріптер көп күн жүріп,
Басра шаһарына жақын жетті.

Қожа ойлайды «Басраға жетсем екен,
Өзім барып сүйінші алсам екен».
Қисап қылса қожаның шыққанына,
Үш жүз елу тоғыз күн болған екен.

2170 Таңертең жөнеліп кетті қожа тұрып,
Басраға барып жетті ара қонып.
Жұрт барып бәрі қара киген, шашын жайып,
Тұрды қожа көрген соң қайран қалып.

Қожа сұрайды: — Не болды? — деп,
Қара киген, шаш жайған бола ма? — деп.
Бір молада, жұрт бәрі зар еңірейді,
— Маған айтсаң, бұларың не деген гәп?

— Бір жар үшін Сақара өліп қалды,
Соның үшін жұрт қара киіп алды.
Бір көруге зар болып жүруші едік,
2180 Алла жұртның басына қайғы салды.

Естіп қожа Ғария зар илейді,
Зар қылып ойына алып бір Құдайды.
Атдайын өзін қара жерге атып тастап,
Сақараның моласын құшақтайды.

— Әй, Сақара, жүзінді көрсем нетті,
Сенің үшін көріп келдім көп мехнатты.
Ғашығыңның жүздерін бір көрмедің,
Көрген мехнат баршасы желге кетті.

2190 Әй, Сақара, көрмедің ғашығыңның жүзін,
Естімедің сөйлеуін ғашық сөзін.
Тіріклікте екеуің қоспадым, — деп,
Топыраққа бұлғайды басы-көзін.

Сақара, ажал жетіп өлгенің бе,
Уағдалы айтқан сөзге жетпедің бе?
Бір сөйлескен қызыңды көре алмадың,
Сонша мехнат далаға кеткені ме?

2200 Қожа Ғария сақалын жұлып алды,
Халайық мұны көріп зар илейді.
Қожа Ғария ақылсыз бір күн жатты,
«Сенен қалып шыбын жан не болады».

Ата-анасы жатыпты күйік қылып,
Қалды көзнің бәрі де қанға толып.
«Сенен қалып, шырағым, не болам? — деп,
Бір жар үшін, шырағым, қалдың өліп».

Бір күн жатты Ғарияның есі кетіп,
Кейіннен Мүштарай көрді келіп.
Бір моланың басында жұрт жылап тұр,
Қайран қалды бейшара мұны көріп.

2210 Тірі жан жоқ бұларға қарсы келген,
Ойлайды «Бұларға не болды екен?»
Бұларның келгеніне көзін салып
Амандасқан бір жан жоқ, сәлем берген.

Қара киген, шаш жайған жиылған көп,
Жыламаған бұларда тірі жан жоқ.
Қатын-қыз, бала-шаға, ұрғашы-еркек,
Баршасы жылайды «Сақара» деп.

Қыз қарап піл үстінен көзін салды,
Халайықты көрді де қайран қалып.
Бір адамды шақырды: — Бермен кел, — деп,
2220 — Бұ кімдер? — деп сұрайды ойына алып.

— Бері кел, — деп, — әй, жігіт, қасымызға,
Не іс түсті, жамағат, басыңызға.
Бір моланың басында зар еңірейсіз,
Ойпаң жерлер көл болған жасыңызға.

— Шаһарымызда бар еді бір сұлу жар,
Аның аты — Сақара, құп нұры бар.
Ғашықтың дертінен өліп қалды,
Жамағат соның үшін жылайды зар.

Қыз пақыр мұны естіп, байғұс болды,
2230 Зағыпырандай сарғайып жүзі солды.
Пілінен өзін жерге атып ұрып,
Екі бетін жыртқалы қолын салды.

Молаға келіп жетіп айғай салды,
Өлгенін ғашығының ойына алды.
Жүгіріп келіп моланы құшақтады,
Қыз пақыр жылай-еңірей талып қалды.

Ата-анасы келділер қастарына,
Тізесін жастық қылып бастарына.
Құшақтап ғаріп қызды көп жылайды,
2240 Ойпаң жерлер көл болды жастарына.

Зар қылды мұны көріп жұртның бәрі,
Ұрғашы-еркек жиылған кәрілері.
Сонда болды, жамағат, ақырзаман,
Жиылған жұрт бәрі де қылды зары.

Есін жиып қыз пақыр айғай салды:
— Әй, менім аға жұртым қайда қалды?
Тірлігінде жүзінді көре алмадым,
Жан шырағым, мағшұғым өліп қалды.

- 2250 Жүзінді көре алмадым қай етейін,
Сенен қалған бұ жанымды не қылайын.
Сен сүрмеген бұ дүния болсын харам,
Ақыретте мен саған табысайын.
- Сақара, бейнет шегіп келдім саған,
Қарамай өліп қалдың өзін маған.
Қырық құл, қырық күн, қырық нар
қазына артып,
Сен өлген соң қазына болды ойран.
- Қырық құл, қырық күн үйге қайтсын,
Сенсіз маған бұ дүния харам болсын.
Тірі жүріп дүнияда не қылайын,
2260 Ақыретте мен саған табысайын.
- Таң қалды халайық мұны көріп,
Баршасы зар қылды қолын жайып.
Қыз пақыр зар илейді шашын жұлып,
Таң қалды мұны көріп жиылған көп.
- «Ғашығым» деп Мүштарай жанын берді,
Кеудесінен жан шығып жүре берді.
Ай секілді балқыпты аның жүзі,
Жұрт жиылып ол қыздың жүзін көрді.
- 2270 Сақара Мүштарайменен ғашық өткен,
Бұ дүнияда қосылмай өтіп кеткен.
Екеуі тірісінде қосыла алмай,
Ондай ғашық неш болмас арманда өткен.
- Екеуін бір қабірге көмді алар,
Арманда өтті екеуі бейшаралар.
«Оларды, тірісінде қоспадым» деп,
Күні-түні қожекең қылады зар.
- Құдай жолына тарқатып малының бәрін,
Азат қылды қожекең құлының бәрін.

2280 Фағфуршынға жіберді он мың кісі,
Білдірді екі ғашық өлгендерін.

Қожа Ғария молада зар илейді,
Ойына алып жылайды бір Құдайды.
Қырық күн молада жылап жатты,
Күнде, түнде бейшара ұйықтамайды.

Қожа Ғария молада жылап жатты,
Көзінен жас орнына қандар ақты.
Ғаріптерге малының бәрін берді,
Мүкаммалын бәрін де талқан қылды

2290 Алтын тақты қожа Ғария отқа жақты.
Еш ас ішпей күнде-түнде зар илейді,
Ертең — кеш те тілегім еш болмайды,
Бұндай адам дүнияда еш болмайды.

Сақалын түгесті бәрін жұлып,
«Жанымды ал» деп жылайды зары қылып.
Көзінен жас аралас қан ағады,
Бет-аузын бәрін де топырақ басып.

Көргеннен соң бір адам келді жетіп,
Күні-түні жыласып зарлық қылды.
— Не мұның бар, не дертің бар, айтып қара,
Сені көріп, мен келдім есім кетіп.

2300 Күні-түні, сен, неге зар илейсің,
Күні-түні зар илеп отырасың?
Зарыңды періштелер есітеді,
Құдайдан зар қылып не сұрайсың?

— Екі ғашыққа жылаймын қылып зар-зар,
Дүнияда қосылмады бейшаралар.
Бірін-бірі көре алмай өтіп кетті,
Сондай үлкен басымда бір мұңым бар.

Екеуі бірін-бірі көре алмады,
Дүнияда ойнап-күліп жүре алмады.
2310 — Сен, әуелі иман келтір, мұсылман бол,
Тілегіңді Құдайым қабыл етеді.

Мен бір бата берейін, қолыңды жай,
Иншалла, тіріліп тұрып қалғай.
Мұсылман болып Ғария дінге кірді,
Қолын жайып ол адам бата берді.

Құдайның құдіретіменен көр жарылды,
Екі ғашық тіріліп тұра келді.
Тұрды да отырды бейшаралар,
Қожа аларға үндеместен сәлем берді.

2320 Екеуі тұра келіп отырдылар,
Бейшаралар көзіне жас толтырдылар.
Қожа Ғария сұрайды ол адамнан:
— Не себептен сөзлемей отырар бұлар?

— Бұ дүниядан бұл екеуі өтіп кеткен,
Несібесі таусылып күні жеткен.
Бұ дүнияда қалған жоқ ғұмырлары,
Тағдыр жетіп, дүниядан өліп кеткен.

Қожа Ғария көзінден төкті жасын,
Зар илеп аяғына қойды басын.
2330 — Мен жолына жанымды пида қылсам,
Ғаріплер тірілер ме, отағасым.

— Ғұмырлары біткен соң жанын алған,
Бұ істерні басына Алла салған.
Жаныңды бөліп бермесең, тірілмеслер,
Дәл алпыс жыл өзіңнің ғұмырың қалған.

Ол кісі енді: — Мен сізлерге дұға қылсам,
Жиырмадан жасыңды бөліп берсем.
Және тіріліп екеуі тұра келер
Қырық жасың екеуіне бөліп берсең.

2340 — Сенің айтқан сөзіңе ердім, — деді,
Бар Құдай, қабыл әйлә мұны, — деді.
Бар жамағат тұрдылар «әумин» айтып,
Қарт байғұс Құдайға дұға қылды.

Қабыл болып дұғасы ғаршы кетті,
Құдай Тағала тілеуін мұның берді.
Екі ғашық тіріліп сәлем беріп,
Қожа Ғария[ны] құшақтап бас салады.

Ата-анасы көрген соң қалды талып,
Біраздан соң естерін жиып алып.
2350 Баласыменен құшақтап амандасты,
Андан соң көп еліне хабар айтып.

Шыныменен тіледі қожа Ғария,
Тілегін беріпті Алла Тағала.
Шын тілесе, Құдайым береді екен,
Қырық күндей той қылды жамағатқа.

Тұра тұрсын бұл сөз осы жерде,
Жеті мың кісі жөнелді Құдауанда.
Фағфуршын еліне жақын келіп,
Кешікпей-ақ келділер күнде-түнде.

2360 Дарияның жанына қонып алды,
Патшаның бір құлы суға келді.
Жеті мың кісі жатыр су жанында,
Көргенін патшаға айтып барды.

Бір кісіні жіберіп: — Біліп кел, — деп,
Не себептен келгенлер көріп кел, — деп.
Барған соң оларға сәлем деңіз,
Арызы бар болса айтсын келіп.

Бір құл шапшаң есіктен шығып кетті,
Жақын келіп жамағатқа сәлем берді.
2370 — Патшамыз жіберді біліп кел, — деп,
Арызы болса айтсын, сәлем айтты.

— Басрадан түн-күн жүріп біз келеміз,
Патшаға қайтып жауап білдіреміз.
Мүштарайның Сақара ғашық жары,
Сол екеуден хабарны білдіреміз.

Сақара Мүштарайға ғашық болған,
Шыдай алмай ғашықтан өліп қалған.
Сақараны жамағат көміп болғаш,
Мүштарай сол уақтыда жетіп барған.

2380 Мүштарай көргенен соң «бұ не» дейді,
Сансыз көп жамағат келген дейді.
Жамағат Сақара деп айтқаннан соң,
Мүштарай айғай салып, талып қалды.

Замандан соң бала есін жиып алды,
«Мағшұғымды көрмедім» деп зар еңіреді.
«Сақарасыз керек емес бұ дүния, — деп,
Ата-анама сәлем айт» деп жанын берді.

Құл барып патшаға сәлем берді,
Естігенін бәрін де айтып берді.
2390 Ата-анасы бұл сөзді есіткен соң,
Зар еңіреп сол жерде талып қалды.

Ата-анасы біраздан соң есін жиды,
«Заманақыр бізлерге енді болды.
Патшаның кеп-кеткісін не қылайын»,
Шерік алып Басраға жөнеледі.

Бір күні Басраға келіп жеткен,
Жылай-жылай көзінде жасы біткен.
Екі ғашықтың тірілгенін қайдан білсін,
Ата-анасы баласынан үміт үзген.

2400 Мұны есіткен адамдардың мұңы тарқар,
Естігенде баршасы тамаша айтар.
Екі ғашық жар, қожа Аффан, қожа Ғария,
Шерік менен алдынан қарсы келер.

Ғағфуршын мұны көріп аң-таң қалды,
 Бәрі де сол жерде құшақтасты.
 — Екі ғашық өлді деп мазақ қылдың,
 Ғағфуршын бұларға ашуланды.

Қожа Ғария айтады «Сабыр» дейді,
 Ғағфуршын құлақ салды ақыр дейді.
 2410 Қожа Ғария баладан не көргенін,
 Жылай-еңірей сөйлейді пақыр, дейді.

— Инансаң екі ғашықтың өлгені анық,
 Екеуін бір көрге қойдық салып.
 Сол жерде қырық күн зар еңіредім,
 Бір шал келді қасыма таяқ алып.

«Мұнша неге жылайсың, қожа Ғария?
 Мұның болса айтып қара енді маған.
 Шыныңменен тілесен, мұсылман бол,
 Сұрағанын береді Алла Тағала».

2420 Мен айттым «екі ғашық өлді дедім,
 Заманақыр басыма келді» дедім.
 Шал сөзі құлағыма жақсы кірді,
 Шапшаңнан мұсылман енді болдым.

Қолын жайып шал байғұс дұға қылды,
 Көр жарылып екі ғашық тұра келді.
 Ол екеуі нешнәрсе сөйлемейді,
 Өзіме енді сөйлейтұғын кезек келді.

Мен айттым «не себептен сөйлемейт» деп,
 «Екеусінің ғұмырлары біткен» дейді.
 2430 «Дәл өзіңнің алпыс жыл ғұмырың бар,
 Жиырмадан жасыңды берші» дейді.

Жиырмадан қырық жасым бердім енді,
 Алланың бұйырғанын көрдім енді.
 Екі ғашық көрінен тұра келіп,
 Қол қусырып сәлемін енді берді.

Екі ғашыққа жиырмадан жасым бердім,
Жиыrmасын өзіме алып қалдым.
Ашулансаң, меһманым, енді өзің біл,
Көргенім бәрін де айтып салдым.

2440 Фағфуршын қуанғаннан «шүкір» қылды,
Сол жерде мал сойып, тойлар қылды.
Сансыз көп мұрадына жетіп алып,
Фағфуршын үйіне қайтып кетті.

Екі ғашық мұрадына жетіп алып,
Мехнат кетіп, бұларға дәулет жетті.
Сақара, Мүштарай менен қожа Ғария,
Жиырма жыл болған соң бірдей өтті.

Дүниядан бұл үшеуі бірдей өтті,
Осы күнде өлгендер тірілмейді.
2450 Несібесі таусылып, ғұмыр біткеш,
Бізлер түгіл солардан ғұмыр өткен.

Мұны жазған Зай-ал-нур-дүр — менім атым,
Өзім өлсем, қалады жазған хатым.
Оқығанда бір дұға қыла ма деп,
Соның үшін қолыма қалам алдым,

Бұ кітапты көрген соң жауып алдым,
Бұ кітапқа өз атымды дахи салдым.
Төрт қағазы әні жоқ сөйлемеген,
2459 Соны да әнге салып, сызып алдым.

نوعمان - ناعيماننك قيساسى

Нұғыман — Нағиманның қиссасы

Бағдат Мысыр бірлән екі үлкен шәр,
Бұл сөзге құлағың сал, ей, жаранлар.
Орнына пайғамбардың әмір еткен,
Бағдатта Назым дейтін халифа бар.

Көндірген әміріне жанның бәрін,
Айтайын хикая қып болған халін.
Қарайды әміріне дін мұсылман,
Жұртына патшалығы болып мәлім.

10 Мысырды билеп тұрған Құжаз патша,
Жұртына әділдік жоқ, болды залым.
Біреуді ішке тартып сөйлеп,
Алдаумен талай жанның алған малын.

Нышан жоқ әділдіктен, жүзі қара,
Пәле қып сау кісіге жапқан жала.
Сатылып қу ләпсінің тіліне еріп,
Қорқытып сан адамнан жеген пара.

20 Мысырда бір бай бопты Ғабдолла атты,
Әрі бай, әрі жомарт салтанатты.
Келгенше елу жасқа әлгі жомарт,
Зар болып бір перзентке жылап жатты.

Болыпты сонша дәулет бір адамда,
Уақытсыз Алла бермес сұрағанға.
Сабырлықтың ақыры кеш болады,
Ақырын қайырлы етер шыдағанға.

Бала болу Қадірден әуел баста,
Әзелсіз болар деген сөзді таста.
Көп жалынып бала үшін малын шашып,
Көріпті жалғыз ұлын елу жаста.

30 Жалғыздың Нұғыман деп қойыпты атын,
Бір Алла қабыл етсе айтқан датын.
Пақырларға көптен-көп жәрдем беріп,
Өсірді тәрбиелеп сол перзентін.

Бұл бала бір де болса болған дана,
Өзіндей әділ болар бар нышана.
Жүсіп нұры секілді асқан сұлу,
Халі бар болатұғын жұртқа пана.

40 Ғабдолла жомарт ерден қайғы кетті,
Біраз күн мұныменен заман өтті.
Бір жақсы молладан кеп сабақ оқып,
Нұғыман алты жасқа келіп жетті.

Көз жетпес қазынаға байдың ұғылы,
Күніне мыңды берсе кетпес түгі.
Қытайдың мемлекеті — Шын-Машында
Бар екен Ғабдолла бай піркашігі.

Арада сауда қылып неше қала,
Жас еді мал иесі жалғыз бала.
Ғабдолла Шын-Машынға жүрмек болды
Сондағы піркашіктен қисап ала.

50 Жол жүріп Шын-Машынға келіп жетті,
Ғабдолла піркашікпен қисап етті.
Саудасы пайдасы бар, тәуір екен,
Қуанып Алласына шүкір етті.

Саудасы пайдасы бар шамалады,
Басқаға жұмысы бітіп, қарамады.
«Бір нәрсе жалғызыма алайын» деп,
Базарды қайтар күні аралады.

Бұйымы басқа жұрттың таң болады,
Базарлық саудагерге заң болады.
Бір нәрсе баласына апармаса,
60 Сарандық, құр қайтқаны шам болады.

Базарды кетер күні аралады,
Ешнәрсе керегіне жарамады.
Базар халқы жиылып таң көрісіп,
Баршасы бір нәрсені қамалады.

Жан жиылып, таң көріп анталасар,
Көрген пенде құмар боп жанталасар.
Ғабдолла тамашаға көзін салса,
Қараса, бір сұлу қыз жаннан асар.

Алтыға жеткен екен қыздың жасы,
70 Бойында қыз демесең жоқ күнәсі.
Ай жүзді он төртінші бір перизат,
Көрінер тамағынан ішкен асы.
Сол күнде жариялап сатады екен,
Әйелдің жасында өлсе ата-анасы.

Мың сан жиылып саудаласты,
Жүз мың алтын ділдә екен қыздың басы.
Көркемдігі көз тартар анадайдан,
Алтыға биыл толған қыздың жасы.

Адам жоқ күші жетіп қызды алғандай,
80 «Аһ» ұрып алмаған жан сандалғандай.
Лайық падишаға бір назыгүл,
Көзінен көрген адам от жанғандай.

Сатуға алып шыққан адам үшін,
«Лайық адам екен балам үшін».
Қараса, дәл өзінің баласындай,
Ұлымен бірдей көрді қыздың түсін.

«Қараңыз кез келгенін уақытында,
Баламның жолықты ғой бақытына.

Осы қыз қара тұр ғой ханда да жоқ*,
90 Лайық падишалардың тақтына.

Арнадым жалғызыма, Патша Құдай,
Ғұмыр бер жастарына мұнан былай»
Деді де, иесімен саудаласты,
Отырды жүз мың алтын ақы сұрай.

Келісіп, алып келді сарайына,
Мұндай қыз табылмайды жабайыға.
Берді де жүз мың алтын алып кетті,
Жолықты бақыты боп талайына.

Бұл қыздың Нағиман екен тағы да аты,
100 Сол қызбен аттас екен өз перзенті,
Қызды алып бай да қайтты шаһарына,
Табылып көңілінің бар қажаты.

Бұл іске бек қуанып, болды қарық,
Қалаға барып еді аты арып.
Екеуін бір сарайға тәрбиелеп,
Жалғызға атастырып, қойды апарып.

Жетіпті екі бекзат он жасына,
Оқиды күнде барып молласына.
Тілеуін Нұғыманның Құдай беріп,
110 Қосылды күндей сұлу жолдасына.

Он үште балиғаттан бұлар асып,
Бір құдай қызыл гүлді жерге шашып,
Біреуінсіз-біреуі сабыр қылмас,
Өсіпті бақ алмадай тең жарасып.

Заты тең, сипаты тең, шырайы бір,
Таза өсті тәрбиеде екі бұлбұл.
Он үште екеуі де молла болды,
Ақылы парлас болып, айтысып сыр.

* Мәтінде осылай берілген

120 Ғабдолла жомарт ердің көңілі сүйіп,
Көзіне сипатлары жылы тиіп.
Жасы кәмел онбеске келгенненсін,
Қосыпты екі жасты неках қиып.

Өтіпті біраз дәурен солай жүріп,
Қызықпен ойнап-күліп өмір сүріп.
Ғабдолла баласына қисап берді,
Жалғыздың ақылына көңілі иіп.

Малына ие қылды мирасқорын,
«Қылғай, — деп, — жалғызымның Алла жолын!
Қартайдым, енді саған заман қалды,
130 Табылмас адамзатқа малсыз орын.

Қисап бар қырық қалада сенің малың,
Болмайды тіршілікте малсыз халің».
Үйретті көп нәсихат баласына,
Үш айда барш[асы]нан қисап алың.

Балаға кінәғаны берді жиып,
«Босады енді менің көңілім иіп.
Қайыр-зекет көп беріп жомарт атан,
Кетерсің бұл дүниені бір күн үйіп...»

140 Баласы дәулетіне болды қорған,
Данышпан, өзі молла, ақылы озған.
Шариғат хүкімінше жомарт болды,
Шығарды сан қыранды түскен тордан.

Мысырда сүйікті жоқ мұнан басқа,
Қуантты кедейлерді ат пен асқа.
Дәулеті зиада боп мырза Нұғыман,
Екеуі келіп жетті жиырма жасқа.

150 Атасы бір нәсихат айтты құрып,
«Болмайды енді, балам, босқа тұрып.
Қырық шаһарда піркашік саудаңыз бар,
Келіңіз қисап алып үш ай жүріп».

Ғабдолла осылайша әмір етті,
Айтқанын атасының қабыл етті.
«Сапарға мырза Нұғыман жүреді» деп,
Кәрі-жас шаһардағы бәрі кепті.

Нұғыманның Нағиман атты ғашық жары.
Баянсыз, қарай қойшы, мына дүнианы.
Бір сағат жүзін көрмей тұра алмаушы ед,
Жүреді қайтіп шыдап шыбын жаны.

160 Айырылды әрең қиып бірін-бірі,
Қиянат ойларында жоқ-ты кірі.
Үш айды болжау қылды келмегіне,
Сәлемет сонда дидар көрмегіне.
Жаны мұнда, денесі әрең кетті,
Жолығып жеті ғашық өрнегіне.

Сапарға мырза Нұғыман кетті жүріп,
Сау қайтар, иншалла, сейіл құрып.
Нағиман сұлу қыздан сөз қозғайын,
Жамағат, құлағың сал, мойын бұрып.

170 Айталық бір қатынмен болған халін
Сырты шоқ, болып қалған іші жалын!..
Түнде ұйқы, күндіз күлкі бір көрмейді,
Қапада сарғайыпты, дерті қалың.

Бір кітап жазып алған жарын мақтап,
Кеткенсін жас күнінен таза сақтап.
Қисапсыз қолсырнайға жүйірік екен,
Түн болса, ән салады екі жақтап.

180 Ондай әнді салмайды бір мұсылман,
Жасынан қолсырнайға тым ысылған.
Өзі — ақын, өзі көркем, сөзге көсем,
Сөйлейді жарын мақтап әр қиыннан.

Осылай Нағим сұлу етеді ермек,
Жұбатып ғаріп көңілін сөз көтермек.

Ашуын ғашық жардың сөз басады,
Көңілін қайғы алғанда, іші кірлеп.

Сауықпен таң атқызар қыз өнерпаз,
Өлеңмен жарын мақтап етеді наз.
Бір күні уәзірлермен келе жатып,
Естиді салған әнді патша Құжаз.

190 Қараса, алтын сарай, жағулы шам,
Әйнектен ән салады бір қыз адам.
Салған ән, айтқан өлең қызығынан
Падиша баса алмады жалғыз қадам.

Тік тұрып, таяу барып, салды көзін,
Байқады жасырынып қыздың жүзін.
Бойынан ақыл кетіп, талып тұрды,
Перизат тамаша әйлап айтқан сөзін.

Падиша уәзірлермен ақылдасты:
— Осындай көргем жоқ, — деп, — қалам қасты.
Қара тұр ғой, хан мұндай қатын алмас,
200 Берді екен қандай жанға есіл жасты.

Уәзір: — Нұғман, — дейді, — мұның жары,
Ежелден бізге мәлім еді жайы.
Біреуіне-біреуін ғашық етіп,
Қосыпты келістіріп бір Құдайы.

Жасында жариялап сатып алған,
Неше бай, неше патша ғапыл қалған.
Жігіт-қыз екеуі де ғашық дейді,
Сіздерге кездеспепті, дүние жалған.

210 Айтады залым Құжаз: — Білсем,
Сол күнде қоймас едім қылсам.
Маған бұрын айтпадың неге мұны,
Мен мұны білмей босқа, ғапыл жүрсем.

Әлде болса етермін бұған бір іс,
Алуға бірақ өзім болмас тиыс.
Бағдаттағы жіберсем халифаға,
Еш адам оған батып қылмайды күш.

220 Өзі залым патшаға ой түсті барып,
Ешбір мұны білмейді қатын ғаріп.
Таң атқансын шақырды бір кемпірді,
Сиқыршы қатын еді жұртқа жарық.

Ғаяр кемпір шақырғансын келді жетіп,
Қасынан орын берді тағызым етіп.
— Ей, кемпір, бір жұмысқа шақырып ем,
Бұйырсам, келер едің әлде не етіп.

Қосамын енді сені қиын жолға,
Көп жұмсап сеніп едім оң мен солға.
Нұғыман байдың қатыны сұлу екен,
Бір түнде әкеп берсең біздің қолға.

230 Жіберсем халифаға мұнда қоймай,
Нұрына ғашық болдым, көзім тоймай.
Берейін өз бойыңдай алтын өлшеп,
Отырмын соған етер амал болмай.

Амалдап алып келсең, алар едім,
Қорқытып, көп пәлеге салар едім.
Аманат халифаға тарту етіп,
Шен мен тон, абырой алып қалар едім.

Кемпірдің жауабы:

— Ей, патша, қиын екен арманыңыз,
Бұйырса, жерде қалмас пәрманыңыз.
Осы түнде қолыңа тигізейін,
240 Артынан бізге болса қайырымыңыз.

Уағда падишамен қылды қатты,
Бір залым қатын еді кәпір затты.

Құбылып бір алуан түрге түсіп,
Болды да сопы кемпір инабатты.

Бұл кемпір әр өнерді білуші еді,
Адам таппас амалға кіруші еді.
Қай кезде әулие боп, ел қыдырып,
Садақа, елден қайыр жиюшы еді.
250 Қолда таяқ, мойнына тәсбиқ салып,
Залымның қылған ісі сыюшы еді.

Бұрынғы қараңғылық басым кезі,
Ежелден жұрт мұндайға июші еді.
Бұрын көрген адамға танытпауға,
Үстіне түрлі киім киюші еді.

Өзі — молла, сөзі бар саудыраған,
Бір жолда іс бола ма мұнан жаман.
Көшеде салауат пен зікір айтып,
Нұғыманның сарайына келді таман.

Берсе де ел садақа бірін алмас,
260 Қызығып дүнияға көзін салмас.
Жолыққан адамдарға бата беред,
Кәпірдің сөзі жаман естен қалмас.

Жан жиылып ереді «пері екен» деп,
«Әулие машайықтың бірі екен» деп.
Сөзіне, қылығына жан таңқалды,
«Бір ғазиз бата беріп жүр екен» деп.

Адамның бата берді талайына,
Жұрт қамалап ереді маңайына.
Көшедегі адамды ертіп алып,
270 Нұғыманның келе жатыр сарайына.

Қарайды Нағым сұлу көзін салып,
Жұрт келеді бір кемпірді ортаға алып.
Шын әулие секілді сөз сөйлейді,
Жылайды салауатпен отыра қалып.

Білмейді қайран сұлу кемпір жайын,
Қараса, бір әулие болған дайын.
«Мырзаға бір жақсылық болар ма екен,
Шақырып әулиеден бата алайын».

280 Шақырып, ертіп келді бір қызметкер,
— Ей, ана, мырзамызға бір бата бер!
Саламат сапарынан қайтар ма екен?!
Жолда еді бір балаңыз, атасқан ер.

Қисапсыз бата берді қолын жайып,
Алтын берсе алмайды осы тәбиб.
Неше түрлі тағамнан дәм татпайды,
Кеткен, — деп, — ас ішуім өте азайып.
Қырық шілтен ғайып ерен жолдастарым,
Шекер, шәрбат береді нұрдан шайып.

290 Екінтіде бастады бір намазды,
Дәл ясиғы болғанша шапақ батып.
Ел жатқанша оқыды тағы намаз,
Залым ит сопы болды таңғажайып.

Іші сопы, сырты адам — жылы-суық,
Ел жатарда намазды қойды жиып.
Асығып, сасқалақтап жүрмек болды,
«Келді, — деп, — қырық шілтенлер киім киіп».

300 Қоныңыз, тамақ ішіп бізге, — деді,
Шықпаңыз түн ішінде түзге, — деді.
Жалынып Нағым сұлу болмағансын.
— Ей, балам, сөз айтайын сізге, — деді.

Ей, балам, құрметіңе болдым риза,
Сапардан аман қайтар сіздің мырза.
Татпайды дүние малын әулиелер,
Толған соң қарны ашпайды іші нұрға.

Оңаша сыр айтайын, балам, — деді,
Ықыласпен құлағың сал маған, — деді.

Адамдай әулиенің ләпсісі жоқ,
Алланың рахметінен тағам, — деді.
Қырық шілтен ғайып ерен әулиелер
310 Жиылар бүгін түнде тамам, — деді.
Татпайды дүние малын әулиелер,
Бізлерге дүние малы харам, — деді.
Болжалы жиылатын болып еді,
Жүрейік, рұқсат бер маған, — деді.
— Көрейін әулиелер мәжілісін,
Нағиман: — Мен де бірге барам, — деді.

— Ей, балам, оның жолы қиын, — деді
Барсаң бар, әулиеңе сиын! — деді.
Үстіңе намаз үшін лайықтап,
320 Жаңадан, таза киім киін, — деді.

Жан-жағыңа қарама көзіңді ашып,
Етегімнен берік ұста, жылдам басып.
Бұрын ондай ғазизді көрген жоқсың,
Жаңылып тілегіңнен, қалма сасып.

Үйретті көп насихат кемпір сөзін,
Етегінен берік ұстап, жұмды көзін.
Амалменен сұлуды ертіп алып,
Құжаз жаққа әкетті жалғыз өзін.

Бұл кемпір қылған жұрттың талайына,
330 Көзі жеткен көршінің маңайында.
Амалменен сұлуды ертіп алып,
Құжаздың алып келді сарайына.

Бір үйге отырғызып, кемпір кетті,
Құжазға барды дағы хабар етті.
Қолына қылыш алып залым патша
Ақырып, Нағиманға келіп жетті.

— Сен кімсің, түн ішінде мұнда жүрген?
Ұрлауға қазынамды түнде келген.

Залымдықпен мал ұрлап алайын деп,
340 Дұшман боп сен екенсің аңдып жүрген.

Сұлудың әбден кетті есі шығып,
Патшадан осыншалық пәле жұғып.
Ұялып түнде жүрген айыбынан,
Бүркеніп шәл орамал жатты бұғып.

Не дерін падишаға біле алмады,
Аяғын қадам басып жүре алмады.
Үнсіз жылап, көзінің жасын төгіп,
Тірек етед ішінен бір Алланы.

Амалмен қараған боп бетін ашып,
350 Келбетіне сұлудың болды ғашық.
— Мен сені жіберейін халифаға,
Бұл жерде өлтірмейін қаның шашып.
Затың әйел болғансын аяп тұрмын,
Өлтірер [ем] әйтпесе, дарға асып.

Халифа не қылса да өзі білсін,
Не сатсын, не өлтірсін, көзі көрсін.
Түрің жақсы бір адам көрінесің,
Жолында харамлықтың нағып жүрсің.
Тегінде маған дұшпан қатынсың ғой,
360 Сарайда мал алуға бағып жүрсің.
Тез, мұны жылдам апар халифаға,
Сұлтаны жер жүзінің әмір қылсын.

Астыртын халифаға жазады хат:
«Жібердім, тақсыр, сізге бір аманат.
Сатылып қолға түскен бір назыгүл,
Лайық өзіңізге бір перизат.

Сұлудың жалғыз түнде ұрлануын,
Тарту боп халифаға пұлдануын.
Біреудің бақшасында бұлбұл еді,
370 Бұйрықпен жібек торға шырмалуын.

Жігіттер, ойламаңыз пәле қайдан,
Айырылды Нағым сұлу ақыл-ойдан.
Күндіз-түні жүргізіп екі жендет,
Көңілі жылай-жылай болды гериан.

Тобышақ баға барма тұлпар атқа,
Ерінбей жайсаң жортқан азаматқа.
Күндіз-түні жүргізіп екі жендет
Әкелді Нағиманды Бағдатқа.

380 Елшілер халифаға берді хатын,
Құжаздың «тарту» деген аманатын.
Әкеліп халифаға тапсырады,
«Тақсыр-ау, әкелдік! — деп, — мұндай қатын».
Аз күнгі дүниенің жоқ опасы,
Жақсылықтан жамандық көп жапасы.
Сол күнде ерге тимей, сопы болған,
Бар екен халифаның бір апасы.

390 Сол күнде қырықтан асып қалған жасы,
Сол еді халифаның ақылдасы.
Нағымды халифаға әкелгенде,
Бар екен сол мәжілісте әлгі апасы.

Жан жиылып көреді осы қызды,
Барабар ай мен күндей, бірмінезді.
Нұрына алтын сарай шағылысып,
Халифа ғашық болып көңілін бұзды.

400 Апасы халифаның жақсы кісі,
Бұл қыздың жанға жақты нұрлы түсі.
Апасы халифаға былай дейді:
— Дерт екен осы қыздың іші-тысы.
Бұл екен бір адамның тоты құсы,
Апаңның анық келер осынысы.
Қабағында қайғы бар адам екен,
Бір арман, бойында бар өкініші.

Бір ай маған беріңіз сырласайын,
Жақса сонда ханым қып мен қосайын.
Сабыр еткен мұратқа жетпей қалмас,
Бақытыңа кез келтірсе бір Құдайым.

Халифа апа сөзін бұзған емес.
Әрқашан ләпсіге еріп қызған емес.
Берді де апасына қоя берді,
410 Көңіліне ұнағансын мына кеңес.

Апасы Нағиманды алып кетті,
Апарып сарайына тәрбие етті.
Қырық қыз нөкері бар қызметшісі,
Ішінде біреуі бар қасиетті.

Тұрады баршасына мақтау сия,
Секілді хан апасы шын әулия.
Қыз да болса қырқының бастығы екен,
Деуші еді соның атын Қаһария.

Сол қырық қыз Нағым қызға болды жолдас,
420 Іші — қайғы, біріне көңілі толмас.
Ұшқансын өз жағынан бір қызыл гүл,
Кеткенсін жел ұшырып, қайта толмас.

Қатыпты құрт аурудай қыз бейшара,
Дауасыз ғашықлыққа не-дүр шара.
Мүлде ауырып екі көзі жатып алды,
Бұл сырды айтпасы бек масқара.

Бағдатта қыз ауырып жата тұрсын,
Сілесі бейшараның қата тұрсын...
Сөйлейін мырза Нұғыман әңгімесін,
430 Сапардан аман қайтып үйге келсін.

Сапардан мырза Нұғман аман келді,
Аһ ұрып: «Өткен екен заман!» деді.
Жарының ғайып болған халін естіп
Жас ақты екі көзден «тамам!..» деді.

Жығылды жылай-жылай енді талып,
Хабарсыз, бір қайғыны Құдай салып.
О дағы сал ауру боп жатып алды,
Жүрегін ғашықтың дерті шалып.

440 Болмады бұрынғыдай көңілі жай,
Бұлтқа болды ғайып күн менен ай.
Қайғысы жалғзының жаман батып,
О дағы науқас болды Ғабдолла бай.

Жиылды онан-мұнан балшы-бақсы,
Жиылып көңіл айтты төмам жақсы,
Бір қатар мұсылманды ойран етіп,
Құжазды желіктірген, шіркін, ләпсі.

450 Бір молла жат шаһардан келіп еді,
Көп сиқыр кітап оқып көріп еді.
Сол молла Ғабдоллаға қонақ болды.
Бір асыл уағдаға берік еді.

Сол молла Ғабдоллаға қонақ [болды]
Қайырлы жомарт ерге көңілі толды.
Жоғының жайын әбден сұрап алып,
Бұл молла «Иләһи!» деп қолын жайды.

Жаны ашып Нұғыманға бата беріп,
Молланың көңілі жұмсап, майдай еріп,
Қолына бал кітабын алып молла:
— Біз жоқтан сөз айталық, хабар беріп.

460 Шайқады молла басын кітап ашып:
Біз жоқтан сөз айталық, хабар шашып.
Зорлықпен Бағдатқа барған екен,
Кеткен жоқ өз еркімен онда қашып.

Бұл күнде жатыр екен науқастанып,
Жүрегін ғашықтың дерті шалып.
Жалғыз-ақ осы сыры өзіне аян,
Адам жоқ жайын білер, халін танып.

Кітаптан молла білді барлық шынды,
Жоғының жайын айтып, көңілі тынды:
— Ей, мырза, қалған жасым саған құрбан!
470 Қосармын, иншалла, екеуінді.

Барайын Бағдатқа балшы болып,
Етейін бір қызмет жалшы болып.
Қожаздың саған еткен залымлығы
Кетті ғой маған өтіп, қамшы болып.

Жолдас бол өзің, мырза, маған еріп,
Барайын бір сен үшін болып серік.
Жарыңа, иншалла, жолғастырам,
Астыртын дәрігерлікпен хабар беріп.

Қуанды мырза Нұғыман жаман қатты,
480 Бұйырса, алмақ болды аманатты.
Жол азық, дәрі-дәрмек мол қып алып,
Екеуі іздеп келді Бағдатты.

Бағдаттың бұлар келді қаласына,
Халықтың дәрігер болды арасына.
Жарайды дәрігерлігі Ұлықпандай
Артықша бөлгер болды шамасына.

Жазылды пұшық, ақсақ, соқыр, мылқау,
Білімді ауыртпайды сынық сырқау.
Хайламен халифаға білінгелі,
490 Екеуі осындайлық етті сылтау.

Хан білді бұл дәрігерді «жаннан асқан,
Бек білгіш көрінеді дәрі шашқан».
«Осыған Нағым қызды көрсетші» деп,
Халифа апасымен ақылдасқан.

Бар еді апасында қырық нөкер,
Бәрі де қарапайым, емес бекер.
Ішінде Қаһария дейтін сұлу,
Жоқ еді ақылдасы одан өтер.

Жұмсады осы қызға: — Барып кел, — деп,
500 Балшыдан жақсы хабар алып кел, — деп.
Бейшара, Нағым қызға дауа бар ма?
Бал аштыр, алдына ақша салып кел! — деп.

Онан соң Қаһария қыз кетті жүріп,
Жұмсады патша апасы тез бұйырып.
Нұғыман мен дәрігер екеу отырғанда
Есіктен тағызым етіп, келді кіріп.

Отырды амандасып, жөн сұрасып,
— Дәрігерлік етіп жүрміз ақылдасып.
— Бар еді қолымызда сырқат адам,
510 Беріңіз, дәрігер, соған кітап ашып.

Сұрады: — Науқасыңның аты кім? — деп,
Молла да сұраған жоқ ойламай тек.
«Аты Нағым» дегенде Нұғыман талды.
Шын ғашық шыбын жаннан күдер үзбек.

Бетіне дәрігер септі гүлдің майын,
— Берді, — деп, — толған[ға], бір Құдайым.
Бұған бола мен еріп жүрмін, — деді,
Білдірмей келген қызға жігіт жайын.

Ойлайды Қаһария «бар, — деп, — сұмдық,
520 Айырылған ғашығынан бұл бір мұңдық».
Ойына осылайша күмән қылды,
«Білдірмей айтты ғой, — деп, — маған қулық».

Дәрігер кітап ашып, берді жауап:
— Бақытты адам екен, өмірі ұзақ.
Бір дәрі қазір берсем жазылады,
Етейін бейшараға үлкен сауап.

«Дәрі» деп, қызға берді бір сауыт май,
«Соны ішсе, шипа қылар Жаппар Құдай».
Аузына Нұғыманның мөрін басты,
530 Бермеске басқа адамға олай-бұлай.

Мөһірін ғашық жардың берді басып,
«Ішсін! деп, қыз дәріні аузын ашып».
«Келдік!» деген сөзі бар мөр ішінде,
Білсін деп ишаратты екі ғашық.

Апарып Нағиманға мөрді берді,
Жарының мырза Нұғыман атын көрді.
Қанаттан қаза тауып ұшқан құстай,
Құшақтап, талып кетті, жатқан жерді.

540 Жатқансын бір сағаттай есін жиды,
«Аһ» ұрып, көзден аққан жасын тиды.
Қасында Қаһария — данышпан қыз,
Сұрайды Нағиманнан жай мен күйді.

— Ей, қонағым, замандас жасың құрбы.
Беріпті Алла сізге зат пен нұрды.
Бір жігіт сізді айтқанда талып кетіп,
Жатқансын бір сағаттай жаны кірді.

550 Сіз де қазір талдыңыз мөһір көріп,
Жаным ашып, сұраймын, ішім еріп.
Хақиқат сырыңды айтшы бастан-аяқ,
Жарыңа жолғастырам ертіп келіп.

Ақ болысып, іздейін мен намысты,
Екеуі Құдайды айтып, серт алысты.
Бастан-аяқ сөйлейді Нағым сұлу,
Құжаз залым себепті болған істі.

Сонда Нағим көзінің тыйды жасын,
— Әуреге түсіп еді менің басым.
Жасырмайын, сөйлейін бастан-аяқ,
Түсіп тұр, Қаһария, ықыласың.

560 Сол жігіт өзің көрген жарым еді,
Жасымнан некахлап алып еді.
Айырып ғашық жардан осылайша,
Айналып мені қырсық шалып еді.

Басында үйден шықтым кемпірге азып,
Өткізді залым Қожаз қағаз жазып.
Мыстан кемпір алдаумен алып барды,
Обал барма көтіне қақса қазық.

Жаны ашып Қаһария жылайды зар:
— Сіз үшін жаным пида, болсын құмар.
Сабыр ет, Алла берер тілегінді,
570 Жақсылық, иншалла, күнің туар.

Жарыңа жалғастырам қазір барып,
Деді де қыз үйіне кетті қалып,
Бір қатар киім алып Қаһария қыз,
Қасына Нұғыманның келді салып.

— Ей, мырза, қайта келдім сізге, — деді,
Жарыңыз шынын айтты бізге, — деді.
Әуелде жалғыз Алла аққа жақын,
Алладан үмітіңді үзбе, — деді.

Ей, мырза, енді Аллаға сиын! — деді,
580 Болмайды, жолығуың қиын, — деді.
Ертіп барып жарыңа жолғастырам,
Сіз енді қыз киімін киін, — деді.

Білмеді сенбесін де-сенерін де,
Біле алмай не деп жауап берерін де.
«Тәуекел» деп бекінді Нұғыман мырза,
«Бұл қыздың көрейін, — деп, — өнерін де».

Киінді қыз киімін нұры балқып,
Бұлттан шыққан айдай тұрды шалқып.
Тал түсте қыз форымда алып келді,
590 Жеткізер анық досқа қолын артып.

Сарайға бұлар келді, адам білмес,
Жасы бар жиырмада қыз әділдес.
Көңілінде мақсаты жалғыз — ғашық,
Дүниеде басқа мұрат бұлар сүймес.

— Есікте мен тұрайын күзет қылып,
Сезбейді ешбір адам сізді біліп.
Санап жүріп тастаңыз тоғыз есік,
Сарайға дәл оныншы баршы кіріп.

600 Сол үйде отырады Нағым жарың,
Тарқайды, иншалла, қайғы-зарың.
Ұрықсатсыз үстіңе жан кірмейді,
Тарқайды көргеннен соң бар құмарың.

Есікте Қаһария қыз тұрды дейді,
Ілгері Нұғыман мырза жүрді дейді.
Қуанған мен қорыққан бірдей екен,
Буыны қуанғаннан құрыды дейді.

610 Соны ойлап келе жатыр есі шығып,
Насихат қыздың сөзін алған ұғып.
Не жақсылық кез болар, не жамандық,
«Азар болса күйермін пәле жұғып».

Қосылған күні бұрын дәурен сүріп,
Буыны кейде бекіп, кейде құрып.
Ұмытып бір есікті артық санап,
Сарайға он бірінші барды кіріп.

Қараса алтын сарай жалт-жұлт қаққан,
Жігітке не кезіксе маңдай бақтан.
От емес, иә су емес сағымданар,
Басқа нәрсе үйде жоқ алтын тақтан.

620 Түрлі сарай гауһармен шағылысқан,
Жат сарай, Нұғыман сорлы жаңылысқан.
«Неде болса тақытқа отырайын,
Қайта шықсам, көреді тағы дұшпан».

Таң көрді есі шығып алтын үйді,
Келді де таққа таман есін жиді.
«Алла!» деп алтын таққа отырып ед,
Әркеннен неше түрлі тартты күйді.

Күңіренді күймен бірге үйдің іші,
Қуырылды қорыққаннан жігіт түсі.
Машинесі сырнайдың тақытта екен,
630 Ән болып кетті үйдің іші-тысы.

Бір қатын шыға келді алтын үйден,
Малынып үсті-басы асыл киген.
Ұйықтап жатқан патшаның апасы екен,
Бек шошып ояныпты тартқан күйден.

Келеді жер тебініп, ашуланып,
Қылышпен тастайын деп басын алып,
«Әдепсіз хайуандай неткен жан!» деп,
Келеді қаһарланып, көзі жанып.

— Әдепсіз хайуандай не қылған жан?
640 Ажалын қанға шөлдеп сағынған жан!
Маңымды рұқсатсыз баспаушы еді,
Жұрт болып халифаға бағынған жан.

Сұрады жетіп келіп: — Неткен жансыз?
Ашумен өлтіруім еш күмәнсыз.
Тақтан түсіп, тік тұрып қол қусырды,
Қараса, ай сипатлы бір сұлу қыз.

Апасы халифаның сондай зерек,
Көрмеген асыл адам түрі бөлек.
«Сұрайын жұмсақ сөзбен, — деп ойлады,
650 Бұл үйде бір қажеті болса керек».

— Жөніңді айт, ей, шырағым, жүрсің нағып?
Жұмысың бар секілді тұрсам бағып.
Түрің жақсы бір адам көрінесің,
Өзіңді білмей тұрмын, белгі тағып.

Сонда жөнін сөйлейді жігіт пақыр,
Табылмас шынын айтпай сөзден ақыл.
«Баласы Ғабдолла бай Нұғыманмын» деп,
Сөйлейді бар ахуалын әуел-ақыр.

— Жарымды Нағым атты ұрлап алып,
660 Халифаға сыйға берген Қожаз кәпір.
Балмен тауып анығын, қазір біліп,
Бұл дәрігер менің үшін келіп жатыр.

Падиша әрне қылсаң көрдім мақұл,
Бойымда қорқып едім қалмады ақыл.
Ғашық үшін жанымнан үміт үздім,
Ей, тақсыр, жайым осы, мен — мүсәпір.

Балқыды хан апасы майдай еріп,
Айтқанын разы болды бәрін теріп.
«Күйзелген нақақ іске адам ғой» деп,
670 Тақытқа отырғызды рұқсат беріп.

— Жүрмей ме Алла ісіне пенде көніп,
Шам-шырақ қайта жансын қалған сөніп.
Опасыз залым, шайтан — Құжаз кәпір,
Айырған ғашықтарды екі бөліп.

Құжазды құтыртқан ғой ләпсі желік,
Болған соң падишалық өзінде ерік.
Жетерсің арманыңа, сабырлық ет,
Кетпессің жарыңды алмай мұнда келіп.

Нұғыманды сарайына ертіп жүрді,
680 Екенін анық ғашық енді білді.
Хақиқат анығына көз жеткенсін,
Екеуін рұқсат етіп қосады енді.

Қосылды екі ғашық мауқын басып,
Аз күні бейнетпенен жүрді жасып.
Адамның айырғаны дәнеңе етпес,
Әуелден қосқан Алла шыны нәсіп.

Тартады Нағым сұлу сырнай-керней,
Бір мәжіліс басталды қарап тұрмай.
Сырнаймен Нағым әнге басып еді,
690 Неше бұрап сала алмас бұлбұл сондай.

Адамға бес уақыт намаз ғадет,
Аллаға пәнде сөйтіп қылар қажат.
Халифа сол уақытта тысқа шықты,
Оқуға намаз бесін, етіп таһарат.

Ән шықты халифаның сарайынан,
Басқа әннің сұлу болды талайынан.
Қолына құмған алып, тысқа шығып,
Сарайдың ән тыңдайды маңайынан.

700 Көрінед күй сырнайдың дауысы ашық,
Ондай әнші көрген жоқ тіпті машық.
«Кірейін мәжіліске» деп ойлады,
Халифа ән тыңдауға болды ғашық.

Халифа сыртта тұрып есік қағар,
Апасы бұйырғанша рұқсат сұрар.
Ойынға халифаны «кірсін!» дейді,
Жас адам мәжіліске болар құмар.

710 Нұғыманды бір сарайға қашырады,
Көрсетпей халифадан жасырады.
Халифа мәжіліске отырғансын,
Нағиман онан да әнді асырады.

Мың бұрап, жүз құбылтып, сылдыратып,
Халифа тамашаға қалды батып.
Барша қыз халифаға шарап сұнды,
Күледі шарап ішіп езу тартып.

Қойғызды патша апасы өлең-жырды,
Бастады халифаға біраз сырды.
— Көп әйелмен таласқан бір сөзім бар,
Халифа билік айт! — деп кеңес құрды.

720 Бір қатын әңгіме айтты маған, — деді,
Бұл сөзім бұрынғы өткен заман, — деді.
Бұрынғы өтіп кеткен замандарда
Болыпты бір бай өткен адам, — деді.

Бай екен заманында болып өткен,
Бай екен патшаларға қолы жеткен.
Бар екен әлгі байдың жалғыз ұлы,
Саудамен сол заманда сапар кеткен.

Баласы асқан сұлу болған нұрлы,
Жарлыға жәрдем еткен неше түрлі.
Бай екен өзі жомарт, атасы да,
730 Мың сомды көрмейтұғын тиын ғұрлы.

Баласы кең пейілді болған дана,
Халқына жастайынан болған пана.
Нұры тең бір перизат қыз әперген,
Ғашықлық арасында бар нышана.

Бір кемпір сөзбен алдап, айтып жалған,
Жігіттің әлгі жарын ұрлап алған.
Өткізген өзінен зор халифаға,
Тұтқын боп, ғаріп қатын сонда барған.

Артынан іздеп келген алған жары,
740 Мәлім боп көп адамға мұның жайы.
Қосылған өз жайына лаж тауып,
«Дидарын көр» дегенсін бір Құдайы.

Падиша келіп қалып ашуланған,
Көргенсін қыз бен жігіт түрін жаман.
Қызға да, жігітке де ақырады:
«Басыңа салайын, — деп, — ақыр заман!»

Басталды бір жиында осы кеңес,
Сөз тәкәсіп сол жерде еттік егес.
Олар айтты: — Падишаның өзі алад, — деп,
750 Мен айттым: — Патшаға ләзім емес.

Жігіттің өзі алад, — деп мен сөйледім,
Шариғат жолыменен тең сөйледім.
Көнбеді айтқаным көп әйелдер,
Сөз қуып онан кейін мен көрмедім.

Ойлап ем: «бір мәжіліс құрайын, — деп,
Сабыр қып оған дейін тұрайын» деп.
Осының әділдігі қалай болар,
Өзіңнен ойлап едім сұрайын? — деп.

Халифаның жауабы:

— Орнында Пайғамбардың халифалар,
760 Әділдік жөнге көшпей, қайда барар.
Шариғат әмірінше неке қиып,
Өзіне қайта апарып қосса жарар.

Дарға [асуға] жарайды залым бекті,
Лайық сонан алса тәмәм кекті.
Алдаған халифаны жалған сөзбен,
Өткізген адам ұрлап қандай епті.

Бұларға ашу керек адам жаны,
Белгісіз кімді айтып отырғаны.
Өз қызымдай ұзатып берер едім,
770 Қосса, егер, харам жолға халифаны.

Апасы бұл билікті отыр тыңдап,
Сөзін айтып болғанша әзер шыдап.
Апасы халифға: — Құлдық! — деді.
Осыған билік айттың мені бұлдап.

Жарасар әділ билік нағыз ханға,
Абырой, атақ келер меһрибанға.
Шақырып бір қонақты келтірейін,
Сұлтаным, ей, халифа, сөзден танба.

Кешегі қолыңызға келіп жатқан,
780 Тұтқын боп Бағдаттың дәмін татқан.
Келіні Ғабдолла бай — Нұғыман жарын
Ұрлап ап, Құжаз залым сізге сатқан.

Қайғысын өзің көрдің басындағы,
Ағызған екі көзден жасын дағы.

Нағымның іздеп [жүрген] жолдасы екен,
Кешегі балгердің қасындағы.

Халифа, бұған айттың өзің билік,
Қожаздың қорлығына біз де күйдік.
Ендігісін білерсің, тақсыр, өзің!
790 Ишарат бұл сөзіме болдың жүйірік.

Айтып тансаң, тағы да өзіңіз біл,
Бейшара екі ғашық халі мүшкіл.
Қайғылы ғаріптердің халін аяп,
Бұларға, тілімді алсаң, мархабат қыл.

Қыз етіп, Қаһария жәрдем қылған,
Ғашықлар бір көруге арман қылған.
Қыз киімін кигізіп алып кепті,
Сарайда біреу көрдім жалғыз тұрған.

Басында қалып едім ашуланып,
800 Сұрадым жұмсақ сөзбен түрін танып.
Барлық сырын сөйледі, Аллаға аян,
Шат болдым естігенсін мейрім қанып.

Бейшара екі ғашық — Нұғыман — Нағым,
Өзіңе қайта қонды тайған бағың.
Хан қайтып жауабынан қара болмас,
Уақыты ғой бір жақсылық көрер шағың.

Сонда халифаның апасына берген жауабы:

— Емшектес әділ апам, бірге туған,
Дінің берік, шариғат жолын қуған.
Айтқан сөзден тануға ләзім болмас,
810 Белімді мен де сіздей бекем буғам.

Рұқсат, екі ғашық қосылыңдар,
Ұялмай енді бірге отырыңдар.
Етейін қияметтік өкіл күйеу,
Істепті бек жауыздық залым бұлар.

Шақыртып алдырады Нұғман ерді,
Халифа қыз бен жігіт түрін көрді.
Ісінің анығына көз жеткенсін,
Халифа екі жасқа рұқсат берді.

820 Ол күні той басталды, ойын-сауық,
Жай болды қыз бен жігіт рахат тауып.
Халифа зор мархамат сөз айтқансын,
Ғашықлар енді неден етсін қауіп.

Ұзатты қызындай қып сұлтан Нәзір,
Көп жасау қазынадан қылды һәзір.
Халифа ашуланып арам іске,
Құжазға осылай деп қағаз жазар.

830 Құжазға ашуланды жаман қатты,
«Мені алдап, бір қатынды неге сатты».
Тайғызып орнынан, дарға аспақ [боп]
Қолына Нұғыманның берді хатты.

Жазалы қылды жолдан адасқанды,
«Бұл кәпір оңдырмас! деп, — жанасқанды.
Сайласын бас уәзір Нұғыман мырза,
Қасында кітаппенен бал ашқанды.

840 Орнына айтқан сөзім келсін, — депті,
Хүкімін шарифаттың көрсін, — депті.
Дарда қорлықпенен Құжаз өліп,
Нұғыманға патшалығын берсін, — депті.
Кемпірдің терісіне сабан тықсын!
Жолына әділеттің сенсін! — депті».

Осылай қайтып келді екі ғашық,
Жол бойы қуанышқа көңілі тасып.
Жарлығын халифаның жариялап,
Құжазды өлтіріпті дарға асып.

Кемпірді ұстап алып, тірі сойды,
Кеудеден жаны шықпай, көзін ойды.

Серейтіп терісіне сабан тығып,
Тоғыз жол торабына іліп қойды.

Нұғыман, Құжаз өліп, патша болды,
Биледі әділдікпен оң мен солды.
Осылай залым патша қаза тапты,
852 Шен алмақ халифаға артып қолды.

قصه بهرام

Қисса Баһрам

Бисмиллаһир рахманир рахим*

Бастайын сөзді бастап бисмилладан,
Соңыра хамд салауат жаздым селем.
Мақам, жақсы бір қисса сөйлейін деп,
Бастадым, Алла жәрдем берсін маған.
Ал тыңла, Баһрамнан сөз келеді,
Кетпейді жастайым[нан] әсер мәнді**.
Әкесі Үлгаш хан, өзі — патша,
Мықты тұрған билері Үрім шаһары.

10 Үшбу қисса тыңласаң «ер Баһрам»,
Сөйлейін баян қылып бәрін тамам.
Өтіпті отыз үш мың сахабалар,
Тұрады кімің мәңгі үшбу жаһан.

Ерлігі Баһрамның жаннан асқан,
Бір-бірлеп баян қылсам һәрбір бастан.
Өтіпті бізден бұрын жеті ғашық,
Бәрі де нәсіп айлап душарласқан.

Һәр түрлі адамзатта болған қиындарлық,
Күй бар ғой ғашықтар да қанша түрлік.
Мехнаттың жолын көріп қосылыпты,
20 Ол Зылихаға тағы да Жүсіп сыдық.

* Қайырымды, рақымды Алла атымен

** Түпнұсқада сөйлем осылай берілген.

Екінші, ғашық болған Ләйлі — Мәжнүн,
 Ойласам боз-байға етпейді құйын*.
 Заманың жылдан-жылға құбылады,
 Япырмай, қыз-бозбала солды күйін.

Үшінші, ғашық болған Ғабділмәлік,
 Адамзат көп қырылды жолда өліп.
 Атасы — Шаһбал пері Ирамбақта,
 Қосылады Сақыпжамал көңілі тынып.

30 Төртінші, ғашық болған ол Зияда,
 Жандырған ғашық отын Құдауанда.
 Хорлыны мұратына жетіп алған,
 Солардан мирас қалды талай жанға.

Бесінші, Ғайынжамал батыр ханнан,
 Таратамыз сөйлеп-ақ құлақ салсаң.
 Пәридің екі бірдей қызын алған,
 Болады кімнің пени үшбу жаһан.

40 Алтыншы, Құсайын ғазы — Шаһарбану,
 Қосылған екі асылзат меһрибану.
 Отыз үш мың асхабтан алған таңдап,
 Сөзлері ең хирабат, бек заһирлу.
 Жетінші, ғашық болған ер Баһрам,
 Өз әкесі Үрімде, Үлгаш хан.

Мекені — Кіші ханның Үрім шаһар,
 Дұшпандар пар келмейді қылса қаһар.
 Байлығы бұ дүнияға жетер болып,
 Жеткізген мұратына Перуардигар.

50 Үрімнің сыйлы құрды падишалық,
 Құдайдан бала сұрап айтты зарлық.
 Бала үшін һәр тарапқа шашты малын,
 Түседі Кіші ханға һәрбір тарлық.

* Түпнұсқада сөйлем осылай берілген

Садақа үлестіріп, шашты малын,
Зарланып, бала сұрап шықты жалын.
Кіші хан жасы келді сонда қырық,
Тағдырда жазған шығар Зұлжалалым.

Болыпты талай патша бұл арапта,
Кішідей һәрбіреуі шар тарапта.
Бір ханнан болған бекзат салтанатты,
Жүргізген мыңлар әскер, жүз карапта.

60 Дәулеті анындағы жан бітпеген,
Тақтында бір өзіндей хан бітпеген.
Бір өзінің билегені жеті түрлі ел,
Жарлығын [басқа] патшаның менсітпеген.

Кіші хан заманында тең болыпты,
«Тыңламасын одан басқа патша» депті.
Тоты құс, бұлбұлы көп бау-шарбағы,
Бір өзін отыз мыңдай нөкер күтті.

70 Асыпты талай ханнан салтанаты,
Дәулеті бейниһаят, Кіші атты.
Әнбие, мұрсалдардың жолын қуған,
Мұртаза Шаһимардан арғы затлы.

Билейді халқын жақсы әділдікпен,
Қымбатты бұл жүргізген әр түліктен.
Құдайым дәрежесін артық беріп,
Жаралады өзі асыл, қара көктен.

Мың сарай салдырыпты безендірген,
Ішінде тоты сайрап түзендірген.
Қақпасы тоғыз есік зүбәржаттан,
Жүз кісі қарауылшы күзеттірген.

80 Шарбағын жасатыпты меруерттен,
Жаралған арғы заты лулу нұрдан.
Тұрағын «Үрім шаһар» деп айтады,
Әлі һеш болмайды мұндай қорған.

Елін хан болыпты жақсы көрген,
Сайранда сансыз әскер қасына ерген.
Алса да қанша қатын бала көрмей,
Үрімде үш жүз түйе нияз берген.

Елінде әділдікпен қылды жарлық,
Пенденің жаман емес қолда барлық.
«Иесіз, өлсем, тақтым қалады» деп,
90 Құдайдан бала сұрап, қылды зарлық.

Бір бала нәсіп етті бар Құдайым,
Тарқалды қайғы шер мен сары уайым.
Ат қойды баласына «ер Баһрам» деп,
Сөйлейін һәр тарапқа ғашық жайын.

Кіші хан жамиғаты бір ұл тапты,
Той қылып, жамағаттар атқа шапты.
Молдалар атын қойды «ер Баһрам»,
Пақыр менен мүсәпірге гауһар шашты.

Сауық қып һәр тарапқа қылды тойды,
100 Қайғы мен қасірет отын бәрін жойды.
Бес жасқа сонда келді ер Баһрам,
Ойлайды зияніні мол һәрбір ойды.

Баһрам сонда келеді алты жасқа,
Сайрайды сандуғаштай тас қапаста,
Кішіден артық туған, ақылы дана.
Тасиды Ніл дариядай, ойы басқа.

Молдаға оқытуға алып барған,
Оқыды неше жылды ғылым кардан.
Өнері күннен-күнге артық болып,
110 Көрген жан зияніне қалды қайран.

Баһрам сонда келді он екі жасқа,
Бек ғалым, молда болды өзі басқа.
Тәурат, Забур, төрт кітап жатқа алып,
Сыймайды сипат қылсам қалам хатқа.

Болмайды ондай бала адамзатта,
Жайылды өрнек шашып һәр тарапқа.
Жүзі болып он төртінші туған айдай,
Құдайдың кім таласар берген баққа.

120 Ұстазы ер Баһрам қойған атын,
Һәм оқып жәлалымен қылды хатым.
Һәм өзі шарапатты, ақылы дана,
Өзінен ғылым өтпес болды ахун.

Ер Баһрам мешітке бір күн барды,
Ғылымдық дәрежесін жетіп алды.
Бас болды жүз балаға өрнек шашып,
Халыққа фариад әйлап, афған салды.
Күніндей қияметтің ғауға толып,
Көрсетті халыққа түзік жолды.

130 Баһрам ой ойлайды сондай ісі,
Ұстазы шәкіртіне айтқан дәрісі.
Бәдан мен ғылым, қисап оқығаны,
Не түрлі наху кармен салған жарыс.

Нахуден сабақ алды Баһрам бала,
Ғаріп болып хақ дін ісін жадына ала.
Ақайд, мәнтақ, сәлму, тепсір оқып,
Мүдәррис болды Баһрам бара-бара.

140 Ерлігі Баһрамның жаннан асқан,
Дұшпандар нашар жерден қылды қастан.
Туғанда заты жолан асылзада,
Сарғайды сандуғаштай түсі қашқан.

Ер Баһрам Кіші ханнан артық туған,
Бұрынғы әнбияның жолын қуған.
Қасына қанша әскер — нөкер алып,
Сауық қып сахарада сейіл құрған.

Мал сойып һәр тарапқа тойлар қылды,
Асырды өрнек шашып һәрбір түрлі.

Түзеді күннен-күнге зипа бойын,
Үстіне кафтан киді, бадал қырды.

150 Күніндей қияметтің ғауға толды,
Көрсетті халайыққа түзік жолды.
Анадан артық туған бір кемеңгер,
Басқарды парасатпен һәрбір жолды.

Күйлегенде¹ гүл қойындар табақ-табақ,
Үйренді найза, қылыш, мылтық, садақ.
Ойынға ғаламдағы ұстаз болып,
Жасынан зеректіктен қылды талап.

160 Үйренді ат өнерін астын-үстін,
Хайланың жанға керек һәрбірісін.
Гулейді қапастағы ақ сұңқардай,
Жаһанда бола бермес ондай һешкім.

Сахараға ер Баһрам бір күн барды,
Қасына бір мың нөкер ертіп алды.
Жасынан бір талапкер, ақылы дана,
Көрген жұрт, жамағаттар қайран қалды.

Құдіретпен жалғыз тұлпар пайда болды,
Ер Баһрам ойын ойнап, атқа мінді.
Біразырақ ойын ойнап жүріп еді,
Көрсетті қанша өнер жүз мың түрлі.

170 «Аң аулайым» деп бір күн жалғыз шықты аңға,
Көрді де бір киікті қалды таңға.
Безенді гауһар таспен үсті-басын,
Ұмтылады «салайын!» деп батыр санға.

Көрінді мұнарланып бір үлкен тау,
Жын, пері — неше түрлі қаптаған жау.
Жөнелді қарсы алдынан алтын киік,
Жете алмады, ер Баһрам болды тақау.

¹ Күй тартқанда

- Ол таудың киігі тағы кез келеді,
Баһрамның ойынына тап болады.
Киікті ер Баһрам қуып жүріп,
180 Бір тамға киік келіп жоғалады.
- Ер Баһрам һәр тарапқа салды көзін,
Қызартты қайғыменен нұрлы жүзін.
Аялдап бес мың әскер, жалғыз қалды,
Зар қылады жолдасына басқан ізін.
- Бір шаһар көрінеді жасыл жауһар,
Кірпіші — лағыл, жақұт, өңшең гауһар.
Адамзат мұндай шаһар салған емес,
Жарығы күндей жарық, оттай саулар.
- Таласқан аспан-көкке үлкен шаһар,
190 Жаққаны көшесіне лағыл фанар.
Тас болат безектеніп, торға толып,
Нөкері әскер ойнап падишалар.
- Көрінді неше түрлі жеміс ағаш,
Зүбәржат, лағыл, інжу — һәртүрлі тас.
Тойғалы һәр тараптан шәрбат ағып,
Ер Баһрам қызығына болады мас.
- Қызығы боладының бәрі сонда,
Зағыпыран топырағы Құдауанда.
Көрінді киік болып мұнарланып,
200 Жарқылдап нұр төгілді Гүлөндамға.
- Махфұзда жазған екен Хақ Тағала,
Ер Баһрам-Гүлөндамға тауысер сана.
Зарланып күңіренеді бау-шарбаққа,
Анадан ақылы артық туған дана.
- Жерінде һәрбір түрлі болады аң,
Ер Баһрам аны көріп қалады таң.
Қасында еріп шыққан бес мың әскер,
Алыстан бұрқылдаған көрінді шаң.

Ол шаңның көрінгені үш күндік жер,
210 Қаптады аны көріп өңкей нөкер.
Жете алмай бес мың әскер қалыпты ғой,
Ер Баһрам мінгені тұлпар, ол — жаһангер.

Жөнелді тұлпарменен жалғыз қуып,
Бәр жерде қас та қылды кәпір сұмдық.
Ер Баһрам ол тұлпармен салды қимыл,
Мисли үш түн-күн жүрді жарты жылдық.

Ол шаңға бір уақытта келіп жетіп,
Ер Баһрам қарап тұрды есі кетіп.
Жарқырап аның нұры көкке шықты,
220 Нұры екен Гүлэндамның жарқ-жұрқ етіп.

Ол шаңға ер Баһрам жетіп келді,
Бір сағым мұнарланған киік көрді.
Ол сағым Гүлэндамның нұры екен,
Ер Баһрам туған айдай нұрын көрді.

Ол киік сағымданып жарқ еткен,
Зарлатып көп адамды әуре еткен.
Тұлпардан дүниядағы аң құтылмас,
Ер Баһрам «аламын» деп үміт еткен.

Ол киік һәрбір түрлі құбылады,
230 Ер Баһрам есі кетіп домалады.
«Махфұзда, Қадір Алла, жеткізгір» деп,
Баһрам ғазиз жанын пида қылды.

Үстіне мінген тұлпар жәрап алды,
Құтқармас дүниядағы қуған аңды.
Ерлігі Баһрамның жаннан асқан,
Бойына теңгермейді мың мен санды.

Мінгені өзі тұлпар болған сирек,
Салады дұшпандарға һәр түрлі ерек.
Құдіретпенен пайда болды ер Баһрамға,
240 Тағдырда жазылыпты ол бір керік.

Құтқармас қуған аңды дүниядағы,
Гүлэндам[ның] нұрланады шам-шырағы.
Тағдырда жазған шығар Зұлжалалым,
Зарланды «Гүлэндам» деп, қапаланды.

Гүлэндам — алтын киік түсті көзге,
Баһрамның жолдасы жоқ Хақтан өзге.
Ер Баһрам тұлпарменен салды қимыл,
Жолығар да түрлі халдер жапан түзде.

Бұл жолығар неше түрлі дұшпандарға,
250 Һәр түрлі бәле көрер бұл сапарда.
«Бір медет өзің жәрдем ейламасаң,
Құдай-а, душар қылма пейілі тарға».

Ер Баһрам бұл сапарда салды қимыл,
Тұлпардай дүбірі шыққан мінді дүлдүл.
Сабыры һеш қалмады тақат тұтпай,
Гүлэндам — алтын киік — бір қызыл гүл.

Қосылып сағат сайын нұрға толып,
Ер Баһрам зарланады қайғы солып.
Қан жұтты «Гүлэндам» деп қайғыланып,
260 Бір күнде нөкер жүрген қасы толып.

Көрмеді Гүлэндамның нұр дидарын,
Қорқытты ер Баһрамның ынтызарын.
Жолында неше түрлі көрді азап,
Тағдырда жазған шығар Зұлжалалым.

Ерлігін Баһрамның айтып болмас,
Баһрамға қарсы келген дұшпан оңбас.
Сарғайып тақат тұтпай қапаланды,
Ер Баһрам ғашықтықтан сабыры қалмас.

Қаңғырды жапан түзде бір қыз үшін,
270 Қайғылы Баһрамдай болмас һешкім.
Қайғыменен сырты қапа, іші — жалын,
Шерменде қасіретпенен жықты түсін.

Ер Баһрам күңіренеді бау-шарбаққа,
Сыйынды зікір етіп жалғыз Хаққа.
Кез болды Баһрамға алтын сарай,
Көз салды пердені ашып, алтын таққа.

280 Торғындай үлбіреген ақ тамағы,
Қосылар тоқсан түрлі алтын тағы.
Жаны жоқ қарап тұрса, құр сурет,
Сықылды және ұрмақ Ирамбағы.

Ішінде алтын, гауһар қанадил жанып,
Жеткізген мұратына, иә, Раббым Хақ.
Ғашық боп «Гүлэндам» деп, көп жан өлді,
Дұшпанды қойдай қырды, қылып қасап.

Құдіретімен пайда болып жазылыпты,
Бұрыннан заты болған бір қалыпты.
Жаны жоқ қарап тұрса, құр сурет,
Балқытып Гүлэндамға нұр толыпты.

290 Гүлэндам күллі жанды қылды қапа,
Ер Баһрам аның үшін көрді жапа.
Айырылды бір қыз үшін ата-анадан,
Ақырда мұрат тауып, көрді сафа.

Жайнаған көгершіндей шешілген тор,
Таласқан аспан-көкпен бек үлкен, зор.
Сылдырап һәр тарапқа шәрбат ағып,
Күн торда жатып алған бір бейне хор.

300 Гүлэндам алтын киік жатып алды,
Ер Баһрам сөйлесе алмай қапаланды.
Қосылып сағат сайын нұрға толып,
Ер Баһрам үлкен торға жетіп барды.

Ер Баһрам «сөйлеселік» [деп] жетіп барды,
Бұ дүния теңгермеді мың менен санды.
«Бір жәрдем, бізге рақым болар ма еді»,
Күн торда жатып алды шам-шырағы.

Нұры екен Гүлөндамның алтын киік,
Адамзат кетер емес көзі қиып.
Ер Баһрам ғаріп жанын қылды пида,
Жүреді амалы жоқ іші күйіп.

310 Сырты — алтын, өнебойы жарқырайды,
Гауһардан, күміспенен бау-шарбағы.
Ішіне қарап тұрса, неш адам жоқ,
Құбылар тоқсан түрлі алтын тағы.

Айырылып киігінен қалды зарлап,
Шарбаққа кіріп барды атын байлап.
Ер Баһрам ол шарбақта біреу көрді,
Алтын тақтың үстінде тұрған жанып.

320 Ол үйдің есігі — алтын, жарқырайды,
Ер Баһрам «неткен үй?!» деп қалтырайды.
Сыйынып бір Құдайды аузына алып,
Ер Баһрам «Ия, Алла» деп, үйге кірді.

Ер Баһрам сол киікті қуады енді,
Айырылып бес мың әскер қала берді.
Соңынан кешіккен соң қуып жүріп,
Адасып күн батқан соң қалады енді.

Кетіпті адастырып киік онда,
«Келмей ме Құдай айдап мені мұнда.
Әскерді қайтсемде-ай таба алмаймын,
Бір Құдай, Пәруардигар, өзің оңдар».

330 Ер Баһрам жанына алған бес мың әскер,
Мінгені Баһрамның өзі тұлпар.
Айырылып жолдасынан болды қапа,
Күн-күнде неше түрлі қайғысы бар.

Айырылып көп жолдастан, болды жұда,
Бастайды һәрбір жолға падиша Құда.
Жолында Гүлөндамның көріп мехнат,
Жолығар неше түрлі кәпір сұмға.

Бір жерге ер Баһрам жетеді енді,
Көңіліне қатты қайғы батады енді.
Ер Баһрам енді жатпай қайда барсын,
340 Бір заман таң сарғайып атады енді.

Кетіпті адастырып мұны Құдай,
Айырылып көп жолдасы қалды жылай.
Алдында таң атқан соң тау көрінді,
Жүреді амалы жоқ соған қарай.

Көрінді тау жанында алтын сарай,
Ер Баһрам қадам басты оған қарай.
Киік боп қосылады қыз Гүлэндам,
Безектеп шешек атқан бір қозадай.

Қалмады көргеннен соң тақат, сабыры,
350 Болмады Баһрамның һеш зәбірі.
Көрген соң ғашық болды тақат тұтпай,
Қиылады «Гүлэндам» деп ынтызары.

Есіктен төрге қарай қадам жүрді,
Үстінде алтын тақтың бір қыз көрді.
Қарады жан-жағына ер Баһрам,
Көрінді қыз суреті неше түрлі.

Жүзі нұрлы ол суреттің, тілі жағымды-ай,
Аузынан шыққан демі сары майдай,
Аяғы ақ күмістен, шашы алтын,
360 Көзі гауһар ол қыздың мейірбандай.

Ер Баһрам алтын тақтан көрді бір қыз,
Ақ беті ай мен күндей, көзі — жұлдыз.
Тақтында жатқан қызға сөз қатады,
«Екеуіміз боп сөйлеселік сіз бенен біз».

Ол қызды ер Баһрам оятады,
Қасына жақын келіп сөз қатады.
Жаны жоқ қарап тұрса, құр сурет,
Ғашық қып Баһрамды зарлатады.

370 Суреттен жазып қойған бір хат көрді,
Тағы да зарлатты Баһрам ерді.
«Көңіліңе алған жұмысты іздеп қара,
Жетерсіңді талға талап қылсаң мені».

Ер Баһрам ғашық болды енді қатты,
Белгілі ғашықтығы жанға батты.
Адам емес нәсілден сұрасаңыз,
Айтайын ол суретті — перизатты.

Ер Баһрам ғашық болды одан қатты,
Іздерге түні-күні зарлап жатты.
Ол жерде іздейін деп отырғанда,
380 Ол үйде бір кәрі шал ұйықтап жатты.

Есіктен ол кәрі шал кіріп келді,
Келді де Баһрамға сәлем берді.
— Бұл жерге аң жүрмеген, құс ұшпаған,
Жолаушы, атың кім сенің? — деді.

Шал келіп Баһрамға берді сәлем:
— Келтірді мені мұнда Алла меулам.
— Жолаушы, атың арық, жүзің нұрлы,
Нағып жүрсің, жөніңді айтшы, балам?

— Жөнімді мен айтайын сұрасаңыз,
390 Бір адаммын бейшара, өзім — жалғыз.
Бір алтын киік қуып мұнда болдым,
Кіші хан — әкем аты, тыңласаңыз.

Жалғызы Кіші ханның — мен Баһрам,
Кез қылды алтын киік мені саған.
Осы үйге киік келіп, қашып кірді,
Таба алмай сол киікті болдым аң-таң.

— Бейшара, киік емес мұнда келген,
Киік боп қыз періні айдап жүрген.
Ғұмырың бойы қусаң да жете алмайсың,
400 Құр сағым жапан түзде ұшып жүрген.

Баһрамға шал айтады киік жөнін,
— Жөнімді сұрасаңыз енді менің.
— Жапанда жалғыз жатқан неткен жансың?
Жөніңді мен сұраймын, шалым сенің.

Баһрамға шал айтады: — Адамбысың,
Қорықпайсың елден асқан қалдунбысың?
— Жынбысың, перімісің, шайтанбысың,
Мекен қып, тамам сонда жатырмысың?

410 Шал айтады: — Баһрам-ау, пері едім,
Ғаламды сауда қылып кезер ердім.
Гүлстан шаһарына барып жүріп,
Іздетіп Гүлстаннан алтын алдым.

Қызығы бек тамаша ол шаһардың,
Сипатын өлең қылдым Гүлэндамның.
Ұжмағы болады-ау бәрі сонда,
Япырмай, қызығына жатып алдым.

420 Падишасы Фағфур хан болады сол,
Өз теңдесі патшадан ақылы мол.
Дүнияның бар ғылымысын біліп алған,
Қызы бар Фағфурдың асылы мол.

Айтайын оның аты Гүлэндам-ды,
Көрген жоқ дүнияда неш мұндайды.
Ер Баһрам ғазиз жанын пида қылды.
Көрген жан ғашық болып қаңғырады.

— Гүлэндам қыз дәкей пері емес пе?
Гүлстан Ирамбағы жер емес пе?
Ер Баһрам қуып келген сол киіктің,
Бойында Гүлэндамның нұры емес пе.

430 Аның нұры киік боп қосылады,
Жапанда талай жанды зар қылады.
«Шырағым, осы сурет міне ғой» деп,
«Мен оған ғашықпын» деп зарланады.

Беті күндей, қасы айдай, көзі жұлдыз,
Жамалы жаннан асқан Гүлэндам қыз.
Шошынып қасығы түскен жігіттей боп,
Жапанда жалғыз мөңіреп біз жатырмыз.

Қаңғырып қанша жылдар зарлық қылдым,
Суретін асыл гауһар тасқа салдым.
Отына ғашықтықтың күйіп-жанып,
440 Қара тас суретіне көп алдандым.

Зарланған соң салдырдым мұндай сурет,
Көріп тұрсам, көзіме болар қымбат.
Ел, жұртымнан айырылдым мұны сақтап,
Ақылым жетпей жатырмын енді жүдеп.

Мен салдым айдалаға сырлы тамды,
Зарландым алайын деп Гүлэндамды.
Ол қыздан күдер үздім бұ жалғанда,
Болмаса махшар күні алам, — деді.

Баһрам да есітіп болады ғашық,
450 Қалады ақылынан енді сасып.
— Мен де іздеп барайын Гүлэндамды,
Шал, шығып маған енді жолын көрсет.

Шал айтты: — Әй, Баһрам, сөзім тыңла,
Кездесіп жын, періге өліп қалма.
Арада, батыр, жындар толып жатыр,
Байқамай, аңдаусызда ғапыл қалма.

Жем боларсың соларға сен, әй, Баһрам,
Тілімді алсаң іздеме, — деді, — балам.
— Тым болмаса жазған болар бір Алладан,
460 Құдайдың жазуына не-дүр шарам.

Шалдың жырлағаны үшбу-дүр

— Әй, Баһрам, ер Баһрам,
Табылмас енді Гүлэндам.

Құр қиналар жан да жан,
Гүлэндамды-ай іздесең.

Ата-анадан жолды асып,
Бұл сапарға барасың.
Іздесең де, ұрсаң да
Періні қайдан табарсың.

470 Қимай тұрмын мен сені,
Ізде енді жаныңды.
Арада пері, жындар көп,
Гүлэндамды алам деп,
Бөле көрме сен, — деді.

Іздеме құр сағымды,
Гүлэндамды іздесең,
Алтын тақта табарсың,
Ирамбағы жағында.
Таба алмайсың ол қызды.

480 Қимай тұрмын өзінді,
Киік болып Гүлэндам
Суретіні көргізіп,
Неше сіздей жалғызды
Соңынан ертіп жүргізді,
Қаңғыртып жүріп өлтірген.

Барсаң дағы қайт, жаным,
Түбінде ала алмайсың,
Айла мұныңға қыла алмайсың.

Падишаң неше сіздей қаңғырып жүр,
Сен де солай жүдерсің, ала алмайсың.

490 Шал тағы осылай деп «барма» деді,
Баһрамға бек қатты зарлайды енді.
Арада жау-жарағы көп болса да,
Амалын тоқтатудың таба алмады.

Баһрам сонда жылады,
«Қай етем, достым, дүнияда».
Бұ сөзге мойын бұрмады,
Суретін көріп қимады.

Баһрам айтты: — Пері шал,
Бұл сөзіме құлақ сал.
Батаңды, шал, беріңіз,
500 Разы болып, аман қал.

Жанымды пида қылармын,
Ол қызды енді білмесем,
Гүлэндамды алмасам,
Қайтіп шыдап тұрармын.

Суретін көріп түсімде,
Қайғы бір түсті есіме.
Қайғы бірлән қан жұтам,
Іздемей көңілім басылмас.

Дидарын қашан көрем деп,
510 Жерін кімнен білермін.
Гүлэндамды алмасам,
Дертке түсіп өлермін.

Батаңды бер, кетейін,
Алданып мұнда нетейін.
Хақ Тағала жол берсе,
Гүлэндамды көрейін.

Бір Құдайға жылайын,
Көзім жасын бұлайын.
Қай етейін көрген түсімді
520 Және ішімдегі отыма
Нешік хайла қылайын,
Енді кімге жылайын?!

Баһрам айтты: — Шал, көрсет жолын енді,
Анық қылып, Гүлэндамның жөнін енді.

Шын көңілім іздемесем басылмады,
Алармын тірі жүрсем енді, — деді.

Болмасын Баһрамның біледі шал,
— Бағымда өрік, мейіз жемісім бар.
Неше түрлі қиын жол алдыңызда,
530 Толтырып қоржыныңа азық ап сал.

Шал байғұс Баһрамға көрсетті жол,
— Қарағым, жолың болсын, қош аман бол!
Аларсың, Құдай қосса, Гүлөндамды,
Жаратқан бір Құдайдың рахматы мол.

Баһрам айтты: — Зар болғаш мен бір адам,
Бола көр, шалым, енді есен-аман.
Біздерге бата бер де, дұғашы бол,
Келермін тірі болсам қайтып саған.

Ер Баһрам бата алып, жүріп кетті,
540 Ғашығы Гүлөндамның жанға өтті.
Шал берді қолын жайып жақсы бата,
«Жүре бер, жолың болсын, балам» деді.

Ер Баһрам жүріп кетті алыс жолға,
«Барам» деп талап қылды перілерге.
Жол жүріп бірнеше күн келе жатса,
Перілер жолығады Баһрам ерге.

Ер Баһрам ғашық болып күйіп-жанды,
Зарланды «аламын» деп Гүлөндамды.
Мың құлаш ұзындығы бір айдаһар,
550 Баһрамға айбат шегіп, ызғарланды.

Мың құлаш ұзындығы кәпір залым,
«Жұтамын» деп, Баһрамға салды аузын.
Ер Баһрам айбаттанды мұны көріп,
Көрсетті сол арада батырлығын.

Ер Баһрам ғашық үшін «аһ» ұрады,
Айдаһар аузын ашып жүгіреді.
Құдайға шүкір қылды ер Баһрам,
Көрген соң мінажат қып, зар жылады.

560 «Құдайым душар қылды бір залымды,
Ұрысып қалайын» деп ойланады.
Көрсетті сол арада батырлығын,
Ер Баһрам аждаһаға хайла қылды.

Беріпті Баһрамға артық бақты,
Болжайды жас та болса һәрбір жақты.
Қамшыменен ашуланып салғанында,
Бір асқан батырыңнан қолы қатты.

570 Өлтірді ол залымды екі бөліп,
Көңілі көтерілді ойнап-күліп.
Бір жақсы сырлап қойған тамға келді,
Ер Баһрам неше күнді тынбай жүріп.

Ішіне сырлы тамның келіп кірді,
Жасаған алтынменен бір бақ көрді.
Ішінде қарап тұрса һеш адам жоқ,
Шідерлеп атын отқа қоя берді.

Жасапты күміс бірлән бау-шарбақты,
Ішінде және көрді алтын тақты.
«Нағылса да бекер бақ емес қой» деп,
Алтын тақтың үстіне келіп жатты.

580 «Бұл жерде атым тойсын тым болмаса,
Кіреді қуатына көп оттаса.
Адамзаттан бұл арада һеш адам жоқ,
Алла, сақта пері мен жындар болса.

Жанымды құрбан қылдық әуелден-ақ,
Адамдікі емес қой бұл алтын тақ.
Ұқсайды жын, перінің мекеніне,
Жасаған алтынменен ол бау-шарбақ.

Берер ме тілегімді «Алла» десем,
Құдайға зарлық қылып, тілей берсем.
Өлермін арманда боп мен бейшара,
590 Бұл үйдің әсасын сөйлеспесем.

Біраз күн атым тойса, болар дәрмен,
Әсасын көрмей кетсем өлгенше арман.
Ғашық боп, көрмей кетсем іздеген соң»,
Ер Баһрам осылай деп ойлап қалған.

Ғашығы Гүлөндамның жанға батты,
Өзі — адам, бір міні жоқ, нұр сипатты.
Тақыттағы Баһрамды көзі көріп,
Сөйлесті шекер, шәрбат сөзі тәтті.

Бір табақ Баһрамға ас әкелді,
600 «Жесеңіз, қонағым» деп сәлем берді.
Ер Баһрам қуаттанды ас ішкен соң,
Қыз басымен еркекке сәлем берді.

— Біздерде-ау ат сұрамақ деген сөз бар,
— Әй, жаным, асықтырмай сөйле, — деді,
Өзіңе Шаһарбәнді болдым құмар,
Қызыл гүл, бұлбұлдай күйле, — деді.

— Иесі осы бақтың кімдер? — деді,
Көрмедім үшбу үйде жалғыз адам.
— Қонағым, жақсы сөзді тыңла, — деді,
610 Бұл бақтың асылдары — жындар, — деді.

Өлім айдап келді ме сені? — деді,
Қырылған мұнда келіп бейқисап жан.
Адамзат тағы жетіп көп қырылған,
Гүлөндам киік болып мұнарланған.
Мұнда келіп өлмеген кімдер, — деді.

Зарланды «Гүлөндам» деп бір ғаріп жан.
Азырақ кеңес келер Сайфыр ханнан,
Адамзат мұнда келіп көп қырылған.

Сұрасаң аты Сайфыр падишаның,
620 Билеген тамам жынды, өзі — палуан.

Ол Сайфыр әскер алып кетті аңға,
Бейшара, жолығарсың қиын жауға.
Бұлардың ерліктерін сұрай берсең,
Бір өзі мың кісілік кәпір жауға.

Қызға айтты Ер Баһрам: — Көп сөйлеме,
Оларды мен өлтірсем, өкпелеме.
Оларды мұнша неге мақтай бердің,
Кетеді бұл жауабың бекер желге.

Шыдамас жаман жындар екпініме,
630 Кетеді бір домалап текпініме.
Әй, дұшпан, иман айтып, дінге кірші,
Қадалар ажал оғы бір өзіңе.

Алдыңа келген соң дертінді жер,
Кісінің етін жесін ол жаман, кер.
— Пар келмес он сан кісі бір өзіне,
Шақ келмес алтауына һеш пендегер.

Тастайды сүйектерін құрт жегендей,
Кез келер ажалды адам ондай ерге.
— Мақтаған жындарды мен өлтірсем,
640 Жүрдіңіз бойыңызға һеш теңгермей,
Сен маған тұрамысың үйге бармай.
— Қонағым, кез келдіңіз біздей ерге.

Алтын қонағым-ау, бәрін де өлтір,
Тоқтаңыз, біразырақ қазір келер.
Нетейін, әлің келсе бәрін де өлтір,
Орнына Құдай қосса, бәрін келтір.

Кез келдің Құдай айдап үшбу жерге,
Ер Баһрам батыр өзі мұнша ерге.
Баһрам айтты: — Бұларды өлтірермін,
650 Алтауын да иманға келтірермін.

Иман айтып, мұсылман һеш болмаса,
Бірін қолмай алтауын да өлтірермін.

Қыз айтты: — Қойсаң тәуір, сіз арман тұр,
Жындардың қарындасы үйінде отыр.
Адамға ондай қыз жоқ біздің елде,
Жетеуі қырық қызбенен ойнап отыр.

Қызығы сырнай тартып, сауық қылып,
Жорғаға қоңырау тағып, сейіл құрып.
Жүреді бау-шарбаққа жегіп күйме,
660 Тұрады әсемдікпенен мойнын бұрып.

Ол қыздың жаннан асқан сәні, — деді,
Бұл шаһар құрметтейді аны, — деді.
Өзіңге жаным ашып айтып едім,
Әй, жігіт, сөге көрме мені, — деді.

Солай деп қыз үйіне жетіп келді,
Алтауысын «келді ме» деп, ойына алды.
Аспаннан дию, пері ойнап келіп,
Жанынан қақпасының түсе қалды.

Көрсө де ер Баһрамды ойламады,
670 «Жер құрты мұнда жатқан кімдер? — деді.
Бардағы басын кесіп алып кел!» деп,
Інісін Жимаш деген жібереді.
Ол Жимаш қуаттанып жетіп барды,
Баһрамды тақта жатқан көзі көрді.
Жамалына ер Баһрамның шыдай алмай,
Жимаштың өне бойы қалтырайды.

Дауыстап Баһрамды шақырады,
Қайтуға ойлаған соң намыстанды.
Күркіреп жетіп келді сол арада,
680 — Кімсің — деп, — тақта жатқан? — ақырады.

Басыңды алып, Сайфырға апарамын,
Басыңды шапшаң көтер, ақымақ адам.

Ол араны білмей-ақ жатырмысың,
Болсаң да жеті басты басыңды алам.

Адамзат, жындымысың тақта жатып,
Басыңды алып, етіңді жермін тартып.
Жіберді Сайфыр мұнда жарлық етіп,
Қаныңды ағызармын жарқыратып.

690 Баһрам мұны естіп мойнын бұрды,
Ақырып, енді есіріп тақтан тұрды.
Ашуы Баһрамның қатты келіп,
Жимашқа ашуланып қарсы келді.

Ер Баһрам Жимашқа жетті дейді,
— Осынша саған ақырып нетті, — деді.
Атым тойса, жүремін, — деп айтып салды,
Адам етін жегендей кімсің?! — деді.
Осыншалық ақырып тең табардай,
Күркіреп, айдаһардай маған келдің,
Жолықпай біздей ерге жүр екенсің.

700 Жимаш естіп ол сөзді ашуланды,
Сөзіне ер Баһрамның қатуланды.
Бұрын ондай өктем сөз естіген жоқ,
Жүрегі-ай ол кәпірдің оты жанды.

Ал екеуі сол жерде ерегісті,
Жігіттік істер болса кеңеседі.
Сөзіне бір-бірінің шдалмады,
Екеуі бейшаралар төбелесті.

Ер Баһрам шыныменен ашуланды,
Екеуі жаннан асқан палуан-ды.
710 Ер Баһрам қайратына қатты мінді,
Жимашты ашуланып байлап салды.

Жимашты байлаған соң алып барды,
Екеуін бұтағына таңып салды.

Сайфыр да бір сұмдықты біледі енді,
«Бұлар қайда кетер?» деп қайран қалды.

Жоғалып бес інісі кеткеннен соң,
Түбіне ер Баһрамың жеткеннен соң,
Сайфырдың ашуланып өзі келді,
Ер Баһрам иландырып айтпаған соң.

720 Ол Сайфыр жетіп келді қайраттанып,
Қойыпты бес інісін мықты байлап.
Ақырды тақытта жатқан ер Баһрамға,
Тақытқа жетіп келеді айбаттанып:

Келген соң білмедің бе өлерінді,
Білмедің бе Сайфыр палуан екенімді.
Тезірек тақтан түсіп, атыңа мін
Көрейін енді асқан өнерінді.

Ер Баһрам мұны естіп, мойнын бұрды,
Ақырып: — Не дейсің? — деп тақтан тұрды.
730 Атқа мініп асынды жарағында-ай,
Қылышын алып Сайфырға қарсы жүрді.

Ер Баһрам да Сайфырға жетті дейді,
Сайфырдың үлкен сөзі өтті дейді.
Екеуі сөздеріне шыдай алмай,
Сол жерде төбелесіп кетті дейді.

Енді екеуі сол жерде ұрысады,
Айғырдайын екеуі жұлысады.
Бір-біріне екеуінің әлі келмей,
Екеуі әбден шаршап тұрысады.

740 Бір-біріне бола алмасын енді білді,
Қылыш, мылтық, сүңгінің бәрі сынды.
Ат үстінен бірі-бірін алмаған соң,
Ақырып аттан түсіп күрес қылды.

Сайфырдан сәл кішілеу палуан ерді,
Ер Баһрам бір жұлқуға келтірмеді.
Сайфырды алып ұрып, байлап салды,
«Менім атым ер Баһрам екен» деді.

750 Байлады алып ұрып алты жынды,
Алтауын бірдей байлап, көңілі тынды.
Ерлігін ер Баһрамның Сайфыр білді,
Сайфырды байлағанын жындар көрді.

Үйінде бар еді бір қарындасы,
Жиылысып соған жындар жетіп барды.
«Байлады-ай алты ағанды бір адамзат,
Ерлігін айтып болмас, өзі һайбат.
Жалынып осы бастан ап қалмасаң,
Өлтірсе, алтауына болар қиямет».

760 Естіп мынау сөзді қарындасы,
Көзінен тыйылмас екен ағып жасы.
Бой ұрмай мың сан қолға жүруші еді,
Жетпес-ау бір адамның шын қысасы.

Қызметке қырық қызды ертіп алды,
Жорғаға қоңырау тағып, күйме салды.
Алтын-лы шымылдықтың екі жағы,
Жетіп келді қасына ер Баһрамның.
Баһрам менен Гүләндам отыр еді,
Бір күйме қоңырау таққан жетіп келді.

770 Бір алтын шымылдықтың екі жағын,
Қырық қыз ұстап келді һәрбір бауын.
Құдайым душар қылды мұндай қызды,
Қосады бірге жүріп асыл шағын.
Сол қыздар Баһрамның қасына кеп,
Әкеледі Баһрамның алтын тағына.

Қыз айтты Баһрамға: — Кімсің өзің,
Неліктен алты ағамды нық байладың?

Болады өзіңізге обалыңыз,
Бұларды үшбу жерде байлап қойдың.

Баһрам айтты: — Сөйлесейін сеніменен,
Байладым алты ағанды жөніменен.
780 Пердеңді бетіндегі жұлып тастап,
Сөйлеші сонан кейін меніменен,

Қыз естіп бұл сөзге даусы шықты:
«Тарт, — деді қырық қызға, — шымылдықты»,
Жындардың қарындасы айдай болған,
Баса кеп оң тізіне отырыпты.

Қыз айтты Баһрамға: — Аманбысың,
Шекерден тәтті сөзің, айдай түсің.
Кінәсіз алты ағамды байлап салып,
Тәуір ме, жақсы қонақ, қылған ісің?
790 — Тағында мұнан бұрын көргенім жоқ,
Ағанды өзі тимей, тигенім жоқ.
Келтірді Құдай айдап мені мұнда,
Сендерді әдейі іздеп келгенім жоқ.

Атым арық, бейшара жолаушы едім,
Атым шөпке тойған соң жүруші едім.
Кісіге қарап тұрған өзі тиді,
Өлтірсем алты ағанды қайтер едің?

Ал енді қыз айтады Баһрам зарға:
— Бұлардан бұдан басқа өкпең бар ма?
800 Адамзатқа жолыққан тимей жүрсе,
Қол соғып, сөз байларға уағдаң бар ма?

Баһрам айтты: — Алты ағаң дінге кірсе,
Намаз оқып, иманның жолын білсе.
Алты ағанды, дәнеңе де өлтірместім,
Кез келген адамзатқа тимей жүрсе.

Алты жын мынау сөзге болды разы,
Разы болып Баһрамға қолын жазды.
Құдайға құл, Мұхаммедке үммет болып,
Оқыды қаза қылмай бес намазды.

- 810 Ішінен жаман ойлап қайғы жұтты,
Баһрам менен ер Сайфыр дос болыпты.
Алты жын Баһрамды қонақ қылып,
Жығылып аяғына бас ұрыпты.

Жетеу болып жүреді оң жағында,
Перінің боз баласы соң жағында.
Ер Баһрам салды қимыл перілерге,
Сауық қып ойнайды екен шарбағында.

- Ер Баһрам жатып алды сонда ойнап,
Келеді тамашаға жындар саулап.
820 Сауық қып ойнап-күліп ол шаһардан,
Болыпты он бес күндей аунап-қунап.

Бір күні Сайфыр тұрып жылайды енді,
Көзіне жасын төгіп бұлайды енді.
— Қалбіндегі мұңыңды маған айт, — деп,
Ер Баһрам ол Сайфырдан сұрайды енді.

Сайфыр айтты: — Айтайын, достым, саған,
Бұ дертіме бір дәрмен қылшы маған.
Диюда Зақып деген бір алып бар,
Мен соның зорлығынан өлдім тамам.

- 830 Келеді жылдан-жылға елімізге,
Осы шаһар, мекенді жерімізге.
Шаһарды жылда келіп қырып тастап,
Бүлік салды осы жын елімізге.

Дию да Зақып деген зорлық етті,
Бәрінен зорлығының қорлығы өтті.
Оң жағында бір жарым бар еді, — деп,
Сонымды әкетті, — деп зарлық етті.

Қол жиып, талай бардым ұрысарға,
Сонда мен қарсыласып жұлысарға.
840 Таудың ау арғы үстінде кіріп жатыр,
Көрісер жігітпен сол амал бар ма.

Зар болдым мен жарымды енді ала алмай,
Болмаса сізден жәрдем, ер Баһрам-ай.
Өлгелі қор басым әуресі күнде,
Жарымның күйігінен шыдай алмай.

Баһрам айтты: — Диюге мені алып бар,
Құдай сүйген құлына болады жар.
Мекенін енді меңа жылдам көрсет,
Диюмен алысарға талабым бар.

850 Батырлар кетпеген серттен тайып,
Кетейін ерлігінді жұртқа жайып.
Көзіме бір көрсет те, қоя берші,
Берейін өлтірмесем, саған иіп.

Қылайын бір жақсылық енді саған,
Мен сені құтқарайын ол залымнан.
Қылышпенен ол залымның басын кесіп,
Жау тұрса, құтқарайын аманат жан.

Тамам жын Баһрамды алып жүрді,
Диюге ер Баһрамды алып келді.
860 Қараса, қарсы алдында бір үңгір тұр,
Бетінде таудай тасты көрді дейді.

Ол тасты Баһрам келіп лақтырды,
Жынның бәрі шуылдасып қарап тұрды.
Ызасы сонда жаман өткен екен,
«Үңгірден шығады» деп жиылып тұрды.

Баһрамға Сайфыр айтты: — Әй, жан достым,
Жаратқан Жаппар Құдай өзі оңдасын.
Беліме бір арқанды байлап алып,
Кесейін ол диюдің енді басын.

870 Баһрам айтты бір келіп тамам жанға:
— Қорыққанда бекер тұрып не бар мұнда?
Беліме бір арқанды жылдам байла,
Түсейін тәуекел деп бұл зынданға.

Жындар қорқып, байламай қарап тұрды,
«Шықса не боламыз» деп жылап тұрды.
Беліне бір арқанды байлап салып,
Зынданға өзін-өзі лақтырды.

Баһрам түсті зынданға арқан байлап,
«Диюдi өлтіремiн, — деп, — ие, Кұдайлап».
880 Түсіп ап, жер астында іздеп жүрсе,
Диюдi ұйықтап жатқан көрдi абайлап.

Сұрасаң, ол диюдiң басы өгіздей,
Денесiн айтып болмас, бiр күмбездей.
Ер Баһрам бiр пәлеге жолықты ендi,
Сұрасаңыз, құлақтары құйрықтай.

Бұл дию бұ сипатты ұйықтап жатыр,
Байлаулы бiр аяулы бiр қыз жатыр.
Қыз көрiп Баһрамды зар еңiредi,
— Япырмай, жүрек жұтқан, — дедi, — батыр.

890 Ер Баһрам қызға айтты: — Адамбысың?
Диюден ендi сенi құтқарамын.
Өлтірсем ұйқысында шықпайды атым,
Кейiн тұр, ол диюдi оятамын.

— Оятпа, оятсаңыз келмейдi әлiң.
Елден асқан мықты палуан о бiр залым.
Өлтірсең, ұйқысында өлтірiңiз,
Оятсаң, кәпiр төгер сенiң қаның.

Ер Баһрам тiлiн алмай оятады,
Сол жерде кәпiр залым көп жатады.
900 Қақпасын ер Баһрам бұзып кiрiп,
Кәпiрге «шапшаң тұр!» деп сөз қатады.

Оятса да ол дию оянбайды,
Ол кәпір Баһрамды һеш тыңламайды.
Қылышын ер Баһрам қолына алып,
Кәпірге ашуланып айғай салды.

Шығып алып бауырына текпіледі,
Болмаған соң қылышпен шапқылады.
Ашуланып ер Баһрам айғай салды,
Жастанып үйдей тасты жатыр еді.

910 Көтеріп, салып қалды ер Баһрамды,
Бұл дию енді оянып, айғай салды,
Сақтады Жаппар Құдай Баһрам жасты,
Ер Баһрам «иә, Алла» деп қаһарланды.

Сақтады Жаппар Құдай Баһрам жасты,
Ұрса да тигізбейді үйдей тасты.
Ашуланып тұра келді Ер Баһрам,
Диюмен сол арада сартылдасты.

Сүйегі Баһрамның оттай жанып,
Диюменен алысады ашуланып.
920 «Әкем аты — Кіші хан, мен — ер Баһрам»,
Диюдi алып ұрды қайраттанып.

Сол дию жығылған соң көп зарланды,
— Кіші ұғылы ер Баһрам сен бе? — деді.
Сенен қашып түсіп ем жер астына,
Сонда дағы қоймай жүріп мені алдың, — деді.

Арысландай алғанды біліп едім,
Айдаһарды өлтіргенді көріп едім.
Жанымды қоймай жүріп ақыры алдың,
Сенен қашып бұл жерге кіріп едім.

930 Солай деп зарланды кәпір залым,
Ер Баһрам тыңламады оның зарын.
Қылышын ашуланып қалды салып,
Диюдiң басын жарып, төкті қанын.

Ер Баһрам «шүкірлік» деп тұра келді,
Жығылып, таудай болып кәпір өлді.
Көтеріп қолына алды ер Баһрам,
Басын зындан аузына алып барды.

Ерлігі-ай Баһрамның жаннан асты,
Көтеріп лақтырды жерден басты.
940 «Дию шығып келеді» деп шуылдасты,
Жабылып жынның бәрі кейін қашты.

Жындар қорқып қашар хәмла қылды,
Қарата шаһарына мойын бұрды.
«Достымнан жалғыз қалып не болам» деп,
Қашада Сайфыр батыр қарап тұрды.

Ер Баһрам — өзі батыр, өзі күшті,
Елінен іздеп шыққан бір жұмысты.
Ер Баһрам жер астынан сермегенде
Сайфырдың алдына келіп бас түсті.

950 Сайфыр басын көрген соң езу тартты,
Қашқан жынның қуанып бәрі қайтты.
Ер Баһрам жер астына дереу келіп:
«Шапшаң, жылдам зынданнан шық» деп айтты.

Қыз айтып Баһрамға жылайды зар:
«Салулы аяғымда мың кісен бар,
Жүруге жарар едім, дәрменім жоқ.
Кісенді аяғымнан босатып ал».

Асылында Баһрамның қайраты бар,
Құдайым оны сүйіп болады жар.
960 Ер Баһрам қаһарланып ұрғанында,
Мың кісен аяғынан болды дал-дал.

Ер Баһрам қолына алып қызды шықты,
Баһрамды жындар қорқып жақсы күтті.
Сайфыр келіп Баһрамға құлдық қылып,
«Бізге енді патша бол» деп бас ұрыпты.

— Сен қылдың бұл ерлікті адам қылмас,
Саған жаман сөйлеген өзі де оңбас.
Өлгенде соңымнан бірге кетер,
Ерлігің осы қылған ұмытылмас.

970 Қатынын алып берді Сайфыр ханның,
Ерлігі жаннан асқан Баһрамның.
Кім шыдар ер Баһрамның ерлігіне,
Сүйегін талқан қылған арысланның.

Әлафтунның ер Баһрам басын кесті,
Басқарды парасатпен һәрбір істі.
Арттырды жүз он түйе қазынасын,
Ер Баһрам жаннан асқан өзі күшті.

Диюдін ер Баһрам алды басын,
Әуелден іздеп шыққан қиғаш қасын.
980 Оныңнан тамам жындар теріп алып,
Диюдін теріп алды гауһар тасын.

Жиылып үйлеріне алып барды,
Сайфыр хан елі-жұртын жиып алды.
Қатынын есен-аман әкелген соң,
Той қылып неше күндей сауық салды.

Күресті той болған соң көп палуан,
Ер Баһрам бұл майданда бәрін жыққан.
Зарланды ер Баһрам бір күндерде,
Есіне түскеннен соң қыз Гүлөндам.

990 Сайфыр айтты Баһрамға: — Әй, жан достым,
Өзіңіз зарланғанға жаман састым.
Жолыңа ғазиз жанды қылдым пида,
Көңіліңдегі сырыңды айт, жан достым.

Ер Баһрам сөз айтады Сайфыр ханға:
— Ғашық боп келіп едім мен бір жанға.
Гүлістан Ирамбағы шаһарында,
Ғағфур хан қызы айдай Гүлөндамға.

- Келгенім ғашық болып Гүлэндам қыз,
Сөзімді мен айтайын, сіз тыңлаңыз.
- 1000 Елімде кайф құрып жүргенімде,
Бір алтын киік құдым жапа-жалғыз.
- Сол киік құғаннан соң алтын түсті,
Қуып едім жеткізбей қашып кетті.
Нұры екен сол киігім Гүлэндамның,
Ғашықтығым бір шыбындай жаннан өтті.
- Көрсетті хәтта маған көп суретті,
Зарланып ғашық болып есім кетті.
Сіздерге мен жолдас бола алмаймын,
Атымды әкел, жүрейін, достым — депті.
- 1010 Сайфыр айтты: — Жүрсеңіз біз жүрейік,
Жанымды құрбан қылып сізге ерейік.
Сіз бізге жақсылықты көп қылдыңыз,
Жарыңды бірге барып апарайық.
- Баһрам айтты: — Қасыма жолдас ермес,
Құдай өзі сақтаса, адам тимес.
Жалғыз өзім жүрейін, атымды әкел,
Жан достым, маған жолдас керек емес.
- Жимаш барып ол атын алып келді,
Бір-бір жүнді қолтығынан жұлып берді.
- 1020 «Көргің келсе біздерді бір заманда,
Осы жүнді от жағып, тұтат» деді.
- Ер Баһрам аттанып жүреді енді.
Бір Құдайым тілегін береді енді.
Адам емес жүрмеген пері жерін,
Жас патша көңілменен біледі енді.
- Жас патша көп бейнет көреді енді,
Көре алмай қанша күндей Гүлэндамды.
Зарлық етіп жалбарынды бір Аллаға,
Зарланды зікір етіп һәрбір түні.

1030 «Таба алмай, арманда боп өлемін» деп,
Көп іздеп пері қызын қалды жүдеп.
Құдайым душар қылды бір теңізді,
Теңіздің ар жағында бір шаһарны.
Үлкен істі жаратыпты Жаппар Ғани,
Өте алмай жатып еді жеп жемісті.

Бенденің Құдай қылса халі бар ма,
Теңізден қайтіп өтсін, хайла бар ма.
Өте алмай неше күндер жатып еді,
Бұрыннан буып қойған салы бар ма.

1040 Өте алмай жатып еді бес-алты күн,
Қайғыменен жалын шығар болып түтін.
«Бүйткендей, Жаппар Құдай, нағылдым-ды?»
Дұшпанды қойдай қырып, жарды өтін.

Сарғайды қайғыланып зағыпырандай,
«Бүйткендей Жаппар Құдай, нағылдым-ай?»
Мені мұнша қаңғыртып, көп зарлатып,
Тумай кеткір, Гүлөндам, қайдан туды-ай?»

Түн болса, теңіз түбі болар жарық,
Қарайды ер Баһрам аң-таң қалып.
1050 Жарық болған балықтың көздері екен,
Балықты азық қылар судан алып.

Ер Баһрам зар еңірейді енді қатты,
Көрмеген қиын жердің дәмін татты.
Анасынан айрылған жас қозыдай,
Ғашығы-ай Гүлөндамның жанға батты.

Ер Баһрамның жырлағаны

Елін-жұртын іздедім,
Дертке түсіп қайғырдым.
Гүлөндамды көре алмай,
Кеше-күндіз сарпылдым.

1060 Ел-жұртымнан бездім мен,
Жапан жерді кездім мен.
Ата-анамнан айырылып,
Жаннан үміт үздім мен.

Бір киікті көргізді,
Соңынан ертіп жүргізді.
Бір суретке кез келіп,
Ішімді отқа күйгізді.

Көрсетті маған суретін,
Тарқар ма екен бұ дертім.
1070 Арманым көп халімді,
Кімдер білер зарымды.

Енді қайда барамын,
Жерін кімнен білермін?
Гүлөндам еске түскенде,
Сонда қатты жылармын.

Жүзін көріп қарағым
Дерт ішінде қалармын.
Судан қайтіп өтермін,
Жеріме қашан жетермін?

1080 Қай етейін кейін түсімде
Ішімде жанған отыма.
Нешік дәрмен етермін,
Жарыма қашан жетермін?

Зарланып «Гүлөндам» деп талды жағым,
Тәбәссум көтерілмес менім бағым.
Мен осынша зарланып іздегенде,
Гүлөндам қыз болар ма жан шырағым.

Мекені Гүлөндамның қайда болар,
Қайғылы менім көңілім қашан толар.
1090 Іздеп жүріп жарымды таба алмасам,
Сарғайып сұлу жүзім тағы солар.

Қайғысы Баһрамның болды қатты,
 Гүлөндам жағып кетті ғашық отты.
 Құдайым зар қылған соң қабыл көрді,
 Құдай сүйген құлына тағы берді.
 Бірталай керуендер келіп түсті,
 Ер Баһрам керуенменен амандасты.

Жапырылып керуендер сөз сұрасты,
 Ер Баһрам — өзі гауһар, асыл тас-ты.
 1100 Жолығып керуендерге амандасып,
 «Аламын» деп Гүлөндамға қадам басты.

«Бейшара» деп, есіркеді-ай байғұс жасты,
 Ер Баһрам керуенге сыр бермейді.
 «Шерменде жоқ жоғалтқан мен бір адам»,
 Айтып жөнін тағы да білдірмеді.
 — Жапанда жылқы алдырып жүрмін, — деді,
 Шығып едім жылқы алдырып жапан түзге.
 Жабылып бәріміз де сал байлайық,
 Жолықтым бұл арада енді сізге.

1110 Түсемін мен де бірге бұл теңізге,
 Сал байлап, бәрі түсті бұл теңізге.
 Бейшара су үстінде кез болады,
 Жолықты мұндай түрлі неше кезге.

Мың құлаш ұзындығы бір жайын көрді,
 Керуен халқы көрген соң бек шошыды.
 «Жұтад, — деп, — бәрімізді, ер Баһрам»,
 Иманын жылап-сықтап үйіреді.

Ер Баһрам қылышын қолына алды,
 Жайынға қаһарланып жетіп барды.
 1120 Жайын шапты Баһрамды көргеннен соң,
 Не қыларын білмеді, сасып қалды.

Аузын ашып жұтқалы келгеннен соң,
 Жайынның ер Баһрам көрді сұрын.
 Су ішінде әуез салды ол зор жайын,

Ер Баһрам ашуланып тепкеннен соң,
Сырқырап жайын кетті ат шаптырым,

Ер Баһрам ол жайынға салды құрық.
Дұшпанды неше жерден қойдай қырып,
Көрсетті ерлік бірлән һәрбір түрін.

- 1130 Ер Баһрам — өзі батыр, һәм һайбатты,
Жайынды сермегені тіпті қатты.
Тепкенде бас сүйегі талқан болып,
Басын суға ұрды да жайын шапты.

Кім шыдар ер Баһрамның тепкеніне,
Жын, пері шыдамаған екпініне.
Жайынды қылышпенен екі бөліп,
Жіберді талқан қылып су түбіне.

- Көп керуен оны көріп қуанады,
Теңізден есен-аман шығарады.
1140 Бәрі келіп Баһрамға құлдық қылып,
«Бізге енді патша бол» деп жалбарады.

Таппайды не қылса да Баһрамдай ер,
Беріпті оған қуат Пәруардигар.
Баһрам айтты керуенге: — Мал алмаймын,
Сіздерменен бірге мен жүре алмаймын.

Керуендер айтты сонда ер Баһрамға:
— Бірталай малдан таңдап, мал алың, — дер.
— Іздеген жоғым менім тіпті қиын,
Оны іздемей бұл жерде тұра алмаймын.

- 1150 — Іздеген жұмысыңды айтшы маған,
Жәрдем қыла көрейік біз де саған.
Қолдан келер іс болса біз де іздейік,
Жолыңа шыбын жанды қылдым құрбан.

— Жоғымды мен айтайын сұрасаңыз,
Бәріңіз құлақ салып тыңласаңыз.

Перизат іздегенім, адам емес,
Әкесі ғой — Фағфур хан, Гүлэндам қыз.

Бұл керуен сөз айтады ер Баһрамға:
— Келіпсіз ғашық болып қиын жанға.
1160 Арада ұрыс, соғыс, жау-жарақ көп,
Жетерсің қай уақытта Гүлэндамға.

Кез болдық жалғыз сізге жапан түзде,
Қылдыңыз көп жақсылық енді бізге.
Біз ол жерге малменен бара алмаймыз,
Рақым қылсын Құдайым енді сізге,

Адамзатың көрмеген пері жерін.
Жас патша «көңілменен білей» деді.

Ер Баһрам амандасып кетті жүріп,
Туғры барар Гүлэндамға жолын біліп.
1170 Бірталай көп керуендер амандасып,
Көңілі ғой көтерілді ойнап-күліп.

Ер Баһрам мұнан шығып, күнде желер,
Көре алмай Гүлэндамды, болды құмар.
Жүрегін ер Баһрамның жалғыз бүйтіп,
Бойында тоқтамаған қайраты бар.

Ер Баһрам азып-тозып, жүдеп жүрді,
Алам деп пері қызын бейнет көрді.
Бірнеше күн жүріп ер Баһрам,
Еділде бір үлкен тамға келді.

1180 Ер Баһрам «Әй, Алла» деп кірді тамға,
Зарланды аламын деп Гүлэндамға.
Баһрам там ішінде қарап тұрса,
Мың жігіт байлаулы тұр бірақ анда.

Мың жігіт бір арқанда байлаулы тұр,
Салғаны мойнына темір шынжыр.

Ер Баһрам салды қимыл сол сапарда,
Бәрі де тұтқын болған бейшаралар.

1190 Мың жігіт Баһрамға айтты халін,
Ер Баһрам тыңлап тұрды аның зарын.
— Байлаған бәрімізді бір жайға,
Әсасы ол тамның кәпір залым.

Қойдай қырып, сойып жер бәрімізді,
Кәпірдің өзі палуан, зор көрінді.
«Бір ұйықтап оянған соң соямыз» деп,
Кәпірдің үлкен таудай һәрбір түрі.

Аузынан демі шығар отты жалын,
Қинады мың жігіттің шыбын жанын.
Бізді байлап тамына кіріп жатты,
Сөйлейін ол кәпірдің көп ахуалын.

1200 Бір тауды бір тауға ұрар тұтып алып,
Адасқан бала қаздай Баһрам ғаріп.
Дұшпанды ерегіскен қойдай қырды,
Кең дүния кәпірлерге түсер тарлық.

Күркірер кәпір залым аждаһадай,
Құдай-а, душар қылды пейілі тарға-ай.
Ер Баһрам ғаріп жанын пида қылды,
Сарғайды шариф тәні зағыпырандай.

1210 — Шамаң келсе, сол кәпірді өлтіре көр,
Қазасын ол залымның келтіре көр.
Әй, жас жігіт, өзіңдей бір адамзат,
Ер Баһрам, ақылың асқан бір кеменгер.

Ер Баһрам мың жігітке сауап қылды,
Мәнісін үшбу істен біледі енді.
Кәпірдің жатқан жерін сұрап алып,
Қақпасын талқан қылып бұзып кірді.

Ер Баһрам жау жарағын алды сайлап,
«Жазайұрды өлтіремін» деп кірді ойлап.
Сол кәпір жаңа оянып отыр екен,
Аузынан жалын шығар оттай жайнап.

1220 Көрген соң Баһрамға қаһар қылды,
Қылышпенен ашуланып Баһрам ұрды.
«Құдай-а, тілегімді бере көр» деп,
Мың жігіт қатты зарлап жылап тұрды.

Ұрысты енді екеуі найзаласып,
Соғысты неше күндей сартылдасып.
Еркі алдына қоймайды Жазайұрды,
Ер Баһрам алып ұрды қайраты асып.

Құдайым қуат берді ер Баһрамға,
Батырды Жазайұрды қызыл қанға.
1230 Босатып мың жігітті қоя берді,
Ер Баһрам сауап қылды қанша жанға.

Кім шыдар ер Баһрамның қайратына,
Жын-пері шыдамаған зәһарына.
Неше күн тұлпар атпен тынбай жүріп,
Келіп кірді Гүлістан шаһарына.

Шетіне перілердің келіп жетті,
«Аламын» деп Гүлөндамды үміт етті.
Әуелден-ақ ғаріп жанын пида қылып,
Ер Баһрам сөйлесе алмай зарлық етті.

1240 Өтіпті ерлікпенен ғұмыр жасы,
Дертінен ғашықтықтың түсі қашты.
Ол шаһарда сондай жаман дию жатыр,
Жасынып жылап жатыр боз баласы.

Ер Баһрам ол баланы қарап жүрді,
Ол екен Гүлөндамның жан шырағы.
Бір адам түсі жаман кез келген соң,
Ер Баһрам сөйлескелі соған келді.

- Ер Баһрам ол кісіден сөз сұрайды,
Жаман айтпай, жақсылап еп сұрайды.
1250 Амандасып отырғызып ер Баһрам,
— Бұл шаһардың аты кім? — деп сұрайды.

Енді екеуі сол жерде кеңеседі,
Баһрам аның сөзін тыңлап тұрды.
— Гүлістан деген шаһар атын сұрасаңыз,
Айтамын падишасын ол деседі.

Фағфур да жақсы екен көп шаһардан,
Көрген жан қызығына қайран қалған.
Бозбаласы қаңғырды сұлуды іздеп,
Зар тұтып сұлуды іздеп тамамы жан.

- 1260 Тамсанып боз баласы жылап отыр,
Баһрам өзі — адамзат, көңілі нұр.
— Бұл елдің арасында не хабар бар?
— Тыңласаң мен айтайын, сен естіп тұр,

Фағфурдың асылзат бір қызы бар,
Екі көзі — қызыл жақұт, өзі — гауһар.
Қанша ел ғашық болған қаңғып жүріп,
Сөйтсе де ала алмайды бейшаралар.
Сұрасаңыз аты болар Гүлөндам дер,
Падиша оған ғашық көп болған дер.

- 1270 Бәрі де іздеп келіп ала алмайды,
Сәргардан боп зарланып қаңғырған-ды.
Бұл қыздың көркемдігі жұртқа жеткен,
Адамға ғаламдағы даңқы кеткен.
Ол шаһардың тілдерін адам білмес,
Сөйлейін һәрбір түрлі құрған кептен.

Бәрі де ғашық болып қор болады,
Құйылып Гүлөндамға нұр толады.
Ер Баһрам көп зарланып, көрді мехнат,
Сарғайып сұлу жүзі бек солады.

1280 Бұл қыздың көркемдігін ғалам білген,
Қаңғырып ғашық болып һәркім өлген.
Қиссасы осы қыздың толып жатыр,
Тағы да зәңгі деген жұртқа келген.

Бұл қыздың сұмдығы соған жеткен,
Есітіп падишасы іздеп келген.
Ол иттерге Фағфур өзі бермей жатыр,
Сонан соң екі жұртқа бүлік түскен.

Зәңгі «тартып бұл қызды аламын» деп,
Зәңгілер шетінен ер, қайраты көп.
1290 Күнде шығып соныменен ұрысады,
Күнінде қырылады қисапсыз көп.

Сол кісі енді кетті сөзін айтып,
Жүреді ер Баһрам қайғы кешіп.
«Бұған енді не хайла қылармын?» деп,
Ер Баһрам ой ойлайды жалғыз түйіп.

Ер Баһрам онан жүріп онда қалды,
Ерте шығып сахараға сәйір қылды.
Екі жұрт күнде шығып соғысқанда,
Ер Баһрам тамаша қып қарап тұрды.

1300 Зәңгіменен перілер соғысады,
Ер Баһрам талай ойды ойлап алды.
«Бұған кірмесем атағым шықпас» деді,
Соғыстан аямайды ғазиз жанды.

Зәңгінің қолы алды жердің жүзін,
Аң-таң қылды «аламын, — деп, — ханның қызын».
Зәңгіменен перілер соғысқанда,
Мисли нияз тұтады жердің жүзін.

Болыпты қызыл-жасыл жердің жүзі,
Қап-қара тозаң болды күннің көзі.
1310 Зәңгіменен перілер соғысқанда,
Қырылып бек көп жандар шыға салды.

Зәңгі жанын аямай соғысады,
Жапырылып құмырсқадай тоғысады.
Ер Баһрам сол соғыста салды қимыл,
Қинады Гүлөндам үшін ғаріп жанды.

Жындар-ай қайраты көп, бәрі — батыр,
Сол күні күн кеш болып, қонып жатыр.
Тарқасып шаһарына жұрт қайтады,
Ер Баһрам оғын кезеп жақ атады.
1320 Жимаштың берген жүнін қолына алып,
От жағып, айдалаға енді тұтатады.

Берген жүнін тұтатса біледі екен,
Жылдық жерден бір сағатта келеді екен.
Кейде жын, кейде пері, кейде адам боп,
Суреті һәрбір түрге кіреді екен.

Ол Жимаш тұтатқан соң жетіп келді,
Бас ұрып Баһрамға сәлем берді.
— Ер Баһрам, сенің үшін жаным құрбан,
Жұмсайсыз ба жұмысқа мені? — деді.

1330 — Жұмсайтын енді менім келді кезім,
Ұнайды қандай етсем менім сөзім.
Өзіменен ұрысатұғын пар болмаса,
Ұрысайын он санменен жалғыз өзім.

Ер Баһрам — өзі батыр, ақылы көп,
Жимашқа айтты: — Күтпей, жылдам кел, — деп.
Мен енді ойнасам аттай желемін,
Істесе о да ойнасын, аттай желсін.
Мұнда бір зәңгі деген жау бар екен.
Барып Сайфыр достыма хабар берсін,
1340 — Ер Баһрам, жаннан асқан сіз бір ерсін.
— Әкелсін қылыш, мылтық көп санымен,
Ол елдің тастамасын бар палуанын.
Жиып алып палуанын қазір келсін,
Төгейін зәңгі жаудың енді қанын.

Ол Жимаш «болады» деп ұшып кетті,
Жимаш та осал емес алып депті.
Бір сағатта мұнан барып кідірмей-ақ,
Болғанда екі сағат келіп жетті.

1350 Келген соң Баһраммен амандасты,
Шақырған соң мәнісін көп сұрасты.
«Зәңгіні талқан қылып қыралық» деп,
Ер Баһрам Сайфырменен ақылдасты.

Жиылып түн ішінде атқа мінді,
Ішіне жау зәңгінің келіп кірді.
Зәңгіні жатқан жерден білдірместен,
Топалаң тиген қойдай бәрін қырды.

1360 Беріпті Баһрамға күш пен бақты,
Құдайым және берді аруақты.
Зәңгінің қырылғаны сол емес пе,
Қара қан ат бауырынан сел боп ақты.

Зәңгіге бір-ақ түнде ойран салды,
Зәңгінің қырылмаған несі қалды.
Патшасын ол зәңгінің ұстап алып,
«Мұнафиқ» деп, басын жұрт кесіп алды.

Зәңгінің тірілері кетті қашып,
Барады үріккен қойдай басып-жаншып.
Зәңгіні әбден қырып болғаннан соң,
Жөнелді Сайфыр батыр амандасып.

1370 Алыпты патшасының басын кесіп,
Жүреді Баһрамның көңілі өсіп.
Зәңгіні әбден қырып бітірген соң,
Жөнелді Сайфыр батыр есендесіп.

Сайфырды жөнелткен соң бір хат жазды,
Құдайым душар қылды өнерпазды.
«Бұл хатты оқысын, — деп, — Фағфур хан,
Гүләндам қызыңыз» деп қылды назды.

«Зәңгіні қырған кім?» деп сұрасаңыз,
Айтайын құлақ салып тыңласаңыз.
Баласы Кіші ханның — мен Баһрам,
1380 Зәңгінің бәрін қырған өзім жалғыз.

Бұл зәңгі өмір тілеп келді маған,
Сөзімді жақсы тыңла хатқа жазған.
Жазасын ойран салып бердім қырып,
Дұшпандар құтылмайды өнерпаздан.

Түгесем жау зәңгіні бір-ақ түнде,
Құдайға зікір айтам һәрбір күнде.
Иләһи мінажатты қабыл әйлап,
Зарлансам жетер ме екен қызыл гүлге.

Болады атым Баһрам, зәңгі қырған,
1390 Сұрасаң әкем аты — ол Кіші хан.
Ғашық болып неше жылдай іздегенім,
Мұнда іздеп келгенім қыз Гүләндам.

Еліңді әрең таптым желдей желіп,
Түгестім бұ зәңгіні бәрін қырып.
Осы асқан басымменен, ей, падиша,
Оқыңыз үшбу хатты жайын біліп».

Хат жазды осылай деп мөһірін басып,
Жүреді Баһрамның көңілі тасып.
Ер Баһрам Фағфурдың қақпасына,
1400 Хат пенен басты апарып қойды асып.

Асқан соң хатты, басты кірді баққа,
Қарайды көзін салып һәрбір жаққа.
Гүләндамның сарайын тауып алып,
Тақ түбінен жатады бау-шарбаққа.

Ер Баһрам жатып алды диуана боп,
Құбылып һеш адамға білдірмейін деп.
Сол қыздың тақ тұсына кіріп жатты,
Сөйлесерге бір хайла болар ма деп.

1410 Ер Баһрам бау-шарбаққа келіп жатты,
Ол күні патша тұрды таң кеп енді.
Патша тысқа шығып, хат пен басты көріп,
Көрген соң зәһарланып көзін сатты.

Хатын барып қолына алып көрді,
Жіберді өрнек шашып һәрбір түрді.
Оқыды хатты ашып, ішін көрді,
Біледі хатты жазған Баһрам мөрді.

1420 «Апырмай, не керемет болды» дейді,
Гүл жүзі зағыпырандай солды дейді.
«Ер Баһрам қайдан келсін адамзаттан»,
Зәңгінің қырылғанын көрді дейді.

«Ер Баһрам келсе келер енді» дейді,
Қағазда хатын көріп сенді дейді.
«Жоғалтпай мына хатты сақтасын» деп,
Бұйырып Гүләндамға жібереді:

«Зәңгіні батырыпты қызыл қанға»,
Хатты алып келеді Гүләндамға.
Ол хатты әбден оқып болғаннан соң,
Гүләндам ғашық болды ер Баһрамға.

1430 Ер Баһрам жатып алды диуана боп,
Опасыз үшбу жалған дүния боқ.
Ол қыздың сарайынан көз айырмас,
Үсті-басы былғанып топырақ боп.

Адасып һәр тараптан келеді екен,
Сол елде сауық қылып жүреді екен.
Бәрі де ғашық болып Гүләндамға,
Жете алмай шерменде боп тұрады екен.

1440 Құдайым душар қылды алма бетті,
Жиылып тамам қыздар сауық етті.
«Гүләндамға сый-құрмет қып жіберем» деп,
Дәулет күң қолына табақ алып кетті.

Ол Дәулет күң қолына табақ алды,
Кез келген бау-шарбаққа жетіп барды.
Ол табаққа кез келген дию, пері,
Алтын, күміс, лағыл бірлән маржан салды.

Ол табаққа ер Баһрам кез келеді,
Көрген соң диуана боп сыйынады енді.
Дәулет күң сыйынған соң қайтып келді,
— Әй, диуана, жылдам сал, бір нәрсені.

1450 Ер Баһрамға күң табақ алып барды,
Ер Баһрам табақ жөнін сұрап алды.
«Гүләндамның табағы» дегеннен соң,
Қолындағы жүзігін суырып салды.

Гүләндамға күң табақ алып барды,
Гүләндам қолына алып жүзік салды.
«Туғалы мұндай жүзік көргенім жоқ,
Мінания бұл шаһардың пері[сі] бар-ды,

1460 Мұнан һәм ол жүзігін көп сұрады,
Жаман айтпай жақсылап еп сұрады.
Қолындағы жүзігіне ғашық болып,
«Мұны сен қайдан алдың?» деп сұрады.

— Дәулет күң, бір нәрсені есіме алдым,
Енді мен бұл жүзікке қайран қалдым.
Туғалы мұндай жүзік көргенім жоқ,
Шыныңды айт, бұл жүзікті қайдан алдың?!

Гүләндам енді күнді қыспаққа алды,
Дәулет күң қорыққан соң айтып салды.
— Мұны берген бір жаман диуана еді,
Жалғыз өзі шарбақта зарлап қалды.

1470 Жалғыз өзі шарбақта зарлап жатыр,
Шынымен нәсілді екен өзі батыр.
Көзінен аққан жасы жатыр сел боп,
Киімі дал-дал болған бір мүсәпір.

Ол өзі диуана емес, ғаріп екен.
 — Со игі-ай маған болған ғашық екен,
 Патша ма, қара ма деп сұрадың ба?
 Сүйегі-ай бейшараның асыл екен.

Күң айтты: — Оның жөнін сұрамадым,
 Жөнін сұрап қасында тұра алмадым.
 Жүзігін бергеннен соң жүріп кеттім,
 1480 Сұрамадым, сол менім не қылғаным.

Күң[ге] айтты, жарлық қылды: — Барсаң, — деді,
 Кім екен әбден сұрап қараң, — деді.
 Жатпасын шарбағымда шығып кетсін,
 Атама апарармын басын, — деді.

Күң барды енді жөнін сұрайын деп,
 Сұрағаш жөнін сонда білейін деп.
 Күң барды қайратына қатты мініп,
 Тоқтатпай бау-шарбақтан қуайын деп.

Күң айтты: — Нағып жатқан диуанасың?
 1490 Бар еді мұнда сенің не жұмысың?
 Кешікпей бұл шарбақтан тезірек кет,
 Алады Гүлэндам қыз сенің басың.

— Бір ғаріп мұнда жатқан диуанамын,
 Мен ғаріп құр зар болған бейшарамын.
 Отына ғашықтықтың шыдай алмай,
 Отымды зарланамын сөндіре алмай.

Шарбақтан қуылғандай мен нағылдым,
 Басымды ғой айналдырған, Гүлэндам-ай!
 Жаман күң, қамақта олтыра алсаң,
 1500 Бұл арадан сәбат кетпен мен өзім-ай.

Күң[ге] айтты: «Гүлэндамды аламын, — деп,
 Даусына құлағымды саламын» деп.
 «Гүлэндам, қамақты біле олтырсаң,
 Қасына күн батқан соң барамын» деп.

Күң естіп бұл сөзді қайтып кетті,
Естіген, көргенін айтып келді:
— «Ғашықпын, Гүлөндамды аламын» деп,
Диуана беті қорықпай жатыр, — деді.

1510 Гүлөндам ашуланып отырады,
Ер Баһрам жаннан асқан ол бір ер-ді.
Гүлөндам бір көруге ынтызар боп,
«Ер Баһрам қайда, маған көрсет?» деді.

«Ер Баһрам қайда, көрсет, өлемін» дер,
Кім екенін біле алмай ой ойлап жүр,
Сонан соң хат жазады Гүлөндам қыз,
«Әй, диуана, жөніңді айт, білейік, — дер.

1520 Өзім бармай, жылдам кет шарбағымнан,
Қорқады кіл мақұлық аруағымнан.
Барған соң һәлак қылып өлтірермін,
Қаһарлансам, кім құтылар қармағымнан.

Шығып кет шарбағымнан қадам басып,
Жатырсың меніменен жанталасып.
Зәңгіні қырып келіп мұнда жатқан,
Ер Баһрам ол болмасын маған ғашық.

Баһрам болсаң, жетерсің тілегіңе,
Гүл жүзіңді сүйермін білегіме.
Баһрам болмай, өзге боп мұнда жатсаң,
Бейшара-ау, оқ батпасын жүрегіңе».

1530 Күң хатты алып келді ер Баһрамға,
Арада қата сөзге тіпті нанба.
Ол хатты әбден оқып болғанан соң,
Ер Баһрам хат жазды ғой Гүлөндамға.

Ер Баһрам хат жазды: «Әй, Гүлөндам,
Кісіге сізден басқа көңіл салман.
Өлсем, жүріп өлермін соңыңыздан,
Кісіні сенен басқа тағы алман.

Жөнімді тіпті айтпан уақыт жетпей,
Мойнымды қылышпенен кесіп кетпей.
Жерімде сендей патша баласы едім,
1540 «Өлтірем» деп айтқандай саған не еттім?

Жөнімді әлі саған, тіпті, айтпан,
Өлтірсең де бұл арадан һешбір қайтпан.
Бұдан жаман жөнімді білген болсаң,
Пұшайман сен боласың әуре-сарсаң».

Осылай деп хат жазып күңіренеді,
Хатты алып, күң ер Баһрамнан қайтып келді.
Диуананың тағы да бір хаты бар-ды,
Қолына Гүлэндамның алып келді.

Оқыды хатын ашып ол Гүлэндам,
1550 Мәнісін үшбу сөздің мін таба алман.
Ойлайды енді мұны «ер Баһрам» деп,
«Сабыр қып сөйлесе алмай, шыдай алман.

Күн батқан соң қасына мен барайын,
Оныменен құда болып сөйлесейін.
Баһрам болса, оны мен құрметтейін,
Өзге болса, от жағып мен өртейін».

Гүлэндам Баһрамға болды ғашық,
Тұрады күн батқанша жанталасып.
«Күн батқан соң қасына барайын» деп,
1560 Қояды қырық қызбен ақылдасып.

Ойнайды Гүлэндам қыз сауық етіп,
Баһрамды Құдай қойды тентіретіп.
Қызметкер қырық қызды ертіп алып,
Қасына күн батқан соң келді жетіп.

Гүлэндам ол шарбаққа кіріп келді,
Баһрамның туған айдай нұрын көрді.
Ақырып Баһрамға жетіп келді,
— Адамзат, шыныңды айтшы, кімсің? — деді.

1570 Ер Баһрам Гүлэндамды таныды енді,
Шарбақта жүдеп сонда жатыр еді.
— Көп ақырмай, жай сөйле, Гүлэндам қыз,
Енді жауап берейін сізге, — деді.

Гүлэндам, танымсың, мен адаммын,
Сені іздеп неше жыл мен зарландым .
Ата-анамнан айырылдым неше жылдай,
Баласы Кіші ханның Ер Баһраммын.

— Жер құрты мұнда жатқан бір адамсың,
Киімің жоқ, жалаңбас диуанасың.
Маған «ғашық болдым» деп неге айттыңыз,
1580 Әкеме айтып, алдырамын сенің басың.

— Күдер үздім малымнан мен басымнан,
Айырылдым бес мың кісі жолдасымнан
Құдайым сені көзге көргізген соң,
Өлтірсең де кетпеймін қасыңыздан.

Құдайым көрсеткен соң енді айырылман,
Ұстады Гүлэндамның оң қолынан.
«Өлтірсең де қасыңнан кетпеймін» деп,
Гүлэндам енді сонда ашуланған.

1590 «Қолымды қоя бер!» деп жұлқылайды,
«Не дейсіз, жаман сөзді айттың» деді.
Жағынан салып қалды ер Баһрамның,
Ер Баһрам енді сонда көп жылайды.

— Гүлэндам, мен не қылдым? — деп жылайды,
Мағлұм-ау ер Баһрамның сөзі жайлы.
Білмедің қадірімді, келіп ұрдың,
Көргенім жоқ ғұмырымда неш мұндайды.

Ер Баһрамның Гүлэндамға өкпелеп, жылай-жылай жырлағаны

Әй, Гүлэндам, Гүлэндам,
Айналайын нұрыңнан.

1600 Сені алам деп айырылдым,
Неше мыңдай малымнан.

Сені іздеп жүргенмін,
Жол бейнетін көргенмін.
Қосылар күн бар болса,
Арманым жоқ дегенмін.

Дегеніме жетпедім,
Қасыңнан ұрмай кетпедім.
Мен сені іздеп келгенде,
Осындай қылам деп пе едің.

1610 Суретіңді мен сенің,
Шарбақта бек сағындым,
Гүл жапырақ жамылдым.
Мені бүйтіп ұрғандай,
Гүләндам, саған неғылдым?

Болат едім майрылдым,
Қанатымнан қайырылдым.
Бір сен үшін қаңғырып,
Ел-жұртымнан айырылдым.

1620 Көрмеген жер көрдім мен,
Жын-перімен сөйлесіп,
Нұрлы көзді сүздім мен.
Көрмегенді көрем деп,
Жанымнан күдер үздім мен.

Түсімде сені құшқанмын,
Жын-періге жолығып,
Аспанменен ұшқанмын.
Жынға сауап қылғалы,
Жер астына түскенмін.
Адамзаты көрмеген,
Жаман суын ішкенмін.

- 1630 Суға салды салғанмын,
Су ішінде жүзгенмін.
Суда жайын өлтіріп,
Қасымдағы керуеннен
Көп дұғалар алғанмын.
- Ойда сейілді құрғанмын,
Алтын киік қуғанмын.
Пері шалға жолығып,
Оған досты болғанмын.
- Еліңде сен тұрғанда
1640 Жөніңді сұрап білгенмін.
Еліңдегі жауыңды
Жалғыз түнде қырғанмын,
Сені іздеп келгенмін.
Мың жігітті байлаған,
«Өлтіремін» деп ойлаған
Жазайұрды алғанмын.
Аузынан оты жанған,
Ұзындығы мың құлаш
Айдаһарға жолығып,
1650 Қылышпенен бөлгенмін.
- Сені іздеуге барғанмын,
Арып-шаршап тозғанмын.
Мен елімде жүргенде,
Тең құрбымнан озғанмын.
- Алты жасар күнімде,
Желдей шапқан арыстан,
Оған қолым созғанмын.
Зәңгіменен ұрысып,
Қанын оның бұзғанмын.
- 1660 Жау зәңгіні болған соң,
Еліңе хат жазғанмын.
Мұңлы болған мен зауық,
Талай бейнет көп көрдім,

Осынша шауып келгенде,
Неліктен мені сен ұрдың?

Ер Баһрам осылай деп зар еңірейді,
Қырық қызы қасындағы есіркейді.
— Көңілін Баһрамның қалдырма, — деп,
Қырық қызы шуылдап-ақ қоя берді:

1670 — Гүлэндам әдейі ұрды біліп тұрып.
— Қорықтым елімізге келсе қауіп.
Қарағым, мен жөніңді біле алмадым,
Мойнынан құшақтайды келіп тұрып.

Екеуі оңашада көп сөйлесті,
«Құдай қосса, қосыламыз» деп сөйлесті.
Күн батқан соң ойланды «барайын» деп,
«Сабыр қылып тұрайық біз» деп сөйлесті.

Екеуі сөйтіп ойнап жатқанында,
Тілінен ләззат алып татқанында.
1680 Көрсетті бір-бірінің нұрлы жүзін,
Сөйлесіп жауаптасып жатқанында.

«Көп тұрып мен жұртымнан ұяламын.
Жол тауып ата-анамнан сұранамын».
Гүлэндам сөйтіп айтып жөнеледі,
«Көрген соң Баһрамды жұбанамын».

Елінен Баһрамның хабар келді,
Құдайым душар қылды ақтанкерді.
Гүлэндам қосылады алтын киік,
Баһрамға ғашық болып талай жүрді.

1690 Ер Баһрам бір күн аңға барған екен,
Қасына бес мың кісі алған екен.
Киікті ер Баһрам қуып кетіп,
Адасып жолдасынан қалған екен.

Таба алмай Баһрамды болды зарлы,
«Қай жаққа кетті екен» деп аң-таң қалды.
Таба алмай Баһрамды көп қаңғырып,
Әкесі Кіші ханға хабар барды.

1700 Таба алмай Баһрамды көп күн өтті,
Таппаған соң Кіші ханға хабар жетті.
«Баһрамнан айырылды» дегеннен соң,
Кіші хан естіп келіп талып кетті.

Бір заман есін жиып тұрады енді,
Көзінен жасын төгіп бұлады енді.
«Қарағым қызығыңды көрмедім» деп,
Зар етіп «жалғызым» деп жылады енді.

Ер Баһрамның анасының зарлағаны

1710 Тоғыз ай сені көтеріп,
Үш күн толғақпен туғызған.
Сылау май қылып жұпардан,
Ақ кәусар бірлен жуғызған.
Хулла киіп, теж салған,
Гауһармен белін буғызған.
Қамалға шапса, жау алып,
Дұшпан көңілін суғызған.
Сайға шықса сан батыр,
Тұлпармен тағы қуғызған.
Асыл туған жалғызым,
Үрім шаһары затынан.

1720 Мөһірім түскен туғанда,
Баһрам деген атыңнан.
Тұрмайды деп ойлаушы ем,
Бұл шаһарда бітпеген,
Тұрпаты бұл затыңнан.
Түсінде көріп бір қызды,
Жас құлыным, жалғызым,
Тақаты кеткен жасынан.

- Пері болса келеді екен,
Қай шаһардың елінен.
- 1730 Қап тауы мекен келгені,
Дария, теңіз, көлінен.
Іздеп адам бара алмас,
Періден қызды ала алмас.
Құр жылап сәлем айтпаса,
Ғамның соққан желінен.
Топ ішінде бір жігіт,
Сейілде жүрген ер Баһрам.
Гауһары түсті белінен,
Жылап пайда таппады.
- 1740 «Гүләндам» деп зар илеп,
Көзінен аққан селінен.
- Түсінде көрген қыз үшін,
Безді алтын тағынан.
Атлас көрпе, мамық жай,
Пердесі торғын ағынан.
Жасында көрген бір қайғы,
Бейнет көп болып бағынан.
Қадірлі ханның заты еді,
Кеткен құлын қағынан.
- 1750 Қызды солар біледі,
Жіберіп кісі сұраңыз,
Баһрам, Шаһбал мекені,
Ирамбағы жағынан.
- Ханым бірлән хан жылар,
Ұғылының қайғы жайынан.
— Түсінде көрген бір сурет,
Кетпейді деп ойынан.
Жалауын қайтіп жөнелтем,
Қайран, балам, тарқамас,
- 1760 Іштегі қайғым молынан.
Баһрам жаным туғанда,
Елі-жұртым жиылып,
Келіп жеген тойынан.

Әй, тұлпарым, жалғызым,
Ғашық болып бір қызға,
Тәжін кимей басынан,
Зұлпықар түскен бойынан.
Қыз үшін қайтіп жүдеді,
Тәбетін алған шырағым,
1770 Құлыным құлын-тайынан.

Баһрам сапар кеткен соң,
Бүтін Үрім шаһары
Айырылар шошып есінен.
Гүл жүзім солды қапа боп,
Баламның қылған зарынан.
Іздесе хабар таба алмай,
Түсінде көрген жарынан.
Пері болса үміт жоқ,
Сонысы қиын бәрінен.
1780 Кімді іздеп сапар қылды,
Ақ пердесі, алтын тақ,
Аяулы туған, жалғызым,
Кетпеген ұят, арынан.
Өледі-ау деп қорқамын,
Еш хабарын білмедім.
Қыз үшін зарлап жылайды,
Еш баянсыз жерінен.

Алты жасар күнінде,
Арыслан алған дәрменім.
1790 Айналайын болғаным,
Қамалға шапқан палуаным.
Жалғызымнан айырылып,
Отыра алмай құр жаным,
Айналайын, ер күнім,
Алтын сүйек асылым.
Палуандарға бас болып,
Арыслан туған жүрегім.

Неге сейіл құрдырдым,
Жапанда неге жүргіздім.

1800 Айым жоқ сорлы қу басым,
Ерлігіңді білгіздім.

Жалғызым, сені нетермін,
Қай қылығың айтармын.
Жалғызым, менің жоғалсаң,
Көңілім қайдан басармын.

Жалғызым, сені көргенше,
Қайғың кетпес өлгенше.
Өлгенім жақсы бүйткенше,
Күнде зар боп жүргенше!

1810 Ханым сөйтіп айтып талып кетті,
Елжіреп іш-бауыры жанып кетті.
Қайтып сабыр қылып тұрсын жалғызына,
Өзі артық жаралған нар киікті.

Кіші хан ұлы Ер Баһрамды сағынып сөйлегені

Айым, күнім, жұлдызым,
Маңдайымда құндызым.
Қайда кеткен адасып,
Көз ашып көрген, жалғызым.

Қанша зар боп жүргенім,
Сарғайып жүдеп өлгенім.
1820 Қайда кеттің адасып,
Асылзаттай көргенім.

Ғайып болды жалғызым,
Хабарын кімнен білермін.
Ертеден кешке зарланып,
Бір Құдайдан тілермін.
Тілегімді бермесең,
Қайтіп тірі жүрермін.
Көзімнің жасын көрмесең,
Адасқан, қалқам, келмесең,
1830 Бір күн тұрмай өлермін.

Тұруға жерім тар ма екен,
Айналарға жар ма екен.
Жалғызымнан айырылған,
Менің бақытым қара екен.

Аз ғана күн жүрмедің,
Көп өнерің көрмедім.
Жаныма қапа жандырдың,
Әдепті, құлыным, қайда өлдің,
Қызығыңды көрмедім.

1840 Бұл сөзін патшаның естіп білді,
Естіген соң жұртына жарлық салды.
«Біз іздеп Баһрамды табалық» деп,
Мың сан құл сол арада саулап жүрді.

Жігіттер, мінеки, сізге сөз келеді,
Құлақпенен естігенді көз көреді.
Сөйлескен пері шалға ер Баһрам,
Бұлар тағы жолығып кез келеді.

Бұлар келіп ол шалдан сөз сұрайды,
Жаман айтпай, жақсылап көп сұрайды:
1850 — Көп күн болды бір бала жоғалғалы,
Соны көрдің бе? — деп сұрайды енді.

Шал айтады: — Бір бала көрдім, — деді,
Бұл сөзге сонда көңіл бердім, — деді.
Кіші ханның баласы ер Баһрамды,
Киік қуып келгенін білдім, — деді.

Ол Баһрам тілімді алмай кетті былай,
Келмеске кетті былай жылай-жылай.
«Барма» десем, тілімді алмай кетті,
Балаңыз сол болмасын, — деді, — япырмай!

1860 — Неге жібердің жас баланы көріп тұрып,
Екенін хан баласы біліп тұрып.

Оларың не қылғаның, қу сақал шал,
Өз аузыңнан жауап бер ханға жүріп.

Шал байғұс «бармаймын» деп ойбай салды,
Бақыртып, ұрып-соғып, байлап алды.
«Ер Баһрамды осы шал біледі» деп,
Жиылып Кіші ханға алып барды.

— Айырды жалғызымнан бір Құдай-а,
Құданың құдіретіне бар ма шара?
1870 Білесің бе жалғызымнан қандай хабар,
Шал байғұс, сөзің болса, сөйлеп қара.

Шал айтты: — Патша, тыңла сөзімді естіп,
Мені байлап, әкелді ұрып-соғып.
Мен есімді жия алмай әлі отырмын,
Жүрегім шошып кетті есім шығып.

— Шал байғұс, сенен жаман шыға көрмес,
Күйігі жалғызымның естен кетпес.
Жұмысын сіз айтсаңыз, біз тыңлайық,
Түбі тыныш болғанда, дәнеме етпес.

1880 Әуелден іздеп шыққан мен бір басты,
Басымнан қара тұман қайғы басты.
Жолында Гүлэндамның ғаріп болып,
Ер Баһрам дұшпандармен араласты.

Шал байғұс есін жиып сөйлейді сөз,
Бейшара бір бәлеге жолықты кез.
Шал байғұс Гүлэндамға ғашық екен,
Жолықты үшбу мехнат құрылған тез.

— Балаңыз Баһрам жақтан үшбу-дүр сөз,
Ақылы көп, дария — көл, ұшан теңіз.
1890 «Болмас іске барма» деп айтып едім,
Болмаған соң батама жолықты кез.

Менім атым сұрасаң, қу шал қари едім,
Ғаламды сауық бірлән кезер ердім.
Ғаламда саудагер боп кезіп жүріп,
Гүлістан шаһарына барып едім.

Аттарын ол шаһардың Шәмин деген,
Патшасының аты Фағфур ханы деген.
Өзі һәм салтанатты, ақылы мол,
Ғаламдағы перілерді біледі екен.

1900 Фағфурдың қызы бар-ды жаннан асқан,
Айтайын оның атын қыз Гүләндам.
Туған жоқ бұл дүнияда ондай нұрлы,
Көрген жан ғашық болып жүзі солды.

Мен сорлы сол қызға ғашық болдым,
Азабын көп көрдім ғой һәрбір жолдың.
Гүләндам қапа қылды мен сорлыны,
Алтын-күміс, малымның бәрін шаштым.

Қор болдым неше жылдай жанталасып,
Қайғымен жүре алмадым қадам басып.
1910 Жаны жоқ суретіне көзім сүздім,
Жетпедім мұратыма мауқым басып.

Бұл жерге диуана боп келдім ақтап,
Елімнен тірі айырылып жүрдім жақтап.
«Қу сақал шал» атандым мұнда жүдеп,
Балаңыз киік қуып келді мақтап.

Келген соң ол суретті о да көрді,
Суреті Гүләндамның һәрбір түрлі.
Тағдырда осылайша жазған екен,
Ер Баһрам бұдан жаман ғашық болды.

1920 Балаң айтты «мұны іздеп барамын деп,
Құдай қосса, Гүләндамды аламын деп.
Туғры келген қазадан кім қалады,
Амалым жоқ, өлсем жолда қаламын» деп.

Мен байғұс «қой барма!» деп, ойбай салдым,
Соңынан бір қауым жер еріп бардым.
Болмаған [соң] батамды бердім дағы,
Қай етейін амалым жоқ, әрең қалдым.

Ол шаһардың жөнін менен сұрап алды,
Жөнін сұрап, анығын біліп алды.
1930 Неше теңіз, дариядан өтіп барып,
Тоқтамай сол ер Баһрам кетіп қалды.

Сен болмасаң өліп ем, патшам-ай,
Жұртың мені менсінбеді болжай алмай.
Бірақ көрген баланы жазығым бар,
Сұрасаң, қылмысым жоқ менім осылай.

Патша мұнан сөзді естіп білді,
Бұл сөзді естіп, жұртына жарлық қылды:
— Кеткен жөні білінді, елі-жұртым,
Жақсылап үшбу сөзді тыңла, — деді.
1940 Ел-жұрты сансыз қол боп аттанды,
Таусылмас мың сан қолға азық берді.
Мың қолдың бастығы Дәстүр дос-ты,
Кіші хан шеру тартып жөнеледі.

Кіші хан енді жүдеп көп азады,
Әкесі Фағфур ханға хат жазады.
Баһрам үшін ғазиз жанын құрбан қылып,
Әкесі «жалғызым» деп зарланады.

«Сәлем» деп, Фағфурға хатты жазды,
Фағфурға сәлемнен соң дұға жазды.
1950 «Сізге айтам, Фағфур хан, тыңла сөзім,
Бер жауап, — деп, — үшбу дертке» қапаланды.

«Білдірді атыңызды бір Құдекем,
Сіздің елді сұрап біліп іздеп алам.
Кетіпті сол жалғызым сіздің елге
Қаңғырып, сорлы менім жалғыз балам.

Түсірді мен сорлыны қайғы-шерге,
Әгар келсе сол жалғызым сіздің елге,
Олай-бұлай сөз айтып, бұзба көңілін.
Мен бір ханмын Түркістан деген жерге.

1960 Мұғтабар жұрттың тұтқан сұлтанымын,
Мен өзім жеп жүрмін балам ғамын.
Ер Баһрам қызға ғашық болып алды,
Балам тапсам не қылсаң да разымын.

Айтайын қайсы бірін бәрін тізіп,
Кітаптан біледі екен оқып көріп».
Кіші хан хатын жазып бергеннен соң,
Мың сан қол өтті жылап тамам болып.

Кіші хан енді үйіне жөнеледі,
Бірталай пері шалға мал береді.
1970 Сарғайып жүдеп жатқан бір байғұс-ау,
Бірталай мал алған соң кенеледі.

Мың сан қол Баһрамды іздеп кетті,
Арада бірталай күн өтіп кетті.
Бірнеше күн жол жүріп жүдеп-жадап,
Гүлістанның шаһарына келіп жетті.

Шаһар халқы «неткен қол!» деп қайран қалды,
Ол Дәстүр Фағфурға танысқалы
Кіші ханның хатын беріп, иләш салды,
Біреу хатын Фағфурға алып келді.

1980 Фағфур хан хатты ашып оқып көрді,
Жазыпты хатқа салып һәрбір түрлі.
Бұрыннан ол шаһардан жүрген екен,
Анығын ер Баһрамның енді білді.

Фағфур хан иләшіні жібереді.
«Бастығы Дәстүр мұнда келсін, — деді,
Мұнда бір хат сақтаулы сізге жатыр,
Сол хатты келіп оқып көрсін» деді.

- Ол Дәстүр Фағфурға енді келді,
Екеуі келгеннен соң көріс қылды.
- 1990 Бір-біреуін танысып амандасып,
Енді екеуі отырып кеңес құрды.
- Әй жігіт, сол шаһардан келемісің,
Сен хатын Баһрамның білемісің.
Мұнда бір хат сақтаулы әлі жатыр,
Алдыңа әкелейін көремісің.
- Ол Дәстүрге солай хаттың жайын айтты,
Баһрамның зәңгі қырған халін айтты.
Хат жазып көрген-білген бәрін айтып,
Мұндай қылып жоғалған мәнін айтты.
- 2000 Біреу барып хатты ашып оқып көрді,
Ер Баһрамның жазуы һәрбір түрлі.
Ол Дәстүрге білгізбей зар еңірейді,
Дәстүр хатты берген соң жарлық қылды.
- Фағфур хан анығын енді білді,
«Біз іздеп табайық, — деп, — ер Баһрамды».
Қарады қанша іздеп таба алмады,
Дәстүрге «өзің тап» деп жарлық қылды.
- Фағфурдың Дәстүр сөзін қабыл көрді,
Басқарды парасатпен һәрбір түрлі.
- 2010 Айырылды «Баһрам» деп күнде зарлап,
Құданың құдіретіне ақыр көнді.
- Дәстүрдің іші күйіп оттай жанды,
Мың сан тамам қолына жарлық қылды.
Қинады Гүлэндам үшін ғаріп жанын,
Тастады талақ қылып мың менен санды.
- Іздеді мың сан кісі ер Баһрамды,
Ол жатыр «аламын, — деп, — Гүлэндамды».
Ел-жұрты таба алмайды іздеп жүріп,
Таба алмай ер Баһрамды болды зарлы.

2020 Қайғысы ел-жұртының болды қатты,
Ер Баһрам көп зарланып жалғыз жатты.
Ер Баһрам бір шарбақта жатыр екен,
Ел-жұрты зарлап жүріп ақыр тапты.

Сол жерде падишаны таниды енді,
Шарбақта жүдеп-жадап жатыр дейді.
Анықтап патшаны таныған соң,
Дәстүр мен Фағфурға хабар берді.

«Таптық, — деп, — Баһрамды» хабар берді,
Дәстүр мен Фағфур хан қуанады.

2030 Жиып ап боз баласы сауық қылып,
«Шарбақтан Баһрамды келтір дейді.

Әкел, — деп жарлық қылды, — ер баласын»,
Дәстүр келіп төгеді көзден жасын.
Шарбақтан ер Баһрамды алып келді,
Жиып ап перілердің бозбаласын.

Сәлем беріп жетіп келді ол Баһрам,
Қуанды Дәстүр менен Фағфур хан.
Дәстүр тұрып еңіреп боздай құшақтайды,
«Қарағым, аманбысың, Баһрам жан!»

2040 Көрісіп амандасып отырады,
Отырған соң әңгіме, сөз құрады.
Ер Баһрамды көрген соң Фағфур хан,
— Зәңгіні қайтіп қырдың? — деп сұрады.

— Онда мен жалғыз емес, серігім бар,
Бастығы — Сайфыр достым, тамам жындар.
Ол Сайфырдың күштерін сұрасаңыз,
Он сан мың кісіге парапар.

2050 Сайфырға жолда бір күн қонып едім,
Соларға бір сауап іс қылып едім.
«Қиын-қыстау іс болса пайда болып»,
Сайфырмен сонда мен дос болып едім.

Осындай іс боларын біліп едім,
Ол шаһарда елеусіз боп жүріп едім.
Сайфыр достым жиылып келгеннен соң,
Мекен қып ол шарбақта тұрып едім.

— Сайфырды шақырыңыз танысалық,
Бір көріп тамыр болып алысалық.
Оларды көрген де бар, көрмеген бар,
Жүзін көріп танысып қалысалық.

2060 Баһрам «болады» деп тысқа барды,
Жимаштың берген жүнін қолына алды.
Ер Баһрам тақыр жерге отын жағып,
Берген жүнін жанған отқа салып алды.

Ол Жимаш бір сағатта жетіп келді,
Қол көтеріп Баһрамға сәлем берді.
— Ер Баһрам, сенің үшін жаным құрбан,
Жұмсайсыз не жұмысқа мені? — деді.

Жимашпен амандасты ер Баһрам,
— Тағы Сайфыр достыма дұғай сәлем.
2070 Жиып алып палуандарын Сайфыр келсін,
Көрсетіп перілерге атақ алам.

Ол Жимаш «болады» деп, ұшып кетті,
Баһрамның сәлемін Сайфырға айтты.
Бір сағатта аспан, көктен жұртын жиып,
Болғанда екі сағат қайтып келді.

Аспаннан ұшып келіп жерге түсті,
Келген соң ер Баһрам бет көрісті.
Жүз мың палуан жиылып келгеннен соң,
Көрісіп, амандасып отырысты.

2080 Жындарды тамаша қып көріп тұрды,
Сайфырды Фағфур хан қонақ қылды.
Бір-біреуін танысып тамаша қып,
Арақ ішіп, сайха қып, шулап жүрді.

Ойнайды жын-перілер сайха етіп,
Бір жұмысы тағы болды тентіретіп.
Артында ер зәңгінің патшасы,
Зәңгінің қанын жоқтап келді жетіп.

Он миллион қол болып келіп жатыр,
Келген соң иләш салды зәңгі кәпір.
2090 Бұрынғы өлген патша інісі екен,
Бастығы мұнша қолдың Наушат батыр.

Зәңгілер ел-жұртына жатып алды,
Фағфур хан «неткен қол?» деп қайран қалды.
«Бізге енді Гүләндамды бере ме?» деп,
Хат жазып Наушат батыр елші салды.

«Қызын бізге бермей ме екен Фағфур хан,
Сипаты жаннан асқан қыз Гүләндам.
Ғаламға мәшһүр болып, асылы шығып,
Алам деп зарланды ғой ер Баһрам».

2100 Наушаттың сөйтіп жазған хаты келді,
Фағфур хан ол хатты оқып көрді.
«Зәңгінің бізге хаты келді ғой» деп,
Баһрамменен Сайфырға хабар берді.

Ер Баһрам мынау сөзді естіп келді,
Бұл сөзді естіген соң ашуланды.
Фағфур хан тамаша ғып қарап тұрса,
Шақырды Сайфыр менен Баһрам ері:

«Фағфур хан, тамашаға жүріңіздер,
Бұрынғы өлген зәңгі артық бір ер».
2110 Сайфыр шықты Жимашты қасына алып,
«Қырайын, жояйын да одан бетер».

Сайфыр шықты Жимашты қасына алып,
Зәңгілер қарсы шықты айғай салып.
Зәңгілер жиылғанда о да келді,
Бір-бірлеп жініге шығып ұрыс салып.

Зәңгіден біреу шықты таудай болып,
Бұларға арысландай жаудай болып.
Екеуі жеке шығып ұрысады,
Жиылып жын-перілер қалды солып.

2120 Екеуі бірін-бірі ұрыс қылды,
Зәңгілер шуылдасып қарап тұрды.
Ақырып қайратына қатты мініп,
Зәңгіні батыр Жимаш бір-ақ ұрды.

Зәңгіні алып ұрып басын кесті,
Зәңгінің батырлары зәресі ұшты.
Зәңгілер тағы шығып ақырады,
Адамзат, жын-перінің бәрі күшті.

Зәңгіден біреу шықты тұлпар мініп,
Қолына он мың батпан шоқпар алып.
2130 Қылышын жарқылдатып ақырады,
Пері-жын соғысады һәр түр болып.

Бұлардан Сайфыр шықты ұрысқалы,
Зәңгімен айдаһардай жұлысқалы.
Екеуі жеке шығып ұрысқанда,
Қарайды тамаша ғып жанның бәрі.

Сайфыр тіпті көрген жоқ ондай сұрды,
Жын мен пері жиылып қарап тұрды.
Сайфыр да қайратына қатты нанып,
Көтеріп ол зәңгіні алып ұрды.

2140 Зәңгінің алып ұрып басын алды,
Қылыш, мылтық, найзаның бәрін алды.
Үш күндей жеке батыр шығып алып,
Ол Сайфыр бәрін тамам қырып салды.

Сайфырдың қайраты көп, өзі мықты,
Жұлысқанда зәңгінің бәрін жықты.
Өзінің батырлары қырылған соң,
Наушатың ашуланып өзі шықты.

Сайфыр айтты: «Наушаттан қорықты жаным,
Сескеніп айбатынан қорыққаным.

2150 Наушаттан барғаннан соң өлмей қалмас,
Ер Баһрам, сен шыға көр меһрибаным».

Наушат шықты қуанып мұнарадай,
Ондай батыр жоқ екен бұл арада-ай.
Сайфыр қорқып Баһрамға «келе гөр» деп,
Шығады ер Баһрам шыдай алмай.

Соғысқа ер Баһрам кірді барып,
Наушатқа ақырды айғай салып.
Соғысқанда қылыш, найза бәрі сынды,
Қарайды жын мен пері қайран қалып.

2160 Соғысты әлгі екеуі күніменен,
Кешінде һәм ұрысады түніменен.
Наушат кәпір о дағы осал емес,
Болмады ер Баһрамға шыныменен.

Қылыш, мылтық, садақтың бәрі сынды,
Болмаған соң екеуі күрес қылды.
Ер Баһрам бір уақытта хайла қылып,
Наушатты ер Баһрам алып ұрды.

Жөнелді Баһрамның көңілі өсіп,
Дұшпанды қырып салды желдей есіп.
2170 Топалаң тиген қойдай бәрін қырды,
Заманы болады екен алдан өстіп.
Зәңгілер «не болсақ та болдық, — деді,
Тағы да қаза жетсе өлдік» деді.
Ер Баһрам сол сапарда салды қимыл,
Анадан есіл туған ол бір сері.

«Патшамыз өлген соң не көреміз,
Бассыз елдей тентіреп біз жүреміз.
Падишадан жанымыз аяулы емес,
Қаза жетсе, Наушаттай біз де өлерміз».

- 2180 Екі жау араласып кетті дейді,
 Аспанға енді дауыс жетті дейді.
 Ақыр заман болғандай соғыс болып,
 Қарайды тамашаға жын мен пері.
- Болыпты қызыл-жасыл жердің жүзі,
 Ақыр заман соғыс болды күннің көзі.
 Екеуі армансыз боп алысады,
 Қырылды қисапсыз көп пері-жыны.
- Болыпты жердің жүзі қап-қараңғы,
 Қара қан ат бауырынан қызыл қаны.
- 2190 Зәңгіні тіпті жаман қатты қырып,
 Үріккен қойдай барады Баһрам жағы.
 Қисабы жоқ зәңгіні қойдай қырды,
 Артықша Баһрамның күш пен бағы.
 Ерлігі Баһрамның жаннан асқан,
 Шабады һәр тарапқа аруағы.
- Ерлігі Баһрамның жаннан асқан,
 Зәңгінің қалғандары еліне қайта қашқан.
 Зәңгінің кілтін бұзып, қазынасын
 Пақыр мен мүсәпірге бәрін шашқан.
- 2200 Ас, арақ, қазынасын шашты дейді,
 Ер Баһрам Фағфурға жақты дейді.
 Білген жан Баһрамды мағлұм қылып,
 «Берген екен күш пен бақты» дейді.
- Ерлігіне естен кетпес қайран қалды,
 Ер Баһрам Гүләндамды ойына алды.
 Дәстүр мен ер Сайфыр сөзін айтып,
 Ер Баһрам Фағфурға кісі салды.
- Дәстүр, Сайфыр, барыңыз енді ханға,
 Арада жалған сөзге, тіпті, нанба.
- 2210 Мың да бір намысын алып бердік,
 Енді бізді жұмсайтын жұмысы бар ма?

Жұмысы болса, біз оны бітірелік,
Алысын жақын қылып келтірелік.
Әгар жұмсар жұмысы болмаса енді,
Рұқсат, бір өзінен құтылайық.

Дәстүр, Сайфыр, сөзімді хош алыңдар,
Екеуің Фағфурға бір барыңдар.
Гүлөндамды естіп келіп едік [деп],
Жайын тартып, оларға сөз салыңдар.

2220 Дәстүр мен Сайфыр келді енді ханға,
Фағфур хан тақ үстінде отырғанда,
Падиша екеуінен сөз сұрайды.
Сәлем беріп кіреді ол сарайға.

Патша екеуінен сөз сұрайды,
Жаман айтпай жақсылап көп сұрайды.
— Екеуіңіз келдіңіз не жұмысқа?
Дәстүр айтты: — Бір адамымыз сізде, — деді.

Адамзат, жын мен пері жылдық жол-дүр,
Суреті Гүлөндамның бейне хор-дүр.
2230 Ер Баһрам бұл сапарда салды қимыл,
Сұрасаңыз заты болған асқақ ер-дүр.

— Жұмыс бітті, жұмсарға жұмысым жоқ,
Көргенде Баһрамды көңіліме тоқ.
Онан басқа келдіңіз не жұмысқа,
Дүнианың онсыз маған керегі жоқ.

Бір сөзін Баһрамның ес деп ойына алды,
Бұрыннан Гүлөндамға болған зарлы.
«Гүлөндамді айттырып беріңіз» деп,
Иләш қылып екеумізді сізге салды.

2240 Патша айтты: — Сүйейін ер Баһрамды,
Қызымның бір мінезі бек жаман-ды.
Рұқсатсыз беруге бата алмаймын,
Жүзінен айналайын Гүлөндамды.

Бере алмаймын, дегенмен қоймаңыздар,
 Бір амал енді бұған ойлаңыздар.
 Қызымның кебін тауып сөйлесейін,
 Өңгедей илі біреуіңіз айтыңыздар.

Сайфыр айтты: — Үйіме мен барайын,
 Қарындас, қалыңдығым апарайын.
 2250 Екеуінен бір мүлтік ғапыл болмас,
 Екеуін Гүлөндамға жіберейін.

Ғағфур хан мынау сөзді қабыл көрді,
 Ұшырып қоя берді Сайфыр ерді.
 Бір сағаттың ішінде батыр Сайфыр
 Қарындасы, қалыңдығын алып келді.

Екеуін Сайфыр барып алып келді,
 Ғағфур хан туған айдай нұрын көрді.
 Екеуі де елден асқан сұлу екен,
 Жарлық қып Гүлөндамға қоя берді.

2260 Екеуін Гүлөндамға жіберісті,
 Барған соң Гүлөндамға һәм көрісті.
 Көрісіп Гүлөндамға амандасып,
 Енді отырып әңгіме, сөз құрысты.

Гүлөндам мұнан бұрын сөз құрады:
 — Хош келіпсіз, қонағым, шық жоғары.
 Бір көріп жөніңізді көре алмадым,
 Құдайым душар қылды меһрибанды.

Танымадық, жол болсын, кім боласыз?
 — Жол болса, әлей болсын, танымайсыз.
 2270 Сұрасаң, жөнімізді айтайық біз
 Сайфырды, жын патшасы білемісіз?

— Сайфырды білмек түгіл көрдім өзім,
 Ұрысқанда зәңгімен көрдім күшін.
 «Танымасын сыйламас» деген бір сөз бар,
 Сұрап білдім екеуіңіз, аманбысың.

Сыйларсың мейманыңды сұрап білсең,
Дүнияда арманым жоқ сіз деп өлсем.
Көп отырмай сөз қозғады енді екі қыз,
— Берерсің тілегімді есіркесең.

- 2280 Үшеуміз дәм бұйырса, жолықтық біз,
Хабарға жетіп келді енді екі қыз.
— Екеуіңді тап айырып танымаймын,
Сайфырдың қалыңдығы қайсысыңыз?

Екеуі Гүлэндамге жауап берді,
Жауабы екеуінің тәуір келді.
— Сайфырдың қалыңдығы мынау тұрған,
Қарындасы һәм асылы өзім, — деді.

- Дию өліп, басы шорт кесілді ме,
Зар болған Сайфыр жарлы қосылды ма,
2290 Бір Алла мұратына жеткізген соң,
Жай тауып, ғамлы көңілің басылды ма?

Гүлэндамның сөзінің жөнін білді,
— Үлгі қылып айтасың сөзді, — деді,
Жарсыз жүрген жалғанда қиын екен,
Күткендей сіз жарың жоқ, күнім, — деді.

Қызығын бұл дүнияның көрген жақсы,
Бірге һаман күліп-ойнап жүрген жақсы.
Жалғыздық һеш адамға жараспаған,
Мүләйім шекер-шәрбат сөзі жақсы.

- 2300 Құдай қосқан жарыңнан айырылмаңыз,
Бой ұрып бөтен жаққа қайрылмаңыз.
Бір қауым талай жанға обал қылдың,
Енді келген жар болса, қайырмаңыз.

— Құдай қосқан жарымнан айырылмаймын,
Сұлуыма қосса екен бір Құдайым.
Екеуіңнің тілеуіңді неге алмаймын,
Енді келген жар болса, қайғырмаймын.

Келмейді жүретұғын сүйген жарым,
 Зар қылдым гүл жүзіме жанның бәрін.
 2310 Енді сіздер келдіңіз не жұмысқа?
 Жол болсын, сөйлей отыр, меһманларым.

— Жол болса, әлей болсын келдік сізге,
 Бір тілек тілей келдік өзіңізге.
 Бір нәрсе ойға алып келіп едік,
 Айтайық жақтырсаңыз көңіліңізге.

Алыстан танысқалы келдік сізге,
 Жақсылық жауап етсең енді бізге.
 Зарланған жолыңызға ол бір ғаріп,
 Зар болды неше жылдай басқан ізге.

2320 — Қолдан келер ісі болса, бермей қалман,
 Кісіге одан басқа көзім салман.
 Құлына Құдай сүйген болады жар,
 «Баһрам» деп зарланды қыз Гүлөндам.

— Сөзіңді көңіліңде қозғаңыздар,
 Ойыңды бөтен жерге бұрмаңыздар.
 Махфұзда жазған шығар Хақ Тағала,
 Жеткізіп мұратына нәсіп әйлар.

Мырзамыз жаннан асқан Баһрам ер-ді.
 Жіберді «жауабымды әкеп бер» деп,
 2330 Баһрамға айттырып келдік сізді.
 «Баламнан барып рұқсат сұрап кел» деп,
 Әкеңіз жіберіпті екеумізді.
 — Адамға қыз бере ме асыл пері,
 Әкем нені қылса да өзі білсін
 Адамзат — ойлап тұрсам арғы тегі.

Таныман бұл сөзіңді қойшы әрі,
 Құрыды тақат тұтпай ынтызары.
 Кіріптар қапаланды қайғы құсып,
 Гүлөндам нұраланады шам-шырағы.

2340 — Гүлөндам, бұл дәулетті көп көрдің бе,
Қадірсіз болғанды еп көрдің бе?
Кем теңгерсе әкенді қайтер едің,
Өзіңе ақыл салғанды айып көрдің бе?

— Әкем мені не қылса да өзі білсін,
Жалғыз қыз үйде жатқанын білсін.
Ата-анасыз қыздарының халі не-дүр,
Өзіне ұнағанын қыла берсін.

Көңілінің барлығын енді білді,
Екеуі қуанып қайтып келді.
2350 «Көңілі балаңыздың бар екен» деп,
Дәстүр, Сайфыр патшаға хабар берді.

Бұл сөзді естіген соң жарар досты,
«Сөзі екен екі қыздың үшбу» десті.
«Құдай қосса бұлары ұнар» деп,
Сол күні малын сойып, құда түсті.

Фағфур хан жұртын жиып той қылады,
Тойына бес жүз түйе, қой сояды.
Ірі қара сойғаны қисабы жоқ,
Жын, періні жиып алып тойдырады.

2360 Фағфур хан той қылады жұртын жиып,
Баһрамды құрмет қылды жұрты сүйіп.
Кіргізді Баһрам менен Гүлөндамды
Ішіне алтын үйдің неках қиып.

Қосылады ай мен күндей екі ғашық,
Бір-бірінің жүзін өбті ләззаттасып.
Жетіпті мұратына екі асыл зат,
Қосылады Баһрамменен құшақтасып.

Көңілі Баһрамның тоқтайды енді,
Тек-жайын сөйтсе де тек жатпайды енді.
2370 Жолда өлтірген баяғы дию қанын,
Соңынан елі жылап жоқтайды енді.

Бір жынды жоқтайын деп барған-ды енді,
 Көңілі қайғыменен ағады енді.
 Зақыттың Зақып деген бір інісі,
 Сайфыр менен Баһрамды табады енді.

Шаһардың шетіне келіп жатып алды,
 Ол шаһар «неткен қол?!» деп қайран қалды.
 Зар жылап Сайфыр досты жібермеді,
 Көрісіп бірін-бірі зарланады.

2380 Бастығы диюлардың дию Зақып,
 Жолықты Баһрамға келе жатып.
 Зорлығын айтып болмас үлкен таудай,
 Ер Баһрам ер емес пе барған бағып.

Өзінің тоқсан қарыс құлағы бар,
 Терісі мың түлкінің тымағы бар.
 Асылында Баһрам да ер емес пе,
 Жұмырықтай жүрегі[нің] қарысы бар.

Сөйлейді кәпір залым осылай деп:
 — Құдайдың бәрін қылған құдіреті көп,
 2390 Жер астында диюдiң басын алған,
 Атың — Баһрам, палуан, сенбісің? — деп.

— Атым — Баһрам, қыз іздеп пері бардым,
 Диюдiң жер астында ойран салдым.
 Құдайым тілегімді бергеннен соң,
 Өкіртіп доңыздай ғып басын алдым.

Залым Зақып палуан перінің бәрін жықты,
 Сол жерде Баһрамға ақырыпты.
 Қызыл қан ат баурынан сел боп ақты,
 Дұшпандар торды жиып шақырыпты.

2400 Ер Баһрам күн сықылды күркірейді,
 Дию қашып әр жерге дүркірейді.
 Алысты қырық күндей екі палуан,
 Көрген жан һайбатынан тітірейді.

Сескенді һайбатынан жиылған жан,
 Көрген жан зәһәрінан қалады таң.
 Жер үстінде бір-бірінің салмағы бар,
 Қаратас сулар шығып болды талқан.

2410 Көрген жан һайбатынан аң-таң қалып,
 Дию малғұн сол жерде ашуланып,
 Көтеріп Баһрамды қолына алды,
 Үйірді айналдырып жоғары алып.

Баһрамды үйіреді дәл басына,
 Сыйынды ер Баһрам Алласына.
 Құдайым Баһрамға қуат беріп,
 Зарланған қабыл қылды көз жасына.

Көтеріп сол диюды қолына алды,
 Екі жұрт «өле ме» деп қайран қалды.
 Құданың құдіретіне қараңыздар,
 Кәпірдің алып ұрып басын алды.

2420 Сақтады Жаппар Құдай Баһрам ерді,
 Өлтірді ашуланып Зақып серді.
 Құдайым өзі қуат бергеннен соң,
 Өлтіріп ол кәпірді жүре берді.

Кәпірдің алып ұрып басын алған,
 Залымдар сол арада бүлік салған.
 Өлтіріп сол кәпірді болғаннан соң,
 Тұлпардан түсіп, алтын үйге жатып алған.

2430 Көздері Гүләндамның інжу, маржан,
 Баһрам оны алған соң қылмас арман.
 Сайфырдың қарындасы Пәрманиге,
 Тағы да ғашық болды Фағфур хан.

Гүл жүзі Пәрманидің гүл-гүл жанар,
 Фағфур оны көріп көзін салар.
 Екеуін де Құдайым ақыр қосып,
 Фағфур Пәрманиді тағы да алар.

Пәрман меруеттен келді киіп,
Баһрамды құрметледі жұрты сүйіп.
Фағфурдың ғашығы қатты болған,
Қалады талып түсіп іші күйіп.

- 2440 Бір күні Фағфур хан отыр еді,
Шақыртып Баһрамды қасына алды.
«Мен дағы ғашық болдым Пәрманиге»,
Досының қарындасы ғой, баршы, — деді.

Ер Баһрам «болады» деп жүріп кетті,
Фағфур хан «аламын» деп үміт етті.
Ер Сайфыр отыр екен жаңа тұрып,
«Бір тілек тілеймін» деп жетіп келді.

- Бір тілек тілей келдім берсеңізлә,
Сөзімді менің айтқан жақсы тыңла.
2450 Қуанып бере ме деп жетіп келдім,
Екеуміз досты болдық бұл сапарда.

Қосыпты екеумізді бар Құдайым.
— Ер Баһрам, қайдан келдің, күн мен айым.
Не тілейсіз, жан достым, енді менен?
Өзімнен сұрасаңыз аман жайым.

— Тіліме менім асқан көнсең, — деді,
Сөзімді жақсы қабыл көрсең, — деді,
Жан достым, тілегімді берсең, — деді.

- Тілегінді не деп айтқан көндім, — деді,
2460 Сөзіңді жақсы қабыл көрдім, — деді.
Не қылсаң, жан достым, бір өзің біл,
Қолыңа Пәрманиді бердім, — деді.

Пәрмани шын асылды келді киіп,
Баһрамды құрметтеді жақсы сүйіп.
Фағфурдай жақсылықты о да көрді,
Екеуін некахлайды молда жиып.

Фағфур жақсы сүйді Сайфыр ерді,
Патша неше күндей қылды тойды.
Ұзатты Пәрманиді салтанатпен,
2470 Фағфур жақсылықты о да көрді.

Қимайды Баһрам мен Гүлэндамды,
Бес тайпалы ел көріп айғай салды.
Айырылып Баһрамнан болды зарлы,
Бірталай ұзын жолға шығарады.

«Жан достым, аман бол» деп Сайфыр қалды,
Ол шаһардан айырылып кете барды.
Бірнеше күн жол жүріп ер Баһрам,
Арада бірталай күн өте барды.

Пері шалдың тұсына жетті дейді,
2480 Ғұмыры ғаріптікпен өтті дейді.
Іздеген Гүлэндамды тауып алды,
Ер Баһрам мақсатына жетті дейді.

Баһрам шал үйіне кіріп келді,
Пері шал жылап отыр оны көрді.
Келгенін Баһрамның ол білмеді,
Суретіне бас ұрып жылай берді.

— Айналайын, қарағым,
Суретіңе қарадым.
Сырлы тамның ішінде,
2490 Арғымақтай жарадым.

Малымнан да айырылдым,
Санамнан сарғайдым,
Бір сенімен болам деп,
Дертке түсіп қайғырдым.

Ел-жұртымнан бездім мен.
Суретіңе көзім сүздім мен,
Бір сенімен болам деп,
Дүниядан күдер үздім мен.

2500 Суретінді сақтадым,
Іздесем де таппадым.
Кеше-күндіз бас ұрып,
Суретіңе қақсадым.

Суретің тұр, өзің жоқ,
Сұрасам да сөзің жоқ.
Басымдағы шашымнан
«Сені ал» деп, қайғым чоқ.

2510 Мен ханның ұғылы едім,
Салтанатпен бұла едім.
Саған ғашық болғанмын,
Туған қызыл гүл едім.

Енді болдым кәрі шал,
Баяғы дәурен қайда бар,
Кеше-күндіз бас ұрсам.
Енді маған Гүлөндам
Қай уақытта табылар?

Бас ұрып суретіне шал жатады,
Баһрам шалға келіп сөз қатады.
«Суретіне мұнша неге жыладың» деп,
Суретін ер Баһрам қиратады.

2520 Шал байғұс сындырған соң жылайды көп,
Гүлөндамды бас ұрып сұрайды көп.
Пері шал ойбай салып қалды зарлап,
«Суретімді сен неге сындырдың?» деп.

Шал жылайды зар қылып:
«Суретімді бұздың, — деп.
Суретімді бұзған соң,
Дүниядан күдер үздім» деп.

Баһрам айтты: — Шал, — деді,
Болып едің көп дертті,

2530 Гүлөндамды әкелдім,
Не қыласың суретті.

Аманбысың, байғұс шал,
Баяғы кеткен балаңмын.
Сөзімді ұғып, құлақ сал,
Гүлөндамды алып қал,
Шалым-ау, сен алып қал.

Бес-алты жынмен алыстым,
Жазайұрмен ұрысқан,
Сондай қиын жерлерде,
2540 Мұндай қиын көрдім жол.
Құдай берген ғайрат мол,
Кәпірлерге болдық жол,
Шалым-ау, сен алып қал.

Шал айтты: — Отқа салдым ғазиз жанды,
Ағызайым екі көзден қызыл қанды.
Қарағым, кең пейілің рас болса,
Көзіме бір көрсетші Гүлөндамды.

Баһрам айтты: — Шал, тыңлап сөзімді ұқшы,
Көңіліңді қане бас, [бері] шықшы.
2550 Гүл жүзін Гүлөндамнің көрсетейін,
Шал байғұс шарбағынан тысқа шықты.

Шал шықты шарбағынан қадам басып,
Баһрам қоңырау қақты қолын ашып.
Дауысын қоңыраудың естіген соң,
Баһрамның қасына келді қадам басып.

— Қасыма ойнақ қағып кел, Гүлөндам,
Қызыл гүл артық туған бұл жаһаннан.
Күте гөр пері шалды, қыз Гүлөндам,
Көрген соң бір-біріңде қалмас арман.

2560 Киік боп Гүлөндам қыз жетіп барды,
Көрген жан дидарына қайран қалды.

Жетті ғой мұрадына екі ғашық,
Құдайым душар қылды меһрибанды.

Соғады пері шалды ойнақ қағып,
Жегеді пәуескіге қоңырау тағып.
Гүлөндам ақ сұңқардай жетіп келді,
Бетіне безектеген опа жағып.

Пері шал Гүлөндамды көргеннен соң,
Құдайым тілегенін бергеннен соң,
2570 Баһрам алып қайтты шам-шырағын
Келіні Гүлөндам қыз ергеннен соң.

Шал байғұс есі кетіп талып қалды,
Қинады ғашық болып ғазиз жанды.
Басында киік болған қыз Гүлөндам,
Құдайым нәсіп қылды серік сәнді.

Шал байғұс есін жиды бір заманда,
Қасында нұр балқыр Гүлөндам да.
Шал байғұс он бестегідей жігіт болып,
Әуелгіден нұрға толып Құдауанда.

2580 Ол шалдың тілегенін Құдай берді,
Келіні Гүлөндамға көңілі толды.
Шал байғұс өлімге басын байлап алып,
Ғашық боп күйіп-жанып өліп қалды.

Пері шал ғашық болып қапаланды,
Тастады бәрін таңдап мың мен санды.
«Берейін алып қалсаң Гүлөндамды»,
Бейшара ғашық болып зарланды.

— Бас ұрып құр суретке жылап едің,
Гүлөндам үшбу қызды көзің көрдің.
2590 Мехнаты осы қыздың бек кіріптар,
Сөйледім баян қылып һәрбір түрдің.

Көңілім жарық болды жаққан шамнан,
Құдайым айырмасын жұбайынан.
Шал айтты: — Мен айырылдым қайғы-дерттен,
Көз нұрымдай болды ғой Баһрамжан.

Ол шалға қайта бітті қызыл жүзі,
Баһрам бірталай елдің малын берді.
Баһрам амандасып жолға шығып,
Көңілі толған айдай болып жарық болды.

2600 Өзінің шаһарына жақын келді,
Заң еңіреп ата-анасы отыр еді.
Түркістан шаһарына жетіп барды,
Шаһардың сарайына жақын келді.

Үйге кірмей тысқары тұрар дейді,
Қайғының қасіретін жуар дейді.
Ел-жұрты отыр екен ханға келіп,
Ханыммен екеуіне сәлем берді.

Түсін жорып жорушыға отыр еді,
Сол күні хан мен ханым бір түс көрді.
2610 «Енді маған береді ұл мен қызын»,
Хан айтады: — Ай мен күн көрдім, — деді.

Жорушы айтты: — Бір тілегің Құдай берер,
Зар болған жалғыздыңды көзің көрер.
Түсінде ай мен күн, жұлдыз көрсең,
Баһрам Гүләндамды алып келер.

Тақтыңа Баһрамды мінгізерсің,
Нұрланып тоты құстай құбыларсың.
Ханым айтты: — Сөзімді тыңласаңыз,
Құдай берсе, разы бол көздің жасын.

2620 Тағы да жалғызымның исі шықты,
Қайсы күні ол өзі келер, — деді.
Тысқары елі-жұрты шықты дейді,
Және тағы Баһрамды көрді дейді,

Жалғызын көзі көріп зар еңіреді,
Хан мен ханым жыласып қалды дейді.

— Әй, жалғызым, келдің бе,
Зарлығымды білдің бе!?
Атаңмен һәм анаңды,
Есіңе алмай жүрдің бе?

2630 Жапанға кеттің қаңғырып,
Жолдасыңнан айырылып.
Қайдан келдің, қарағым,
Неше жылдай зар қылып?

Жан жалғызым сен едің,
Сорлы әкең мен едім.
Жапанға кеттің қыз іздеп,
Әкем жылар демедің.

Есіңе мені алмадың,
Сен жоғалып кеткен соң,
2640 Артыңнан мен зарландым.
Мен зарланбай нетермін,
Бұ дүниядан өтермін.

Жалғызым, сен келмесең,
Отымды менім жағар кім.
Күнімнен бұрын өлермін,
Шын дүнияға барармын,
Соның үшін еңіредім,
«Баламыз жоқ сорлы» деп.
Қыз, қатыным жылар деп,
2650 Соны ойласаң нетеді,
Басыңнан дәурен өтеді.

Тілеуін Кіші ханның Құдай берді,
Зарлап жүрген жалғызын көзі көрді.
Жалғызын көрген соң қалды талып,
Анасы жылап тұрып бек зарланды.

Анасының жырлағаны

- Әй, жалғызым, жалғызым,
Бауырыма салған елігім.
Қарап тұрған шырағым,
Қайнардан аққан бұлағым.
- 2660 Көріп тұрған боздағым,
Сүйеніп тұрған таянышым.
- Көремін сені деп пе едім,
Көңілімнен кетпедің,
Бұл бейшара анаңды,
Зарлатайын деп пе едің.
- Әй, жалғызым, құлыным,
Құлақ, жүрек, жұлыным.
Зарлықпен күнім өтті ғой,
Еске бір түссе қылығың.
- 2670 Мұндай заман бар екен,
Осылай, қалқам, жалғызым,
Айналар жерім тар ма екен,
Көрерге сізді бар екен.
- Анасы сөйтіп кетті айтып талып,
Елжіреп іші-бауыры оттай жанып.
Баһрам айтты: — Киік болған, қыз Гүлөндам,
Ойнақ қағып қасыма келдің нағып.
- Жылаттың ата-анамды тентіретіп,
Қасыма, Гүлөндам қыз, келдің жетіп.
- 2680 Сіздің үшін неше жылдай болдым қапа,
Өлгім жоқ ата-анамнан мен де кетіп.
- Жарлығын Баһрамның екі қылмай,
Қапа боп жүре алмады көңілі тынбай.
Киік боп ойнақ қағып келді жетіп,
Тілегін Кіші ханның берді Құдай.

Жасанқырап ата-анасы тұра келді,
Кіші хан енді ойлайды һәр бір ойды.
Қырық күндей ел-жұртына той қылған соң,
Қайғысын ішіндегі бәрін жойды.

2690 Жетім-жесір бәрі де майға тойды,
Қайғының қасіретін бәрін жойды.
Неше жерден падишалар жұртын жиды,
Той қылып, сансыз қара малдар сойды.

Сарғайып сары белден таң атады,
Екі сұлу алтын үйде бір жатады.
Екі жүз жыл патша болып жұртын билеп,
Үшінші жыл сапар шегіп жөнеліпті.

Жөнелген соң ұрмақтан тағым тапты,
Сарғайып сары белден таң атады.
2700 Құдайым, кей бендеге зар түсірме,
Бірнеше жыл дәурен сүріп солқылдата,
Ұрмақтан тұра барып тағым тапты.

Баһрам мұнда келіп болды дейді,
Көңілі бек шаттанып толды дейді.
Дұшпанның неше түрлі бәрін алып,
Көрді ғой неше түрлі азап жолды.

Қосылған теңін тауып қыз Гүләндам,
Атасы Түркістанда Фағфур хан.
Жігіттер, тырысып сіз дініңді күт,
2710 Кетерміз иман оқып бұл дүниядан.

Енді бізге бұл дүния ақыр заман,
Опасыз үшбу дүния дахилына.
Қосылады Баһрам мен қыз Гүләндам,
Жетіпті нәсіп әйлап мақсұтына.

Той қылды һәр тараптан жұртын жиып,
Қосылады екі асылзат көңілі құп.

Падишалар һәр тараптан бәрі келді,
Қосыпты бір-біріне неках қиып.

2720 Ойыншы неше түрлі сайран салған,
Қосылады теңін тауып қыз Гүлэндам.
Дүнияның бар ұжмағы бәрі сонда,
Қалмады екеуінде һешбір арман.

2730 Ұжмағы дүнияның бәрі сонда,
Жандырған ғашық отын Құдауанда.
Безектеп шешек атқан бір туған-ай,
Көрген жан дидарына қалды таң-ай.
Гүлэндам қапастағы бір қызыл құс,
Сайрайды сандуғаштай бір бұлбұл-ай.
Түрленді бақшадағы ақ сұңқардай,
Сипатын қылсам баян тап осылай.

Ер Баһрам Гүлэндамға болған ғашық,
Көрсетті нұр дидарын пердені ашып.
Басында киік болған қыз Гүлэндам,
Жетіпті мұрадына душарласып.

Ер Баһрам азап көрді басты байлап,
Жөнелді Гүлэндамға, иә, Құдайлап.
Жетіпті мақсұтына олар дағы,
Қосылды душарласып нәсіп әйлап.

2740 Жетіпті мақсұтына олар дағы,
Порымы бар ақ сұңқардай көрсең оны.
Басында киік болған мұнарланып,
Ер Баһрам алып қайтты Гүлэндамды.

Қасында қанша нөкер, әскер еріп,
Астында Баһрамның тұлпар керік.
Ұзатты Гүлэндамды әскерменен,
Әкелді жиһазын бәрін теріп.

Қасында Гүлэндамның нөкері көп,
Әскерге басшы болған пері, жындар.

Ер Баһрам [алып] қайтты сандуғашын,
2750 Жер жүзін басып кетті көп адамдар.

Ер Баһрам алып қайтты сандуғашын,
Дүнияға баһа болмас қиғаш қасын.
Ұзатты жиһаз беріп Гүләндамды,
Безеген зүбәржатпен үсті-басын.

Безектеп шешек атқан нұрға толып,
Бір күні қасірет көрді, қайғы солып.
Ер Баһрам дұшпандарды қойдай қырды,
Ойлаған адамзатқа о да қорлық.

Гүләндам һәр тарапқа тойлар қылды,
2760 Көрсетті салтанатын һәрбір түрлі.
Жиылды һәр тараптан падишалар,
Құбылтып шатыр тікті тоқсан түрлі.

Жиылды ел күңіреніп сауқым салып,
Гүләндам һәр тарапқа қылды жарлық.
Дидары он төртінші туған айдай,
Жүрісі һәрбірінің патшаға лайық.

Қосылды ұжмақтағы Хорлы-Ғайын,
Жібектен кілем жайған көше сайын.
Жүніндей тоты құстың зейнеттеніп,
2770 Құбылды құсы қанша Хорлыдайын.

Саф лағыл тарантас қоңырау таққан,
Екеуін жүз де сегіз нөкер баққан.
Жамалы Гүләндам қыз нұрға толып,
Нәзік бел, көзі гауһар, опа жаққан.

Нөкерін Гүләндамның түзенеді,
Айтуға жақсы адамға сөз өтеді.
Һәуезі тоты құстай бек мүләйім,
Екеуін жүз де сегіз қыз күтеді.

Лағылдан шам қойдырды баққа жағып,
2780 Бау-шарбақ сылдырайды шәрбат ағып.
Ұжмақтың хорларындай һәр сипаты,
Адамзат тақат тұтар бұған нағып.

Он мыңдай әскер тұрды атпен бағып,
Алтын ер, гауһардан тұрман тағып.
Тамам елін жидырды шарбағына,
Шаһардың мағлұм әйлап дабыл қағып.

Тұрыпты қыз Гүләндам о да бағып,
Қасында жүз сегіз қыз даярланып.
Өзі күнде солардай бір қыз болса,
2790 Жігіттер ғашық болмас бұған нағып.

Толыпты ел жиылып бау-шарбаққа,
Фағфур хан тәжін киді алтын тақта.
Әлде қайдан көрділер келе жатыр,
Патшалар манағы қалған жақта.

Жігіттер һәр не болмас сөзден тайған,
Қайғысыз бұл дүниядә нұрға тойған.
Жайдырып тосаң жерін мүсәмматті
Ұстатып атлас көрпе нөкер қойған.

Сол уақытта келділер патша, хандар,
2800 Даяр боп тосып тұрды жолда жандар.
Көтеріп атлас көрпе үстіне салып,
Шаһарға жетіп келді тамам жандар.

Келеді падишалар мекен, жайға,
Ұқсаған өңкей ғашық күн мен айға.
Фағфурға Баһрамды алып келді,
Келінін қыздар күтіп бір сарайда.

Шаһарға бұлар келді елдей көшіп,
Қуанды қыз Гүләндам көңілі өсіп.
Күтеді Гүләндамды қанша қыздар,
2810 «Өзіңе жаным құрбан хәкім» деп.

Болмайды бұндай қызық бұ жалғаннан,
Ғашығы қатты жүдер еске алғаннан.
Ер Баһрам Гүлөндамды алып келді,
Құсайын, Шаһарбану жолығысқаннан.

Құрмет етті күйеуін көп ерменен,
Һәркімің жақсы болмақ жарыменен.
Пәрмен қылды патша бектеріне,
Күрестірді палуандарды бір-бірімен.

2820 Бұларды күрестірмек бұрын болды,
Іздеген тауып келді сағым желді.
«Қосуға балаларды той қылам» деп,
Жидырды атыраптан тамам елді.

Түбінде лайық жерге етті сауын,
Ұжмақтан Хорлы-Ғайын піскен қауын.
Қанша күн көрмесе де қайғы кетті,
Берік қып ұстаған соң аяқ бауын.

2830 Жиылды адам қалмай мұсылманнан,
Тұлпар ат таңдап мінген мың мен саннан.
Халқының тойға келген қисабы жоқ,
Көрінбес жердің жүзі тамам жаннан.

Ойыншы — биләгүшмен сауық сапты,
Көрсө де талай бейнет жарын тапты.
«Ертең тойды бастаймыз» деген күнде,
Шаһарға ақ торғыннан перде жапты.

Көрген жоқ қаншалар ер Баһрамды,
Көп көрді ғашықтықтан қайғы-зарды.
Қырық күндей бек қызық тойды қылды,
Қосуға бір-біріне ғашық жарды.

2840 Той болды хорлар сыйлық салғанындай,
Белгісі бұл дүниядә қалғанындай.
Үрімнен жеті түрлі илқар тұтып,
Құсайын Шаһарбанды алғанындай.

Тоты құс, бұлбұл ұшып қосылғандай,
Сипаты бұл ғаламыңнан асыл қандай.
Бұрынғы Ләйлі — Мәжнүн, жеті ғашық,
Пәрмені перілерге шашылғандай.

Той болды жердің жүзін жасырғандай,
Көңілі дұшпандардың басылғандай.
Кедей, байын білмейді елі тойдан,
2850 Басынан Ніл дарияның тасығандай.

Той болды дүния малы шашылғандай,
Есігі оразаның ашылғандай.
Тілінен екі ғашық ләззат алып,
Құсайын Шаһарбанға қосылғандай.

Қырық күндей ел жиылып етті тойын,
Қосылды бір-біріне алма мойын.
Түсіне енген ғашығын өңінде көріп,
Қанша қысып құшақтайды алма мойын.

Түрленер қысқанынша нұры тасып,
2860 Аузынан дүр уә маржан, гауһар шашып.
Екі айдай ер Баһрам жатып алды,
Қызыменен патшаның құшақтасып.

Зар еткен қосылған соң қайғы кетті,
Сарайдан екі бөлек құрмет етті.
Қосылып бұлбұлдайын сайраған соң,
Баяғы қайғы-қасірет заман кетті.

Зүбәржат, лағыл, інжу шарбағы бар,
Сарайда сұхбаттасып ол ғашық жар.
Сұраған «сүйінші» деп қанша халық,
2870 Жеткізген мақсұтына Пәруардигар.

Тарқады қырық күннен соң сабылған ел,
Той болды бек қызықты дариядай көл.
Меккеден имам келіп, құтпа оқып,
Некелі ханым болды қос бұраң бел.

Тұрады Түркістанда үш айдайын,
Қосылды бір-біріне Хорлы-Ғайын.
Фағфур хан бектерменен амандасты,
Қыздарын ұзатуға айтып жайын.

2880 Фағфур хан ұзатпақ боп балаларын,
Шығарды көкіректен сәналарын.
Қырық күндей қызық той тағы қылды,
Шаһардан жөнелтуге финалларын.

Жүргізді хан қыздарын жиһаз беріп,
Қасына неше мыңдай әскер еріп.
Қайттылар ер Баһрам өз еліне,
Түркістанда үш айдай қызық көріп.

2890 Адамға иман күткен болар пайда,
Ер жігіт дәм айдаса бармас қайда.
Елу төрттен нөкері бірге жүрді,
Бөлінбей ханышадан мұнадайда.

Қисапсыз, айтып болмас берген малын,
Сөйлейін өз жұртына келген халін.
Мінгізіп бес жүз тұлпар әскер берді,
Безеген зүбәржатпен құйрық, жалын.

Қасына әскер берді ер күніндей,
Болмайды айтқанменен тап күніндей.
Қисабы дүнияның әрең толды,
Салтанат артық болды неше түрлі-ай.

2900 Бендеге Құдай салар істің бәрін,
Неше жыл жолда көрген қайғы-зарын.
Басында киік болып қуып барып,
Түркістаннан алып қайтты ғашық жарын.

Шаһардан шығарды падишалар
Нөкері, қанша әскер сауық салар.
Жүз сегіз қыз хорлардың жамалындай,
Үстіңе атлас көрпе сағым салар.

- Қызыл жақұт сырғасы, бауы — гауһар,
Құбылып сағат сайын нұрға толар.
Адамзат сабыр еталмас жүзін көрген,
2910 Солардың һәр біреуін ғашық қылар.
- Белі нәзік, мойны ақ лағыл дейлер,
Қосылып қандай жігіт болды алар.
Сипаты бұл ғаламда қызға бітпес,
Жаһанда асып туған енді солар.
- Жаһанда асып туған енді солар,
Қосылып қандай жігіт болды алар.
Інжуден отыз тісі, ерні — ақық,
Мүнәсип алтыннан шашу малдар.
- 2920 Түркістаннан алып қайтты күн мен айды,
Жан көрмес дүнияда һеш мұндайды.
Бірнеше күн жол жүріп шаһзадалар,
Үрімнің шаһарына жақындайды.
- Неше жыл сапар шегіп, көп күн өтті,
Падишаның көңіліне қайғысы өтті.
Нұр баққа шыбын жанын айтып болмас,
Мұратқа ер Баһрам ақыры жетті.
- 2930 Бастаған шаһзада мың сан қолды,
Көріпті ғашықтықпен талай жолды.
Түскен жерге қалған ол, сол Үрімге
Үш кісі сүйіншіге озбақ болды.
- Алты атпен үш кісі озды Кіші ханға,
Бір Алла берсін медет барша жанға.
«Патшаның қыз іздеген ұғылы келді»,
Қуанып елі-жұрты қалды таңға.
- Жиылған шаһар халқы, неше бек, бай,
Ер Баһрам патшаға тап толған ай.
Кішіні ханым бірлән қуантады,
«Осылай жалғызыңның, — дейді, — жайы:

- 2940 Билеген әділдікпен тамам елді,
Түске енген тауып келді сағым желді».
Әскермен қарсы шығып Кіші патша,
Шаһарға балаларын алып келді.
- Неше жыл бейнет көрген жолда жүріп,
Дертіне ғашықтықтың мойын бұрып.
Падиша жалғызымен амандасты,
Халқының келер жолын тосып тұрып.
- 2950 Болған соң амандасып шаһар жүрді,
Көңіліне шаттық кіріп неше түрлі.
Алды артынан он мыңдай әскер жүріп,
Қуанып Үрім шаһарына алып кірді.
- Той қылды Кіші патша неше күндей,
Айтқызды күнде сауық өлең-жырды.
Қызыққа төрт тараптан жандар келіп,
Асынып алтын қылыш болат қырлы.
- Гүлденіп бау-шарбағы неше түрлі,
Еліне айтты дейді көрген сырды.
«Тәж алмаң Әлидің бір өзіндей»,
Ел-жұрты айтқан сөзін тыңлап тұрды.
- 2960 Сарайда қыз Гүлэндам сайран қылды,
Нөкерлері перизатты күтіп тұрды.
Қырық күндей алтын тақта ойын салып,
Үрімнің уалаяты дәурен сүрді.
- 2970 Той болды Ніл дария тасығандай,
Үрімнің уалаяты басылғандай.
Кіші хан халқын жиды сай суындай,
Тор тауы мекен Мұса асуындай.
Зүбәржат, лағыл, інжу табақ ұстап,
Ұжмақта қордың қызы тосуындай.
Ұжмақта қордың қызы тосуындай,
Алдына түрлі жауһар шашуындай.

Жігіттер, мадақтасам қызық болды,
Нәбидің Мәриямды қосуындай.

Ел тарқады қырық күн өткеннен соң,
Мұратқа шындап іздеп жеткеннен соң.
Ер Баһрам Үрім шаһарына патша болды,
Көңіліндегі қасіреті кеткеннен соң.

Ер Баһрам жұрт билеген патша болды,
Алла беріп тілегін көңілі толды.
Өзінің пәрмен еткен заманында,
2980 Шығарды бір қақпадан қырық мың қолды.

Салдырды меһман үшін сексен сарай,
Жаһанның салтанатын етті талай.
Патшаны, байы болсын не мүсәпір
Демепті «құрметтеуің мынау қалай».

Ғаламнан бейниһаят өнер асты,
Көрген жан салтанатын қайран қалды.
Көрсен де көп бейнетті тапты мұрат,
Тағы бар мәруардан һәм зейнетті.
Омардай халифа болып ел билеген,
2990 Ұстауға шарифатпен бек һайбатлы.

Нұры артық өзге ханнан салтанатлы,
Құданың арысланы Әли затлы.
Үстінен бес жүз шаһар пәрмен етті,
Қақ жарып қара қылды әділетті.


Дүниядан асып кеткен салтанатты,
Мұртаза шаһмардан — арғы заты.
Өттілер дүниядан дәулетпенен,
Уақытында патша болып ең айбатты.

Мұратқа патша болып жеткен жері,
3000 Қосылып құрметпенен күткен жері.
Ғашығын көп зарланып он жыл іздеп,
Дүниядан қызық көріп өткен жері.

Дүниядан қызық көріп өткен жері,
Мұратқа қайғы көріп жеткен жері.
Ер Баһрам Гүлөндамды алып келіп,
Қосылып құрметтесіп өткен жері.


Дүниядан қызық көріп өткен жері,
Көңілден қайғы көріп кеткен жері.
Патшаның жаһан кезген халін сөйлеп,
Қиссаның тамам болып біткен жері.

Ғайыптың Алла білер асыл сырын,
Махфұзда жаратыпты ләулек нұрын.
Сұлтанды жаһан кезген тәртіп еттім,
3014 Шыққан жоқ қисса болып бұдан бұрын.



Ғ Ы Л Ы М И

Қ О С Ы М Ш А Л А Р



ТОМҒА ЕНГЕН МӘТІНДЕРГЕ ТҮСІНІКТЕМЕ

ҚИССА ЖИҢАНШАҢ ТАМУЗШАҢ ҰҒЫЛЫ

Дастан алғаш 1897 жылы араб әрпінде Қазан Университетінің баспаханасынан кітап болып шыққан. Жариялаған алтайлық Ақыт Үлімжі Қарымсақ. 1901 жылы мәтін қайта басылған.

Шығармаға арқау болған сюжет Шығыс әдебиетінен алынған, дәлірек айтқанда әлемге белгілі «Мың бір түн»¹ ертегілер жинағына кіретін «Жиһаншаның өмірі туралы әңгіменің»² ізімен жырланған.

«Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» дастанының тақырыбы — Тамузшаһ патшаның жалғыз ұлы Жиһаншаһтың Шәмсібануға деген шын, берік махаббатын дәріптеп жырлау, ғашық жарына жетуде туған жерін, ата-анасын, тәжтағын тәрік етіп, керек болса жанын құрбан етуге дайын жігіттің көңіл-күйін, сезім дүниесін, басынан кешкен кедергі-қиындықтарды, кез болған таңғажайып оқиғаларды баяндау, көздеген мақсатына қол жеткізген кейіпкердің хал-жағдайын суреттеу.

2394 жолдық дастан мазмұны схемалық түрде төмендегідей: өте бай, дәулетті һәм салтанатты, бір өзіне үш жүз шаһар қараған Тамузшаһ патшаның қартайғанда көрген жалғыз баласы Жиһаншаһ бір күні аңға шығады. Киікке кез болады, оны қуады. Бір кезде теңіздің жағасына келіп тоқтайды. Киік судың ар жағына өте шығады. Артында қалған әскерінен жеті құлы келіп жетеді. Шаһзада өткел таппай тұрғанында су шетінде бір

¹ Мың бір түн. Аударған Қ.Әбдіқадыров. — Алматы, 1961. — 3-том. — 3-51-б.

² 460-484-түндер.

кеме пайда болады да, киіктің қызығына түскен шаһзада жеті құлымен кемеге мінеді. Осы сәттен бастап Жиһаншаһ көптеген таңғажайып оқиғалардың куәгері болады, неше түрлі хайуанат, жарты адам, Хақ Тағаланың қаһарына ұшырап маймылға айналған адамдар, үлкендігі тазы иттей құмырсқаларға т.б. тап болып, олардан қашып құтылып, барлық серіктерінен айырылып, ақырында перілер еліне кез болады. Онда перінің патшасы Шаһластың біресе қыз кейпінде, біресе көгершін болып көрінген Шәмсібану деген қызына бірден жан-тәнімен ғашық болады. Қыз үшін көп азап көреді. Ақырында көгершін кейпінен адам кейпіне түскен пері қызы киімін шешіп суға түскенде Жиһаншаһ көйлекті жасырып, айламен қызды еліне алып келеді. Бірақ қыз «менің атамнан рұқсат алмадың» деп, сәтін тауып еліне қайтып кетеді. Шаһзада ғашығын іздеп жолға шығады. Азап шегіп, көп мехнат көреді. Кедергілерді жеңіп, Шәмсібануға қосылады, бақытқа жетеді.

Шығармаға өзек болған сюжет — бас кейіпкердің үйленуі — көне эпос пен қаһармандық эпоста, батырлық ертегілерде т.б. негізгі сарындардың бірі. Бұл жанрлардың қай қайсысында да ол түрліше баяндалып, әр түрлі көрініс, шешім табады әрі шығарманың үлкен бөлігін құрауы мүмкін. Дегенмен бас кейіпкердің үйлену мақсатындағы іс-әрекеттері мен жорықтары ол жанрларда негізгі һәм әрқашан жалғыз тақырып болмайды. Мысалы, қаһармандық эпостың негізгі сюжеті — туған жерді сыртқы дұшпаннан арашалау, Отанды қорғау, ал кейіпкердің үйлену мақсатындағы ерліктері батырдың толыққанды, идеалды бейнесін жасауға, оны жан-жақты сипаттап дәріптеу үшін қызмет ететін қосалқы сарын.

Ал ғашықтық жырларда жігіттің үйлену тарихы негізгі тақырыпқа айналады және бұл тақырып романтикалық сарында, асқан лирикалық сипатта баяндалады.

Жиһаншаһ пері қызы Шәмсібануды көріп, бірден ғашық болады. Естен танып құлап қалған жігіт жеті күн ессіз жатады. Өзінің махаббат сезімін өлеңмен, ғазал түрінде айтылған монолог арқылы білдіреді, мысалы:

Айналайын, Құдайым,
Бір өзіңе жылайын.
Ғашығымды көре алмай,

Қайғыменен өле алмай,
Жыламай қайтіп шыдайын. [868-872-жолдар]

Шәмсіге бердім көңілді,
Көре алмасам өлім-ді. [877, 878-жолдар]

Ғашық үшін қайғырдым,
Ақылымнан айрылдым. [890, 891-жолдар]

Іштегі отым сөнер ме,
Сөн дегенге көнер ме. [1289, 1290-жолдар]

Тұғырдан ұшты ақ сұңқар,
Ішім толған дертім бар. [1309, 1310-жолдар]

Айрыламын сен үшін
Ата бірлән анадан. [1410, 1411-жолдар]

Шәмсібану жолында
Менім жаным құрбандық,
Жолында басым берермін. [1363-1365-жолдар]

Кейіпкер зағыпырандай сарғайып, қатты қайғырады, Алла Тағалаға жалбарынады, махаббат сезімін отқа, дертке теңейді. Ол ғашық жарына, махаббат сезіміне жан-тәнімен берілгендігін, осы жолда туған жерін, ата-анасын, тәж-тағын ұмыт етіп, ақылынан айрылғанын жақсы сезінеді, бірақ өкінбейді, ол ғашықтық жолында жанын құрбан етуге, жарына қосылмаса, дүниені тәрік етуге дайын.

Осы айтылғандар шығыс дастандары мен сол шығармалардың ізімен жырланған қазақ дастандарының кейіпкерлеріне тән³.

Бір көргеннен пайда болған ғашықтық мотивімен бірге дастанда басқа да көптеген сарындар қамтылған, мысалы: перзентсіздік пен аңшылық мотиві, Сүлеймен пайғамбар атына байланысты туған аңыз, әңгімелердің ауысқан сарындары, адамның періге үйлену мотиві, алуан түрлі мақұлықтар мен таңғажайып

³ Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. — Алматы: Ғылым, 1990. — С. 74-115.

табиғи құбылыстар сарыны т.б. Бұлардың басым көпшілігі мифтік әңгіме мен ертегі, көне, қаһармандық, ғашықтық жырлар, тарихи эпостарға тән, бірақ дастандық эпоста олар дастан поэтикасына сәйкес көрініс табады.

Қазақтың эпикалық жанрларының әрқайсысында шығарманың басталуы [экспозиция] әр түрлі болады. Мысалы, қаһармандық жырлардың басталуында, көбіне, болашақ батырдың туған жері, әлеуметтік жағдайы, ата-анасының балаға зар екендігі, кейіпкердің дүниеге келуі сөз болады. Мұндай экспозиция қызметін атқарып, кейіпкердің дүниеге келу тарихын «...баяндап тұрған мотив-ситуацияны⁴ мағынасы жағынан бірнеше оқиғаларға жіктеуге болады: баласыздық зары, баласыз ата-аналарды қудалау, әулиеден бала сұрау, әулиенің (Бабай Түкті Шашты Әзиз, Арыстанбаб, Әли Шаһимардан т.б.) басына түнеу, әулиенің түсте аян беруі, батырдың анасының жерік болуы, батырдың тууы т.б»⁵.

Ал талқыланып отырған дастанда кейіпкердің туу тарихы төмендегідей эпизодтарды қамтиды: Тамузшаһ патшаның баласыздыққа қайғырып жүдеуі; Хажаж уәзіріне сырын айтуы; уәзірдің бал ашуы; Хорасан патшасына төрт уәзірі мен неше түйе алтын, күміс жіберіп қызын сұрауы; Хорасан патшасы сөзін қабыл алып, қызын салтанатты түрде шығарып салуы; Тамузшаһ патша қызды қарсы алып, үлкен той жасауы; ханшайымның айы, күні жетіп, бір ұл тууы; патшаның үлкен той жасауы. Көріп отырғанымыздай, дәстүрлі мотив мұнда басқаша өрнектелген. Сондай-ақ көне эпос пен содан бастау алған батырлық жырлардан ауысқан аңшылық мотиві де дастанда басқаша, көне мотивтің сілемі ретінде ғана көрініс тапқан. Аталмыш жанрларда аңшылық, мергендік — бас кейіпкердің кәсібі болса, қасына «мың сан қол» ерткен дастан кейіпкері Жиһаншаһтың аңға көңіл көтеру мақсатымен шығатыны айқын.

⁴ Осындай, сюжеттің бірнеше қозғалыссыз эпизод, элементтерін біріктіріп, белгілі бір семантикалық қызмет [функция] атқаратын мотивтерді Б.Н.Путилов мотив-ситуация деп жіктеген. Ғалым эпикалық сюжеттерді зерттей келіп, мотивтерді үш топқа (мотив-ситуация, мотив-речь, мотив-действие) бөліп, қосымша мотив-описание мен мотив-характеристиканы көрсеткені белгілі. Қараңыз: Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность — Л., — 1988. С.137-147.

⁵ Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. — Алматы, 1993. — 255-б.

Осындай қорытындыларды шығарма сюжетін құрайтын басқа сарындар туралы да айтуға болады.

Дастан екі мәрте басылғаны [1897, 1901] туралы жоғарыда айтылды. Екі басылымның да мұқабасы мен титул бетінде «Тәржима Ақыт Уәлад Үлімжі Алтайский» деген жазу бар. Осыдан бірнеше сұрақ туады. Бұл аударма болса қай тілден аударылған? Ақынның бірнеше мәрте қайталанатын «жаздым» дегенін қалай түсіну керек, дастанның жыршысы, айтушысы кім т.б.

Ақын «Хикая Жиһаншаһ кітабы бар» [29-жол], «Қиссасын Жиһаншаһтың алдым қолға» [39-жол], «Һешбір қисса жазғам жоқ мұнан бұрын» [2352-жол] дей келіп, дастан соңында «Азырақ бұ қиссаға алаң болып, Жеті сағат ішінде жазып тындым» [2369-2370-жолдар] дейді. Жырладым, шығардым демейді. Жеті сағат ішінде осындай көлемді дүниені бір тілден екінші тілге аудару мүмкін емес екені анық. Біздің ойымызша, дастан тарихын былайша елестетуге болады: бұл шығарма бұрынырақ ортағасырлық түркі тілінде жырланып, кітап я қолжазба түрінде Дешті-Қыпшақ жерінде тараған. Кейінірек ақын-жыршыларымыздың бірі оны қазақ тілінде жаңғыртқан. Содан кейін ол Қазанда кітап болып шыққан. Ол кезде редактор, баспашы, жариялаушылар татар азаматтары болғаны, сол кезеңдерде жарияланып отырған дүниелердің басым көпшілігі татар тілінің элементтерімен «байытылып» отырғаны белгілі.

Ақыт ақын сол мәтінді татар элементтерінен тазалап, қазақшалап хатқатүсіргенін «тәржіма еттім, жаздым» деуі әбден мүмкін. Осыған ұқсас ситуация «Бозжігіт» пен «Сейпілмәлік» дастандарына байланысты «Бабалар сөзі» сериясының 17-томын дайындағанда анықталды. Сонымен қатар ХІХ ғ. баспа бетін көрген кейбір дастандардың түп-төркіні ХІІІ—ХV ғ. тірелетініне көз жеткізіп отырмыз. Осы айтылғандарды және мәтінде жалпытүркілік формалардың [бірлән, соя-дүр, көп-дүр, басылғаш, дегеш, айтқаш, кеткеш, менім, көшік, әйла т.б.] жиі кездесетінін ескерсек, пайымдауымыздың дәлелсіз емес екенін аңғаруға болады.

Өкінішке орай, Ақыт ақын пайдаланған кітап бізде жоқ. Демек, ақын жариялаған мәтінді түпнұсқасымен салыстыру мүмкін емес. Сол себептен, әзірше, Ақыт ақынды «Қисса

Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» дастанын көшіруші, жариялаушысы деп танығанмыз жөн.

Дастанның тарихына байланысты назар аударатын тағы бір жайт — Жиһаншаһ тарихы «Шаһмаран» атты дастанның сюжетінде қамтылғандығы. «Шаһмаран» — хикаялық мазмұндағы көп қабатты, көп тақырыпты, сюжеті шытырман, 9194 жолдан тұратын шығарма⁶. Оның негізгі идеясы — жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды дәріптеу, жоғары адами қасиеттерді насихаттау, үндеу. Шығармада жыландардың патшасы — Шаһмаран адам нәсілінің залымдығына, уәдеде тұрмайтынына көзінің жеткенін дәлелдеу мақсатымен ұзақ әңгіме айтады. Сол әңгімелердің бірі — Жиһаншаһ тарихы. Шаһмаран айтқан әңгіме өте қайғылы: онда Шәмсібануды қасқыр жарып, ол дүние салады, одан кейін Жиһаншаһ дүниеден көңілі суып, ғашық жарының қасынан өзіне де қабір қазғызып, күні-түні Аллаға ғибадат етіп, ажал күнін күтіп отырады. Сонымен бірге мұнда кейіпкердің ішкі дүниесін, ғашықтық сезімін білдіретін жыр үлгісінде айтатын монологтардың көлемі — 138 жол, ал Ақыт ақын жариялаған нұсқада — 406 жол және өлеңдер арасында ешқандай ұқсастық жоқ. Жалпы екі нұсқаның сөз қолданысы, сөз саптау мәнері, стилі екі бөлек, яғни бұлар — бір-біріне тәуелсіз, өзінше жырланған нұсқалар. «Шаһмаран» дастаны 1881, 1893 жылдары кітап болып басылғаны туралы мәлімет бар. Олар әзірше табылған жоқ, дастанның 1901, 1907, 1909, 1913 жылғы басылымдары сақтаулы. Осы жерде Ақыт ақын дастанның 1881 я 1893 жылғы басылымымен танысып, ішінен Жиһаншаһ тарихын бөліп алып, өзінше жырлап қағазға түсірді ме деген ой келеді. Ол да мүмкін. Дегенмен өзі жазғандай, жеті сағат ішінде өзінше жырлап, кейіпкерлер айтатын монологтарды жаңадан шығару қиын сияқты. Екі дастанның да түпнұсқасы — ортағасырлық түркі тілінде жырланған дастан болуы әбден ықтимал.

Мәтін Аллаға мадақ айтып, Хақтан кешірім сұраудан басталады. Одан кейін дастан жазудың себебі айтылып, жіберген қателері үшін кешірім сұралады. Бұдан кейін Ақыт ақын өзі туралы мәлімет береді. Дастан соңында дастанның қағазға түскен жері, жылы, айы мен күні, тағы да жазылу себебін ай-

⁶ Шаһмаран // Бабалар сөзі. 2-том. — Астана: Фолиант, 2004.

тып, оқырман, тындармандардан дұға оқуын сұрайды т.б. Демек, дастанда шығыс әдеби нұсқаларының құрылымына тән ерекшеліктер сақталған.

Әдетте ақын, жыршы туралы мәлімет бес-алты жолдан аспайды. Ал Ақыт ақын дастанның басында және соңында өзі туралы, ата-анасы, жастық шағы туралы, науқастары туралы т.б. біраз мәлімет береді. Олардың мәтінге еш қатысы жоқ. Сондықтан мәтін басындағы 6 шумақ пен соңғы 36 шумақ қысқартылды.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1897 жылғы басылымнан еш өзгертусіз дайындалып, кирилл әрпінде алғаш жарияланып отыр.

Б. Әзібаева

ҚИССА ҚОЖА ҒАФФАН

Бұл дастан алғаш рет Қазан Университетінің типографиясында көпес Фатхулла Бекбайұғылы Катеевтің қаражатымен 1880 жылы екі мәрте араб әрпінде басылды. Көлемі — 46 бет. Одан соң 1893 жылы мәтін ешбір өзгеріссіз қайта басылды. Аталмыш дастан бұдан соң жарияланып, арнайы зерттелген емес.

Дастанның оқиғасы балаға зарығу желісінен басталады. Басра шаһарында қожа Ғаффан деген бай көп жыл бала тілеумен жүреді. Бар мал-мүлкін бала жолында құрбан етеді. Әйелі жүкті болғанда кедейленіп қалады да жұрттан безіп кетеді. Әйелі күң екеуі қалып, туған балаға «Ғаріп» деп ат қояды. Жағдайы қиын болғандықтан, күйеуінің досынан ақша алады. Кесте тігіп сатып күн көреді. Бала өте сұлу болып өседі. Молдадан білім алады. Қожа Ғария балаға қызығып өз қолына алады, жетпіс екі тілді үйретеді. Қожа Ғаффан ел кезіп, Басра шаһарына қайтып келіп, әйел-баласымен табысады. Одан әрі жігіттің бір сұлу қызды көріп ғашық болғаны, махаббат жолында екі жастың бастарынан сан алуан ауыр жағдайларды кешкендері баяндалады.

Аталмыш дастанда жыршы кейіпкерді суреттеуге айрықша көңіл аударған. Бала өте сұлу болады. Оны көрген адамның бәрі есінен танып ғашық болады. Оның жүзін көру үшін әрбір адам ділда береді. Бұл тұстары «Қисса Жүсіп — Зыли-

ха» дастанындағы Жүсіп сұлулығына ұқсас. Кейіпкердің сұлулығы дастан поэтикасына орай көркемделіп, дәріптеледі. Ал көркемдеу мен дәріптеу процесі бұл сюжетті не бір қосымша эпизодтармен, қайталаулармен толықтырып, дастанды кеңейте түседі⁷.

Екі жастың махаббаты осы дастан сюжетіне арқау болған.

«Қисса қожа Ғаффан» дастанының оқиғалық құрамы күрделі. Мұнда талай заманның елестері бар деуге болады. Олар аталмыш дастанда бірнеше тұста көрініс тапқан. Солардың бірі — оқиға өрілімінде аракідік қиял-ғажайыптық элементтердің кездесіп отыруы, шығарма оқиғасында адамзаттан басқа шайтан секілді мақұлықтардың араласып жүруі. Оған мына бір мысалды келтіруге болады. Ғаріп бала ұйықтап жатқанда екі шайтан келіп жігіттің сұлулығына қайран қалады. «Бұл жігіттің сұлулығына Шын-Машындағы Фағфоршын патшаның қызы тура келеді, қайсысы сұлу?» деп таласады. Сөйтіп, ұйқыдағы баланы екі шайтан көзді ашып-жұмғанша ұшырып, қыздың қасына алып келеді. Қызды ұйықтатып, жігітті оятады. Көзін ашса, қасында бір сұлу қыз жатыр. Жігіт жүзік пен орамалын алып, қайтадан ұйықтап кетеді. Қыз оянып, жігітті көріп қайран қалады. Қыз бен жігіт бір-біріне ғашық болады.

Бұл орайда ертегілік кейіпкерлердің іс-әрекеті оқиғаны байланыстырып, дамытып тұрған қозғаушы күш болып тұр. Жігіттің түсінде көрген қызына деген махаббат сезімі оянып, барлық оқиға дәл осыдан барып дамиды. Алайда ол бірден қалыңдығын іздеп сапар кешпейді, алдымен ғашық дертіне ұшырап, сырқаттанады. Көп уақытқа дейін махаббат отына өртеніп жүргенін ешкімге айтпайды. Баласының науқастанып жүргенін көрген ата-анасы неше түрлі ем қолданады, әр алуан балгерлерді шақыртып, содан кейін ғана кейіпкердің ауруының себебі ашылады. Ата-анасы қалыңдықты іздеуге рұқсат береді⁸.

Сонымен қатар жырдың оқиғаларында көне дәуір санасын елестететін тұстары да бар. Соның бірі — қалыңдық іздеу, белгісіз қауіп-қатері мол қиын сапарға аттану идеясы.

⁷ Қасқабасов С. Ертегі пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы: Ғылым, 1981. 236-б.

⁸ Қасқабасов С., Әзібаева Б. Қазақ дастандары // Бабалар сөзі. 1-том. — Астана: Фолиант, 2004. 16-бет.

Зерттеушілердің көрсетуі бойынша, қаһармандардың қандай да болмасын мақсат көздеп жолға шығуын көрсету эпикалық аңыздардағы ең ескі сарын болып табылады⁹.

Батырлық немесе ғашықтық жырларда бас кейіпкер, әдетте жауда кеткен кегі үшін, немесе ғашық жарын іздеп алыс сапарға аттанса, аталмыш дастанның бір ерекшелігі — қалыңдықты іздеп жырақ жолға аттанушы негізгі кейіпкер де, өз әкесі де емес. Ол баланы тәрбиелеп өсірген — қожа Ғария. Оның жол сапары да өзгеше. Ол қырық нарға жүк, алтын-күміс артып, қасына қырық кісі жолдас алады. Өздері арғымақ мініп, бірнеше ай бойғы сапар барысында қилы-қилы оқиғаларды бастарынан кешіріп, Шын-Машын шаһарына жетеді. Қызды тауып, уағдаласқаннан кейін дастанға тағы да бір сюжет қосылып, яғни жаңа оқиғалар тізбегі басталып, дастанның құрылымы күрделене түседі.

Бұл жерде жырдың өрбуіне себеп болған сюжет — Қожа Ғария қызды еліне алып келіп, өзім сүйінші сұраймын деп бірінші боп еліне жеткенде жігіттің өлімі туралы хабарды естуі, қыздың сүйген жарының моласын құшақтап жан тапсыруын әңгімелейтін эпизод.

Қыз бен жігіт бір бейітке қойылады. Қожа Ғария мола басында зар жылап отырғанда таяқ ұстаған бір шал келіп, не болғанын сұрайды. Қожа Ғария екі ғашық жайын білдіреді.

Дастанның осы тұсында адам мүмкіндігінен тыс, тек бір Алла мен оның елшісі Мұхаммедтің ғана қолынан келетін дін кереметтері де көрініс тапқан. Ол — мола басында кездескен шалдың айтуымен қожа Ғарияның мұсылман болуы, шалдың бата беріп, Құдайдың құдіретімен көр жарылып, екі жастың қайта тіріліп, мұраттарына жетуін суреттейтін тұсы.

Әрине, мұндай құбылыстарды сиқырдан гөрі ислам мұғжизаларына* жатқызған абзал.

«Қисса қожа Ғаффан» дастанының көлемі — 2459 жол, көркемдігі тәуір, оқиғасы қызықты. Дегенмен мәтінде оқушының түсінігіне ауыр араб, парсы, татар, түрік т.б. сөздер мен тіркестер кездеседі. Олар қазақ тіліне аударылып, томның соңында арнайы сөздікке топтастырылды.

⁹ Бердібаев Р. Қазақ эпосы. Алматы: Ғылым, 1982. 73-бет.

* Мұғжиза /а/ — керемет, ғажап

Өзірге дастанның басқа нұсқалары, қолжазбалары кездескен жоқ, жырлаушысы да белгісіз.

Томға ұсынылып отырған «Қисса қожа Ғаффан» дастанының мәтіні 1880 жылы Қазанда басылып шыққан кітаптан еш өзгертусіз әзірленіп, кирилл әрпінде тұңғыш рет жарық көріп отыр.

Қ. Алпысбаева

НҰҒЫМАН — НАҒИМАННЫҢ ҚИССАСЫ

Бұл дастанда бір көргеннен ғашық болу, естен танып қатты қайғыру, сұлуды іздеп қатері мол жолға шығу, көптеген кедергі-қиындықтарды жеңіп, ғашық жарымен қосылу сарындары жоқ. Демек, дастан классикалық ғашықтық дастанның схемасы бойынша жырланбаған. Бұған Шығыс пен Батыс халықтарының фольклорында кең тараған «жазықсыз жапа шеккендер туралы» ертегілік сюжеттердің санатына жататын сюжеттердің бірі арқау болған. Дастанда бір-бірін сүйіп, қатты сыйлайтын, бақытты өмір сүріп отырған екі жастың бір сәтте қиын жағдайға түсіп тығырыққа тірелгендері баяндалады. Жас күйеу сауда жұмысымен ұзақ сапарға кетеді. Сол уақытта әйелдің көркі мен өнеріне қызыққан Мысыр патшасы Құжаз ғаяр кемпірге көп ақша беріп, жас әйелді алдап, үйіне алғызады. Әйелге өтірік жала жауып «Затың әйел болғансын аяп тұрмын, өлтірер ем әйтпесе дарға асып» дейді. Бірақ өтірік аяған боп оны «Халифа не қылса да өзі білсін, не сатсын, не өлтірсін, көзі көрсін» деп, Бағдаттағы халифаға жібереді. Өзі халифаға «Жібердім тақсыр сізге бір аманат, Сатылып қолға түскен бір назыгүл, Лайық өзіңізге бір перизат» — деп астыртын хат жазады. Сапарынан қайтып келген жігіт әйелін таба алмай аһ ұрады. Әйелі тұтқында қатты қайғырады, науқас болады. Ақыры халифаның ақылды, сопы болған апасының адамгершілік, көрегендігінің арқасында Құжаздың зұлымдығы ашылып, ол дарға асылады. Кемпір де өзінің лайықты жазасын алады, ал Нұғыман Құжаздың орнына патша болады.

Хан я патшаның біреудің әйеліне қызығып, оны тартып алу мақсатымен түрлі қиянат, зорлық, айлаға баруы — біраз

ертегілеріміздің мазмұнын құрайды. Мысалы, Жиренше туралы айтылатын ертегі, әңгімелерде арам, зорлықшы хан оның «әйеліне қызығып көзін жоймақ болып, басына қастық етумен болады».¹⁰

Бұлармен қатар бізде осы тақырыптас шығыс сюжеттеріне негізделген ертегілер де бар. Солардың бірі — «Ұстаның адал жары» ертегісі. Оның сюжеті «Тотынаманың» үшінші түнінде айтылатын әңгімеден алынған¹¹. Ал «Нұғыман — Нағиман қиссасына» арқау болған сюжет «Мың бір түн» жинағынан алынған. Онда осы типтес көлемі әр түрлі болып келетін бірнеше ертегі, фольклорлық әңгімелер қамтылған. Жалпы бұл сюжет көптеген халықтардың фольклорында кездеседі.

М.О.Әуезовтың сөзімен айтқанда «Нұғыман — Нағиман қиссасының» негізгі идеясы — зорлыққа қарсылық тақырыбы, адалдық пен пәктік, шын сүйіспеншілік, берік махаббатты суреттеу.

Дастанды жырлап, домбырамен сүйемелдеп айтушысы — қарт ақын Қалікен Ыбырайымұлы. Жинаушысы — Қанапиянов Қабылқақ.

Мәтін ӘӨИ-дің Қолжазба орталығында сақтаулы тұрған қолжазбадан [Ш. 668, 4-дәптер, араб әрпінде] еш өзгертусіз дайындалып, кирилл әрпінде бірінші рет жарияланып отыр.

Б. Әзібаева.

ҚИССА БАҢРАМ

«Қисса Баһрам» дастанын алғашқы рет Ш.Құсайынов 1908 жылы Қазан қаласындағы Университет баспасынан, 1912 жылы Домбровский баспасынан бастырып шығарған.

Шығыс сюжеті негізінде жырланған бұл дастанның негізгі идеясы — махаббат, ғашықтық. Бұл идея ертегілік биіктеу, әсерлеулер жолымен кестеленеді. Пері қызын көрген жігіт ғашықтық сезімнен есінен танып, біраз уақыттан соң ғана есін жияды. Қызды көргенде ғашықтықтан есі ауып қалу —

¹⁰ Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959. — 247-б.

¹¹ Костюхин Е. Бытовые сказки // История Казахской литературы. Т. 1. Казахский фольклор. — Алматы: Наука, 1968. — С. 219-231.

ғашықтық дастандарда жиі қолданылатын әсерлеудің түрі. Негізгі кейіпкер — патшаның ұлы, дастанда басты өзек — оның тағдыр тауқыметі.

Дастанның қысқаша схемасы мынандай: Кіші хан Құдайдан бала сұрап, мал-мүлкін кедей, ғаріп, пақырларға садақа қылып үлестіріп береді. Алла жар болып, әйелі ұл туып, атын Баһрам қояды. Елден ерекше сұлу, әрі зерек болып өскен Баһрам аң аулап жүріп, бір киіктің соңынан еріп кетеді. Алтын киік болып жүрген қыз Гүлэндам екен. Баһрам толып жатқан қиындықтарды жеңіп, ақыры Гүлэндамды алып мұратына жетеді.

Жыршы дастанды баяндауда әсерлеуге, қиялға бой ұрады. Қиял мен кереметтік элементтерді мол пайдаланған. Барынша ғажайып оқиғаларды баяндау арқылы тыңдарманның көңіл-күйіне әсер етуді мақсат еткен.

Бұл туындыда дастанның өзіне тән ерекшелігін танытатын бірнеше тұрақты мотивтер (баласыздық мотиві, түс көру мотиві, сырттай ғашық болу мотиві) орын алады.

Ш.Ыбыраевтың: «Эпикалық сюжеттің байланысы (завязка) көбінесе бас қаһарманның бұрын өзіне белгісіз, бірақ болашақ тағдыры үшін шешуші мәні бар хабарды естуден басталады. Ондай хабар монолог, диалог, хат, реплика түрінде келеді де, кейіпкерді кезекті іс-әрекетке бағыттайды, оның белсенділігін арттырады. Хабарды алу формасы да түрліше: біреуден есту, түс көру, дауласу, қасиетті кітап («Ай сүдірлі білік») арқылы білу т.б. деген пікіріне¹² сүйенсек, «Қисса Баһрам» дастанында мұндай мотив — хабар қыз Гүлэндамның киік бейнесінде кездесуі болып табылады. Бұдан әрі оқиға қызу дамиды. Дастан кейіпкері ертегі кейіпкеріндей қиял-ғажайып әлемінде жүреді. Жыршы қаһарманын ауыр қиындықтарға душар еткізеді, адам төзгісіз азаптарға салады. Баһрам мақсат-мұратына жету жолында көп мехнат шегеді. Шығармадағы оқиғалар тізбегі дастанның халық ертегілерімен байланысын танытады, мысалы, Гүлэндамның киік болып келуі; Баһрамның жер бетінде дию, пері, жын, айдаһармен, ал теңізде үлкен жайынмен соғысы т.б.

¹² Ыбыраев Ш. Эпос мотивтерінің жіктелу жүйесі // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993. — 281 б.

Дастанның көркемдік бояуын қанық ететін нақышты кестелер аз емес. Қаланың, бақтың, сарайдың сән-салтанатын суреттегенде жыршы меруерт, лағыл, зүбәржат, інжу т.б. неше түрлі асыл тастардың атын пайдаланады. Мысалы:

Шарбағын жасатыпты меруерттен;
 Қақпасы тоғыз есік зүбәржаттан (77, 79 жолдар);
 Бір шаһар көрінеді жасыл жауһар;
 Кірпіші — лағыл, жақұт, өңшең гауһар;
 Жаққаны көшесіне лағыл фанар;

Зүбәржат лағыл, інжу шарбағы бар (185-1890 жолдар). Әсіресе қыздың кескін-келбетін, көрік-сұлулығын дәріптеуге ерекше көңіл бөлінген. Мұндай нақыштардың көбісі фольклорда бұрыннан бар, формулаға айналған айқындау, айшықтау, теңеу түрінде ұшырасады. Бұл — дастанды жырлаушылардың ауыз әдебиеті дәстүрінен күшті ғибрат алғандығына байланысты. Сонымен бірге мұнда дастан поэтикасына ғана сәйкес суреттеулер мен нақыштар пайдаланылады. Мысалы:

Ақ беті ай мен күндей, көзі — жұлдыз (363-жол);
 аяғы ақ күмістен, шашы — алтын (360-жол);
 Беті күндей, қасы айдай, көзі — жұлдыз (430 жол);
 Екі көзі — қызыл жақұт, өзі — гауһар (1265 жол);
 көздері Гүлэндамның інжу-маржан (2424-жол);
 дидары он төртінші туған айдай (2760-жол);
 Інжуден отыз тісі, ерні — ақық (2917 жол) т.б.

Демек, мұнда Б.Әзібаева жазғандай: «Как и следовало ожидать, образы, сравнения и эпитеты семантически восходят к традиционному для восточных дастанов и всей литературы Востока образному стилю, связанному с символикой драгоценных камней... В целом при описании внешнего облика героини используются элементы разных стилей, связанных с символикой как драгоценных камней, так и космической и цветовой.»¹³

Дастанда дәстүрлі жоқтау, жылау үлгілері сәтті қолданылған. Мұндай жолдар дастанның адам сезіміне тигізетін әсерін күшейте түскен. Баһрамның Гүлэндамға жылап айтқан жырында, ата-анасының Баһрамнан айырылып, жылап-зарлағанында халықтық дәстүрлі жоқтаулардағы формулаға айналған «бо-

¹³ Азибаева Б.У. Казахские народные романические дастаны. — Алматы: Ғылым, 1990. — С. 117-118.

лат едім майрылдым, қанатымнан қайрылдым, ел-жұртымнан айырылдым» деген секілді жолдарды кездестіреміз. Баһрамның ұзақ үзілістен кейін ата-анасымен қайта қауышқанда жылаған сәті параллелизм тәсілі арқылы адамның жан-дүниесін тебірен-терліктей бейнеленеді.

«Қисса Баһрам» дастаны 1995 жылы «Батырлық дастандар» атты жинақта жарияланды (123-195 б.). Жинақты құрастырып, алғы сөз және ғылыми түсінігін жазған Ү. Сұбханбердина. Құрастырушының айтуы бойынша, «Қисса Баһрам» дастанының қолжазбасы Қазан Мемлекеттік университетінің Н.М.Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасының сирек кездесетін кітаптар және қолжазбалар бөлімінде сақтаулы¹⁴. Дастанның сюжеті Фирдоусидің «Шаһнаме» эпопеясынан алынғанын А.Қыраубаева көрсеткен¹⁵

Осы мәтінді түпнұсқасымен, яғни 1908 жылы Қазан қаласында жарық көрген мәтінмен салыстырып, текстологиялық жұмыс жүргізгенде мынадай мәселелер анықталды: 1) 1995 жылғы мәтінде кейбір сөйлемдер түсіп қалған; 2) көптеген сөздер, оның ішінде араб, парсы, түркі, түрік сөздері өзгеріске түскен, дұрыс жазылмаған. Мысалы: мәрсәлләрнің деп берген — дұрысы: мұрсалдарын; елші — дұрысы: иләш; мәнтәф — дұрысы: мәнтақ; сәлім — дұрысы: сәлму; тасир — дұрысы: тәпсір; төртеуі — дұрысы: Тор тауы; етім — дұрысы: атым т.б.; 3) басқа тілдерден ауысқан түсініксіз сөздерге толық сөздік берілмеген; 4) мәтіннің кейбір тұстары түпнұсқадан, араб әрпінен кирилл әрпіне сауатты, дұрыс көшірілмегендігінен және жоғарыда айтылып кеткен кемшіліктердің салдарынан оқырманның мәтінді бірден түсініп, қабылдап кетуіне көп қиындық келтіретінін байқадық; 5) пунктуациялық қате өте көп.

Томға ұсынылып отырған мәтін 1908 жылы араб әрпінде басылып шыққан нұсқадан еш өзгертусіз дайындалды. Жырлаушысы туралы әзірге ешқандай мәлімет табылған жоқ.

П. Әуесбаева

¹⁴ Батырлық дастандар. — Алматы: Ғылым, 1995.

¹⁵ Қыраубаева А. Шығыстық қисса-дастандар. — Алматы: Рауан, 1997.

МӘТІНДЕРДЕ КЕЗДЕСЕТІН ТАРИХИ ЖӘНЕ ДІНИ ЕСІМДЕР

Алла (Аллаһ) — ислам дінінде бүкіл ғарышты, тіршілік дүниесін және қиямет қайымды жаратушы, баршаға бірдей, жалғыз және құдіреті күшті Құдай есімі.

Құран Кәрімде айтылғандай: «Ол Алла біреу-ақ, Алла мұңсыз (әр нәрсе Оған мұқтаж). Ол тумалы да, туылмады. Әрі Оған ешкім тең емес»*.

Мұсылмандардың түсінігі бойынша, Алла Тағала әлемді, жерді, өсімдіктерді, жануарларды және адамды жаратты. Ол адамдардың тағдыры — жазмышты белгілейді. Қияметте Алла барлық өлгендерді тірілтеді де, пәнидегі істерін таразылап, біреулерін — жұмаққа, енді біреулерін — тозаққа жібереді. Адамдарды дұрыс жолға түсіру үшін Алла Тағала оларға мезгіл-мезгіл пайғамбарларды жіберіп тұрған. Мұхаммед (с.а.с.)** — Алланың адамдарға жіберген соңғы Елшісі; оған Алланың Құраны Жәбірейіл періштенің дәнекерлігімен жиырма үш жылда толық түсті.

Алланың нақты бейнесі жоқ және ол бейнеленуге тиіс те емес. Намаз оқып, сәждеге бас қою арқылы ғана оған берілгендікті білдіруге болады. Ал табынудың басты орны — Меккедегі Қағба, онда аспаннан Алла жіберді деп есептелетін қасиетті қара тас бар.

Алла Тағаланың құдіреттілігін, әділеттілігін, қайырымдылығын, т.с.с. өзіне ғана тән қасиеттерін оның тоқсан тоғыз есімі көрсетеді. Мысалы: Акбар (ең ұлық), Тағала (ең жоғары), Кәрім (жомарт), Рахман (мейірімді), Рахым (рақымды), Халық

* Құран Кәрім. 112-«Ихлас» сүресі.

** С.а.с. — *салла Ллаху аләйһи уас салам*: Алланың жарылқауы мен қолдауы пайғамбарымыз Мұхаммедке деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Хазірет Мұхаммедтің атына жалғаса айтылады, жазылады.

(жаратушы), Шәріп (қасиетті), Ахад (жалғыз), Самад (мәңгі), Жаппар (құдіретті), Ғафұр (кешірімді) т.б.

Алланың атын зікір ету рәсімі Аллаһу акбар деген мадақ сөзді отыз төрт рет, Әлхамдулиллаһи, Сұбхан Алла сөздерін отыз үш реттен айтып, тәсбих тастарын санамалау арқылы жүзеге асады.

Әли — Оспаннан кейін билік басына келген төртінші әділетті халифа. Хазірет Әли — Мұхаммед пайғамбардың немере інісі, әрі оның Фатима атты қызын алған күйеу баласы. Мұсылман елдерінің ауыз әдебиетінде Әли — орасан, алып күш иесі. Жаулары Әлидің айғайынан-ақөліп, талып қалатын болған-мыс. Фольклорлық туындыларда оның зұлпықар, қамқам, самсам деген үш қылышы болғаны айтылады. Әлидің есімі көптеген шығыс шығармаларында, оның ішінде діни дастандарда жиі ұшырасады. Әдетте, хазірет Әли сол дастандардың басты кейіпкері, жеңілмейтін батыр, халықтың қамқоршысы, мұсылмандардың қорғаны, бетке ұстар қаһарманы ретінде көрінеді. Дастандарда Әли өткен замандарда атақты Рүстемнің өзі жеңе алмаған жауларды жеңген деп дәріптелген.

Хазірет Әлидің атына «Шаһимардан», «Қайдар», «Арыслан», «Шері», «Мұртаза» сияқты бірнеше теңеу, эпитеттер тіркесіп отырады. Әлидің астындағы аты Дүлдүл де ауыз әдебиеті үлгілерінде кең тараған ұшқыр, жүйрік, ақылды пырақ-аттың нышанына айналған.

Әли ұрпақтары мен оның жақтаушылары кейін шииттік ағымның көсемдеріне айналды. Олардың ұрпақтары қазіргі Иран, Ирак және Орта Азияның кейбір аймақтарында өмір сүреді.

Жүсіп — Жақып пайғамбардың кіші ұлы, пайғамбар, түс жорушы. Құранда оған үлкен сүре арналған. Сүреде оның тарихы толық қамтылған. Інжілде ол Сұлу Жүсіп (Иосиф Прекрасный) деп аталған.

Жүсіп пайғамбар туралы аңыз-әңгімелерді негізге ала отырып, Фердауси Тусиден бастап көптеген шығыс ақындары жүзден астам дастан, жыр, поэма жазған. Қазақтарда да осы тақырыпқа арналған ХІХ ғасырда баспа бетін көрген дастан бар.

Зылиха — көптеген халықтарда белгілі «Жүсіп — Зылиха» шығармасының басты кейіпкері, Жүсіптің сүйген жары.

Құсайын (*Хұсайын, Хүсейін*) — Мұхаммедтің қызы Фатимадан туған Әли ибн Әбу Тәлибтің кіші баласы, шииттердің үшінші имамы. Діни әңгімелерде Хұсайынның есімі Хасенмен бірге аталады. 669 жылы Хасен өлгеннен кейін Әли ұрпақтарына басшылық етеді.

Алайда 680 жылы халифа Мағауия қайтыс болғаннан соң Иракта үмийалықтарға қарсылық күшейеді. Осы кезде куфалық халифа Йазидтың белсенділігі де арта түсті. Оның адамдары Хұсайынның немере інісі Мүслімді дарға асып өлтіреді. Куфаға келе жатқан Хұсайын қайғылы хабарды естісе де, сапарын жалғастыра береді. Оның Кербала шөлінде ат суытқанын білген Йазид Хұсайынға қарсы төрт мың әскерін қарсы аттандырады. 680 жылдың 10-қазанында күші басым жаумен ерлікпен айқасқан Хұсайын жолдастарымен бірге ұрыс даласында шейіт болады.

Имам Хұсайын қайтыс болғаннан кейін Кербала шииттер табынатын қасиетті орынға айналады. Ал оның өлген күнін барша шиит қауымы аза тұтып, құрметпен еске алады.

Қырық шілтен — мифологиялық түсінік бойынша, адамды қолдап жүретін, бірақ көзге көрінбейтін рух, қыдыр.

Лұқпан хакім — ол туралы исламға дейінгі араб хикаяларында біраз аңыздар сақталған. Құран Кәрімде Лұқпанға 31-сүре арналған. Мұнда Лұқпан «бір Құдайлық» бағытын насихаттаған, Алла Тағалаға шын берілген данышпан адам ретінде аталады. Лұқпанның арабша аты — Лұқман әл-Хаким, яғни хәкім Лұқпан. Лұқпан — ақыл иесі, көріпкел, емші делініп, оның есімі көптеген Шығыс халықтарының ертегі, жыр, аңыздарында құрметпен әңгімеленген. Қазақ арасында да «Лұқпан хәкім айтыпты» дейтін бірсыпыра сөздер бар.

Мәжнүн — Ләйлі — Таяу және Орта Шығыс пен Оңтүстік Шығыс, Орталық Азия халықтарының «Ләйлі — Мәжнүн» атты әдеби-фольклорлық туындыларының кейіпкерлері. Мәжнүн өмірде болған, VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасыр аралығында өмір сүрген араб ақыны. Ләйлі мен Мәжнүн қазақ фольклорында таза, өшпес махаббат, әділ ғашықтар символы ретінде суреттеледі.

Мәриям — Құрандағы кейіпкер, күнәсіз, пәк адам. Иса пайғамбардың анасы.

Мұса — Құран кейіпкері, пайғамбар, Алла Тағаладан кітап жіберілген төрт пайғамбардың бірі. Інжіл бойынша — Моисей.

Аңыз бойынша, Мұса (а.с.)* — Алла Тағаламен тілдескен және онымен жүздескен бірінші пайғамбар (Адам атадан соң).

Алғаш рет Алла Тағала Мұса (а.с.)-ға Мысыр маңында «от» болып көрінеді. Оны перғауынға (фараон — Мысыр патшасының атағы, титулы) өзінің елшісі етіп жіберетінін, перғауын елінде бір Алланың жолын уағыздауы тиісті екенін білдіреді, көмекші етіп, оның бауыры Харонды қосады...

Алла Мұсаға «Өз халқыңды Мысырдан түн жамылып алып шық» деп, бұйырады. Мұса таяқ сермеп қалғанда теңіз қақ жарылып, ашылады. Израильдіктер сол жолмен өтіп шығады. Перғауын мен оның қалың қолы жеткен кезде теңіз тұтасып кетеді де, олар суға батып өледі. Тек күнәсін мойнына алған перғауын ғана кешірім алып аман қалады. Мұса өз халқын бастап, шөл далаға шығады. Сол жерде таяғының құдіретімен он екі бұлақтың көзін ашады. Алла Тағала оның тілегін қабыл алып, адамдарына азық береді.

Мұса Алла Тағаламен екінші рет Синай тауында кездеседі. Алла Тағаламен сөйлескендіктен, Мұса пайғамбарды Мұса Кәлим (Алламен тілдесуші) деп дәріптеген.

Омар — Әбубәкір өлгеннен кейін (634 ж.) мұсылман қауымына басшылық жасаған екінші әділетті халифа, исламның алғашқы кезеңіндегі ірі дін қайраткерлерінің бірі. Омар хазірет Мұхаммед пен Әбубәкір Сыдықтан соң мұсылмандықты одан әрі насихаттап, оны араб елдерінен тысқары өлкелерде таратуға көп күш жұмсады. Омар хазірет басшы болған он жыл ішінде ислам діні Ирак, Сирия, Египет және Ливия жерлеріне орнықты.

Омар халифа тұсында араб-мұсылман иеліктерінде дінге негізделген әкімшілік хұқықтың тәртіптері және алым-салық жүйесі құрылды.

Ол сондай-ақ мемлекеттегі шариғат жолының үлесін күшейту мақсатында өзінің халифа лауазымына «Әмір әл-муминин» (мұсылмандардың әміршісі) дәрежесін қосты.

* (а.с.) — *аләйһиссалам* /а/ — оны Алла жарылқасын деген тілек сөздің қысқартылған түрі. Мұхаммедтен (с.а.с.) өзге пайғамбарлардың атына жалғаса айтылады, жазылады.

638 жылы хазірет Омардың сахабалары Иерусалимді тізе бүктіріп, қаладағы қасиетті Сүлеймен храмының ішінде намаз оқыды. VII ғасырдың аяқ шенінде үмийа халифасы Әбд әл-Мәлік хазірет Омар намаз оқыған жерге «Куббат ас-сахара» деп аталатын күмбез тұрғызды.

Сейфүлмәлік, Ғабдулмәлік — арабтың «Мың бір түн» атты бірнеше том құрайтын ертегілер жинағындағы «Сейпілмәлік — Бәдіғұлжамал хикаясы» атты тарауының негізінде жырланған шығыс халықтарына ертеден таныс осы аттас дастан, поэмалардың бас кейіпкері. Оларда Сейфүлмәлік таза, өшпес, адал махаббаттың, шын берілгендіктің символы ретінде суреттеледі.

Сүлеймен — Құран кейіпкері, Дәуіт пайғамбардың баласы, Інжілдегі Соломон. Шамамен б.д.д. 965-928 жылдары бұрынғы Иудей патшалығын билеген деп есептеледі. Сүлеймен Иерусалим қаласындағы Яхус храмын салдырған.

Аңыз бойынша, Дәуіт пайғамбардың отыз ұлы болған. Бір күні Алла Тағаланың әмірімен әлгі ұлдардың бәрі де бірдей қаза болыпты. Сонда Дәуіт еш абыржымай, сабыр сақтап, Алла Тағалаға одан сайын ғибадат еткен. Осыған разы болған Жаратқан Ие Дәуіт пайғамбарға «отыз ұлға татитын» бір ұлды, яғни Сүлейменді береді. Сүлеймен мұсылман елдерінің ертегі, дастандарында «аң мен құстың, пері мен жынның, жан-жануар, құрт-құмырсқаның тілін білген» деп дәріптеледі.

Баһрам мен Гүләндам, Ғазы мен Шаһарбану, Зияда, Шаһмұрат, Хорлы-Ғайын, Сақып — Жамал, Мұштарай, Сақара — ғашықтық дастандардың басты кейіпкерлері.

СӨЗДІК*

Ақида, ақайд /а/ — сенім; наным; көзқарас; дінтану ғылымы

Ақлим /п/ — мемлекет (жеке түрі)

Ақырет, ахирет /а/ — /а/ — діни ұғым бойынша, бұл күні қияметтің болуы, Алладан өзгенің жоқ екендігі, өлгеннен кейін сұрақтың қойылатындығы анық. Пенделер тірі кезінде істеген күнәларына жауап беретін күн. Ары таза, күнәсі жеңіл болса, Алланың жақсылығын сезіп, ауыр болса, қабір азабын тарта-тын күн; о дүние деген ұғым; ақырзаман, дүниенің соңы.

Алар /т/ — олар

Алхоры /п/ — раушан гүлдер тұқымдасына жататын, жа-байы және мәдени түрде көп таралған өсімдік

Аман /п/ — аяушылық, рақым; құтылыс, құтқару; қатер-сіздік, қауіпсіздік

Анлар /т/ — олар

Аның /т/ — оның

Аңа /т/ — оған

Арыслан /тат/ — арыстан

Асан /п/ — жеңіл

Ауара, әуара /п/ — әуре, бос әрекет, нәтижесіз іс

Афған /п/ — күңірену, күрсіну, зарлау

Афарин, африн /п.а./ — жақсы, керемет, мадақ, келісім

Ахир /а/ — соңғы, ақырғы

Ахуал /а/ — хал, жағдай (көпше түрі)

Ахун /п/ — діни ұстаз, жетекші; Ислам діні қызметкерлерінің лауазымы, мүфтиден кейінгі діни атақ; білімді, сауатты адам

* Басқа тілдерден енген сөздердің бірнеше мағынасы болуы мүмкін, сондықтан мәтін мазмұнына байланысты беріп тұрған мағынасын ғана сөз етеміз.

Әйла /т/ — жасау, істеу; бос болу, елсіз; күйрету, ойсырату; азап шегу, күйзелу, налу, уайымдау, қамығу

Әка — аға

Әлик — амандасу, сәлемдесу

Әнбия /а/ — пайғамбарлар (нәби деген араб сөзінің көпше түрі)

Әсас /а/ — арқау; негіз; түбір; бұлақ; дерек; қайнар

Әуел — басы; бірінші

Бадал — ұйысып өскен қалың бұта, ағаш шоғыры

Баһар /п/ — көңіл; көктем; гүлдену

Бәдан /а/ — дене, тұлға

Бәддәл /а/ — ауыстыру, алмастыру, өзгерту

Бәйт, бәйт /а/ — өлең; екі тармақты бір мақаммен, сарынмен айтылатын өлең

Бән /т/ — мен

Бәһа /п/ — баға

Бәһәшт /п/ — жұмақ, пейіш

Бейниһаят /п., а/ — шексіз

Бек /т/ — өте, аса, тым

Беңзі /түрік/ — бет-пішін, әлпет, түр, беттің түр-түсі

Бибі /т/ — ханым

Биләгүш /т/ — биші

Билән, бірлән, илән, илә /т/ — және, -менен, -бенен, пенен, -мен, -бен, -пен

Биллур — горный хрусталь

Бина /а/ — құрылыс, ғимарат, үй

Бисмилла /а/ — Алланың атымен

Биһүш болу /п/ — естен тану, ессіз құлау; көңілсіз болу

Болғаш /т/ — болған

Гериан /п/ — жылаушы; еңіреуші; боздаушы

Ғазал — шығыс поэзиясында негізінен кемі үш, көбі он екі бәйіттен түзілетін бірыңғай ұйқасы бар өлең

Ғазиз /а/ — күшті, қуатты, құрметті, Алланың 99 есімінің бірі

Ғалаж /а/ — дәрі-дәрмек, ем; емдеу

Ғам /а/ — қайғы, уайым

Ғани /а/ — бай, дәулетті адам; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Ғапыл /а/ — қапы қалу, білмеу, байқамау, сезбеу, аңқаулық

Ғаршы /а/ — ғарыш; аспан; таң

Ғаріп, ғаріб /а/ — бақсыз, сормандай, мүсәпір, бейшара, міскін

Ғауға /а/ — айқай, шу

Ғаяр /а/ — айлакер, қу

Ғибрат /а/ — тәжірибе, өнеге, үлгі

Ғинбар /п/ — хош иісті

Ғүд /а/ — сарғалдақ; алоэ

Ғұлибан /а/ — әбілет; жын; дию

Дат /п/ — қазы, сот, араша сөз; тілек, өтініш

Датура /моңғол/ — салық жинаушы

Дахи /т/ — тағы, дағы

Дахил /а/ — кіруші; ішкі; іш жоқ; іш

Дая /п/ — күтуші; асыраушы; тәрбиеші

Дәйім, дайым — үнемі, әрдайым, әрқашан

Дәлиш /түрік/ — бату; батып кету; малыну; сүңгу

Дәру /а/ — дәрі

Диар /а/ — мекен; аймақ; өлке; үй; сарай; ғимарат; тұрақ

Диуана /п/ — ризығын Алладан тілеп, кәсіпсіз жүретін адам, дәруіш

Ділдә, діллә, тіллә /т/ — алтын ақша; кейде алтын, зер мағынасында қолданылады

Ерді /т/ — еді

Жад /а/ — еске алу, есте ұстау; ой, ес

Жазайыр — жынның аты

Жақ /т/ — кермесіне жебе салып тартатын қару, садақ, жай

Жақұт /а/ — асыл тас

Жамал /а/ — келбет, дидар, жүз, көрік; сұлулық, әдемілік

Жамиғат /а/ — жұбай; зайып; әйел

Жамин — [замин (моңғол) жолдағы] — жол бойынша тігілген, салынған үй; бекет үй

Жаппар /а/ — ұлы, құдіретті; АллаТағаланың 99 есімінің бірі

Жариа /а/ — күң

Жауһар /п/ — гауһар

Жаһан /п/ — әлем, дүние

Жаһр /а/ — анық; ашық; айқын; тура; жұрт алдында; жариялық

Жәлал /а/ — айбын(дылық); маңыздылық, ұлылық; жарқыл

Жәлил /а/ — үлкен, ұлы, қадір; зор; данышпан; айбынды; сәулетті; ардақты; мәртебелі; сүйікті, қадірлі; қымбатты; атақты; тамаша; маңызды; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі.

Жесір, йасир /а/ — тұтқын; құл; жесір

Жолан /т/ — мықты, әлді, күшті

Жорған — шорған

Жұда /п/ — жоқ; құр алақан; жұрдай

Жұмырық /т/ — жұдырық

Жүһүд /а/ — жөйт, еврей, яһуди, Мұса пайғамбардың үмбеті

Забур — Забур, діни кітап

Зағыпыран /а/ — сары түсті гүл; шафран; мұң-шер, қайғы; мәтіндерде ауыспалы мағынада қолданылған

Заман /т/ — уақыт

Зауық /п/ — көңіл-күй; құмарлық

Заһир /а/ — анық; ашық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зәңгі — зор, үлкен, қара түсті адам, дастандық шығармаларда жиі кездесетін қаһарманға қарсы тұратын сүйкімсіз кейіпкерлер зәңгі аталады

Зәһар /а/ — у

Зәһәр(лі) /тат/ — зәрлі, кек(ті); ыза(лы); кекеткіш

Заада /а/ — өсу, көбею; қосылу

Зинәтләген /п/ — безендірілген, әшекейленген, өрнектелген

Зина, зибә, зифа /а. п./ — әдемі, көркем, сұлу; сүйкімді; жақсы; келісімді; жарасымды; әсем; ұнамды

Зиһн /а/ — ақыл, ес, ой, зейін, парасат

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі, Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зұлпықар /а/ — сермегенде жетпіс құлаш жерге жетеді деп суреттелетін Әли Арысланның қылышы

Зүбәржат /а/ — жасылдау түсті, жылтыр, асыл тас

Зұлжалал /а/ — жоғары мәртебелі; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Зікір /а/ — бақсылардың ауру адамды емдеу үшін айтылатын діни сарыны; еске түсіру; жад, ес, қатер, ақыл; даңқ, атақ; дұға оқып жалбарынудың соңы, ең алдымен, көп адам топ болып Алланың есімін үздіксіз айтып қайталау

Зінжір /т/ — шынжыр

Илә /т/ — және; немесе

Иләш /түрік/ — уәж; амал; тәсіл; шара; дауа; лаж

Иләһ /а/ — жаратушы; Құдай

Иман /а/ — ислам дінінің бес парызының бірі, діншілдік наным; адам бойына тән ізгілік, адамгершілік; белгілі бір іс-әрекетпен байланысты серт, уәде, үміт

Инанды /т/ — илану, сену.

Инғам /а/ — сыйлық, байлық

Инша Алла /а/ — Алла бұйырса, Алла қаласа

Ирада /а/ — ниет, ықылас, ықтияр; шешім

Кайф /а/ — ләззат, рахат, қанағаттану, зауық, тойым

Кар /п/ — жұмыс, іс, еңбек, қызмет, кәсіп; оқу; әрекет

Караб /о/ — кеме

Кафтан /о/ — шекпен

Кәмар /а/ — оюланған, асыл таспен әшекейленген белбеу, белдік

Кәнизак, кәниз — хан сарайындағы қызметші қыз

Кәпір, кәуір /а/ — Құран Кәрімде яһуди [жүһүдтер] мен христиандар жазба жұрты, кітап иелері [аһлул китаб] деп аталған, ал көп құдайшылдар, яғни түрлі пұтқа — қолдан жасалған мүсіндерге, я отқа, тасқа, тауға, суға т.с.с. басқа да жаратылыстарға табынып құлшылық етушілер, шындықты мойындамағандар кәпір делінген. Соңғы дәуірлерде ислам дінін ұстанушылар бүкіл мұсылман еместерді кәпір деп атаған

Кәтта — үлкен

Кер — менменсінген; тәкаппар

Керік — мүйізтұмсық

Көнек — көбінесе бие саууға арналған шүмегі бар көннен жасалған ыдыс

Көшік /п/ — қала сыртындағы сарай, бағы бар сарай

Куаһ, куһ /п/ — тау

Кіл — үнемі, ылғи, әрқашан

Қабағат — орасан; өте; керемет

Қағба — Меккедегі мұсылмандардың Ибраһим пайғамбардан бері келе жатқан құлшылық орны. Мұсылмандар «Зилхиджа» айының 9-11 күндері аралығында өмірінде бір рет қажылық жасауы парыз

Қағын — өздігінен біреуге тиісу, ұрыну, соқтығу

Қадір /а/ — құдіретті күш; Алланың 99 есімінің бірі

Қалб /а/ — жүрек; жан; ақыл-ой, зерде

Қалға /а/ — қорған; бекініс; қамал

Қамақ — тұтқындалған, қамауға алынған адамдарды бостандықта ұстау, еркін қамау түрі

Қамқа — зер талшықтары қосылып тоқылған жібек мата

Қанадил /а/ — шам, шырағдан, шырақ, аспашам

Қану /а/ — есік, қақпа

Қарар /а/ — шешім, ұсыныс

Қардаш /түрік/ — қандас, туыс

Қари /а/ — құранды жатқа білетін адамға берілетін діни атақ

Қатра, қатыра /а/ — тамшы

Қаһар /а/ — қаһарлы, құдіретті

Қаша — қоршау; төбесі ашық мал қора

Қиммат /п/ — қымбат

Қисап /а/ — есеп

Қиямет қайым — ауыр азап, бейнет, о дүниеге барғанда әрбір адам өтетін қыспақ

Құдай, Құда /п/ — бүкіл ғаламды жаратушы, Алла Тағала, Құдірет

Құдауанда /п/ — Құдай, Тәңірі

Құдірет /а/ — Құдай, Алла, Жаратушы; керемет күш, ғажайып қасиет

Лағыл — лал, қызыл түсті асыл тас

Лала /п/ — көпжылдық шөптесін өсімдік туысы, әсемдік үшін өсіріледі, лилия

Ләулек, ләулік — ақық, жақұт, лағыл сияқты асыл тас, жарқыраған, жылтыр

Ләшкер /т/ — әскер

Лулу /а/ — інжу; гауһар; меруерт

Мағрифат /а/ — білім, тану, мағлұмат; таныстық, достар, таныстар

Мағшұқ /а/ — ғашық, сүйікті.

Маймұн /а/ — маймыл

Мақам /а/ — мән; маңыз; дәреже; шен; орын; әуен; жер; орын; мазар; мавзолей

Мақбұл /а/ — қабыл болу, қабылдау, қабыл ету; жарамды, тиімді, маңыздау

Маңлық — қамқа торғын; зерлеп тоқылған қалың жібек мата

Мархамат /а/ — рақым; қайырым

Махкам /а/ — мықты, берік, бекем

Махрұм /а/ — бір нәрседен құр қалу; тыйым салу

Махфұз /а/ — тағдыр, жазмыш, пешене

Махшар /а/ — ақырет күні. Адамдардың о дүнияде жаза күніне жиналатын орны, дүние салған адамның күнәсі тексерілетін кезең, ақырет

Мәлүл /а. п/ — көңіл қалу, ренішті, қапалы, күйінішті, қайғылы, мұңды, азап шеккені; шаршаған т.б.

Мәнтақ /а/ — логика (ойлау туралы ғылым)

Мәруар — меруерт

Мәшһүр /а/ — атақты

Меңа /т/ — маған

Мехнат /а/ — қиындық, бейнет, еңбек

Мейман /а/ — мейман, қонақ

Мейрибану /п/ — мейірімді, мейірбан, әзіз, қайырымды, ізгі, рақымды, сүйөші

Мейір /а. п/ — мейір, мейірбан, рақымды

Мидан үй [ми (көне қаз.) — балшық] — балшықтан құйылған үй

Мисли /а/ — сияқты, сықылды, тәрізді

Миуа — мәуе, жеміс

Мөһр /а/ — мөр

Мүддет /а/ — уақыт

Мүкаммал /а/ — дүние-мүлік, қазына-байлық

Мүғтабар /а/ — құрметті, қадірлі

Мүқым — бүкіл, күллі, барлық, түгел

Мүнафиқ /а/ — өтірікші, екі жүзді; алғашында ислам дінін қабылдап, Мұхаммедті Алланың елшісі деп мойындаған, кейін оның ықпалының күшейгенінен қауіптеніп, қастандық жасаған Мекке тұрғындарының бір бөлігі

Мұрсал /а/ — елші, уәкіл жіберілген

Мұртаза /а/ — мәмілегер; төртінші халифа хазірет Әлидің әпитеті

Мүдәррис /а/ — мұғалім, ұстаз

Мүләйім — қулық-сұмдықтан ада, момақан, жуас, бейкүнә

Мүлтік — кемістік; кем-кетік; ақау

Мүмін /а/ — мұсылман

Мүнәсип /а/ — жарасымды, лайықты; жағдай; қызмет; лауазым

Мүсәмма /а/ — аталған; ашықтан-ашық; пайым; түсінік; ұғым

Мінәжат /а/ — құлшылық ету

Міскін /а/ — бейшара, мүсәпір, мүскін

Набут /п/ — жоқ болып кеткен, жойылған; жою

Наза /а/ — адамның кею, қапалануымен байланысты болатын ашу, ыза

Назым /а/ — өлең, поэзия

Нала — қайғы-қасірет, мұң-шер, қапа

Нақу /а/ — сөз, сөйлем өнері, ғылым

Нас /а/ — адам, жұрт, көпшілік

Насихат /а/ — ақыл, кеңес

Наху /а/ — түр; амал; үлгі; тәсіл

Нәби, әнбия (көп. түрі) /а/ — пайғамбар

Нәсіп /а/ — жан, ниет, шабыт, жылау, зарлау

Неках /п/ — неке

Никар /п/ — сүйікті

Нияз /п/ — мұқтаждық; тілек, талап, қажеттілік, керектік, зәру; бұйымтай, өтініш; серт, уәде; сыйлық, сый

Нық — бекем, орнықты, берік

Ойғану /т/ — ояну

Олып, олған /т/ — болып, болған

Олтырды /т/ — отырды

Пәнжара, пенжере /п/ — терезе

Пәруардигар /п/ — Жаратушы, Жасаған, құдіретті Құдай

Пір — қажы, хазірет, ишан сияқты ірі дін басыларына байланысты қолданылатын ұғым. Көбінесе сопылар арасында кездеседі. Діни ұғымда пір қолдаушы, қорғаушы, сүйеніш болып есептелінеді, аруақ туралы түсінікке жақындайды

Рабб /а/ — тақсыр; ие, еге, қожа; патша; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахим, Рахима /а/ — марқабатты; мейірбан; рақымды; қайырымшыл; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахман /а/ — аса қамқор, мейірімді Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Рахмат /а/ — мейірім, шапағат

Рузи /п/ — күн; күндік азық; ырыс; несібе; үлес

Сабах /а/ — таң, таңертең

Сайха /п/ — айғай, ойбай, сүрен салу

Сал — терең сулардан жүзіп өту үшін қолданылатын, бір-біріне байлап қосақтаған, жуан бөрене ағаштар

Салауат /а/ — намаз; дұға; сиыну

Сам-сам — жырттылып, жалбырау

Сауқым салды — дуылдасып әңгіме құрды

Сауын — ас берумен байланысты күнілгері немесе бір жыл бұрын айтылатын хабар

Саф /а/ — таза

Сафа /а. тат/ — жақсы, таза, тұнық, ашық болу; рақаттану, көңіл көтеру

Сахаба, асхаб, асхаблар /а/ — Пайғамбардың артынан ерген серіктері, жолдастары. Мұхаммед пайғамбармен бірге Ислам дінін қабылдап, мұсылман мемлекетін құруға атсалысқандар. Мұхаммедтің істері мен сөздері туралы хадистер асхабтардың айтулары бойынша жазылып алынған.

Сахара /а/ — кең жазық, мидай дала

Сәбат /а/ — бекемдік; беріктік; табандылық; тұрақтылық; қаттылық; жеңілмейтін; именбейтін; қайсар; қимылсыз

Сәжде /а/ — мойынсұну, табыну; Құдайға құлшылық етіп, намаз оқығанда жерге басын қою.

Сәйір, сейір /а. п./ — сейілдеу; көңіл көтеріс, қыдыру; саяхат; жүріс; қимыл; қозғалыс

Сәлам /а/ — бейбіт, Алланың 99 есімінің бірі

Сәлму /а/ — әлем; дүние жүзі; жер шары; жаратылыстану ғылымы, жаратылыс

Сәна /а; т/ — мадақ; қайғы; қапа

Сәргәрдан /п/ — сергелдең

Сәрнай /п/ — той үстінде таратылатын сый-кәде

Селбесу — бір-біріне көмектесу, септесу

Сыдық /а/ — шыншыл, шындықты айтушы, адал, әділетті халифтің бірі — Әбубәкірдің теңеуі

Табиб /а/ — дәрігер, емші, тәуіп

Тағала /а/ — бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі

Тағым — орын

Таза — жақсы

Тақыт—ою-өрнектеліп, безендірілген, арқасы және жақтауы бар мүлік [қазіргі диван тектес]; тақ

Талға /а/ — өр; өрлеу; лаж; шығыс

Талиғ /а/ — тағдыр

Там—қолдан құйылған, балшықтан, кірпіштен салынған шатырсыз үй

Тамам, таммат /а/ — соңы; аяқталу; барлық, күллі

Тарантас—төрт дөңгелекті, көбіне үсті жабық, жақтаулы жеңіл арба

Таурат—(Тора) діни кітап

Тафсир, тәпсір /а/—түсіндірме: Құранға түсінік беріп, оның мағыналарын ашу мақсатында жазылған кітаптар

Тәбәссум /а/—жымию, күлімсіреу

Тәраххам /а/—аяй гөр, рақымшылық жаса

Тәржіма, тәржама /а/—аударма; көшіру

Тиясе /тат/—бөлік, бөлшек; несібе; нәсіп; ырыс, үлес

Торғын—қымбат бағалы жұқа, жібек мата

Туғры /т/—тура

Түмен—он мыңдық сарбаздың қолбасшысы

Тізі /т/—тізесі

Уағда /а/—уәде

Уалаят /а/—аймақ, жер, тұс; тарау, сала, жол; түпкір; басқарма

Уасиф /а/—сипат; белгі; сапа

Умм /а/—шеше, ана

Ұғыл /т/—ұл

Ұлығ /т/—үлкен

Үмбет /а/—ел, қауым, жамағат; Мұхаммедтің үмбеттері, мұсылмандар, Ислам дініне бағынушылар

Үшбу /к. т./—осы, бұл

Фаған /п/—күрсініс, қиналыс, күңірену

Фағфур, фағфуршын—ежелгі Қытай императорының лақап аты

Фазыл, фазилат /а/—қайырым, шапағат, қайырымдылық

Фариад /п/—айғай, жылау; зарлану

Фаһим /а/—түсінік, пайым, зейін, ой

Финал /п/—ақыр, соңы, соң (бір нәрсенің аяқталуы)

Фирақ, фирақ оты /а/—тозақ оты

Хазар /п/—мұң

Хазірет /а/ — ағзам, мәртебелі, аса құрметті

Хайыр /а/ — жақсылық, садақа

Хақ /а/ — шындық, күмәнсіз ақиқат; мұсылман дініндегілердің ұғымы бойынша, дүнианы жаратқан Алла Тағала, Құдай

Хақ Тағала /а/ — [Тағала бәрінен жоғары, ұлық; Алла Тағаланың 99 есімінің бірі] ең жоғары, мәртебелі, Ұлық Алла

Халас /а/ — арылу; құтылу; азат болу

Халифа /а/ — орта ғасырлардағы мұсылман елдердің мемлекет билеушісінің құрметті атағы, лауазымы

Халфе, қалпе /а/ — мұсылманша оқудың белгілі кезеңін аяқтағандарға берілетін атақ, ишанға дейінгі дәреже

Хамд, хамду /а/ — мадақ; мақтан; даңқ; дәріптеу, даңқын шығару; рақмет, алғыс

Хамлә /а/ — шабуыл, жорық, қысым

Хамле, хамлі /а/ — жүкті, аяғы ауыр

Хаммам /а/ — монша

Харам /а/ — арам, таза емес, жарамсыз, тыйым салынған; жаман

Хараж /а/ — шығын, шығындану; салық, салым

Хатун /т/ — ханның әйелі; ханым

Хатым — белгілі бір істің қарсаңында діндарлардың Құранды түгел оқып, аяқтап шыққан кезі және соның құрметіне берілетін ас-су, қатім

Хауыз /а/ — бассейн, су қоймасы

Хәкім /а/ — билеуші, әкім

Хәтта /п/ — тіпті; әрине; солай

Хилаф /а/ — қарама-қарсылық, қайшылық, алауыздық, талас, дау

Хирабат /а/ — найза, сүңгі

Хор қызы — жұмақта болатын мәңгі жас сұлу қыз

Хулла /а/ — киім; көйлек-көншек

Хүн /п/ — опат; зауал; өлім; ажал; қаза; қан төгіс; қан

Хүснi /а/ — әдемі

Ғазар — әр

Ғаман /тат./ — бәрі, барлығы; үнемі; әрқашан; әрдайым; бірақ; дегенмен; бәрібір

Ғамише /п/ — ылғи; қашанда; өнебойы; ұдайы; үнемі; әрқашан

Бауаз /а/ — басшы

Бәлак /а/ — апат; құру; зауал; ажал; қаза; өлу, өлім; күйреу, құрып біту

Бәмма, һәммә /п/ — барлық, бәрі, бүкіл

Бәуезі /п. т/ — әуезі

Һүш, һүш /п/ — ақыл-ой; ес; зерде; сана, зейін; жады

Шариғат /а/ — адам өмірінің барлық жай-жапсарын қамтитын мұсылман дінінің заңы, ережелері

Шариф /а/ — қасиетті, киелі

Шаһид /а/ — ислам діні жолында қасиетті соғыстарда қаза болған адамдарды шаһид, яғни шейіт деп атайды; куә, байқаушы, бақылаушы

Шаһимардан /п/ — батырлардың патшасы

Шәрбат /а/ — қасиетті, тәтті сусын; рахат, ләззат

Шерік /т/ — әскер, қол

Шдалмады — шыдай алмады

Шыған — алыс, шалғай, қиян

Шындан /п/ — сол секілді, сол сияқты

Чоқ /түрік/ — аса, тым, өте, әлдеқайда, анағұрлым, көп

Ілтимас /а/ — кешірім; ғафу ету; бұйымтай; тілек, өтініш; хат; сәлем; хабар

ЖЕР-СУ АТАУЛАРЫ

Алтай — терістік жағы Ресей, шығысы — Қытай, оңтүстік-шығысы — Қазақстандағы биік таулы аймақ. Ресейдің Алтай өлкесі Таулы Алтай автономиялық облысын қамтиды. Алтайдың терістігінде, Таулы Алтайда Катун, Чуй, Бум өзендері Обь өзеніне құйса, Бұқтырма өзені Шығыс Қазақстанға қарай ағады.

Бағдат — 1921 жылдан бері қазіргі Ирак мемлекетінің астанасы. Тигр өзенінің екі жағасын бойлай салынған.

Қаланы «Мадинат ас-Салам» (Бейбітшілік қаласы) деген атпен халифа Мансур 762 жылы салдырған. Бағдат — орта ғасырларда араб әдебиеті мен мәдениетінің орталығы болған қалалардың бірі. Осында бірсыпыра шығыс ғалымдары [Насреддин Туси, Әл-Фараби т.б.] оқып, білім алған.

Басра — Ирактың оңтүстігіндегі қала.

Гүлістан — гүлденген ел, өлке; мәтінде кездесетін шаһар атауы.

Еділ (Волга, ежелгі атауы Ра, Ортағасырларда Итил) — Еуропадағы ең үлкен өзен. Ол өзеннің бастауын Валдай қыратынан алып, Каспий теңізіне құяды. Ұзындығы 1330 шақырым. Еділге 200-ге жуық ірілі-ұсақты өзендер қосылады.

Иамин (Йемен) — Арабтүбегінде орналасқан араб мемлекеті. Бұл атау Шығыс халықтарының ауыз әдебиет нұсқаларында мол байлықтың символы ретінде жиі қолданылады; кейде жеке шаһар мағынасында қолданылады.

Ирамбағы, Ерамбағы, Ирамбақ, бағы Ирам — шығыс халықтарының әдебиеті мен фольклорында кереметтей, ғажайып бақтың бейнесін осы атаумен беру қалыптасқан. Аңыз бойынша, Ирамбақ — оңтүстік Арабия әмірі Шаддадтың жер үстінде жұмақ орнату райынан туған мәуелі бақ.

Қап тауы—Құран аңыздары бойынша, жер жүзін қоршап тұрған тау тізбегі. Бұл таулар аспан түстес зүбәржаттан құралған, ал ең биік шыңында вулкан орналасқан. Жер бетіндегі барлық таулар Қап тауымен байланысты, Алла Тағала осы таулар тізбегіндегі шыңдардың біріне қолын тигізсе, жер сілкінісі болады. Қап тауының арғы жағын йәжуж бен мәжуж деген қорқынышты халықтар мекендейді, олар әр түн сайын тауды егеу сияқты тістерімен кеседі, бірақ күндіз тау бастапқы қалпына қайта келеді, сөйтіп бұл халықтар жер бетіне шыға алмайды. Қап тауымен байланысты көптеген аңыздар бар. Солардың бірсыпырасында Қап тауының арғы жағында керемет мақұлықтар, дәулер мен перілер мекендейтін ғажайып елдер бар деп айтылады.

Қобда—Монғолиядағы өзендердің бірі; сондағы қалашық пен аймақ атауы.

Құддыс—Қазіргі Израиль мемлекетінің астанасы Иерусалимнің ежелгі аты. Бұл шаһар әлемдік діндердің шығу тарихымен байланысты зор құрметке ие болған. Онда иудей, христиан және ислам діндерінің қатар табынатын қадірлі діни ескерткіштері баршылық. Осы арада мұсылмандардың қасиетті орындарының бірі—«Әл-Ақса» (Бәйтул Мұқаддас) мешіті бар. Құран Кәрімдегі «Миғраж» сүресінде және басқа да діни аңыздарда Мұхаммед (с.а.с) пайғамбардың «Көкке көтерілу» (Алла Тағаламен дидарласу, яки оның хұзырында болу) сапары осынау мешіттен бастау алады.

Қылзам—Араб түбегі мен Африка құрлығының қосылған тұсындағы мекен, уәлаят; сонда орналасқан қаланың аты да Қылзам делінген.

Машын—Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайдың оңтүстік уәлаяттарын, Шығыс Түркістанды осылай атаған.

Кейбір шығармаларда осы екі атау (Шын, Машын) бір қаланың, бір мемлекеттің атауы ретінде қолданылады.

Мекке—мұсылмандардың қасиетті қаласы. Онда бас мешіт әл-Мәжид әл-Харам мен Қағба орналасқан. Исламның негізін қалаушы Мұхаммед (с.а.с.) осы қалада дүниеге келген. Мұхаммед (с.а.с.) Меккеден кеткенімен Мәдинедегі жаңа құлшылық ету үйінің есігін Қағбаға қаратты (Құбыла). Мұсылмандардың Меккені 630-жылы жаулап алуы оның діни

орталық ретіндегі айрықша жағдайын қалпына келтіріп қана қоймай, одан да жоғары дәрежеге көтере түсті. Меккеге барып тәуап ету исламның бес парызының бірі болып саналады.

Мысыр — Африканың солтүстік-шығысын және Азиядағы Синай түбегін алып жатқан Египет мемлекетінің арабша атауы.

Ніл — Африкадағы ірі өзен.

Тор тауы (Синай тауы) — аңыз бойынша, осы арада Мұса пайғамбар Алла Тағаламен тілдескен делінеді, қазірге дейін мінәжат тауы деп аталады. Құран Кәрімде бұл атау он мәрте кездеседі.

Түркістан — Оңтүстік Қазақстан облысындағы Түркістан ауданының орталығы, Сырдарияның оң аңғарында орналасқан. 2000 жылы көне қаланың 1500 жылдығы тойланды. Арабтардың географиялық жазбаларына қарағанда IV-X ғасырларда бұл қаланың орнында Шавгар (арабша Шавагар) мекені болған, бірақ бұдан із қалмаған. XII-XIV ғасырларда Түркістан «Ясы» деп аталады. Қожа Ахмет Иасауи ғимараты салынғаннан кейін түркілердің діни орталығына айналды.

Бұндістан — Азияның оңтүстік-шығысында орналасқан мемлекет. Астанасы — Дели қаласы.

Шам — Сирияның арабша атауы.

Шын — Орта Азия, Иран, араб елдері орта ғасырларда Қытайды «Чин» деп атаған. Бұл — б.д.д. 221-жылдан бастап Қытай елін билеген Цинь династиясының өзгертілген атауы.

Үрім, Рұм — шығыс халықтары орта ғасырларда Византияны осылай атаған. Көптеген шығыс халықтарының әдеби-фольклорлық туындыларында Рұм өте алыс, ғажайып өлкенің бейнесін елестеткен.

Хорасан — Иранның солтүстік шығысындағы провинция, шығысында Ауғанстанмен шектеседі.

Бұлармен қатар мәтіндерде бірнеше пері, жын, маймұндар (маймылдар) мекен еткен-мыс деген қала, тау аттары кездеседі, мысалы: Наһруан, Зұлағырақ, Зәлхаия, Уар т.б.

ТОМҒА ЕНГЕН ДАСТАНДАРДЫ ЖЫРЛАУШЫ, АЙТУШЫ ҒӘМ ЖИНАУШЫЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақ — 1868 жылы Шыңжаң-Алтай аймағының қазіргі Көктоғай ауданы, Қайырлы жайлауында дүниеге келген. Ол Алтайда, Шыңжаң өлкесінде және Моңғол жерінде «Ақыт ақын, Ақыт қажы» деген атпен белгілі болған.

Ақыт төрт жасында сауатын ашып, жеті жасында Бұхарадан жер аударылып келген Бақбу молдадан араб, парсы, шағатай тілдерін үйренеді. Жастайынан өлең шығарып, айтыстарға қатысып жүрген ол өсе келе Фердоуси, Низами, Қожа Хафиз, Науаи сынды шығыс классиктерінің еңбектерімен танысқан. 1907 жылы қажылыққа барғанда сонда біраз уақыт тұрақтап қалып, араб елдерінде білімін жетілдірген. 1910 жылы еліне оралып, мектеп, медресе салдырып, ағартушылықпен шұғылданған және мемлекеттік істермен айналысқан. 1939 жылы Шыңжаңдағы өкімет тарапынан абақтыға қамалып, 1940 жылы тамызда азаптап өлтірілген.

Соңғы уақыттарда Қытай мен Монғолияда Ақыт Үлімжіұлының жинақтары жарыққа шықты. Оның 1917 жылға дейін Қазан қаласында жариялаған кітаптары ОҒК-нің Қолжазба қорында сақтаулы.

Ыбырайымұлы Қалікен — (1907 жылы туған, қайтыс болған жылы белгісіз) — ақын, қазіргі Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданының тұрғыны. Томға енген «Нұғыман — Нағиманның қиссасын» жырлаған.

ШАРТТЫ ҚЫСҚАРТУЛАР

ӘӨИ — М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

ОҒК — Орталық Ғылыми кітапхана

ҚҚ — Қолжазба қоры

М — Москва

Л — Ленинград

Ш — шифр

дәп — дәптер

/а/ — араб

/о/ — орыс

/п/ — парсы

/тат/ — татар

/т/ — түркі, көне түркі

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Қолжазбалар мен 1917 жылға дейін араб әрпінде жарық көрген кітаптар

1. Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы. — Қазан, 1897.
2. Қисса қожа Гаффан. — Қазан, 1880.
3. Қисса Баһрам. — Қазан, 1908.
4. Нұғыман — Нағиманның қиссасы. — ӘӨИ, Ш.668. 4-дәп.

Зерттеулер мен энциклопедиялар, фольклорлық жинақтар, сөздіктер

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. — Алматы, 1959.
2. Азибаева Б. У. Казахские народные романические дастаны. — Алма-Ата: Ғылым, 1990.
3. Азибаева Б. У. Казахский дастанный эпос. — Алматы, 1998.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. 2-том. Құрастырып, ғылыми қосымшаларын дайындаған: Әзібаева Б. — Астана: Фолиант, 2004.
5. Батырлық дастандар. Құрастырып, ғылыми түсініктемелерін жазған: Ү.Сұбханбердина. — Алматы: Ғылым, 1995.
6. Бердібаев Р. Қазақ эпосы. — Алматы: Ғылым, 1982.
7. Костюхин Е. Бытовые сказки // История казахской литературы. Т. 1. Казахский фольклор. — Алматы: Наука, 1968.
8. Қасқабасов С. Ертек пен эпостың сюжеттік типологиясы // Қазақ фольклорының типологиясы. — Алматы: Ғылым, 1981.
9. Қасқабасов С., Әзібаева Б. Қазақ дастандары // Бабалар сөзі: Жүз томдық. 1-том. — Астана: Фолиант, 2004.

10. *Қыраубаева А.* Шығыстық қисса-дастандар. — Алматы: Рауан, 1997.
11. Мың бір түн. Аударған *Қ. Әбдіқадыров.* — Алматы, 1961. — 3-том.
12. *Путилов Б.Н.* Героический эпос и действительность — Л., — 1988.
13. *Ыбыраев Ш.* Эпос мотивтерінің жіктелу жүйесі // Қазақ фольклорының тарихилығы. — Алматы: Ғылым, 1993.
14. *Ыбыраев Ш.* Эпос әлемі. — Алматы, 1993.
15. Арабско-русский словарь. Составитель *Х. К. Баранов.* — М., 1968.
16. Древнетюркский словарь. — Л., Наука, 1969.
17. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. Құрастырушылар: *Р. Сыздық, Н. Уәлиұлы, Қ. Жаманбаева, Қ. Күдерінова.* — Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
18. Қазақ тілінің сөздігі. — Алматы, 1999.
19. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Құрастырған *І.К.Кеңесбаев.* — Алматы, 1977.
20. Персидско-русский словарь. Под ред. *Ю. А. Рубинчика.* I-II т. — М., 1970.
21. Татарско-русский словарь. — М., Советская энциклопедия, 1966.
22. Турецко-русский словарь. — М., Русский язык медиа, 2005.

РЕЗЮМЕ

Институт литературы и искусства им. М.О.Ауэзова Министерства Образования и науки РК продолжает работу по подготовке и изданию томов стотомной серии «Бабалар сөзі», выполняемой в рамках государственной программы «Мәдени мұра» («Культурное наследие»).

Предлагаемый вниманию читателей двадцатый том названной серии, также как и предыдущие 17, 18 и 19-том, включает в себя дастаны романические, это: «Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы», «Қисса қожа Ғафған», «Нұғыман — Нағиманның қиссасы», «Қисса Баһрам».

Все произведения данного тома созданы на восточные сюжеты. Например содержание «Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» полностью следует сюжету фольклорной повести «Жиһаншаһтың өмірі туралы әңгіме»¹ из знаменитого цикла сказок «Тысяча и одна ночь», сюжет «Қисса Баһрам» восходит к знаменитой эпосе «Шахнаме» Фирдоуси, «Қисса қожа Ғафған» включает в себя некоторые элементы одной из красивейших сказок из «Тысячи и одной ночи» — «Повести о Шаһрамане, сыне его Камар аз-замане и царевне Будур»². Сюжет дастана «Нұғыман — Нағиманның қиссасы» также заимствован из этого сборника.

Основное содержание этих произведений составляет история верной и преданной, беззаветной любви молодых людей, которым приходится преодолеть многочисленные пре-

¹ Мың бір түн. Аударған Қ.Әбдіқадыров. — Алматы, 1961, 3-том. — 3-51-б.

² Царевич Камар аз-Заман и царевна Будур. Избранные сказки, рассказы и повести из «Тысячи и одной ночи» Перевод М.А.Салье. Составление, вступительная статья и примечания И.М.Фильштинского. — М., 1986. — С. 3-18, 21-183.

пятствия, пережить много приключений прежде чем обрести счастье.

Герои включенных в том дастанов — принцы и принцессы, наследники богатых купцов — как правило, единственные дети любящих родителей, они прекрасны, умны, воспитаны и благородны. Описание красоты героев в некоторых дастанах играет фабульную и стилеобразующую роль. Например, в дастане «Қисса қожа Ғаффан» герой и героиня так прекрасны, что восхищенные их красотой джины спорят: кто из них красивее? Для разрешения спора они переносят девушку к юноше. Проснувшиеся молодые люди без памяти влюбляются друг в друга.

Любовь к героям дастанов приходит внезапно. Например, Бахрам [Қисса Баһрам] впервые увидел свою возлюбленную Гуландам в образе прекрасной золотой серны, а Жиханшах [Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы] с первого взгляда и без памяти влюбился в Шамсибану, дочь царя пери, которая на его глазах из голубки превратилась в необыкновенной красоты девушку. Душевное состояние охваченных любовной страстью героев типично для героев романических дастанов и описывается также традиционно. Герои теряют рассудок, страдают, порой забывают о сыновнем долге, оставляют родную землю, трон и т.д. Они полны решимости преодолеть все трудности, сразиться с любым врагом, чтобы соединиться с предметом своей мечты, ибо разлука с любимой для них подобна смерти.

Препятствия, преодолеваемые героями, в целом, сказочно-фантастического характера, а противники их — пери, дивы, драконы и т.д. Это закономерно, ибо сюжеты многих романических дастанов восходят, как известно, к сказочному эпосу, в то же время «вещный мир» дастанов описывается довольно реально и натуралистично.

Кроме мотива внезапно, чудесным образом возникающей любви, фабула этих дастанов включает в себя множество самых разных по происхождению мотивов: мотивы охоты, мотивы превращения людей в разных животных и наоборот, мотива переодевания с целью проникновения к любимой, либо обмана противника, таинственные двери, которые ведут к опасным, но заманчивым приключениям, мотивы морского путешествия с обязательным кораблекрушением

и чудесным спасением героя, встречи с диковинными животными и т. д.

«Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы», «Қисса қожа Ғаффан», «Қисса Баһрам» созданы по классической схеме, для них характерна, как было отмечено, сказочно-романическая интерпретация мотивов. Дастан же «Нұғыман — Нағиманның қиссасы» несколько отходит от этой схемы, в нем отсутствуют такие мотивы как любовь с первого взгляда, поиски возлюбленной, необычные препятствия и т. д. В целом сюжет его имеет новелистический характер.

Многотомный свод «Бабалар сөзі» — научное издание. Публикуемые тексты даются в первоначальном, адекватном первоисточнику виде, то есть исключается любое вмешательство в текст.

Том снабжен научными приложениями, которые включают в себя: сведения о публикуемых текстах; краткий историко-фольклористический и текстологический анализ текстов; данные об исторических и религиозных деятелях, имена которых встречаются в текстах; словарь древнетюркских, арабских и персидских слов, терминов и понятий религиозного характера, а также географических названий; сведения о сказителях, собирателях и публикаторах; список использованной литературы; резюме на русском и английском языках.

Все тексты, включенные в том, подготовлены адекватно первоисточникам: дастан «Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы» с казахского издания 1897 г. «Қисса қожа Ғаффан» с издания 1880 г., «Нұғыман — Нағиманның қиссасы» с рукописи на арабской графике, хранящейся в Рукописном фонде ИЛИ им. М.О.Ауэзова МОН РК, текст дастана «Қисса Баһрам» с казанского издания 1908 г.

Дастан «Қисса Баһрам» издавался в 1995 г. в сборнике фольклорных текстов с сокращениями и в редакторской обработке, остальные тексты тома на кириллице публикуются впервые.

Объем тома — 21 п.л.

SUMMARY

M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education, Republic of Kazakhstan is continuing activities on preparation and publishing of the volumes of the 100 volume collection of Kazakh folklore «Babalar Sozi» published within the State Program «Madeni mura» («Cultural heredity»).

The twentieth volume of the named series as well as the previous 17, 18 and 19th volumes includes romantic dastans such as «Kissa Zhihanshah Tamuzshahugili», «Kissa kozha Gaffan», «Nugyman-Nagymnin kissasi», «Kissa Bakhram».

All works included in this volume are based on Oriental plots. For example the content of «Kissa Zhihanshah Tamuzshahugili» completely follows the plot of the folklore story «Zhikhanshahtin omiri turaly angime»¹ from the well known tale cycle «Thousand and one night», the plot «Kissa Bakhram» originates from the famous epos «Shakhsname» written by Firdousi, «Kissa kozha Gaffan» includes several elements of the beautiful tale from «Thousand and one night» - «Story about Sharaman, his son Kamar az-zaman and tzarevna Budur»². The plot of the dastan «Nugyman-Nagymnin kissasy» is also taken from this collection.

Main content of those works is based on a story about true and devoted love of the young people who have to overcome numerous obstacles, face many adventures before they find their happiness.

The heroes of those dastans are princes and princesses, the heirs of the rich merchants—usually the only children of the loving parents, they are nice, smart, well raised and noble. The description

¹ Min bir tun. Translation Abdikadirov. — Almaty, 1961, 3 vol.-3-51-b.

² Tsarevich Kamar az-Zaman and Tsarevna Budur. Selected tales, stories and novels from «Thousand and one night». Translation of M.A. Salie. Compiling, introductory article and notes of I.M.Filshtinsky. — M., 1986. — P. 3-18, 21-183.

of the beauty of the heroes in some dastans plays the plot and style forming role. For example, in the dastan «Kissa kozha Gaffan», the hero and heroine are so nice that the genies admiring their beauty are arguing: who of them is more beautiful? In order to settle the argument they bring the girl to the guy. The awoken young people very strongly fell in love with each other.

Love comes suddenly to the heroes of dastans. For example Bakhram (Kissa Bakhram) first met his beloved Gulandam in a figure of wonderful golden chamois, Zhikhanshah («Kissa Zhihanshah Tamuzshahugili») fell in love with Shamsibanu, the peri and the daughter of the Tsar from the first sight. She from a pigeon turned into a very beautiful girl. The spiritual condition of the heroes obsessed with passion is typical for the heroes of the romantic dastans and is also described traditionally. The heroes lose their minds, suffer, sometimes forget about their duty of a son, leave their mother land, the throne etc. They are full of desire to overcome all hardships, fight with any enemy because the separation with the beloved is like a death for them.

The obstacles overcome by the heroes, in general have tale-fantastic character and their rivals are peri, divs, dragons etc. This is regular as the plots of many romantic dastans originate from the tale epos, at the same time «prophetic world» of the dastans is described realistically and naturally.

Apart from the motive of love that happens suddenly and wonderfully, the plot of those dastans include many various motives: motive of hunting, motive of transformation of people into various animals and vice versa, motive of changing clothes in order to come to the beloved, the deception of the rival, secret doors that lead to the dangerous but interesting adventures, motives of sea voyages with ship-wreck and miraculous rescue of a hero, meeting of the fantastic animals etc.

«Kissa Zhihanshah Tamuzshahugili», «Kissa kozha Gaffan», «Kissa Bakhram» are created according to a classical scheme, and as it was mentioned before, the tale-romantic interpretation of the motives is typical for them. Dastan «Nugyman-Nagymnin kissasy» is slightly different from this scheme, it misses such motives as love from first sight, search of the beloved, unusual obstacles etc. In general its plot a novelistic character.

The multivolume collection «Babalar sozi» is a scientific publication. All texts were prepared adequately to the original sources, without any intervention to the text. The volume includes the following: data on published texts and their versions; brief historic- folklore and textology analysis of the texts; data on historical and religious figures, heroes of folklore and literary works whose names are mentioned in the texts; vocabulary of the old Turkic, Arabic and Persian words, terms and geographic names; data on narrators of folk tales, collectors and publishers; list of used literature; summary in Russian and English.

All texts included into the volume are prepared adequately to the original sources: dastan «Kissa Zhihanshah Tamuzshahugili» from Kazakh publication of 1897. «Kissa kozha Gaffan» from publication of 1880, «Nugyman-Nagymnin kissasy» from the manuscript written in Arabic graphics kept at the Manuscript department of the M.O.Auezov Institute of Literature and Art, Ministry of Education and Science, RK, «Kissa Bakhram» from Kazan edition of 1908.

Dastan «Kissa Bakhram» was published in 1995 in the collection of folklore texts with reductions and editor's processing, other texts of the volume are published for the first time in Cyrillic.

The volume includes 21 p.p.

МАЗМҰНЫ

Құрастырушылардан 5

Мәтіндер

Қисса Жиһаншаһ Тамузшаһұғылы 9

Қисса қожа Ғафған 85

Нұғман — Нағымның қиссасы 163

Қисса Баһрам 191

Ғылыми қосымшалар

Томға енген мәтіндерге түсініктеме 289

Мәтіндерде кездесетін тарихи және діни есімдер 303

Сөздік 308

Жер-су атаулары 320

Томға енген дастандарды жырлаушы, айтушы
һәм жинаушылар туралы мәлімет 323

Шартты қысқартулар 324

Пайдаланылған әдебиеттер 325

Резюме 327

Summary 330

Научное издание

БАБАЛАР СӨЗІ

20 том

РОМАНИЧЕСКИЕ ДАСТАНЫ

(на казахском языке)

Утверждено к печати Ученым советом Института литературы и искусства
им. М. О. Ауэзова

Шығаруға жауапты *Р. Қ. Тұрлынова*

Редакторы *Ү. С. Тілегенова*

Техникалық редакторы *Г. Бектібаева*

Компьютерде терген *Н. Садықова*

Компьютерде беттеген *М. О. Ноғайбаева*

Дизайнын әзірлеген «Баур» баспасы

ИБ № 2050

Теруге 21.10.05 жіберілді. Басуға 25.11.05 қол қойылды. Пішіні 60x90¹/₁₆.
Қаріп түрі «Мектептік». Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табағы 21. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №386.

«Фолиант» баспасы
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

«Фолиант» баспаханасында басылды
473000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

